

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР
ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ**

**КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ**

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

ПЕДАГОГИКА СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКА
УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

ПЕДАГОГИКА СЕРИЯСЫ
АЛМАТЫ

2006 жылдан бастап шығады
Шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының
мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігі

Ақпарат және мұрағат
комитетінде

08.08. 2005 жылы тіркелген
№6204 - Ж

Бас редактор
профессор Ш.К. Беркімбаева

Бас редактордың орынбасары
п.ғ.д., проф. Қожахметова К.Ж.

Редакциялық алқа

Тастемірова Л.Ө. - ф.ғ.к., доцент
Шаханова Р.А. - п.ғ.д., профессор
Таубаева Ш.Т. - п.ғ.д., профессор;
Құнантаева К.Қ. - ҚР ҰҒА
академигі, п.ғ.д., профессор;
Құсайынов А.Қ. - п.ғ.д., проф.;
Калиев С.К. - п.ғ.д., профессор;
Аймағамбетова Қ.А. - п.ғ.д., проф.;
Халитова И.Р. - п.ғ.д., профессор;
Рысбаева А.Қ. - п.ғ.к., п.м.а;
Әмірова А.С. - п.ғ.к., доцент;
Левченко Т.А. - п.ғ.к., доцент.

Жауапты редактор
педагогика ғылымдарының
кандидаты, доцент.

Б.Д.Жұмақаева
Редактор

П.ғ.к., доцент м.а.
А.М.Текесбаева

© Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогика университеті

050000, Алматы қаласы,
Әйтеке би көшесі, 99.

Тел. 233-18-32, 233-18-55 (120)
Факс 233-18-35.

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ

ВЕСТНИК
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

СЕРИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ
№ 4 (5) 2010

МАЗМҰНЫ

Қожахметова К.Ж. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ
ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ..... 5

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ
БЕРУ**

Әмірова Ә.С. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА
СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ..... 12

Агеева Л.Е. К ВОПРОСУ О ИННОВАЦИОННЫХ
ТЕХНОЛОГИЯХ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ..... 15

Агранович Е.Н. ПРИОБЩЕНИЕ МЛАДШИХ
ШКОЛЬНИКОВ К ЧТЕНИЮ ЧЕРЕЗ
ПОНИМАНИЕ УЧЕБНЫХ ТЕКСТОВ..... 17

Әбілова Г.А. МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ
БАЛАЛАРДЫ ОЙЫН АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ..... 19

Жаспанова Т.Қ. БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ
ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ КӨРНЕКІ ҚҰРАЛДАРДЫ
ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ..... 22

Идрисова Ж.И., Исламқұлова И.Б. МЕКТЕПКЕ
ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
ТӘРБИЕНІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ..... 25

Лесникова А.А. СИСТЕМА ТВОРЧЕСКИХ
ЗАДАНИЙ КАК СРЕДСТВО МУЗЫКАЛЬНОГО
РАЗВИТИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ..... 30

Текесбаева А.М. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУ-
ШЫЛАРЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫП-
ТАСТЫРУДА АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ШЫҒАРМА-
ЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ..... 32

**ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКА, БІЛІМ БЕРУ ТАРИХЫ
ЖӘНЕ ЭТНОПЕДАГОГИКА**

Абишева М.Т. МЕТОДИКА ДИАГНОСТИКИ
ПОДРОСТКОВЫХ И ЮНОШЕСКИХ ГРУПП И
МЕТОДИКА РАБОТЫ СОЦИАЛЬНОГО
ПЕДАГОГА С ГРУППАМИ РАЗЛИЧНОЙ
НАПРАВЛЕННОСТИ..... 36

Абдиева Б.М. ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ 41

Абилдабеков С.А., Гомаров Т.М. К СОСТОЯНИЮ
НАЦИОНАЛЬНЫХ ИГР В РЕСПУБЛИКЕ
КАЗАХСТАН..... 43

<i>Абдыкадырова Д.Р., Есельбаева А.К.</i> ЗНАЧЕНИЕ ЗАНЯТИЙ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРОЙ В ВУЗЕ ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ КУЛЬТУРЫ ЗДОРОВЬЯ.....	46
<i>Аясханова К. Н.</i> ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ТАРИХ ПӘНІНДЕ ҚОЛДАНУ.....	48
<i>Есеева М.Т.</i> ЖАПОНДЫҚ ТӘРБИЕДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....	52
<i>Исембаева Л.А.</i> ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	55
<i>Есқалиев М.Е</i> ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	57
<i>Икрамова А.Ш.</i> ҰЛЫ ДАЛА ФИЛОСОФТАРЫ МЕН АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚУ – ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ.....	62
<i>Исакулова З.К., Меркель О.И.</i> ЗНАЧЕНИЕ ПРИМЕНЕНИЯ НАРОДНЫХ ИГР В ФИЗИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ СТУДЕНТОВ КАЗГОСЖЕНПУ.....	65
<i>Кесимова А.К.</i> ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ КӘСІПТІК – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ ЖҮЙЕЛІЛІК ҚАҒИДАСЫНЫҢ ОРНЫ МЕН РОЛІ.....	67
<i>Кенжан. А.</i> ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	70
<i>Қодасова А.Е.</i> СТУДЕНТТЕРДІҢ ДҰРЫС СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫН ҚАРАСТЫРУ.....	75
<i>Қошқарбаева Б.Қ.</i> ШЕТ ТІЛІ САБАҒЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	77
<i>Кұлбекова Б.Р.</i> ҰЛЫБРИТАНИЯДАҒЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЯРЛАУ.....	80
<i>Қыстаубаев Е.И.</i> АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ БОЙЫНША d- және f- ЭЛЕМЕНТТЕРДІ ОҚЫТУ.....	85
<i>Мажиббаева Г.П.</i> БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	90
<i>Мананова Г.К., Мананов Е.К.</i> ГРУППОВАЯ РАБОТА СО СТУДЕНТАМИ.....	93
<i>Манкеш А.Е., Бөлекбаева Л.Ә.</i> ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ӨЛШЕМ ТЕОРИЯСЫН БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУДА ПАЙДАЛАНУ.....	94
<i>Оразаева Л.І.</i> ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНШІЛІКТЕРІ.....	99
<i>Оспанова Р.М.</i> БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНЕ СҮЙІСПЕНШІЛІГІН АРТТЫРУ.....	101
<i>Оспанова Г.Н., Кухаренко А.Б.</i> СИСТЕМА СПОРТИВНОЙ ПОДГОТОВКИ ИГРОКОВ В НАСТОЛЬНОМ ТЕННИСЕ И БАДМИНТОНЕ.....	103
<i>Өтелбаева А.Қ.</i> ИНФОРМАТИКАДАН ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС САБАҚТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	106
<i>Пазилова Б. А.</i> САБАҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ.....	108
<i>Пірімқұлова Б.З.</i> ҚЫЗДЫҢ СӨЙЛЕУ ӘДЕБІ.....	111
<i>Рысқұлбекова А.Д.</i> ТҮЙІНДІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	113
<i>Сәндібаева Н.Ә.</i> ФИЗИКАЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТТЕРДІ ПАЙДАЛАНЫП МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	116
<i>Сыпырындиева Г.К.</i> ҚЫТАЙДАҒЫ МЕКТЕПТІК БІЛІМ БЕРУ РЕФОРМАСЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ.....	119

Сейдакматов М.Ж. ПРАВОВОГО ВОСПИТАНИЯ И ФОРМЫ ПРОБЛЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ СИСТЕМОЙ ОБРАЗОВАНИЯ КЫРГЫЗСКОЙ РЕСПУБЛИКИ.....	121
Текесбаева Г.М. ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫ АДАМГЕРШІЛІК ТҮРҒЫДАН ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ МӘСЕЛЕСІ.....	125
Хаирлаева Г.Ж. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІ ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯ- ЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТӘСІЛІ.....	128
Айтпаева М.Д. ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ТӨМЕНГІ СЫНЫПТАРДА КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ	130
Алиакбарова Ж.А. ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕ ӘУЕНДІ ҚИМЫЛДЫҢ МАҢЫЗЫ.....	133
Байжигитова Г.Н. ТЕАТРАНҒАН ОЙЫНДАР - МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰРАЛЫ.....	135
Байсеитова А.Н, Оспанов С.И. - БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР.....	139
Камбарова З. Ж. ӘЛЕУМЕТТІК МӘДЕНИ БІЛІКТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТРУҒА АРНАЛҒАН МӘТІНДІК МАТЕРИАЛ.....	142
Тусупжанова А. ОРГАНИЗАЦИЯ СЕНСОРНОГО РАЗВИТИЯ МЛАДШИХ ДОШКОЛЬНИКОВ В УСЛОВИЯХ СЕМЬИ.....	144
Өтепберген Ж.Т. ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ҚАТЫСЫМДЫҚ СӨЗ ЖАҒДАЯТТАРЫН ҚОЛДАНУ МЕН ҚҰРАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	148
Рапишева Ж.К. ЖОБА ӘДІСІНІҢ ШЕТЕЛДЕ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ ТАРИХЫ.....	151

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ -ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ

Қожахметова К.Ж. –п.ғ.д. профессор (Алматы қ., ҚазмемқызПУ-нің ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры)

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ғылыми-зерттеу жұмысын басқару және жоғары дәрежелі ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау мақсатында 2001жылдың 17 қыркүйегінде (№119 бұйрық негізінде) ғылым және халықаралық байланыстар басқармасы (ҒХББ) құрылған.

Университеттің ғылыми-зерттеу жұмысы 33 кафедра, Әлеуметтік және гендерлік ғылыми-зерттеу институты (ӘГҒЗИ), Іргелі ғылыми-зерттеу орталығы және 3 дербес ғылыми-зерттеу («Қазақ ұлттық мектебінің даму мәселелері», «Зерттеудің инновациялық әдістері» және «Өзін-өзі тану») зертханалары арқылы жүргізіледі.

Университетте 2006-2008 жылдары ғылыми-зерттеу жұмыстары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қаржыландыруымен білім саласын жетілдіруге маңызы зор – 17, (оның ішінде 5 іргелі, 9 қолданбалы және халықаралық ЮНИСЕФ, ЮНИФЕМ қорларының демеуімен 3 қолданбалы жоба) жүзеге асырылды.

Аталған ғылыми жобалар аясында орындалып, бүгінгі таңда ұлттық білім жүйесін дамытуға қосар үлесі зор біраз оқу құралдары, оқулықтар жарық көрді, олар:

- «Мәдени мұра бағдарламасы бойынша «Әлемнің әйгілі психологтары» сериясы бойынша 10 том;
- «Қазақ халқының тәлімдік ойлар Антологиясының» 6 томы;
- Жоғары педагогикалық оқу орындарының студенттеріне арналған «Педагогика тарихы» оқулығы;
- «Гендерлік білім: теориясы мен практикасы» және «Гендерлік саясат» атты оқу құралдары;
- «Тәртібі қиын балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс ұйымдастыру тұжырымдамасы».

2009-2011 жылдары аралығында 3 іргелі ғылыми зерттеу-жобасы бойынша жұмыс жүргізілуде. Сонымен қатар, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Әлемдік педагогикалық ой-сана антологиясының» 8,9,10 томдарын біздің университеттің ғалымдары дайындауда.

Университеттің жаратылыстану факультетінің ғалымдары биотехнологияға байланысты зерттеулерді Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетімен, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің химия факультетімен, Қазақ Ұлттық академиясының биология ғылыми-зерттеу институтымен, Қазақстан Республикасы ҰҒА Ә.Бектұров атындағы химия ғылымдары институтымен, ҒӨО «Фитохимия» институтымен бірігіп, ғылыми жоспар бойынша жұмыс атқаруда. Университеттің физика және экология кафедраларының ғалымдары әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық және Ұлттық аграрлық университетімен бірігіп зерттеулер жүргізуде.

Университеттің «Жалпы педагогика» кафедрасы (кафедра меңгерушісі пед.ғ.д., профессор А.Құсайынов) ауқымды деңгейде Халықаралық салыстырмалы педагогика қауымдастығымен, Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университетімен, Санкт-Петербург мемлекеттік университетімен байланыстар орнатып, іргелі және қолданбалы ғылыми жобалар аясында табысты жұмыс істеп келеді. Ал «Теориялық және практикалық психология» (каф.меңгерушісі – Х.Т.Шерьязданова) кафедрасы үнемі ізденіс үстінде болуының арқасында бірнеше ірі ғылыми жобаларды абыроймен жүзеге асырды. Мысалы, Халықаралық денсаулық сақтау қорының филиалымен бірге

«Арал аймағының экологиялық жағдайының балалардың психологиялық денсаулығына әсері», педагогикалық жоғары оқу орындарына арналған «Өзін-өзі тану» пәнінің эксперименттік бағдарламасы, ал бүгінгі таңда кафедраның профессорлары мен оқытушылары Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетпен бірігіп қолданбалы жоба аясында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуде.

Ғалымдардың тынбай ізденулерінің арқасында университет 8 патентке ие болды. Сонымен қатар университетіміздің біраз ғалымдары (С. Қалиев, К.Қожахметова, А. Құсайынов, С. Жайлау, Р. Дәрменова, Қ. Ашекеева) *республикалық үздік ғылыми еңбек сайысына* қатысып, М.Әуезов, А.Байтұрсынов, Ы.Алтынсарин, К.Д.Ушинский атындағы сыйлықтардың иегерлері атанды.

Университет кадрлар даярлау жүйесінің екі сатылық жүйесіне көшіп, 2002 жылы 8 мамандық бойынша, ал 2009 жылы 19 мамандықтан магистр даярланатын болды. Сонымен қатар, республикада шешімін таба алмай келе жатқан мәселелердің бірі – «Хореография», «Кітапханатану және библиография», «Дене шынықтыру және спорт» мамандықтары бойынша ғылыми педагогикалық кадрлардың тапшылығына байланысты магистратура ашылмай келген. Мәселенің маңыздылығына байланысты, 2009 жылдан бастап, аталған 3 мамандық бойынша магистратураны эксперимент жүзінде ашуға мүмкіндік жасалды.

Университетте магистратура арқылы ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауға ерекше мән беріліп, магистранттарға дәріс оқу, ғылыми жетекшілік жасау негізінен ғылым докторларына жүктеледі. Магистранттардың курстық жұмыстары мен диссертацияларын даярлау үшін ірі ғылыми орталықтар мен зертханаларға, ғылыми-зерттеу институттары мен кітапханаларға, сол ғылым саласының жетекші ғалымынан кеңес алу үшін тәлімнамаға жіберу қарастырылған. Мысалы, тек 2008-2009 оқу жылында біздің магистранттар жақын шетел – Ресейдің Мәскеу, Санкт-Петербург, Томск, Новосибирск қалаларының ғылыми ошақтарына және алыс шетел – Қытайдың Пекин Орталық ұлттар университетіне, Сингапурға барып табысты оралды. Өз мемлекетіміз аясында Астана, Қарағанды, Семей қалаларындағы жоғары оқу орындарына тәлімнамаға барып келді. Жалпы, 2008-2009 оқу жылында магистранттардың тәлімнамасына қаржы 3.602.485 теңге көлемінде жұмсалды. Сапасы жоғары маманға сұраныс көп болатыны белгілі. Сондықтан, біздің магистранттарымыз жоғары оқу орындарына, орта арнайы білім мекемелеріне, мектептерге арнайы шақырумен орналасуда.

Университетте аспирантура – 15, докторантура – 8 мамандық бойынша жоғары дәрежелі ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауды дәстүрлі жүйе бойынша жүргізуде.

Ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауда университеттің жанынан құрылған диссертациялық кеңестердің маңызы өте зор. 2009 жылға дейін университетте 2 диссертациялық кеңес 8 мамандық бойынша жұмыс істеп келді. Біріккен диссертациялық кеңес ОД 145017 2005 жылдың 29 сәуірінде № 340 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің бұйрығымен қайта ашылған, ол кеңес 2005-2007 жылдар аралығында 10.02.01. – орыс тілі, 10.02.02. – қазақ тілі, 10.02.18. – тіл теориясы, 13.00.02. – оқу мен тәрбиенің теориясы мен әдістемесі (қазақ тілі бастауыш және жоғары білім беру жүйесінде) мамандықтары бойынша 7 ғылым докторы мен 45 ғылым кандидаттарын дайындады, оның басым көпшілігі – осы университет мамандары.

Диссертациялық кеңес Д 14.61.09. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 01.07.2008 жылғы бұйрығымен ашылған, бұған дейін бұл кеңестің тек кандидаттық диссертация қорғауға мүмкіндігі болған. Бүгінгі таңда Д 14.61.09 диссертациялық кеңесте докторлық, кандидаттық ғылыми дәреже алу үшін 13.00.01 – жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы,

этнопедагогика және 13.00.02 – оқыту мен тәрбиенің әдістемесі (бастауыш, орта және жоғары білім жүйесіндегі музыка) мамандықтары бойынша жоғары дәрежелі ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлануда.

Университет ізденушілерінің ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелері 2006 жылдан бері «ҚызПУ хабаршысы» арқылы 6 сериямен (жаратылыстану, тарих, экономика және білімдегі сервис, педагогика, психология, филология) жарық көреді.

Әлеуметтік және гендерлік ғылыми-зерттеу институтының мақсаты қоғамдағы орын алып отырған әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің индикаторлары ретінде гендерлік мәселелерді кешенді түрде зерттеу, гендерлік индикаторларды пайдалана отырып, әлеуметтік және білім беру бағдарламаларын құрастыру, республикамыздың білім беру жүйесіне үздіксіз гендерлік білім беруді енгізу, оқу бағдарламаларына гендер туралы ақпараттар енгізуіне ықпал ету және оны оқу үдерісінде белсенді түрде қолдану.

Институт қоғамдық мәні бар жобалар аясында Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан құрылған әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссиясымен; БҰҰ «Гендер және даму» бюросы және халықаралық ЮНИСЕФ, Сорос-Қазақстан, ЮСАИД, ЮСИС, Ф.Эберт қорларымен; әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің жанынан құрылған гендерлік зерттеу орталығымен; Қазақстанның іскер әйелдер Қауымдастығымен тығыз әріптестік қарым-қатынаста бірлесе қызмет атқарады.

Институттың ғылыми жұмыстары нәтижесінде мектепке арналған «Гендер» кешендік білім бағдарламасы даярланып, мектепке дейінгі білім беру жүйесіне - «Мен-қызбын, мен-ұлмын»; бастауыш мектепке - «Гендер әліппесі»; 5-8 сыныптарға - «Гендер грамматикасы»; 9-11 сыныптарға арналған «Гендерлік білім негіздері» оқу-әдістемелік кешені (орыс тілінде) республикалық «Оқулық» атты ғылыми-практикалық Орталықтың сараптамасынан өтіп, басылымға ұсынылды.

Гендерлік ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері университет көлемінде үнемі әлеуметтік зерттеулер ұйымдастырып тұрады. Мысалы, 2005-2006 оқу жылында «Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты студенттерінің әлеуметтік-педагогикалық портреті» деп аталатын зерттеу өткізілсе, 2008-2009 оқу жылы «Қазіргі студент қазақ қызы: гендерлік бағдары мен мінез-құлық моделі» атты зерттеу жүргізілді.

Университет студенттерінен алынған сауалнама жауаптарына сүйене отырып, университетіміздің ерекшелігіне сәйкес, 2 курс студенттеріне арналған «Қазақ аруы» арнайы курсы ендірілді.

«Қазақ аруы» арнайы курсы гендерлік мақсатты негізге ала отырып, өркениеттік үлгідегі ойын ұлттық мүддемен байланыстыра білетін, мінез-құлқы мен жүріс-тұрысы ұлттық ділмен ұштасқан, кәсіптік-педагогикалық имиджі қалыптасқан зиялы әйел-ана тәрбиелеуге бағытталған.

«Қазақ аруы» арнайы курсының негізгі мақсаты:

Қоғамдық ортада азаматтық ұстанымы бар, жеке өмірінде отбасылық этноәлеуметтік рөлдерді алған білімімен ұштастыра білетін ұлтжанды, парасатты, шынайы қазақ аруының бейнесін сомдау

Басты міндеттері:

- Тарихи дара тұлға арулардың ерекше қасиеттерін талдау арқылы қазақ қызының жиынтық образын қалыптастыру;
- Отбасы тәрбиесінде өмірге негіз болатын этноәлеуметтік рөлдерді атқаруға даярлау;
- Кез келген ортада тіл мәдениеті мен шебер сөйлеуді дамыту;
- Халықаралық іскерлік әдеп нормалары мен ресми ишара ережелерін игеруге бағыт беру;
- Сұлулық пен денсаулық сақтаудың басты қағидаларын ұстануды және оны жан сұлулығына үйлестірудің құпияларын меңгертуге баулу;

- Үй шаруашылығына қатысты өмірлік қажеттілік дағдысын қалыптастыру;
- Ұлттық саз аспабы – домбырада ойнау арқылы өмірге қажетті тұрмыс-салт жырларын үйрету;

Осындай мақсат-міндеттерді сипаттайтын «Қазақ аруы» арнайы курсы кіріктірмелі компоненттер күйінде қарастырылып, кешенді оқу бағдарламасы төмендегіше тақырыптық модульдарды қамтиды:

1. *Ұлы қазақ даласында өткен тарихи дара тұлға-арулар*
2. *Отбасы тәрбиесінің теориясы мен халықтық тәжірибелері*
3. *Риторика*
4. *Іскерлік әдеп және және қарым-қатынас мәдениеті*
5. *Сұлулық және денсаулық*
6. *Үй шаруашылығындағы тұрмыстық қызмет*
7. *Саз өнері*

Университеттің Іргелі ғылыми зерттеулер орталығы (жетекшісі тех.ғ.д., профессор Р.Баймахан) Ұлттық ғылым академиясының ғылыми зерттеу институттарымен, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетімен, Жапониядағы Хоккайдо Университетінің аналитикалық зертханасымен және Канаданың Альберто университетімен бірлесіп бірнеше жобаларға қатысып жұмыс істейді. Соның нәтижесінде, университетімізге шетелдік ғалымдар - Альберто университетінің профессоры Дейв Чан, Токио университетінің профессор Кагуэй Танако келіп, докторанттар, аспиранттар мен магистранттарға, профессор-оқытушылар қауымына ғылыми семинарлар өткізіп тұрады. Өз кезегінде біздің университеттің профессоры Р. Баймахан Канаданың Альберто және Жапонияның Хоккайдо университеттері шақыруымен дәріс оқып қайтты. Ресми шақырумен Франциядағы дүниежүзілік ISSMGE, TC28 аталатын ғылыми комитеттің Қазақстандық мүшесі ретінде тех.ғ.д., профессор Р.Б. Баймахан, 2008 жылы Шанхайда өткен мәжілісіне қатынасып, баяндама жасады.

Зерттеулердің нәтижелері шетелдерде өткен 8 халықаралық конференциялар мен симпозиумдарда баяндалып, 45 ғылыми мақала жарияланды. Сонымен қатар, бірнеше студенттің ғылыми мақалалары Малайзия мен Шанхайда жарық көрді. Ғылыми Орталық конкурс арқылы жеңіп алған Канаданың халықаралық “FSIDA” білім гранты бойынша университетіміздің екі студенті Маханова Айгүл мен Алихан Амангүл Перу, Бразилия, Кения, Австралия, Вьетнам, Жапония студенттерімен бірге ағылшын тілінен емтихан тапсырып, жақсы нәтижелермен түсіп, халықаралық арнайы бағдарлама бойынша Альберто университетінде оқып қайтты. Альберто университетінің профессоры Дэйв Чан мен профессор Р.Баймахан студенттерге арнап математикалық моделдеу пәнінен бірігіп оқулық жазып, қазақ және орыс тілдерінде - Алматыдан, ағылшын тілінде - Канададан шығаруы жоспарланды.

Университеттің құрамындағы «Қазақ мектебінің даму мәселелері» зертханасы 2006 жылы қаңтар айында құрылған. (Зертхана меңгерушісі-Д.Садықова).

Университеттің ғылыми кеңесі бекіткен «Қазақ ұлттық мектебінің тарихы және даму болашағы» тақырыбы бойынша зертхана 2006 жылдан бастап Алматы, Астрахан, Орынбор, Москва, Ташкент, Қазан, т.б. қалаларындағы орталық және мемлекеттік архивтерімен және облыстық (Астана, Қостанай, Орал, Семей, Шымкент, Тараз, т.б.) мұрағаттарымен байланыс орнатты. Тақырыптарды зерттеу және оған қажетті материалдарды жинау үшін зертхана ҚМҚП университеті кітапханасымен, Қазақ мемлекеттік ұлттық кітапханасымен, Қазақ ұлттық техникалық ғылыми-зерттеу институтымен, Қазақстан Республикасы ұлттық педагогикалық кітапханасымен, Абай атындағы қазақ педагогикалық ұлттық университеті кітапханасымен, ҚР Орталық мемлекеттік кітапханасымен, Ресей мемлекеттік тарихи мұрағат қорымен байланыс жасап, ғылыми көздерге зерттеулер жүргізді. Зертхана республикалық және аймақтық қазақ мектептерімен тығыз байланыстар орнатқан.

Зертханаға 6 мектеп тірек-эксперимент мектептері ретінде бекітілген (Мамания орта мектебі, Шарын қазақ орта мектебі, Т.Рысқұлов атындағы орта мектебі, Ш.Уалиханов атындағы № 12 көпсалалы гимназия мектебі, Қарғалы №2 гимназия-мектебі, Тасқарасу орта мектебі). Бұл мектептерде педагогикалық менеджмент, білім және тәрбие мазмұны, инновациялық жаңа технология, ұл және қыздар тәрбиесін ұйымдастырудың этнопедагогикалық негіздері, оқушылардың өзін-өзі басқаруын ұйымдастырудың жаңа формалары тақырыптарында семинар-кеңестер өткізілді. Зертхананың зерттеу нысанын аралас мектептердің, шағын жинақталған, ауыл, қала қазақ мектептерінің мәселелері құрайды.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтында 2006 жылдың 28-29 наурыз күндері «*XXI ғасырдағы қазақ мектебі: даму болашағы*» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізілді.

Конференцияның мақсаты: қазақ мектебінің жай-күйін жете зерттеп-зерделей келе, оның даму болашағын айқындау, білім беру сапасын арттыру бағытында кең көлемде пікір алмасу, ой бөлісу. Осы мақсаттарды орындау жолын анықтап, нақты ұсыныстар қабылдау.

Конференцияның: «Қазақ мектебінің даму мәселелері: тарихы мен тәжірибесі», «Қазіргі қазақ мектебіндегі оқытудың инновациялық технологиялары», «Қазіргі қазақ мектебі тәрбие жүйесінің этнопедагогикалық негіздері», «Жаңа формациядағы ұстаз келбеті», «XXI ғасырдағы қазақ мектебінің моделі. Басқару мәселелері» атты 5 секциялары бойынша республиканың барлық орблыстарынан келген 207 баяндама талқыланды. Конференцияға қатысушылар университет ректоры Ш.К.Беркімбаеваның пленарлық мәжілісте жасаған «Қазақ мектебі – қазақ ұлтының бесігі» атты баяндамасын секциялық отырыстарда қызу талқылап, қазақ мектебіне қатысты өткір пікірлерін ортаға салып, тың ұсыныстар жасады.

Зерттеудің инновациялық әдістері зертханасы – (зертхана меңгерушісі С.С. Мірсеитова).

Зертхананың мақсаты: философиялық тұрғыда адам мүмкіндіктерін, психологиялық ерекшеліктерін зерттеп, таным әрекетін қалыптастыру.

Зертхана 2006 жылдың қыркүйек айынан бастап жұмыс істейді. Зертхананың жұмысы сын тұрғысынан ойлау мен оқу мәселесіне арналған. Зерттеудің нәтижесі 2008 жылдың 28-29 наурызында Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университетінде өткен «Оқушының жеке басының дамуы: әлеуметтегі орны» атты конференцияда өз бағасын алды.

Зертхана жетекшісі Мірсеитова Сапаргүл – Халықаралық Оқу Ассоциациясының Евразиялық комитетінің төрайымы. Зертхана шетелдік ғалымдармен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Мысалы, АҚШ, Айова университетінің профессоры Дэвид Ландис жыл сайын өз студенттерін ертіп келіп зерттеу жұмыстарын университеттің ғалымдары және студенттерімен бірігіп өткізуде. Бұндай жұмыстардың студент жастарға берері көп, әсіресе тіл үйренуде (американдық студенттер – қазақ тілін үйренуге мүмкіндік алса, ҚызПУ студенттері – ағылшын тілін меңгеруде). Зертхана жыл сайын өтетін халықаралық Оқу Ассоциациясының конференцияларына белсенді қатысып отырады. Зертхананың ұйымдастыруымен «Дауыс&Көрініс» журналы шығып тұрады. Қазіргі кезде зертхана жетекшісі 2009 жылдың айында Португалияның Брага қаласында өтетін 16 Европалық конференцияға дайындық үстінде.

Университеттегі ғылыми жұмысты қажетті деңгейге көтеру ғылыми педагогикалық кадрлар әлеуетіне тікелей байланысты екені белгілі. Бүгінгі таңда Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде 56-ғылым докторлары; 255-ғылым кандидаттары жұмыс істейді. Олардың ішінде, тек қана Қазақстан Республикасына емес, алыс-жақын шетелдерге де танымал ғалымдар шоғырланғанын айта кету керек,

олар: Тынық мұхит аймағы елдерімен және Жапония ғалымдарымен ынтымақтастықта жұмыс істейтін профессор, Мемлекеттік ғылыми стипендия және «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грант иегері – Р.Б.Баймахан; «Дәстүрлі емес энергия көздерін пайдалану» және «Физиканы оқыту әдістемесі» ғылыми жобаларға жетекшілік жасап жүрген, «Құрмет» орденінің иегері тех.ғ.д., профессор А.Ж.Жамалов; «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру оқу әдістемелік бағдарламасының жетекшісі, әрі кеңесшісі, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көрген «Әлемнің әйгілі психологтары» он томдығының авторларының бірі, «Ерен Еңбегі үшін» медалінің иегері – псих.ғ.д., профессор Х.Т.Шериязданова; Жалпы білім беретін мектептерге (12 жылдық) арналған оқулықтардың авторы, «Құрмет» орденінің иегері, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атты мемлекеттік грант иегері – Қ.А.Аймағамбетова, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік гранттың және Ресей Федерациясы тағайындаған К.Д. Ушинский атындағы медальдың иегері, п.ғ.д., профессор А.Қ.Құсайынов, «Қазақтың тәлімдік ойлар Антологиясының» 6 томының құрастырушысы, халықтық педагогиканың даму тарихын түбегейлі зерттеген ғалым, Ы.Алтынсарин атындағы сыйлықтың иегері, п.ғ.д., профессор С.Қ.Қалиев, Этнопедагогика ғылымының әдіснамалық, теориялық негіздерін анықтап, дамуына елеулі үлес қосқан ғалым, Ы.Алтынсарин атындағы сыйлықтың иегері, п.ғ.д., профессор К.Ж.Қожахметова; Педагогика ғылымының әдіснамасын зерттеудегі зор еңбегімен танымал ғалым, п.ғ.д., профессор Ш.Таубаева; Ресей Федерациясының М.Ломоносов атындағы медалінің иегері В.И.Жұмағұлова; «Құрмет» орденінің иегері – профессор Ә.Б.Бірмағамбетов; Қ.Сәтбаев атындағы сыйлықтың иегері – ф.м.ғ.д., А.Қ.Ершина; «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атты мемлекеттік грант иегерлері: ф.ғ.д., профессор Б.Хасанұлы, х.ғ.д., профессор Б.М.Бутин, филос.ғ.д., профессор Н.Қ.Сейтахметов, п.ғ.к., доцент Р.Р. Масырова, п.ғ.к., доцент И.А.Әбеуова, ф.ғ.д., профессор Т.Н.Ермекова, п.ғ.д., профессор Ж.Н.Сүлейменова, п.ғ.к. доцент Р.Дәрменова. Бұндай жетістіктер университет ғалымдарының жоғары деңгейі мен өре биіктігін байқатады.

Университеттің халықаралық байланыстары

Университет халықаралық ынтымақтастықты кеңейту бағытында біраз жетістіктерге қол жеткізген. Оған дәлел университет Туркия жоғары оқу орындары Ассоциациясының (ЙОК) және Педагогикалық білім беру ғылымдары Халықаралық академиясының мүшесі (Мәскеу), ЕУНА Корея қыздар университетімен, Кангнам (Корея, Сеул), Айова штаты (АҚШ) университеттерімен және басқа да Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстанның ЖОО –мен ынтымақтастық байланыста.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің алдында тұрған басты міндеттерінің бірі - аға ұрпақтың еліміздің ғылымын дамытудағы өнегелі істерін жаңа серпінмен жалғастыра алатын жас ғалымдарды тәрбиелеу.

Осыған орай, университет студенттерін ғылыми-зерттеу жұмыстарына, шығармашылық ізденістерге тарту үшін 2004 жылы Кіші ғылым академиясы құрылды. Кіші ғылым академиясы үйірмелер арқылы студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысын, әр түрлі конференциялар ұйымдастыруға, студенттердің қалалық, республикалық, халықаралық конференцияларға, олимпиадаларға, көрмелерге қатысуына ықпал етіп отырады.

65 жылдық тарихы бар университетімізде студенттердің тұңғыш ғылыми-практикалық конференциясы 1948 жылы өткізілген, ал 2008-2009 оқу жылында 62 - ші ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Конференцияда студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері жан-жақты талқыланады. Ғылымға қызығушылығы бар студенттерді қолдау мақсатында Жас ғалымдар кеңесі мен Кіші ғылым академиясы тарапынан әр секция бойынша эксперттік комиссиялар құрылып, комиссия

төрағалығына басқа жоғары оқу орнынан танымал ғалымдар шақырылады. Бұндай әрекеттер студенттердің қызығушылығын дамытумен қатар, университет студенттерінің білім деңгейін басқа жоғары оқу орнының ұстазы бағалауы арқылы сол оқу орындарының студенттерімен білім деңгейін салыстыруға мүмкіндік береді. Сөйтіп, бұндай шаралар бәсекеге қабілетті маман даярлауға өз септігін тигізетіні ақиқат. Жоғары бағаланған баяндамалар міндетті түрде ғылыми жинаққа еруге мүмкіндік алуымен қатар, студент ақшалай сыйақы мен бағалы сыйлыққа ие болады.

Конференциялармен қатар университетімізде студенттердің пәндік олимпиадаларын жүйелі түрде жыл сайын өткізу өз жемісін беруде. Біздің студенттеріміз 2008-2009 оқу жылының өзінде республикалық студенттердің олимпиадаларында жүлделі орындарға ие болды: математикадан – жеке студент (Хансеитова Айгерім) – Гран Приге ие болса, ал жалпы команда ІІ (екінші) орынды иеленді; информатикадан – ІІ орын, психологиядан – ІІ орын; мектепке дейінгі білім – І орын; қазақ әдебиеті – І орын; қазақ тілі – І орын;

2007-2008 оқу жылында Жоғары оқу орындарының арасында өткен жаратылыстану-техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша студенттердің ең үздік ғылыми жұмысына арналған республикалық байқауда жүлделі орынға ие болған университеттің 8 студенті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің арнайы дипломымен марапатталды. Олардың үшеуі – І дәрежелі, екеуі 2 дәрежелі, үшеуі 3 дәрежелі диплом иегерлері болса, Корпоративтік Қазақстан Білім және ғылым қорының тағайындаған атаулы стипендиясына университеттің 4 студенті ие болды.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Әмірова Ә.С.- п.ғ.д., доцент (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазақстан Республикасының педагогикалық білім беру стандартында: мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті нақтылы пәндік саласы педагогикалық шынайылықпен байланысты. Демек кәсіби даярлықтың жетекші идеясы болашақ мұғалімдердің білім мен тәжірибелік іс әрекеті кәсіби іс-әрекеттің объект ерекшеліктеріне оқу орнының тұтас педагогикалық процесіне бара бар болуы керек, - деп көрсетілген.

Құзыреттілік туралы айтқанда Болон үрдісіне енумен байланыстыра отырып оның көкейкестілігін оқу жүктемесімен және оқыту нәтижесімен байланыстырады. Энциклопедиялық сөздікте: құзыреттілік ұғымы оқытушының кәсіби - педагогикалық іс-әрекетінің жоғары деңгейі мен нәтижесіне кепіл бола алатын, мұғалім даярлау үрдісін ұйымдастыру және технологиялық жағынан қамтамасыз етіп, мақсатын, мазмұнын анықтайтын бірегей жүйе, - деген анықтама берілген [1].

Болашақ маманның моделін қалыптастыру мен маманның кәсіби қызметінің жүйелілік әрекеттік әдіснамасы мен отандық әдіскер зерттеушілердің шешімі бойынша жоғары оқу орнының жетілдіру бағыттары мен қазіргі шындықты негізге алып, парадигмаларды алып пайдалануды оңтайландырып, кәсіби стандарттарды дайындаймыз.

Бүгінде жоғары оқу орындарының білім беру мазмұнын қалыптастыруда жаңаша тұрғыда әлемдік кәсіби маман дайындау динамизмінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін оқу ақпараттарының концентрациясы және түйінді шектеудің қажет болды.

Болашақ маманның тұтас кәсіби келбетіне сәйкес оны дайындау жүйесіне негіз болатын еңбек рыногындағы эвристикалық әдістердің құндылығы, маманның кәсіби әрекеттерін үлгілеу әдістерін жасау қажеттілігінен жобалау кезеңінде еңбектің пәндік және қызметік жағы айқындалады [2].

Соңғы жылдары университет түлектерінің практикалық әрекетке тез бейімделе алмайтыны жиі сөз болып жүр, ал базистік білім жоғары бейімделудің алғышарты ретінде қарастырылады. Сондықтан да қазіргі жоғары кәсіптік білім стандартындағы болашақ маманның біліктілік сипаттамасы олардың кәсіби әрекетін үлгілеуге негіз болады.

Біздің тәрибемізде білім жүйесін жобалауда және оны меңгертуді құзыреттілік тұрғысында қарастыра отырып, стандарт, оқу бағдарламалары, мен оқу әдітемелік кешендерді білім саясатына сәйкес жаңарту қажет деп санаймыз. Ол бізге мынадай мүмкіндіктер берді:

- біріншіден, еуропалық білім жүйесімен салыстыратын, мөлдір, тұнық жоғары білім стандартын дайындау қажет.
- бұған дейінгі оқу бағдарламаларын өңдеп қана қоймай, бакалавр, магистр дипломын алатын мамандарды дайындауға арналған бағдарламаларды жобалауда құзыреттілік пен әдіснамалық негізіне баса назар аудару қажет. Өйткені, ол стандарттардың негізіне сандық және мазмұндық параметрлер емес, білім беру үдерісінің сапалық нәтижесімен айқындалады.
- еліміздің жоғары білімін еуропалық білім мен зерттеу кеңістігіне ену үдерісін жүргізуде өзіміздегі білім беру сипатын сақтау қажет.
- еліміздің экономика және еңбек рыногының сұранысына қарай жоғары

оқу орнында жалпы жүйелілікті сақтай отырып, оның тұлғалық және әлеуметтік мәнін ескеру керек.

- бітіріуші түлектерді жаңа білім парадигмасының субъектісі ретінде өмірге бейімделуі мен әрекеттенуінің динамикалық өсуіне байланысты белсендіру қажет.

Құзыреттіліктің мәні жаңа білімнің мәдениеті оны кең және тар мағынасында да қолдануға болады яғни білім беру үдерісінің нәтижесін сипаттау үшін қолданылуында.

Неміс зерттеушісі Эрпенбектің пікірінше, құзыреттілік ұғымының теориялық мәні А.Н.Хомскийдің теориясынан бастау алады. Өйткені, ол қарым-қатынас құзыреттілігін белгілі көзқарастарын білдіруде өзін-өзі ұйымдастырумен байланыстырады.

Эрпенбектің пайымдауынша, құзыреттілік белгілі көзқарастарын білдіруде өзін-өзі ұйымдастыру болып табылады. Себебі қазіргі жағдайда проблемалық мәселелерді шешуде әрекеттерді кешенді түрде пайдалануға және жүзеге асыруға, динамикалық жүйе ретінде құзыреттілікті қазіргі теорияда өзін-өзі ұйымдастыру, синергетика, түбегейлі құрастыру, күрделілік және т.б. байланыстырады [3.].

Білімді меңгеру дағдысы мен қабілеттілігі оның жұмыс істеу барысында мамандығында қажетті мәселелерді шешуде, әріптестерімен кәсіби қарым-қатынасты дамытуға ықпал етеді. Стандартты дайындауда құзыреттілік элементі ретінде төмендегілер:

- әрекет өлшемі (сапа көлемі);
- қолдану аясы;
- талап етілетін білім.

Кәсіби құзыреттілік – өзінің әрекетінің нәтижесін бағалай алатын, туындаған міндеттерді, мәселелерді өздігінен шешуді әдістемелік тұрғыда ұйымдастыруға қабілеттілігі мен дайындығын мақсатқа бағыттап, талаптарға сәйкес әрекет ете білуі болып табылады. Басқаша айтсақ пәндік дағдылармен байланысты оған сәйкес әдістер, технологияларды саралап қолдана білу болып табылады.

Кәсіби құзыреттілікке мыналарды жатқызуға болады.

- қазіргі «педагогикалық мәдениет», «педагогикалық шығармашылық» ұғымдарына сәйкес кәсіби педагогикалық білім, біліктің даму логикасын дәлірек анықтауға мүмкіндік береді;
- педагогикалық білім мазмұнын құру бағдарын дәлірек анықтау мүмкіндігі туады;
- болашақ маманды даярлаудың барлық кезеңдерінде олардың кәсіби-педагогикалық құзыреттілік деңгейін тексеру нақтамасын дәлірек құруға мүмкіндік анықталады;
- педагогикалық білім жүйесіндегі жаңа үрдістердің дамуына жағымды ықпал етеді.

Кәсіби құзыреттілікке қалыптастыру қағидалары:

1. нақтамалық, яғни мінез-құлық пен ойлауда пайда болатын нақтамалық нәтижеге қол жеткізуге бағыт алу;

2. кешенділік, пәнаралық-білімдік, сырттай факторлар мен әсерлерді есепке алу;

3. көпфункциональдық: құзыреттілік педагогикалық білімді жаңарту құралы ғана емес, оны қазіргі заман талабына сәйкестендіру. Ол мұғалім даярлау үрдісіне маңызды ішінара түзетулер енгізіп, оған практикалық-бағдарлы сипат береді.

Кәсіби құзыреттілік құрамдары:

1. аксиологиялық, жалпыадамзаттық құндылықтар - адамның рухани дүниесін байытады;

2. мәдениеттанушылық, кәсіби іс-әрекетте қажетті жалпы мәдени қабілеттер; құндылықтар мен ұлттық мәдениет дәстүрлері, оларды сақтау, жаңғырту әрекеті;

3. өміршендік, тұрмыстық жағдайды өзгертіп жетілдіруге дайын болу, әлеуметтік мәселені шеше білу;

4. адамгершілік-эстетикалық, эмоционалды жағдаяттарды бастан кешіре білу; ізгілік мінез-құлық; рақымшылдық акциясын ұйымдастыру; жақынға қамқорлық; жат адамдарға төзімділік; өзін-өзі бағалаудың барабарлығы;

азаматтық, қоғамдық пайдалы іске қатысу, азаматтық мінез-құлық тәжірибесінің қалыптасуы, адам құқығын қорғау, азаматтық ұстанымын білдіру.

Педагогикалық құзыреттіліктің оқыту үрдісінде қалыптасу кезеңдері:

I кезең – жалпы білім беретін мекемелерде оқылатын ғылымдардың негіздері бойынша ақпараттық құзырлық қалыптастыру, оқылатын курстың мазмұнына байланысты дағдылар мен біліктерді меңгеру бір мезетте іске асады. Мысалы: жоғары оқу орнында дидактика пәнінің мазмұны бойынша студенттердің меңгеретін дағдылар мен біліктерін ақпараттық, проблеманы шешу, қарым-қатынас, шығармашылық құзыреттіліктері арқылы жүзеге асырылады.

II кезең – жоғарғы білім алу мүмкіндіктерін түсіну, мағыналы құндылықтарды бағалау, педагогикалық білім алу шешіміне ниеттеуші сан-түрткі жүйелерінің қалыптасуы.

III кезең – педагогикалық даярлық (рейтинг жүйесі бойынша), апробация (дидактикалық ойындарда, педагогикалық практикада, сабақ талдауға қатысу) жеке тұлғалық-бағыттылық, іскерлік тұрғысынан қарап өзін-өзі бағалау, өз бетімен білімдену және өзін-өзі түзету жүйесін енгізу.

IV кезең – кәсіби-педагогикалық құзырлықты іске асыру тәжірибесін педагогикалық практикада игеру, кемшіліктерін ұғыну.

V кезең – педагогикалық құзырлықтың теориялық жағын игеру. Жобалау, теориялық бөлім алдыңғы кезеңдерде жоспарланса, тәжірибелік зерттеу жұмыстары педагогикалық практика мерзіміне түседі. Студент қысқа мерзімді эксперимент өткізеді, кіріспе және қорытынды нақтамада оның тиімділігін анықтайды, оқушылармен сауалнама жүргізеді, математикалық статистика әдісін қолданып өткізген диагностикалық зерттеулерінің нәтижесін талдайды. Бұл өте жауапты кезең, студент өзінің педагогикалық қызметке «жарамдылығын» тексереді.

VI кезең – студенттің кәсіптік-педагогикалық дайындығының қорытындысы дипломдық жұмысты қорғау және мемлекеттік бағалау емтиханын тапсыру.

Германияда кәсіби білімнің әлеуметтік және жеке құзыреттілік болатыны туралы дәлелді пікірлер қалыптасқан.

Бірінші – әлеуметтік әрекеттестікте өмір сүруге дайындығы мен қабілеттілігі жетістікте өзгелермен келісім, пікір айтудағы жауапкершілік, өзгеруге және бейімделуге дағдыландыру.

Екінші – өзінің өмірлік жоспарын дамыта құруда жеке дарындылығын көрсетуге, отбасы талаптары мен шектеулері, кәсіптік, өзінің даму мүмкіндіктерін бағалау мен түсінуіне дайындығы мен қабілеттілігі.

Жеке тұлғалық сапалар мыналарды қамтиды: өзіндік, өзін-өзі сыйлау, үміткерлік, жауапкершілікті саналы түсіну, борыш сезімі, құндылыққа өзіндік санасын бағыттауды дамыту [4].

Құзыреттілік жоғары оқу орнындағы педагогикалық үдерісте білім берудің мазмұны мен технологиялары арқылы оқытушы мен студенттердің өзара әрекеттестігінде және білімгерлер арасында қалыптасады.

Сонымен қорыта келгенде, кәсіби құзыреттілік дегеніміз – теориялық біліммен практикалық әрекеттің бірлігі. Құзыреттілік білім нәтижесін сипаттау көрсету болып табылады. Білім саласында әдістер мен оқыту технологияларын араластыруды қажет етеді. Түйінді құзыреттілікті жоғары оқу орнының идентификатор арқылы ішкі және сыртқы білім сапасын айқындауға пайдалану қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы педагогикалық білім берудің стандарты. – Алматы. 2001.
2. Энциклопедический словарь Образование и наука – Астана 2008
3. Елютин В.П. Высшая школа общества развитого социализма. – М., 1980.
4. Berufliche Kompetenzentwicklung. Bulletin . – Berlin. August, 1999. 4'99.
5. Mitteilung der Kommission: «Die Rolle der Universität in Europa des Wissens» // Болонский процесс: на пути к Берлинской конференции (европейский анализ). Под науч. ред. В.И. Байденко. – М., 2004.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жоғары оқу орындарында студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

Одной из важнейших задач высших учебных заведений является формирование профессиональной компетентности студентов. Автор раскрывает теоретические основы формирования профессиональной компетентности студентов.

К ВОПРОСУ О ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЯХ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Агеева Л.Е.– к.п.н., преподаватель (г.Алматы, КазгосженПУ)

Основной проблемой в современной системе образования – противоречие между быстрыми темпами введения знаний и ограниченными возможностями их усвоения индивидом. Это противоречие заставляет педагогическую теорию несколько отказаться от образовательного идеала (всесторонне развитой личности) и перейти к новому идеалу – максимальному развитию способностей человека к саморегуляции и самообразованию. Перейти к новому идеалу возможно посредством применения разнообразных новых технологий обучения, основанных на взаимодействии всех участников целостного педагогического процесса.

Преподаватель сам выбирает педагогическую технологию. Поскольку технология направлена на эффективное достижение поставленной цели, то и процесс разработки педагогической технологии начинается с определения цели обучения, затем организации в соответствии с целью учебного материала программы и, наконец, выбор организационных форм, методов и средств обучения.

При выборе педагогической технологии обычно исходят из приоритетности целей обучения; специфики содержания обучения; состава школьников (возраст, уровень подготовленности, физическое состояние, количество обучающихся); уровня развития технической оснащенности учебного процесса (Е.В. Бондаревская, И.С. Якиманская, Г.А. Цукерман, А.Фридман, Г.К.Селевко и др) (1, 2, 3, 4).

Педагогическая технология призвана осуществить требуемые изменения форм поведения и деятельности обучающихся, сделать педагогическую практику организуемым, управляемым процессом с предсказуемым положительным результатом. Педагогическая технология - динамичный компонент учебно-

воспитательного процесса, дидактическая система, реализация которой приводит к достижению конкретных целей (В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин, Г.К.Селевко) (4, 5).

Традиционная технология ориентирована на передачу знаний и поддержание существующей культуры, социального опыта. Инновационная деятельность — деятельность по достижению новых результатов, способов их получения, умению применять добытые знания в практической деятельности, в нестандартной жизненной ситуации.

Инновационные педагогические технологии является тем педагогическим феноменом, который позволяет реализовать возможность решения задач, помогает педагогу овладеть теоретико-методологическими, методическими, психолого-педагогическими основами педагогического процесса.

Реализация различных инновационных технологий в педагогическом процессе — одна из актуальных проблем теории и практики современного обучения младших школьников. Это обусловлено необходимостью перемен не только в содержании образования, но и в технологии образовательного процесса с переходом на 12-летнее образование.

Правильно применяемая технология является адаптационным к возможностям каждого ученика, позволяет объективно оценить его учебные результаты, обеспечивают стимулирование у учащихся образовательной деятельности на основе самообразования, саморазвития, самовыражения в ходе овладения знаниями. Большинство технологий реализуют на практике подход к ученику как к субъекту; организацию взаимодействия участников педагогического процесса; создание положительной мотивации; организацию осознанных действий; рефлексию деятельности (4, 6, 7).

Сегодня в связи с новой образовательной парадигмой приоритетной целью является направленность на развитие активной и самостоятельной личности. Цель технологий является подготовка личности, способной видеть и формулировать проблемы, определять способы и средства их решения, ориентация при разработке технологий на формирование и развитие проблемного мышления, мыслительной активности.

Таким образом, новый век требует новой личности - свободной, развитой интеллектуально, способной самостоятельно принимать решения. Создать такую личность возможно, используя различные технологии обучения и воспитания.

ЛИТЕРАТУРА

1. Якиманская И.С. Знание и мышление школьника. – М., 1995.
 2. Цукерман Г.А. Психология саморазвития. – М., 1995.
 3. Фридман Л.М. Концепция личностно-ориентированного образования // Завуч, 2000, № 8. с. 77-87.
 4. Селевко Г. К. Современные образовательные технологии. – М., 1998.
 5. Давыдов В.В. Научное обеспечение образования в свете нового педагогического мышления. – М., 1998. с.31-34.
 6. Дьяченко В.К. Сотрудничество в обучении. – М., 1990.
- Амонашвили Ш.А. Здравствуйте, дети! – М., 1990

ТҮЙІНДЕМЕ

Сәйкесінше социумның талаптарына мектептің келешек бітірушісінің адамы бүтіндік педагогикалық процесстегі инновациялық білім беретін технологиялары колдана құрастыруға болуы мүмкін.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о некоторых вопросах инновационных технологиях в начальной школе.

ПРИБОЩЕНИЕ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ К ЧТЕНИЮ ЧЕРЕЗ ПОНИМАНИЕ УЧЕБНЫХ ТЕКСТОВ

Агранович Е.Н. - преподаватель (г. Алматы, КазгосженПУ)

В Законе Республики Казахстан «Об образовании» сформулированы задачи системы образования, одной из которых является: «создание необходимых условий для получения качественного образования, направленного на формирование, развитие и профессиональное становление личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, достижений науки и практики...»[1].

Сегодня жизнь диктует нам новые, более жесткие требования к организации учебного процесса в школе, к умению работать с информацией. Необходимо, чтобы у школьника формировалось аналитическое мышление, а не автоматическое запоминание и воспроизведение материала.

Поэтому учить работать с текстом нужно уже в начальной школы. При этом следует ставить и решать такие задачи: обязательная мотивация учебной деятельности для повышения интереса к процессу обучения и активного восприятия учебного материала; формирование навыков работы с готовыми текстами и написания текстов разного вида; развитие способностей к самостоятельной аналитической и оценочной работе с различной информацией; формирование коммуникативных умений.

Ребенок, работая с текстом, учится понимать, осмысливать информацию, соотносить ее с собственным опытом, отсеивать ненужное, делать выводы.

В этих условиях особую актуальность приобретает работа учащихся с различными текстами, поскольку именно в тексте все возможности языка реализуются в полной мере. Очень важно, чтобы такая работа не только обеспечила развитие необходимых умений и навыков, но и стала реализацией естественной потребности самовыражения ребенка в слове. Тогда она будет интересна ему по своим глубинным основаниям и результаты, конечно, будут выше [2; С.73].

Умение работать с текстом – важное общеучебное умение, характеризующее не только уровень функциональной грамотности, но и культуры человека вообще.

На уроках родного языка в современной школе даются некоторые сведения о текстах; выделяются такие типы текстов, как повествование, описание, рассуждение; проводятся изложения и сочинения с языковыми заданиями, но этой работы недостаточно для развития текстовых общеучебных умений.

Тем не менее многие ученики плохо умеют:

- определять тему и основную мысль текста;
- выделять главное;
- определять сильные позиции текста, помогающие понять его смысл (заголовок, начальные и конечные предложения, ключевые слова);
- ориентироваться в построении текста и выделять его смысловые части;
- определять фактическую и эмоциональную информацию;
- передавать содержание текста с разной степенью подробности и т.д. [3; С.3].

В своей работе учитель ежедневно сталкивается с проблемой, когда дети не понимают, казалось бы, простых текстов: задач, заданий к упражнениям, вопросов учебника. Не вдумываясь в смысл прочитанного, а очень часто и вовсе не читая текст, дети методом случайной выборки выискивают в тексте наиболее понятные им слова: «спишите», «решите», «перескажите», - те, которые чаще всего встречаются в школьных учебниках, и в соответствии с ними сами домысливают задания, стараясь для доступности придать им наиболее понятные очертания, близкие и знакомые чуть ли не с первого класса. Так ребенку понятнее, так ему привычнее. Он невольно домысливает задание учебника или переинтерпретирует его, потому что не привык к самостоятельной работе с текстом, не привык критически оценивать каждое

предложение, каждое слово, но зато привык методично и довольно стереотипно выполнять по знакомой инструкции, данной учителем, однотипные задания. Так ему проще. Так бывает проще и учителю. Но от этого страдает критический и самостоятельный подход к заданиям и вопросам, которые в школе являются наиболее распространенными текстами, от понимания которых зависит успешность ученика.

Читающий ребенок гораздо быстрее и эффективнее будет работать с текстом, нежели нечитающий, но решить данный вопрос не так просто, потому что существует несколько социальных факторов, затрудняющих данное решение. И главный из них – неконкурентоспособность книги и письменного текста в целом перед иными источниками информации: телевизором, компьютерными играми, интернетом, мобильным телефоном. Они требуют от ребенка много меньшего напряжения по усвоению информации, и, следовательно, с большей охотой выбираются детьми.

Приучать ребенка к книге необходимо через совместную работу взрослого и ребенка. Мало просто читать, пусть и совместно, книгу, надо разбирать ее, ставить вопросы и отвечать на них, анализировать со всей прямотой и открытостью поступки героев, прогнозировать их дальнейшие действия, ставить себя на их место. Таким образом, надо постараться сделать так, чтобы всячески приковать ребенка к книге, сделать ее неотъемлемой частью жизни ребенка, и только тогда мы можем ожидать положительных результатов.

Существует множество педагогических приемов по работе с текстом. Рассмотрим некоторые из них.

Прежде всего – это литературный анализ текста. Читающим становится только говорящий ребенок, поэтому на уроках необходимо создавать условия, чтобы дети как можно больше говорили по поводу конкретного текста. Стоит начинать с простых фактологических вопросов: «О ком говорится в тексте? Куда пошел главный герой? Какое действие он сделал? Зачем? Где он жил?» и так далее, - а затем, постепенно включая воображение ребенка, переходить к более трудным абстрактным вопросам, касающимся анализа поступков героев, смысла произведения, авторской позиции. На данном этапе эмоциональность, воображение, подвижность ребенка можно и нужно превратить из помехи в средство восприятия текста. Очень важно выслушивать каждого ребенка, не перебивать его, оценивать и при необходимости мягко корректировать высказанную учеником позицию. Обязательно выделять и всячески поощрять оригинальные, нестандартные точки зрения, постепенно убеждая детей в очень важной мудрости: в литературе не бывает неправильных ответов, всякий ответ верен, если он обоснован.

Такая комплексная работа с текстом должна проводиться уже в первом классе, и обращать на нее внимание необходимо, по-моему, даже больше, чем на технику чтения. Работа с текстом – это во многом работа с воображением ребенка. Развитое воображение ведет к самостоятельности мышления, к способности давать собственную оценку происходящим явлениям.

В начальной школе литературный анализ не должен ограничиваться только фактологическими и абстрактными вопросами учителя. Понимание прочитанного можно воплощать в детских рисунках, в лепке, в разыгрывании сценок. Полезным может быть пересказ текста от имени одного из героев произведения с оценкой произошедшего именно с точки зрения данного героя. Интересной работой является чтение по ролям, когда ученикам необходимо подчеркивать характер своего персонажа. Полезны вопросы на опережение, на предугадывание событий в тексте. Сначала дети предсказывают, о чем будет данное произведение или как поведет себя определенный персонаж, а уже затем приступают к чтению [4].

Правильно организованная текстовая работа в начальной школе способствует более глубокому проникновению в содержание текста, а также развивает лингвистические, коммуникативные и творческие способности учащихся.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Закон Республики Казахстан «Об образовании». – Астана, 2007
- 2 Таркина Т.И. Формирование аналитического мышления у учащихся начальных классов: приемы работы с текстом// Начальная школа плюс: до и после, 2008, №9
- 3 Ладыженская Т.А., Ладыженская Н. В. Текстовые умения. Как им учить?// Начальная школа плюс: до и после, 2005, №5
- 4 Гусев А.Н. Счастье в понимании текста// «S-cool»: школьный образовательный проект,-2006

ТҮЙІНДЕМЕ

Осы бапта бастауыш мектептегі дұрыс ұйымдастырылған мәтіндік жұмыс мәтіннің мазмұнына еруге тым тереңіректерінің мүмкіндік туғызатын туралы айтылады, сонымен бірге оқушылардың лингвистикалық, коммуникативтік және креативтік қабілеттіліктерін жетілдіреді.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о приобщении младших школьников к чтению через понимание учебных текстов.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ОЙЫН АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ

Әбілова Г.А.- аға оқытушы (Алматы қ.,ҚазмемқызПУ)

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде тәрбиені дамыту соңғы жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, субъектілерге білім беретін басқару органдарының, білім беру мекемелерінің барлық типтері мен түрлерінің заңды басым бағыттарының бірі болып отыр.

Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында: «Жас жеткіншектер тәрбиесі еліміз қауіпсіздігінің негізін құрайтын басты стратегиялық міндеттер ретінде қаралуы тиіс. Тәуелсіз Қазақстанның білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын реттейтін бірінші тұжырымдамалық құжат 1995 жылы қабылданған «Мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу тұжырымдамасы» болды. Онда тәрбие жұмыстарының мақсаты, ұстанымы, мазмұны мен тәсілдері қарастырылып, отбасының тәрбиелік потенциалы мен мектептің тәрбие жүйесіне аса мәнді көңіл бөлінді. Бұл құжат бүгінгі күні өзінің миссиясын орындады деп айта аламыз. Жоғарыда айтқанымызға орай үздіксіз білім беру жүйесінде тәрбие мәселесінің бүгінгі жағдайына сай келетін білім алушыларды тәрбиелеудің жаңа тұжырымдамасын жасау қажеттілігі туып отыр», -делінген.

Жас ұрпақтың азамат болып қалыптасуы, оның шығармашылықпен дамуының түп тамыры тәрбиеден бастау алып ол Қазақстанның ертеңі мен еліміздің ұлттық қауіпсіздігі, қоғамның құндылық бағдарлары жайлы сөз қозғағанда тәрбие проблемалары ерекше назар аударуды қажет етеді.

Мектепке дейінгі мекемелерде балаларды тәрбиелеу әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады.

Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығарымпаздық қаблеті мен дарынын ұштайды.

Демек ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным – түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді. Ойын үстінде дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарастарының, мінез-құлқының қалыптасу құралы деп те ерекше бағалаған. Қазір бізге жеткен ұлт ойындарымыз: тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары. Қазақтың көне жыр – дастандарында ұлттық ойындар балаларды тәрбиелеуде ерекше орын алғандығы айқын көрінеді. Мәселен, «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын» сияқты эпостық жырларда елін сүйген батырлардың, жұртшылық сүйіспеншілігіне бөленген ер жігіттердің ең алдымен ұлттық ойындарда сайысқа түсіп, одан кейін көп кісі қатысқан ойын-сауықтарда өздерінің мергендік, палуандық, шабандоздық шеберліктерін көрсеткендіктері айтылады. «Домбырамен күй шерту», «Аттың құлағында ойнау», «Аударыспақ», «Күлкі ойыны», «Балалар ойыны», «Ақ сүйек», «Тоғызқұмалақ», «Жұмбақ айтыс», «Асық ойнау» өте ерте заманда пайда болып, біздің ата-бабаларымыздың ұлттық ойындарының ғасырлар бойы өмір сүргендігін айқын көрсетеді. Балалардың жиі ойнайтын «Ақсүйек» ойыны байқағыштыққа, қырағылыққа, батылдыққа, ептілікке, шапшандыққа баулиды. Ақыл-ойын дамытатын «Он бір қара жұмбақ» деген тәжірибелік маңызы зор тағы бір ойынның түрі бар. Оның басты ерекшелігі есеп сұрақтарын қою арқылы баланың ойлау қабілетін дамытады. Бөбектерді тәрбиелеуде де ұлттық ойындардың берері мол. «Санамак», «Жылдам айт», т.б. тартымды ойындарды үйрету, тіл өнеріне негіз салады деп есептелген. Балалар негізінен ойын үстінде бір-бірімен тез тіл табысады. Ойынына қарап баланың психологиясын аңғаруға болады /1/.

Б.М.Мендалиев мектеп жасына дейінгі балалардың арасында неғұрлым жиі ойналатын ойын түрлері негізгі төрт топқа бөлген, оларға:

- мазмұнды бейнелік, еліктеу ойындары кірді, себебі ойындар кезінде ойын тәртібі аяғына дейін сақталып, ойын жан-жануар кейпінде, немесе бір заттарды қолдану арқылы іске асырылды;

- ой ойындары тобына шешімін ойлап табуға негізделген ойындар топтастырылды;

- спорттық бағыттағы ойындар тобына ережесі бар, орын реті қарастырылған, ұпай саны берілетін ойындар топтастырылды;

- төртінші топқа ойын кезінде ойыншының қалауы бойынша ойын тәртібі өзгере беретін ойындар топтастырылды. Ойын түрлерін осы тәртіппен топтастыру дене шынықтыру сабағының мақсатына байланысты ойындарды балалардың мүмкіндіктеріне қарай таңдап алуды жеңілдетеді / 2/

1980-жылдардан бастап еліміздің білім беру мекемелерінің 6 жастағы балаларға және дайындық топтарына арналған әдістемелік құралдар шыға бастады. М. Т. Тұрыскелдинаның қазақ тілінде 1981 жылы «Жалын» баспасынан «Кел ойнайық» атты бірінші әдістемелік құралы балабақшаларға арналған оқу-құралдармен қатар шықты. Автор жылдың қай мезгілінде де бос уақыттарында ойнай алатын балалардың денсаулықтарының шынығуына және мықты болып өсуіне көмектесетін сан алуан ойын түрлерін жинақтап, оларды төмендегідей бөліп көрсеткен:

1. Бой ширатар: «Тұтылма - құтыл», «Ақ терек пен көк терек», «Көрші», «Мысық - тышқан» т. б.

2. Доп ойындары: «Қарсы доп», «Қағып ал», «Допты ойын» т. б.

3. Эстафеталар: «Таяқша», «Дөңгелетпек» т. б.

4. Спорт ойындары: «Бадминтон» т. б.
5. Су ойындары: «Балық ұстау», «Жүзгіш» т. б.
6. Шаңғы ойындары: «Дәл тигіз», «Жарыс» т. б.
7. Мұз ойындары: «Фигура», «Жалау» т. б.
8. Ұлттық ойындар: «Сақина», «Қалашық»
9. Ой сергітер ойындар /3/.

Құрманбай Толыбаев өз еңбегінде мектеп жасындағы балғындарды, ата-аналарды әлем халықтары балалар ойындарының алуан түрлерімен таныстырады. Бұл ойындар арқылы сол халықтардың тұрмыс-салттары, әдет-ғұрыптары, ұлттық дәстүрлері туралы балалардың таным-түсінігінің кеңейе түсері даусыз. Ойын баланың көңілін сергітіп, танымдық-түсінігін арттырады.

Балалар ойын арқылы бір-бірімен тез тіл табысып, жақсы бірін-бірі тез түсінеді, бірі-бірінен ептілікті, сергектілікті, тапқырлықты үйренеді. Басқа ойындарды ойнай білген бала сол халықтың мінез-құлқынан, ой-санасынан, тұрмыс-салтынан хабар алады. Өзінің де көңілінде жаңа бір сезімнің көзі ашылып, сол халықтың балаларымен қоян-қолтық араласып, бірге ойнап жүргендей қиялға шоматыны сөзсіз. Бұл да адам тануға жетелейтін біліктің бір көзі.

Қ.Толыбаев өз зерттеуінде төмендегі әр елдің ойындарын атап өтеді:

Орыс баларының ойыны «Екі аяз».

1. Украин баларының ойыны «Сұр мысық».
2. Белорус балаларының ойыны «Қаздар ұшып барады».
3. АҚШ балаларының ойыны «Жебе ату».
4. Қытай балаларының ойыны «Айдаһарды құйрығынан ұста»./4/

Қазақтың ұлттық және спорттық ойындарының да өзіндік тарихы, даму жолдары, қалыптасу кезеңдері бар. Қазіргі кейбір тарихи деректерге қарағанда, бізге жеткен ұлт ойындарының біразы сонау көне заманнан басталады. Демек: Қазақстан жерінде қалыптасқан алғашқы құрылыс халқымыздың ұлттық ойындарын да туғызған. «Бес тас», «Асық», «Садақ ату», сияқты ұлт ойындары шамамен алғанда осыдан бес мың жылдар бұрын ойналғандығы жайында айта келіп ағылшын ғалымы З.Маккей «Бұл ойындардың барлығы дерлік Азия елдерінде тайпалы одақтардың арасында тарағанға ұқсайды» - дейді.

Ұлт ойындары қоғамның өзгеруі, әлеуметтік – экономикалық жағдай негізінде толығып, тұрмысқа сіңіп, өзгеріске ұшырап отырған. Мысалы, Қазақстан жеріндегі алғашқы қауымдастық құрылыста қалыптасқан «Аң аулау», «Таяқ жүгірту», «Садақ ату», «Қақпа тас», «Қарагие» ойындары келесі дәуірлерде қайталау толығы процесінде «Аң аулау», «Құс салу», «Жамбы ату» деп аттары өзгертілген, бірақ мазмұндары сақталған /5/.

Ойын үстінде бала бейне бір өмірдің өзегіндей қуаныш, реніш сезімінде болады. Бірақ одан ойын екенін білмейді деген түсінік тумайды. Сондықтан шындықтағыдай «сөйтейік, бүйтіп көрейік» деуі, олардың «ойынды ойын» деп түсінуінен. Бұған байланысты ойын туралы жасалатын тұжырым мынау:

а) ойын- тәрбие құралы арқылы, ақыл-ойды кеңейтеді, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді.

ә) ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.

б) ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.

в) эстетикалық тәрбие беру құралы

г) еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.

д) дене күшінің жетілуіне көмектеседі./1/

Авторлар еңбектерін зерттеу нәтижесі көрсеткендей, ойындардың балалардың денесінің даму динамикасына әсерінің бар екендігі көрінді. Бұдан туындайтын мәселе бүгінгі заман талабына сай мектепке дейінгі балалардың денесін дамытуда ойын элементтерін әр сабақта ұтымды пайдалану қажеттілігі дәлелденген.

Ұлттық ойындар баланың дүниені танып білуіне қадам жасар алғашқы өмір кезеңінде тікелей қоршаған ортамен байланысын, адамдармен, қарым-қатынасын арттырушы құрал болып табылады.

Қазақ халқының ұлттық ойындары - жеке адамдарды тәрбиелеу ғана құралы емес, қоғамдық ортаға тәрбиелеп, үлгі берерліктей әлеуметтік құрал ретінде күрделі қызмет атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Балалардың ой өрісін ұлттық ойындар арқылы жетілдіру . 36mектеп.ucoz.kz.
2. Мендалиев Б.М. Ұлттық халық ойындарын мектеп жасына дейінгі балалардың дене шынықтыру сабағында қолдану. Автореферат, Алматы, 2009
3. Майра Темірханова Тұрыскелдина. «Даярлық кластар мен топтардағы дене тәрбиесі». Алматы. 1984ж.
4. Құрманбай Толыбаев. Кел, ойнайық. Алматы, «Өнер», 1990, 64 б.
5. Нұрмұхамбетова А.А. Ұлттық ойындардың педагогикалық тұрғыдағы зерттелуі. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Алматы, 2008.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мектеп жасына дейінгі балаларды ойындар арқылы тәрбиелеу мәселесі қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается значение игр в воспитании детей дошкольного возраста.

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ КӨРНЕКІ ҚҰРАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Жаспанова Т.Қ. – аға оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Бүгінгі таңда елімізде үздіксіз білім беру жүйесі айтарлықтай дәрежеде қайта қаралып, оны жетілдіру жолдары іздестірілуде. Мұндағы алға қойылып отырған негізгі талаптар - Қазақстан білім беру жүйесінің бүкіл әлімдік білім беру кеңістігіне толық енуі, алғашқы ұлттық білім тұжырымдамасының даму стратегиясын жасап, моделін құру және оны іске асыру. Осының негізінде білім берудің негізгі мақсаты бастауыш мектеп оқушыларына білім беріп, білік пен дағдыны қалыптастыруға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде өз алдына жауапты шешімдер қабылдай алатын, әр істе белсенді шығармашылық әрекет жасайтын, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүріп, еркін жұмыс істей алатын жеке тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.

Бұл мақсаттың нәтижелі шешімін табу үшін жұмысты үздіксіз білім берудің ең алғашқы сатысы-бастауыш білім беру деңгейінен бастаудың маңызы зор. Өйткені, білімнің көзі, тәрбиенің негізі бастауыш мектепте қаланады. Бүгінгі күні бастауыш мектептегі оқу пәндерінің мазмұны мен мақсаты оқыту мен тәрбиелеудің жұмыс түрлерін ұштастыра отырып, оны одан әрі жетілдіруді өмірмен байланыстыруды міндеттеп отыр. Бұл міндет тиімді оқыту құралдарын жетілдіріп, оларды қазіргі уақыт талабына сай жасау қажеттілігін көздейді. Бастауыш мектепте негізгі оқыту

құралдарының бірі - оқушының байқау-көру қабілетінің ерекшеліктерін ескеріп, дамытатын көрнекі құралдар болып табылады.

Бүгінгі күні бастауыш мектептегі оқу пәндерінің мазмұнына сәкес мақсаты оқыту мен тәрбиелеудің жұмыс түрлерін ұштастыра отырып, оны одан әрі жетілдіруді өмірмен байланыстыруды көздейді. Бұл өз кезегінде тиімді оқыту құралдарын жетілдіріп, оларды қазіргі уақыт талабына сай қолдануды меңзейді.

Бастауыш мектептің негізгі міндеті – баланың жеке басын бастапқы қалыптастыруды қамтамасыз ету, оның қабілеттерін анықтау мен дамыту. Осы сатыдағы оқу мен тәрбие оңтайлы қалыптастыруға және оқу қызметін білуге, оқу мен жазудың берік дағдыларын үйренуге, тілдік қарым-қатынастың қарапайым тәжірибесіне, өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан таныта білуге, мінез-құлқының мәдениетіне, жеке гигиенаның және салауатты өмір салтының негіздеріне бағдарланады.

Қазіргі кезеңде оқыту құралдарының ішінде көрнекі құралдарының жүйелілігіне басты көңіл бөлінеді. Педагогика тарихында көрнекі құрал мәселесі ерте заманнан-ақ ойшылдар мен ғұламалардың назарында болып, соның нәтижесінде бірнеше құнды шығармалар мен педагогикалық туындылар өмірге келді.

Оқыту үрдісінде көрнекілікті XVII ғасырда чехтың прогресшіл ұлы педагогы Ян Амос Коменский енгізді. Ол өзінің «Ұлы дидактика» деген еңбегінде оқытуда адамның барлық сезім мүшелерінің қатыстырылуын талап етеді /4/.

Я.А.Коменский таным мен оқытудың негізі ретінде сезім тәжірибесін алып, алғаш рет көрнекілік принципін теориялық тұрғыдан тұжырымдады және толық ашып көрсетті. Көрнекілік Я.А.Коменскийге дейін де қолданылды, бірақ бұл теориялық негіздемесі жоқ, эмпирикалық деңгейде болатын. Ол көрнекілікті кең мағынасында қарастырды, тек көру ретінде ғана емес, сонымен бірге барлық сезім органдарын заттар мен құбылыстарды жақсы және анық қабылдауға шоғырландыруды көздеді.

Оқытудағы көрнекілік, орыстың ұлы педагогы К.Д.Ушинскийдің дәлелдеуінше, - оқуды жалпы ұғымдарға емес, нақты фактілерге, образдарға негіздеу. Көрнекілік әдісі өз бетінше байқауға, үйретуге негізделеді.

Оқу процесінде көрнекі құралдарды пайдалану тиімділігі сабақ үстінде олардың әртүрлі педагогикалық жағынан орынды ұштастыра білу ғана емес, сонымен бірге көрнекілік пен басқа да білім көздерінің, атап айтқанда мұғалім сезімінің арақатынасына байланысты болады.

Көрнекі оқытудың негізгі мәні сабақты түсінікті етіп жүргізу үшін тиісті құралдар пайдалану немесе сабақты тәжірибе қою арқылы өткізу болып табылады. Оқу материалдарын сөз арқылы түсіндіру толық нәтижеге жеткізбейді. Өйткені оқушылар мазмұнды құрғақ жаттап алса, онда ол мазмұнның қандай нақты бейнелерді білдіретінін білмейді. Мұның себебі сабақ мазмұнын нақты көріністермен берік ұштастырылмағандығынан деп білуге болады. Тіпті, ғылым жетістігі болып табылатын жаңа ой пікірлердің бәрі де нақты бейнелердің негізінде болмақ. Өйткені, бала игеретін ұғымдардың бәрі де нақты бейнелердің, көрнекі оқытудың негізінде жүзеге асады.

Көрнекі құрал білім көзі ретінде қолданылғанда, ол елеулі мәселеде-жалпылама қорытынды жасауда - негіз болып табылатынын атап көрсетіп, негізгі емес қосалқы мәнін атап көрсетіп отыруы тиіс. Мысалы, тік төртбұрыштардың модельдерінің өлшемдерін (үлкен-кішілігін) түрліше етіп алу керек - бұл қарама-қарсы қабырғаларының тең болуы кез келген тік төртбұрыштардың ортақ қасиеті екендігін, оның қабырғаларының ұзындығына байланысты болмайтынын балалардың көруіне мүмкіндік береді. Сөз болса қабылдауды күшейтеді, сондықтан мұғалім оқушылардың байқағандарын бағыттап отыратындай нақты сұрақтар қойып отыруы керек.

Көрнекі құралдарды пайдаланудың тиімділігінің негізгі шарттары сабақта көрнекі материалды жеткілікті және қажетті мөлшерде қолдану болып табылады

(қажетінше, шамадан тыс емес). Егер көрнекі құралдар қажет емес тұста қолданылатын болса, онда балалардың зейіні қойылған міндеттен басқаға ауып, оның зияны тиеді. Практикада осындай фактілер кездеседі: мысалы, бірінші сынып оқушысы арифметикалық есептерді шығарғанда арифметикалық амалды (қосуды немесе азайтуды) таңдап алуға үйренеді. Мұғалім бұл мақсат үшін бұтаға қонып отырған құстар мен оған ұшып келіп қонған құстардың (немесе керісінше, одан ұшып кетіп бара жатқан құстардың) суретін пайдаланады. Оқушы осы суретке қарап, сандарға ешбір арифметикалық амалдар қолданбастан, есептің жауабын құстарды жай санап шығып-ақ табады. Бұл жағдайда пайдаланылған көрнекіліктің көмегі тимейді, қайта, керісінше, балалардың есеп шығара білуін, яғни есеп шартында берілген сандарға қолданылатын амалды таңдап ала білуін қалыптастыруға бөгет жасайды. Екінші бір мысал: балаларға есепте кездесетін таныс емес нәрселердің (метро, завод, трамвай, т.с.с-қала балаларына) суретін иллюстрациялап көрсету қажеттігі түсінікті. Алайда таныс нәрселер кескінделген суреттерді балаларға көрсетудің қажеті жоқ.

Көрнекі құралдарды жасауға балаларды қатыстырып отырған пайдалы. Мұның білімділік және тәрбиелік маңызы зор, білім мен біліктерді саналы түрде және берік меңгеруге, белгілі бір еңбек дағдыларына төселдіруге көмектеседі. Сонымен көрнекі құралдар білім беру көздерінің бірі ретінде пайдаланылмай, мұғалім сөзінің иллюстрациясы ретінде ғана қызмет атқарса, оларды қолданудың тиімділігі анағұрлым төмен болып шығатын көрінеді. Өкінішке орай, мектеп практикасында мұғалімнің сөзі мен көрнекі құралдарды ұштастырудың дәл осы формасы әлі күнге дейін анағұрлым кеңірек етек алууда. Демек, оқу процесін жетілдіру міндеттерінің бірі сабақтарда көрнекі құралдарды мәлімет берудің дербес көздері ретінде кеңінен пайдалану болып табылады.

Оқу процесінде көрнекілікті бір-бірімен ұштастырып отыру қажет, мұның өзі оқылып жатқан объектінің қасиеттерін және белгілерін барлық жағынан алып қарастыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталғандай, көрнекіліктер қолдану сабақтың тиімділігін арттырады. Өз педагогикалық тәжірибемізде қолданылған көрнекіліктердің түрлері мен қолданылатын кезеңдерін байқап, мынадай қорытындыға келдім.

1. Оқулық - сабақтың тұрақты элементі.
2. Магнитофон таспасы - оқушылардың білімін тексеру үшін алынатын математикалық диктанттарды хабарлау құралы.
3. Кодоскоп пленкалары - әртүрлі тапсырмаларды тексеру үшін сызбаларды қолданып теңсіздіктер шешуде, алгебралық есептерді геометрия көмегімен шешуде, уақытты үнемдейтін құрал.
4. Дидактикалық материалдар - оқушымен жекелей жұмыс жүргізуге мүмкіндік беретін көрнекілік түрлері. Оларға перфокарталар, үлестірмелі қағаздар, суретті өзіндік жұмыстар т.с.с. жатады.
5. Экранды құрылғылар (диафильм, диопозигив) - жалпылау, қорытындылау кезеңінде оқушының танымдық белсенділігі мен ойлау қабілетін арттыратын көрнекі құралдардың бірі.
6. Микрокалькулятор - алгоритмі бойынша тез есептеуге мүмкіндік беретін құрал.
7. Компьютерлік құрылғылар - есеп шығаруға, тестілер шешуге дағдыландыру және оқушының әділ бағасын алуы үшін қолданылатын, таптырмайтын көрнекілік.
8. Қандай да бір заңдылықтың демонстрациялық және лабораториялық модельдері –тәжірибе жасап, қорытындысын көрсете білуге арналған кестелер (таблицаалар), модельдер.
9. Атақты математиктердің портреттері - тақырыпқа тарихи шолу жасағанда, тарихи шегініске керекті көрнекілік.
10. Такта, бор, циркуль, сызғыш, транспортир, үшбұрышты сызғыш, магнитті

тақта - математика пәні мұғалімдерінің қолынан түспейтін, қажетті құралдар.

11. Қосымша әдеби кітаптар, журналдар - сабақтың ғылымилығын арттыратын құралдар.

Қандай көрнекіліктер болмасын, ретімен, жүйелі түрде, белгілі бір мақсатты түрде қолданылса ғана, ол — көрнекілік.

ӘДЕБИЕТТЕ:

- 1.С.Г. Шаповаленко. Орта мектепке арналған қазіргі заманғы көрнекіліктер жүйесі. "Советская педагогика", 1957. №5
- 2.Бабанский Ю.К "Оқыту барысының интенсификациясы" Г. М. Знание, 1987
- 3.Г.В. Карпов, Романин В.А. "Оқытудағы техникалық құралдар" М., Просвещение, 1979
- 4.Я.А.Коменский "Ұлы дидактика". Таңдамалы педагогикалық шығармалар. М., 1955
- 5.А.А. Леонтьев Психиканың даму мәселелері" М., Издательство МГУ, 1981
- 6."Педагогика" Ю.К. Бабанский және тағы басқалар. М., Просвещение, 1988

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада бастауыш мектепте оқыту процесінде көрнекі құралдарды пайдаланудың тиімділігі мен мүмкіндіктері жайлы жазылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы использования наглядных дидактических пособий в учебном процессе начальной школы.

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕНІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Идрисова Ж.И. – б.ғ.к., доцент, Исламқулова И.Б. – мед. ғ.к., доцент
(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазіргі кезде республикамызда “Халыққа білім беру жүйесіндегі экологиялық оқыту мен тәрбие” мәселесін шешуде жас ұрпаққа көпшілікке үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру тұжырымдамасына көп көңіл бөлінуде. Бұл мәселені шешу үшін жасөспірімдердің, әсіресе мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық тәрбиесінің мәні өте зор. Экологиялық тәрбие - жер бетінің әрбір тұғырын қамтуға тиісті өмірлік мәселеге айналып отыр. Мұның мәні - адамдардың бойында табиғатты қорғау белсенділігін қалыптастырып, қажетті білім және икемділіктерімен қаруландыру деген сөз.

Қазіргі кезде мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық білім мен тәрбие берудің мақсаты - балаларды табиғатқа ұқыпты қарауға үйретіп, оның байлықтарын үнемді пайдаланудың орасан маңызды мәселе екенін ұғындыру, табиғатқа дұрыс қарым-қатынас жасау жөніндегі біліммен және дағдыларымен қаруландыру. Табиғатқа ұқыпты қарауға жеке және жауапкершілік сезімі сәбилік кезден бастап тәрбиеленуі тиіс. Бұл жұмыс неғұрлым ерте басталса, оның педагогикалық тиімділігі соғұрлым жоғары болмақ.

Біздің елімізде “Әрбір азамат табиғатты аялауға, оның байлықтарын қорғауға міндетті» деген дәйектілікпен жүзеге асырылып отырылмағаны мәлім. Тоқырау жылдары еліміздің табиғатын қорғауға зор зардаптарын тигізеді. Бірыңғай

экономикалық өндірістік мүдделер басшылыққа алынып, экологиялық талаптар ескерілмегендіктен, еліміздің, соның ішінде Қазақстанның да табиғаты үлкен зиян шекті.

Мектеп реформасында да, оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесі айрықша атап көрсетілген: “Мектеп ұқыпты қожайынның қасиеттерін қоғамдық байлық пен туған табиғатқа қамқор да ұқыпты көзқарасты қалыптастыруға тиіс” - делінген. Онда экологиялық тәрбие жұмыстарының балабақшалардан бастап үздіксіз жүргізіліп отыруы қарастырылған. Сондықтан да, мектепке дейінгі ұйым тәрбиеші-педагогтарына жасөспірімге экологиялық тәрбие беруде зор міндеттер жүктеледі.

Белгілі педагог А.С.Макаренконың: “Тәрбие жұмыстарының мақсаты қайдан туындайды? Ол сөзсіз біздің қоғамдық қажеттілігімізден келіп туындайды” деген өміршең пікірін ескерсек, балабақшада жүргізілетін табиғат аясында бөлімінде экологиялық тақырыптардың бөлек алынып, білім беру мен тәрбие ісіне араласа бастауы кездейсоқ құбылыс емес, оқу бағдарламасында қазіргі өмір талабының орынды ескерілуі. Мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбие беруде табиғат аясында сабағында кең мүмкіндіктер ашылады. Айналамен таныстыру сабағы барысында құстар, жануарлар, жыл мезгілдері тағы басқа тақырыптарына байланысты жазылған ақын - жазушыларымыздың әңгіме, өлең жолдары арқылы, мектеп жасына дейінгі балалардың бойында табиғатқа деген сүйіспеншілік, аялы көзқарас, ондағы жанды атаулыға, қамқорсыз жанға деген аянышты сезімін тәрбиелеуге кең мүмкіндіктер бар. Бұл жұмыстың нәтижелі болуы тікелей тәрбиешінің өзінің шеберлігіне, ізденісіне, экологиялық сауаттылығына байланысты болмақ деп санаймыз.

Табиғатта тіршілік атауы бір-бірімен тығыз байланыста екені белгілі. Оның бірінде болып жатқан өзгеріс міндетті түрде екіншісіне әсер етеді. Бұл тіршілік тізбегі ұзақ дәуірлерде бірте-бірте қалыптасқан, оны ғылыми тілде табиғи тепе-теңдік деп атайды. Олай болса, табиғатта тіршілік тізбегі мен адамның іс-әрекетінің арасында да, белгілі бір үндестік пен үйлесімділік сақталуы қажет. Адам өз іс-әрекетін болжауға болмайтын, орасан зиянды зардап шегері сөзсіз. Сондықтан да, тәрбиеші өтіліп отырған тақырыбының мазмұнына байланысты өз әңгімесі арқылы, шәкірттеріне адам табиғаттың ажыратылмайтын бір бөлігі, онсыз адам баласы өмір сүре алмайды, жылу мен күн сәулесін және тұрғын үймен қамтамасыз ете алмайтынын, яғни табиғаттың адам баласына тигізер пайдасын баса айтып бергені жөн. Сонымен бірге, табиғат тек адамдарға өз байлықтарын беріп қоймайды, ол адамзат баласы тарапынан оған қамқорлық қажет ететінін балалар санасына мектептің алғашқы күнінен ұялата білсе, болашақта бұндай тәрбиеші өз шәкіртін экологиялық білімі бар азамат етіп тәрбиелей алатыны сөзсіз.

Бір сөзбен айтқанда, өміріміздің ащы шындығын балалар санасына жеткізе білуіміз керек. Өйткені жер ана, табиғаттың ендігі тағдыры бүгінгі жас ұрпақтың қолында болмақ.

Республикамыздағы экологиялық қатерлі апат аймағы деп айтылып жүрген Арал теңізі мен Балқаш көлін қорғау мәселесін де, Семей тұрғындарының ауыр халі, жер бетіндегі кейбір тірі атаулының құрып кетуі, ауаның ластануы, талай жылдар бойына жүргізіліп келген атом, ракета сынақтары ата-жұртымызды астан-кестен қылғаны - осының бәрі адам баласының табиғатқа салғырт қарауының нәтижесі екенін түсіндіріп, балабақшада тиімді тәрбие құралы етіп пайдалануға болады. Әрине, бұл жерде балалардың жас ерекшеліктерін ескер отырып, олардың сана-сезіміне лайықты, түсінікті болатындай экологиялық тақырыпқа арналған әңгіме шеңберінде өтіліп отырған әңгіме, өлең жолдарына байланысты көрнекі құралдар пайдалану тәрбиешінің шеберлігіне байланысты.

Мәселен, белгілі өтіліп отырған тақырыпқа сай алынатын ойындардың өзін ұтымды тәрбие құралы етіп пайдалануға болады. Балалар тек жай

қызығушылықпен ойнап қоймай, соған үлкен қорытынды шығаруы тиіс. “Құтқарайық”, “Балапанға көмектесу” деген ойындар барысында, сол әлсіз кішкентай жануарға қамқорлық жасау баланың бойында қуаныш әкелетіндей, оған деген аянышты сезімін бастан кешіретіндей жағдай туылуы қажет. Оның тәрбиелік жағынан баланың өздері қорытынды шығара білуі, не тәрбиеші балаға көмекке келуі тиіс.

Балаларға табиғатты қорғау тәрбиесін берудің аса маңызды шарттарының бірі - оның эстетикалық тәрбиесін бірлікте қарастыру болып табылады. Табиғат қандай тамаша. Көз салып оған қараса, - дегендей, ондағы сол бір әсемдікті, сұлулықты сезіндіру, қабылдата білгізу, оған қуану, мейірбандық, адамгершілік сезімдерін дамыту оларды табиғатты аялауға құлшындырады.

Табиғаттың сырын, сұлулығын сезіне білген адам ғана табиғатты сүйе алады. Ал, ендеше оның пәрменді қорғаушысы да бола алады.

Сондықтан да, айналамен таныстыру, яғни табиғат аясында деп балабақшадан бастап жүргізілуінің құндылығы сонда деп білеміз, онда тәрбиелік міндеттерді кеңінен шешуге мол мүмкіндіктер туады. Табиғат сырын сезіну, сұлулықты қабылдау, оған қуану, адамгершілік мейірбандық сезімдерді дамытып, табиғатты аялауға құлшындырады. Сабактың әдістері мен тәсілдерін эстетикалық тәрбие беруге, табиғаттағы әсемдікті түсінуге, сонымен бірге оқушыларды еңбекті сүйуге, еңбек адамдарын құрметтеуге, оқуға адал ниетпен қарауға дағдыландыруға итермелейді.

Енді, осы міндетті сабақ барысында қлай шешудің кейбір жолдарына тоқталайық. “Қазақстан-Республикам менің” бөлімінде Алматы, Қазақстан туралы шығармалар енген. Бұл орынды да, әрі қажет. “Отан” деген ұғымға жоғары аталған қасиетті атаулар мен бірге оның табиғаты да кірмей ме? М.Әлімбаевтың “Менің Қазақстаным” өлеңінде Отан мен табиғат ұғымын бірлікте жырлайды.

Болған жер - әкем-шешем шөберелі

Ыстық қой ең ақыры...ебежегі. '

Аңқыған жұпар, жусан етегесі

Құлпырма қызыл-жасыл көбелегі.

Сайрауыш бұлбұлдары тоғайында

Саулығын бастап кетер май айында.

Табиғат жақын жерге кілем төсеп,

Күй гулеп, симас көңіл сарайына...

Отан мен табиғат бірлігін ақындай көркем терең етіп жеткізу қиын-ақ шығар. “Отан” - табиғат, табиғат - “Отан” деген ұғымды Дихан Әбіловтің “Қазақстан Республикам менің” өлеңі толықтыра түседі.

Ақын:

Әйнегі - құн, шатыры — аспан,

Кең дала... Төсі толқыған егін.

Көлдері көкке күмістер шашқан.

Қазақстан - Республикам менің, - дейді.

Осындай өлеңдерді оқыту кезінде отанға, табиғатқа деген сүйіспеншілік екенін балалар санасына сіңіре білу керек.

«Балбөбек» бағдарламасы бойынша берілген шығармаларды оқыту барысында балаларға экологиялық тәрбие берудің мүмкіндіктері мол. Мысалы Қ. Баянбаевтың «Күз бояуы» өлеңін алайық. Ең алдымен, балалар туған өлкесінің сан алуан көріністерін салыстырып, олардың ұқсастығы мен айырмашылығындағы негізгі және негізгі емес белгілерін анықтайды. Оқытудың түсіндірмелі, мәнерлеп оқу әдістерін пайдалана отырып, көптеген көрнекі құралдарды қолдануға болады. Алдымен өлеңді мәнерлеп оқып, мағынасын түсіндіреді. Бұдан кейін балалардың назарын тақтаға ілінген түрлі-түсті суреттерге аударып, бірінші суретті сұрақ-жауап арқылы оқушылардың ой-өрісін байқауға болады.

- Балалар, сендер мына суреттен кімдерді көріп отырсындар?

- Олар қайда, не істеп жүр?
- Бұл жылдың қай мезгілі?
- Күз екенін қайдан білдіңдер?

Осындай қысқа диалогтан соң жинамалы альбомда салынған жылдың төрт мезгілі туралы суреттерді пайдалану арқылы тағы да сұрақ-жауап әдісімен оқушыларды әңгімеге тартуға болады.

- Балалар, бүгін күннің нешесі және қай ай?
- Қыркүйек айы жылдың қай мезгілі?

Балалар жылдың төрт мезгілін, ай аттарын атап шығады. Төрт оқушы жылдың төрт мезгілін бейнеленген суреттердің мазмұнын әңгімелеп береді.

Осыдан кейін табиғат құбылыстарын сипаттайтын сергіту ойынын ұйымдастыру арқылы, оқушыларды көңілдендіруге болады. Ойынды бастамас бұрын күздің өзге жыл мезгілдермен ерекшелігін тағы да бір рет пысықтап алу қажет. Содан соң, ойын басталады. Алдымен ойын тәртібі түсіндіріледі.

- Балалар, түн болады.

Балалар қолдарын парта үстіне айқастырып қойып, оған бастарын сүйеп, көздерін жұмады.

- Балалар таң атты.

Балалар көздерін ашып, бастарын көтеріп, партаға дұрысталып отырады.

- Балалар, жел тұрды, жаңбыр жауды.

Балалар саусақтарының ұшымен партаны тоқылдатып, жаңбыр тамшыларының жауған сәтін бейнелейді.

- Балалар, сабақ басталды.

Балалар қайтадан дұрысталып отырып, сабақты одан әрі жалғастыруға дайындалады.

Күзді бейнелеу ойынының маңызы зор екені күмәнсіз. Балалар табиғат пен оның құбылыстарын ойын арқылы көз алдына келтіріп елестеді.

Жыл мезгіліне байланысты табиғат туралы білімдерін толықтырып табиғат байлығының адамға пайдасын, оны игертудегі адам еңбегінің рөлін, осының бәрі баланың эстетикалық сезімін, табиғат байлығын көздің қарашығындай сақтап, оның қорын көбейтуге қалай жұмыстанатынын, экологиялық қиын жағдайдан құтқару мүмкіндігін іздестіруге болады. Неше түрлі табиғат құбылыстарын, әсемділіктердің, ағаштардың жапырақтары тағы басқа айырмашылықтары белгілі болады. Балаларды білуге, құштарлыққа, көре білуге, ести білуге, айналадағы дүниені қабылдауға тәрбиелеу олардың ойын да, тілін де дамытудың негізгі жолы. Бұл әрине, тәрбиешінің ізденісіне, педагогикалық шеберлігіне байланысты деп ойлаймыз.

Экологиялық тәрбие балалардың табиғат болмысын терең түсінуге және мектепте әр пәннен өтіліп жатқан тақырыптардың бір-бірімен тығыз байланыста екенін түсініп, оны қоршаған ортамен сәйкестендіріп бір тұтас қалыпта, жүйелі қабылдауларына мүмкіндік береді.

Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің тағы бір жолы - балаларды тікелей практикалық жұмыстарға қатыстыру болып табылады. Мысалы, балабақша алаңын көгалдандыру, ағаш отырғызу, гүлзарлар жасау, құстарға ұя жасап ілу, балық шабақтарын құтқару, балабақша орманшыларына қатыстыру.

Туған жердің, табиғаттың әсем келбеті мен нәзік сырларын танытып, бала бойына эстетикалық сезіміне рухани қуат беруде табиғат көріністеріне жазылған пейзаждық шығармалардың да маңызы ерекше. Мәселен, “Кешкі дөң басында” (М.Әуезов) суреттемесінде жаздың жайлы кешін:

“Зәрі қайтқан қызыл күн әлсізденіп таудан асып, ұясына кіріп барады. Жұқалаң ұзынша көк бұлт қызыл сеңдей болып, батар күнді еңтелеп қамап тұр. Қара көк тұңғиық аспан күн батысқа тақаған жерінде қызыл торғындай толқынданады.

Кейбір жерлерінде өртің жалындай жайнайды. Күннің ақырғы сәулесі түсіп тұрған тау бастары көлеңке басқан қоңыр желдің алтын шатырындай нұрланып, қызғылттанады», - дейді. Ал, Нұрпейісовтың “Кеш” атты суреттемесінде: “Күн қызара төмен жылжып барады. Асықпай қараған адамға күн аспаннан түсіп келе жатқан қызыл доп сияқты көрінеді. Ұясына жақындаған сайын оның бояуы қоюлана түседі. Міне, күн ұясына кіріп барады. Енді ол өзі ғана қызармай, бүкіл батысты да қып-қызыл түске айналдырады”.

Күн батардағы табиғаттың қайталанбас осы бір әсем сәтін бұдан артық дәл, көркем етіп суреттеу қиын да шығар. Кестелі көркем сөз арқылы өрнектелген ғажайып көріністі бала санасына қалай жеткізуге болады? Балаларды шығармадағы табиғаттың ғажайып сұлулығымен сусындатып, рухани дүниесіне эстетикалық сезім нәрін қалай сіңіруге болады? Тәрбиеші бұл тақырыптарды өтуден бұрын балалармен алдын-ала дайындық жұмыстарын жүргізіп, балалармен бірге күннің батар шағын бақылауы керек, шығармада суреттеген нақты үш зат - күн, аспан және жердің кешкі көрінісіне назарларын аударады.

- Балалар, батып бара жатқан күн неге ұқсайды?
- Дөңгелек допқа, шарға.
- Қандай шарға?
- Қызыл шарға.
- Аспан қандай?
- Күңгірт, көңілсіз.
- Неге көңілсіз?
- Өзінің сүйікті күнімен қоштасқысы келмейді.
- Жер, айнала, төңірек қандай?
- Қара қошқыл. Мұңлы.
- Неге мұңлы?
- Күн сәулесін қимайды.

Балалар күн батар шақты суреттеу арқылы: «Күн жерге мегін сүйеді», «Қызыл теңізге батып барады», «Алтын шар», «Көкше аспан» тағы басқа бейнелі сөздерді тұңғыш рет қолдана бастайды. Олар көркем сөздің қайнар көзі табиғат әлеміне жақындай түсіп, апыл- тапыл басып, бұрын жасамаған сөз тіркестерін жасайды. Осындай дайындық жұмыстарынан кейін барып, жоғарыдағы суреттемелерден әңгіме құрап үйренуге тиісті.

Қорыта айтқанда, экологиялық тәрбие ұғымдарын бала санасына орнықтыру мақсатына күнделікті өтілетін сабақтарда және сабақтан тыс тәрбие жұмыстарында, ойын-жаттығуларда қоршаған ортамен қарым-қатынас жөніндегі іс-шаралардың мәні мен мазмұны тереңдетіліп ауқымы кеңейте жүргізілуі қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.Нұрғызанов «Арал өңірінің экологиясы» 2004 ж.
2. Р.Сәтімбеков «Табиғат қорғау» Алматы, «Рауан» 2007 ж.
3. Мамбетқазиев С.Ә., Сбанбеков Қ.Ж. «Табиғат қорғау» Алматы, «Қайнар», 2000 ж.
4. «Педагогика» Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Алматы 2000 ж.
5. Мәмбетқазиев С, Сыбанбеков К. «Табиғатты қорғау» Алматы, «Қайнар» 2004
6. Мәмбетқазиев С, Сыбанбеков К. «Табиғатты қорғау» Алматы, «Қайнар» 2004
7. Оспанова Г., Исаев Е., Бозшатаев Г. «Экологиялық ойлауды қалыптастырудың кейбір әдістері туралы» (Қазақстан мектебі, 2006 ж., №1, 90 бет

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбиені жүзеге асырудың жолдары қарастырылған. Сондай-ақ, қоршаған дүниемен таныстыруды стандартты емес формаларды қолдану арқылы жүзеге асыру көделген.

РЕЗЮМЕ

В статье раскрываются эффективные пути экологического воспитания в дошкольной организации. Представлены нетрадиционные формы ознакомления детей с окружающим миром.

СИСТЕМА ТВОРЧЕСКИХ ЗАДАНИЙ КАК СРЕДСТВО МУЗЫКАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Лесникова А.А.- учитель (г. Алматы, ГУОШ № 95)

Огромное значение в эстетическом воспитании школьников имеет сформированная способность творчески переживать художественные и музыкальные произведения, участвуя в их исполнении. Художественно – исполнительская деятельность, связанная с приобщением, например, к хоровому искусству, рождает у исполнителя творческие умения, пробуждает творческое воображение, ибо подлинный художник –исполнитель вкладывает в произведение свое понимание, свое отношение. А музыкально –творческая активность, выражающаяся, к примеру, в сочинении собственных песен, помогает ребенку глубже воспринимать музыку, сознательно усваивать средства музыкальной выразительности и на творческом уровне воспринимать произведения художественного творчества.

Эффективность развития творческих способностей во многом зависит от того материала, на основе которого составлено задание. Анализ учебных пособий начальной школы показал, что содержащиеся в них творческие задания, продуктом которых являются кроссворды, рассказы, рисунки, поделки и т.п. Часть заданий направлена на развитие интуиции учащихся; нахождение нескольких вариантов ответов. Творческих заданий, требующих разрешения противоречий, *не предлагает ни одна из используемых в школах программ.*

Творческие задания предполагают использование в творческой деятельности младших школьников преимущественно методов, основанных на интуитивных процедурах (таких как метод перебора вариантов, морфологический анализ, аналогия и др.). Активно используются моделирование, ресурсный подход, некоторые приёмы фантазирования. Однако программы не предусматривают целенаправленное развитие творческих способностей учащихся с помощью данных методов.

На основе анализа литературы (Г.С. Альтшуллер, В.А. Бухвалов и др.) можно выделить следующие требования к творческим заданиям: соответствие условия выбранным методам творчества, учёт актуального уровня развития, учёт возрастных особенностей учащихся.

Учитывая эти требования, можно построить *систему творческих заданий* направленных на развитие креативных способностей младших школьников в учебном процессе.

Система творческих заданий включает *целевой, содержательный, деятельностный и результативный* компоненты. Системообразующий фактор –

личность учащегося: его способности, потребности, мотивы, цели, субъективно – творческий опыт.

Особое внимание уделяется *творческой деятельности* самого ученика. Под содержанием творческой деятельности понимаются две его формы – внешняя и внутренняя. Внешнее содержание образования характеризуется образовательной средой, внутренне – является достоянием самой личности, создаётся на основе личного опыта ученика в результате его деятельности.

При отборе содержания для системы творческих заданий необходимо учитывать два фактора:

1. То, что творческая деятельность младших школьников осуществляется в основном на уже решённых обществом проблемах.

2. Творческие возможности содержания учебных предметов начальной школы.

Представим содержание творческих заданий тематическими группами задач, направленными на познание, создание, преобразование, использование в новом качестве объектов, ситуаций, явлений.

Каждая из выделенных групп является одной из составляющих творческой деятельности учащихся, имеет свою *цель, содержание*, предполагает использование определённых *методов*, выполняет определённые *функции*. Таким образом, каждая группа задач является необходимым условием для накопления учеником субъективного творческого опыта.

1. группа – «Познание». Цель – накопление творческого опыта познания действительности. Приобретаемые умения: изучать объекты, ситуации, явления на основе выделенных признаков – цвета, формы, размера, материала, назначения, времени, расположения, части целого; рассматривать в противоречиях, обуславливающих их развитие; моделировать явления, учитывая их особенности, системные связи, количественные и качественные характеристики, закономерности развития;

2. группа – «Создание». Цель – накопление учащимися творческого опыта создания объектов ситуаций, явлений. приобретает умение создавать оригинальные творческие продукты, новой идеи творческой деятельности; ориентирование на идеальный конечный результат развития системы.

3. группа – «Преобразование». Цель – приобретение творческого опыта в преобразовании объектов, ситуаций, явлений. Приобретаемые умения: моделировать фантастические (реальные) изменения внешнего вида систем (формы, цвета, материала, расположения частей и др.); моделировать изменения внутреннего строения систем; учитывать при изменениях свойства системы, ресурсы, диалектическую природу объектов, ситуаций, явлений.

4. группа – «Использование в новом качестве». Цель – накопление учащимися опыта творческого подхода к использованию уже существующих объектов, ситуаций, явлений. Приобретаемые умения: рассматривать объекты ситуации, явления с различных точек зрения; находить фантастическое применение реально существующим системам; осуществлять перенос функций в различные области применения; получать положительный эффект путём использования отрицательных качеств систем, универсализации, получения системных эффектов.

Творческие задания дифференцируются по таким параметрам, как: сложность содержащихся в них проблемных ситуаций; сложность мыслительных операций, необходимых для их решения; формы представления противоречий (явные, скрытые).

В связи с этим выделяются три уровня сложности содержания системы творческих заданий.

Задания III (*начального*) уровня сложности предъявляются учащимся первого и второго классов. В качестве объекта на этом уровне выступает конкретный предмет, явление или ресурс человека. Творческие задания этого уровня содержат проблемный

вопрос или проблемную ситуацию, предполагают применение метода перебора вариантов предназначены для развития творческой интуиции и пространственного продуктивного воображения.

Задания II уровня сложности находятся на ступеньку ниже и направлены на развитие основ системного мышления, продуктивного воображения, преимущественно алгоритмических методов творчества. Под объектом в заданиях данного уровня выступает понятие «система», а также ресурсы систем. Цель заданий данного типа – развитие основ системного мышления учащихся.

Задания I (*высшего, высокого, продвинутого*) уровня сложности. Это открытые задачи из различных областей знания, содержащие скрытые противоречия. В роли объекта рассматриваются ресурсы любых систем. Задания такого типа предлагаются учащимся третьего и четвертого года обучения. Они направлены на развитие основ диалектического мышления, управляемого воображения, осознанного применения алгоритмических и эвристических методов творчества.

Выбираемые учащимися методы творчества при выполнении заданий характеризуют соответствующие уровни развития творческого мышления, творческого воображения. Таким образом, переход на новый уровень развития креативных способностей младших школьников происходит в процессе накопления каждым учащимся опыта творческой деятельности.

ЛИТЕРАТУРА

1. Унт И.Э. Индивидуализация и дифференциация обучения –М.: Педагогика, 1990 г.
2. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения –М., 1972 г.
3. Словарь –справочник педагогических инноваций в образовательном процессе. Составитель Л.В. Трубайчук –М.: издательство дом. «Восток», 2001 г.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала бастауыш сынып оқушыларының музыкалық дамуын жүзеге асыруда шығармашылық жұмыстардың жүйесі қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о роли творческих заданий в музыкальном развитии младших школьников.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ШЫҒАРМАМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Текесбаева А.М. – п.ғ.к., доцент м.а. (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыруда Абай Құнанбаев шығармаларының педагогикалық мүмкіндіктері аса зор.

Абай Құнанбаев - халқымыздың тұтас бір дәуірінің ақыл-ойы мен мәдениетінің асқар шыңын бейнелейтін кемеңгері. Данышпан ақынның ұлылығы туралы С. Торайғыров "Асыл сөз" өлеңінде былай дейді:

Ақыл сөзді іздесең,
Абайды оқы ерінбе!
Адалдықты көздесең,

Жат тоқып ал көңілге, дей отырып, ақын жастарға Абай сөзі қасиетті, ол адалдыққа бастар бастау, бұлақ көзі деп түсіндіреді.

Абай, Шоқан мен Ыбырай сияқты халық ауыз әдебиетінің мол мұрасынан сусындап өскен. Абайдың ақындық жолға бет бұрғандағы алғашқы сөзі білім мен мәдениеттің маңызын насихаттай отырып, балалардың дүниетанымын дұрыс қалыптастыруға арналды. Ұлы ақынның "Ғылым таппай, мақтанба", "Әсемпаз болма әрнеге" өлеңдері кейінгі ұрпаққа айтар өсиеті үлгісінде жазылған. "Ғылым таппай, мақтанба" өліңінде адам бойындағы қазынаның ең бастысы, әр баланың ұмтылатын арманы - ғылым болуы керектігін айтады.

Ғылым таппай, мақтанба!

Орын таппай баптанба

Құмарланып шаттанба,

Ойнап босқа күлуге, - дей

келе, ғылым жолына ұмтылған әр адамның қандай нәрселерден қашық, қандай нәрселерге асық болу керектігін жіпке тізгендей тізіп, саралап береді.

Ұлы ойшыл ақын "Әсемпаз болма әрнеге" өлеңінде:

Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң, арқалан

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та, бар қалан!-

деп әр баланың өмірдегі өз орнын дұрыс таба білу қажетін ескертіп:

Қайрат пен ақыл жол табар

Қашқанға да қуғанға.

Әділет, шапқат кімде бар-

Сол жарасар туғанға, - дейді.

Ақынның бұл өлеңдері бастауыш сынып оқушылары үшін дүниетанымдық, адамгершілік, эстетикалық көзқарастарының дұрыс қалыптасуына бағдар береді.

Абай табиғат лирикасын өзінше жырлаған. Оның әсіресе, жылдың төрт мезгілін суреттейтін өлеңдері – күшті ақындық шеберлікпен жазылған сұлу жырлар.

Жайқалған гүл-бәйшешек, көкорай шалғыны мен күркіреген өзені бар тамылжыған жаз да, ақ кірпік бораны мен үскірік аязы бар, қылышын сүйреткен қырау қабақ қыс та, аспанын бұлт торлаған, гүлі солғын, сарғыш далалы күз де Абай өлеңдерінде бейнеленеді.

Ақын өлеңдерінде табиғат пен адамның, қоғамның байланысы терең суреттеледі. Төменгі сынып оқушыларының дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруда ұлы ақынның табиғат туралы өлеңдерінің алатын орнына баға жетпейді.

Абай "Жаз" өлеңінде жазғы табиғаттың көркем көрінісін асқан шеберлікпен бейнелейді, көкорай шалғыны мен бәйшешегі толысқан жайлау әлі қонып үлгермеген ауылдың қарбалас тіршілігі қимыл-қозғалысымен түгелдей суреттеледі.

Жаздыгүн шілде болғанда,

Көкорай – шалғын, бәйшешек,

Ұзарып, өсіп толғанда,

Күркіреп жатқан өзенге

Көшіп ауыл қонғанда, - дей

келе, әзілдесіп, күлісіп үй тігіп жатқан қыз-келіншек, ат үстінде мал аралап жүрген ауыл иелері, жылқы соңындағы жылқышылар, су жағалап құс салған бозбалаларға дейін алып, көшпелі ауылдың реалистік тіршілігі шағын өлеңнің ішіне шеберлікпен сыйғызыла суреттеледі.

Ақын қыс табиғатын өзгешелеу стильде етіп суреттейді. "Қыс" өлеңінде де табиғат қозғалыс-әрекеттегі күйде алынады. Бұл әрекет табиғаттан гөрі адамның әрекетіне ұқсайды.

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,

Соқыр-мылқау танылмас тірі жанды.

Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,

Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Абайға дейін қазақ әдебиетінде табиғатты жанды адам бейнесінде суреттеу болмаған. Бұл - ұлы ақынның әдебиетке қосқан жаңалығы. Абай қысты қазақтың енжар жатқан даласына қорқынышты үрей әкелген қатал бейнеде алып, "демалысы-үскірік, аяз бен қар кәрі құдаға" теңейді. Бұл жерде халқымыздың байырғы ұғымы қолданылады. Мазасыз, сұрампаз кәрі құданың бейнесі арқылы қыстың да қайталап келіп, елдің тіршілігін тарылта беретіні суреттеледі.

Өлеңде шидем мен тонын қабаттап киіп, оранып алса да, долы боранға "бет қарауға шыдамай, сырт айналып," мал соңында жүрген жылқышылар, суық өтіп, титығы құрыған тайлар мен жабағыларға ауыз салуға жанталасып, жортып жүрген аш қасқырлар көркем бейнеленген.

Бұдан кейінгі кезекте жазылған "Күз", "Қараша, желтоқсанмен сол бір - екі ай" өлеңдерінде өмір мен табиғат шындығы жаңаша идеялық-көркемдік тұрғыда беріледі.

Оқытудағы интерактивті әдіс-тәсілдерді пайдалану мектепте сапалы білім алуға септеседі. Осыған орай «Қазақстан тарихы» пәнінен өткізілетін сабақтарда интерактивті инновациялық ахуалдық, презентациялық, пресс-конференция, жеке топтық, т.б. әдістер пайдаланылады. Аталғандарды өткен сабақтарды қайталауда пайдаланған тиімді. Осы мақсатта мынадай мазмұндағы сауалдар қойылады:

1. Ауыл – шаруашылығын ұжымдастыру қарсаңында қазақ ауылының жағдайы қандай болды?

Бұл сұраққа мынадай жауап бріледі. а) ЖЭС негізінде республикада мал саны 1929 жылы 40,5млн. Болды. 1913 жылмен салыстырғанда 1926 жылы 29,9 есе өсті.

б) орташалармен кедейлердің одағы нығая түсті, бірақ ол көпке бармады.

Ф.И. Голощёкин «Ауылды кеңестендіру» ұранымен тап күресін шиеленістірді. «Кіші қазан» революциясын жүргізу үшін бар күшін салды. «Ұлтшыл» деген кінә тағып, қудалауға ұшыратты.

Айта кетерлік жайт, оқушыларға қойылатын сұрақтар тақырыптың мазмұнын жан-жақты, әрі терең ашуға бағытталуы тиіс. Бұл жерде оқытушы жауаптардың дәйектілігіне назар аударуғаны жөн. Сұрақтарды ауызша айтудан гөрі оны алдын ала дайындап, оқушыларға таратқан ұтымды.

Сұрақ-жауап интерактивті әдіс ауқымында жылдам, әрі өзара сабақтастықта жүргізілуі тиіс. Дұрыс жауап бергендерді ынталандыру қажет. Ол үшін алдын ала жапырақтар дайындалып, тақтаға ағаштың суреті салынады. Дұрыс жауап бергендерге жапырақтар беріледі. Олар жапырақтарын бұтақтарға ілген кезде ағаштың жайнап кетуін ескеру керек. Мұндай тәсілдің өзі оқушылардың белсенділігін арттырып, оң жауап беруге ынталандырады. Осыдан кейін қысқаша қорытынды жасалады да, жаңа сабақтың тақырыбы ашылады.

II. Сабақтың тақырыбы: Ұжымдастыруды қалпына келтіру бағытындағы іс-әрекеттер жүргізіліп. Тақтаға «Бесеудің хаты», шаруалар көтерілістері жайында, ұжымдастырудың сталиндік принципіне қарсылық туралы көрнекті құрал ілініп қойылады. Мәселенің мәнін терең ашу барысында мына төмендегідей кесте сызып, түсіндіруге болады. Бұл тәсіл бір жағынан тарихи оқиғалар мен үдерістерді жадта көрнекі түрде сақтауға мүмкіндік береді.

«Бесеудің хаты»	Шаруалар наразылығы	Ауыл шаруашылығын нығайтудағы Кеңес өкіметінің көмегі
Авторлар 1932 шілде. I. 1. Ф. Мүсірепов 2. М. Ғатаулин 3. М. Дәулетқалиев 4. Е. Алтынбеков 5. Қ. Қуанышев II. Т. Рысқұловтың «Сталинге хаты» 1933 жыл наурыз. III. Хат иелерінің тағдыры.	I. шаруалар көтерілісі А) Түрлері Ә) Қойған талаптар Б) Қозғалыс болған Жерлер II. Шет елге көптеп жер ауған Республика аймақтарының халқы.	I. 1932 жыл 17 қыркүйек қаулысы. II. Кеңес өкіметінің Республика халқына көмегі. III. 2 бесжылдықтың Қорытындысы. IV. Депортацияға ұшыраған халықтар.

Т.Рысқұловтың «Сталинге хатының» қысқаша мазмұнын, оның мәтінін оқушылардың көмегімен талдаған абзал.

Шаруалар көтерілісі мәселесін былай көрсетуге болады:

1. Қарсылық шараларының түрлері: - қалалар мен құрылыстарға кету; - басқа шет аймақтарға кету; - колхоз белсенділерін өлтіру; - өзін-өзі қорғайтын отрядтар құру; - көтеріліске шығу дайындықтары.

2. Қойылған талаптар:

- заңсыз ұсталған шаруаларды және тәкіленген мал- мүлкін толық қайтару; дін бостандығын беру; шаруаларға табыс салығын салу; ұжымдастыруда еріктілік принципін ұстану; мәселелерді шешкен кезде ауыл жиынының өкілдігін көтеру; Қарақұмда халыққа дербес ауыл ұйымдастыруға рұқсат беру.

3. Қозғалыс болған жерлер: Қарулы қимылдар әсіресе 1929 -1931 жылдары көп болды. Мысалы, Қарақұм, Созақ күштеу әдісімен жаппай ұжымдастыру саясатына қарсы Сарысу, Ырғыз, Балқаш, Қастек, Қордай, Шұбартау аудандарында көтерілістер болды. Олар шын мәнінде түгел қырылып қалды. Республика аймағында 372 жаппай шаруалар мен бір жары жылдың ішінде 80 мың адам қатысқан көтеріліс болған. Патша өкіметінің 1916 жылғы жазалау тәжірибесін қайталады.

II. Жергілікті халықтың республикадан тыс жерлерге қоныс аударуы.

Ашаршылықтан құтылуға тырысқан халық республикадан тыс жерге қоныс аударды. Олардың жалпы саны бір миллионнан асты. Оның 400 мыңдайы қайтып оралғанмен, қалғандары қайтып келмеді. Босқындар Өзбекстанға, Түрікменстанға, Тәжікстанға, Қырғызстанға және Ресей жеріне өтті. Сондай ақ Қытайға, Монғолияға, Ауғанстанға, Иранға, Түркияға да мыңдаған қазақтар қоныс аударып барды.

III. Ауыл шаруашылығының кеңес өкіметіне көмегі.

1. КСРО-ның 1932 жылғы 17 қыркүйекте «Қазақстанның ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы туралы» қаулы қабылданды. Онда: - ең алдымен жасанды құрылған колхоздар таратылды.
2. Астықты аудандарда артельдер ұйымдастырылды.
3. Кеңес өкіметі отырықшылыққа көшкендерді орналастыру үшін 2млн. пұт астық, 30млн. сом ақша берді.
4. Екінші бесжылдықтың аяғына қарай Республика колхоз егістіктерінде 9 мыңдай трактор жұмыс істеді.
5. 1935 жылы ақпанда екінші колхоз сиезі болды. Онда: ауыл шаруашылығы артелінің жаңа үлгідегі «Жарғы» -сы қабылданды.
6. Екінші бесжылдықтың аяғында Қазақстанда 200 ге жуық совхоз құрылды, 7. 24 мыңнан астам трактор, 8 мыңға жуық комбайн берілді. Мақта, қызылша дәнді дақылдар егісі көбейтілді.
8. Кеңес өкіметі 40 млн сом қаржы бөлді.

Сабақты бекіту мақсатында тест сауалдарын жүргізіп, оқушыларды сұрақтарға дәл жауап беру қабілетін меңгеруге баулу нысанаға алынады. Осыған орай 8-10 сұрақтан тұратын тест арқылы оқушылардың білімін бақылаудың тиімділігі айқын көрінеді.

Сабақ соңында қорытынды жасалады. Қазақстандағы ауылшаруашылығын ұжымдастырунауканының қорытындысына қандай баға беруге болады? деген сауал түрінде түйіндеген ұтымды. Ол үшін мына кестені толтыру қажет. Кесте екі бөліктен тұрады. Бір бөлігіне « тиімді жақтары» деп жазылады, екінші бөлігіне «тиімсіз жақтары» деп жазлады. Мұндай әдіс жай ғана ой қорытқаннан гөрі көрнекі, әрі оқушыны логикалық ойлауға жетелейді.

Жауап беруде мынадай қиындықтардың орын алатындығын ескертеміз.

1. Бір жағынан прогресшіл технологияны енгізу, техниканы шоғырландыру- еңбек өнімділігінің артуы осының бәрін ұжымдық шаруашылық кәсіпорындары атқара алатын еді.
2. Екінші жағынан теңгермешілік, қатаң орталықтандыру, жеке адам мүддесінің аяққа тапталуы.
3. Еріктілігі мен бастамашылдығы үнемі басып-жаншылды. Осының бәрі серпінді дамуды шектеп отырды
4. Жалпы алғанда өркениетті коопреторлар қоғамы бай феодалдарға кіріптарлық пен күйзелістен құтылудың прогресшіл құбылысы еді. Бірақ ол күштеу әдісімен жүргізілді.

Қосымша деректерді пайдаланып қазақтардың атамекенінен тыс аймақтарға жаппай көшуі туралы мән жазба жазып келуді тапсырылады. Мына әдебиеттерді қолдану ұсынылады:

X. Оралтайдың «Елім –айлап өткен өмір» деген кітабы.

M. Тәтімовтың «Қазақ әлемі» деп аталатын зерттеуі.

Қ. Қасенов, Ә.Төреханов. «Қызыл қырғын» шығармасын оқу тапсырылады.

Сабақта оқушылардың белсенділігін арттыру мен ой-өрісін жетілдіру бағытында сөзжұмбақты шешу аса тартымды. Жалпы қысқаша сөзжұмбақтарды шешу дәстүрін сабақтарда енгізу ұтымды деп есептейміз.

Осылайша, сабақты қорытындылау нәтижесінде және оның өз мақсатына қол жеткізе алғандығын қысқа да нұсқа сауалнама-кесте арқылы білу тиімді. Кесте үш бағанадан тұрады. Біріншісіне «Сен не білуші едің?» деп жазылады, екіншісіне «Сен сабақ барысында не білдің?Қандай әсер алдың?», ал үшіншісіне «Қандай нәрсеге таң қалдың?» деген сұрақтар енгізіледі. Оқушылар бұл кестені толтырғанда, олардың тақырыпты қаншалықты игергендігін көруге болады. Сонымен қорытындыланғанда тарих пәнінің әрбір сабағын осылайша жаңа технологиялық әдістерді пайдаланып жоғары деңгейде, заман талабына сай қызықты өткізуге болады. Бұл әдістер оқушылардың білімін көтеруге, логикалық ойлау қабілетін жетілдіруге, тарих пәніне деген танымдық қызығушылықты өсіруге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. - А, 1997.
2. Омарбеков Т. Зобалаң (күштеп ұжымдастырудағы қарсылық. 1929-31 жылдары болған халық наразылығы) - А, 1994.
3. Қозыбаев М.Қ., Алдажұманов Қ.С., Әбілқожин Ж.Б. Қазақстандағы күшпен ұжымдастыру: қорлық пен зорлық. - А., 1992.
4. Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980гг). - А., 1991.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада оқытудың жаңа технологияларын тарих пәнінің сабақтарында қолдану мәселелері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются некоторые вопросы применения новых технологии на уроках истории.

ЖАПОНДЫҚ ТӘРБИЕДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Есеева М.Т. - п.ғ.к., аға оқытушы; Көнеева Қ.Х. – оқытушы
(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Әр елдің, әр ұлттың өздеріне тән тәрбиесі бар. Жапония – нағыз өркениетті елдердің бірі. Жапондықтар ең алдымен өздерінің ұлттық құндылықтарын жоғары бағалайды. Олар – қашанда да білімге құштарлықпен танылған ұлт. Ондағы білім жүйесі оқушылар бойында да тиісті адамгершілік ережесін қалыптастырып, ұлттық сипаттағы қасиеттерді дамытады.

Жапон елінде ұлттың сенімді болашағына қол жеткізуде оқушыларды мектеп қабырғасында әдептілік, имандылық пен өнегелілікке үйрету өте маңызды қадам болып саналады.

Табиғатты аялау, әділдік пен шындықты қастерлеу, адам өмірін бағалау, адам құқықтарын құрметтеу, келесі ұрпақ үшін жауапкершілікті ала алатын және қоғамның дамуына үлес қосатын балаларды өсіріп тәрбиелеу мектептердің маңызды жұмысына айналған.

Жапонияның білім беру жүйесінің компоненттері (мектепке дейінгі дайындық, мектеп, жоғары білім) бір-бірімен тығыз байланысты. Барлығының негізгі мақсаты – жапон елінің ұлттық-мәдени құндылықтарын сақтау, ұлттық дәстүрдің ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыруын қамтамасыз ету.

Жер бетіндегі әр ұлттың мақсаты – өз ұрпағының бойында адамдық қасиет, ұлттық рух пен мәдениеттің күш-қуатын қалыптастыру, ұлттың болмысын, оның өмір сүру тәсілі мен тәжірибесін, тәрбие ықпалының жолы мен бағытын кең түсіндіре білу.

Жапон ұлтының білім берудегі басты ұстанымы – ұлттық құндылықтарын сақтау және оны дамыту. Жапондықтар үш басты қасиетті қадір тұтады: ұлт мүддесін жеке бас мүддесінен жоғары қою, білімге құштарлық және еңбексүйгіштік.

Демек, жапондықтар ұлттық құндылықтарын сақтау арқылы елінің білім беру саясатының ұлттық-рухани дамуына, білім жүйесінің жетілуіне, қоғамда өзінің лайықты орын алатын білімді болашақ тәрбиелеуге, озық қоғам құруға қол жеткізуге болатындығын көрсетеді.

Жапондықтар тәрбие беруде бірін-бірі ренжітпеді, сәл нәрсеге ашу шақырмауды, айқай шу шығармауды басты мақсат тұтады. Өзінің әлсіздігін басқа біреуге аудармау бұл халықта асыл қасиеттердің бірінен саналады. Балалар ерінбей еңбек етуге және сол еңбегінің жемісіне өзі риза болуға дағдыланады. Қай салада да жапондықтардың жұмысты жан-тәнімен беріле істейтіні сондықтан. Соның нәтижесінде жоғары сапалы өнім шығаруды қамтамасыз етеді. Ешуақытта ешкім де еңбек етуге күштеп жегілмейді. Қайта адамдар жұмысты соншалықты құлшыныспен атқарады. Жапондықтар уәдеге өте берік халық, мұның өзі ол елде әлдеқашан қалыпты дағдыға айналған.

Отбасы – бала тәрбиелеудің бірден-бір ұйытқысы болып табылады. Бала анасымен бірге иіліп сәлем ету арқылы әдептілік пен ізгілікке дағдыланады. Анасы баласымен әңгімелескенде, тек қана қарапайым сыпайылық қатынастарға баулиды. Үй тұрмысындағы дағдылануды да (қалай отыруды, тамақ ішетін таяқшаларды қалай ұстауды, үйге қалай кіруді) бірнеше рет қайталап үйретеді. Ал, оларда иероглифтің күрделі екені белгілі. Жапон балалары 5-7 жасқа дейін еркін өседі. Ешқандай тыйым салуға, ұрсуға, ұруға болмайды. Олардың өз бетінше істеген әрекеттеріне шек қойылмайды. Демек, балалық шақтың қызығына батуына толық жағдай жасалады. Ата-ана баласын ешқашан қатаң жазаламайды. Өйткені, қатал аза көрген баланың жүйке жүйесі зақымдалып, ызақор, ашушаң, қырсық-қыңыр болып өседі деп есептеледі. Оның орнына көндіру, сендіру, мадақтау сияқты тәсілдерді қолданады.

Бала кішкентай кезінен-ақ өз ісіне жауап беруге баулынады. Ұят-ардың мағынасы ерте түсіндіріледі. Егер, бала мектепте, басқа да қоғамдық орындарда бөтен мінез көрсетсе, онда ол отбасының беделін, абройын түсіреді деп есептеледі. Осы дәстүр сонау Токугава кезінен басталады. Бұл жүйені «Тэракоя» деп атайды. «Тэракоя» мектебінде оқушылар мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас өте жұмсақ, мейрімділік сипатта болады. Егер, балалар қатты шуылдаса, онда мұғалім тыныш деген жазуы бар таяқшаны көтере қояды. Бұл елде оқушылардың шәкірттік кезеңі ер балалар үшін – 25, қыз балалар үшін – 18 жасқа дейін созылады. Отбасында жапон балалары қажетті өнерлерге, шаруашылық жұмыстарына үйренеді. Мектеп қабырғасында бұл дәстүр одан әрі жалғасып, әр баланың өзіндік қабілеті мен қызығушылығының еркін дамуына қолайлы жағдай туғызады.

Ұлттық дәстүр мұнда қасиетті де қастелі. Ұлт мүддесі, мемлекет мүддесі бәрінен де жоғары. Ұрпағын ұлттық рухта тәрбиелейді.

Жапония – демократиялық сипаттағы ел. Ең жоғарғы лауазым иесіне құрмет – бұл да ел дәстүрі болып саналады. Билік тізгінін ұстап отырған адам мемлекеттің мәртебесін білдіретіндіктен де оның туған күні де жапондардың ұлттық мерекесі саналады.

Жапонияда отбасының берекесі әрбір ұрпақ алдыңғы өткен ата-бабаларынан қалған «үлкенді құрмет тұту туралы өсиетті» қаншалықты орындауына байланысты деп есептейді. Олар: «Ең ауыр кінә немесе қылмыс – балаларының ата-анасына құрмет көрсетпеуі» – деп санайды.

Жапон отбасында барлық қамқорлық балаға көрсетіледі. Тәрбие – мәжбүрлеу не тыйым салу арқылы емес, қамқорлық көрсету негізінде жүргізіледі. Жапондықтар балаға тыйым салудың орнына оның іс-әрекетіне басқалар қалай қарайтындығын ойлауға үйретеді. Жапон отбасындағы балаларды тәрбиелеу қоғам талаптарына (топ, ұжым т.б.) сай келетін жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Тәрбиенің негізгі міндеті – баланы басқаның ұстанымын түсініп, бөлектенбеуге үйрету. Балаларды нақ император алдында тұрғандай әкесін пір тұтуға тәбиелейді.

Жапондықтардың тәрбие жүйесінің жұмсақ әрі мейірімділікке толы екендігі сондай, ол баланың жан дүниесіне қатты қысым жасамайды. Балаларды бөтен адамдар алдында ұрып-соғу, ұрып-сөгу деген мүлдем жоқ. Балалар өздерін емін-еркін сезінеді. Олар үшін ешбір тыйым, шектеу жоқтың қасы. Жапондықтар балаларға қатысты ешқашан жаман деген сөзді пайдаланбайды. Олардың сөздік қорында мұндай сөз мүлдем жоқ.

Әке-шешесі сәбиге шыдамдылық пен төзімділік танытады. Олар бірде-бір реніш белгісін көрсетпейді, тәрбиеге үлкен жауапкершілікпен қарайды.

Ата-баба дәстүрін қандай заманда өмір сүрсе де, бұлжытпай сақтауға тырасады. Баланың ержеткенге дейінгі рухани толысуы үшін жасалатын ғұрыптар Күншығыс храмдарында күні бүгінге дейін бұлжытпай орындалады деуге болады. Ер бала беске, қыз бала жетіге толғанда ата-анасы оған арнайы кимоно кигізіп, храмға апарып, баланың амандық-саулығы үшін рәсімдер жасалады. Осы шараға арнайы ұлттық тағамдар пісіріледі. Бала ержетіп, жиырма бірге келгенде арнайы кимоно киіп, храмға барады. Үлкен өмірге қадам басу кезеңі осы уақытта басталады. Бұл ең алдымен ата-баба дінін бала жүрегіне ұялатып, бойына сіңіру қағидасы мен байланысты.

Оларда ер баланың да, қыз баланың да ойнайтын ойыншығына дейін ұлттық нақышта жасалған. Ойын арқылы жапон баласы ер бабасының ерлігін түйсініп, дана әжесінің шеберлігін ұғынады. Мысалы, «Карута тори» деген ойынды кішкене баладан бастап, ересек адамдар да ойнайды. Әр ойын жай ғана уақытты өткізу үшін емес, елінің кешегісін санасына сіңіруге арналған. «Карута ториді» ойнау үшін байырғы әдебиеттен жүз жыр білу керек. Бұл жүз ақынның өлеңін жатқа айту деген сөз. Феноменді ми қабілеті осылай дамиды. Жапондар бала тәрбиелеуде «ұл», «қыз» деп бөлмейді. Күншығыс елі мен қазақ халқының ұлттық тәрбиесіндегі бір ұқсастық – ер баланы ел қорғаны, қыз баланы келешек отбасы ұйытқысы болуға баулу.

Демек, жапон халқының ұлттық ерекшелігі олардың өз дәстүріне деген беріктігі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құсайынова А.Қ. Білім реформасы. Дамыған елдер тәжірибесі // Егемен Қазақстан, 23 маусым, 2005.
2. Национальные системы образования: общая характеристика, структура. Под редакцией А.К.Кусаинова. Алматы: РОНД, 2004.
3. Асқар Бәйтеліұлы. Кім қалай тәрбиелейді? // Қазақстан тарихы. Әдістемелік журнал. №2. 2007.
4. Нысанова К. Жапонияның білім жүйесінің кереметтігі неде? // Ана тілі, 25 тамыз, 2005.
5. Джурицкий А. Чему и как учат в Японии? // Народное образование. 2001, №5.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жапон халқының бала тәрбиелеудегі ұлттық құндылық ретінде салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты пайдалануындың өзіндік ерекшеліктері сипатталған.

РЕЗЮМЕ

В статье излагается особенности использования национальных ценностей в виде традиций и обычаев японского народа в воспитании детей.

ШЕТ ТІЛІН ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Исембаева Л.А. -аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Еліміздегі жаңа ғасырдың жаңаша талаптары-қоғамның қажеттілігі мен мүдделерін қанағаттандыру. Білім беруді жаңарту-білім берудің мақсатын, құрылымын, мазмұнын, әдістер мен құралдарын, оқу үрдісін ұйымдастырудың формасын жаңартуды көздейтін үдеріс.

Өзге тілді үйрену, оның әр түрлі тілдік аспектілерін меңгеру, қарым-қатынас құралы ретінде қолдана білуге дағдылану-оқыту процесіндегі күрделі мәселе. Тілді жүйелі түрде үйрену мектеп курсынан басталатындықтан, оны оқыту қазіргі ғалымдардың, атап айтқанда лингвистиканың, психологияның, педагогиканың соңғы жетістіктеріне сүйенетіні сөзсіз. Осы тұрғыда елімізде шет тілін және орыс тілін өзге тіл ретінде оқытудың ғылыми негізі жан-жақты қарастырылып, түбегейлі мәселелері ашылған. Өзге тілді оқытудың ғылыми негіздерінің бірі психологиялық жағы И.А. Зимняя, Б.Б. Беляев, А.Н. Леонтьев, К. Оразбекова, Е. Суфиев т. б. еңбектерінде айтылған. Олардың еңбектерінде шет тілі мен орыс тілін оқытуда психология ғылымының атқаратын ролі, өзге тілді үйренудің психологиялық заңдылықтары, ерекшеліктері, сабақ тиімділігінің психологиялық аспектілері баяндалған. Бұл зерттеулер А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубенштейн, Л.С. Выготский сияқты көрнекті психологтардың адам әрекеті, сөйлеу механизмі жөніндегі ғылыми еңбектеріне негізделген.

Психология-бүгінгі таңда жан-жақты дамыған ғылым саласы. Бүгінде оның дами түсуі пәндерді оқыту, соның бірі тілді оқыту әдістемесі үшін маңызы зор.

Біздің қоғамымыз ілгері дамыған сайын, оқыту процестерінің де мазмұны жаңарып, әдістері жетілдіріп келеді. Оқыту процесінде кездесетін себептілікті, байланыстылықты, бір-біріне тәуелділікті, даму жолдарын нақты ажырату үшін таным заңдылықтарын жете білудің маңызы зор. Әрбір пәннің оқыту әдістемесі белгілі бір ғылымына: тарихты оқыту тарих ғылымына, ал қазақ тілін оқыту әдістемесі шет тіл мен тығыз байланысты қаралады. Тілде дамымай, өзгеріске ұшырамай, бір қалыпта қалып қоятын мәңгілік еш нәрсе жоқ, бәрі де өзгереді, дамиды. Сондай өзгеру мен дамуды тілдің синтаксистік жүйесінен көруге болады.

Тілдің синтаксистік жүйесіндегі өзгеріс, даму, ең алдымен, сөздердің, яғни сөз таптарының бір-бірімен тіркесімпаздық қасиетіндегі құбылыстардан, синтаксистік элементтерді бір-бірімен қарым-қатынасқа келтіретін амал тәсілдердегі, формалардағы құбылыстардың, грамматикалық формалардың мағыналары мен функцияларындағы құбылыстардан байқалады. Мұндай құбылыстардың нәтижесінде сөздердің бір кездегі грамматикалық топтарының басқа бір топтағы сөздермен немесе өзді-өзімен синтаксистік байланысында кездеспейтін жаңа тіркестер туып қалыптасады.

Тіл біліміндегі осындай өзгерістер шет тілін оқыту әдістемесінің дамуына әсерін тигізеді. Осының нәтижесінде шет тілі бағдарламасы мен оқулығына «сөз тіркесі», «лексика» бөлімдері енгізіледі. Мысалы, шет тілі бағдарламасы мен оқулығындағы фонетика, грамматика жөніндегі материалдар, қазір лексика, стилистика, орфография мәселелерімен тығыз байланыста қарастырылады. Шет тілі курсына сөз таптары жөніндегі ережелер де нақтыланып, сөз тудыру мәселесіне арнайы бағдарлама мен оқулықтан орын беріліп отыр.

Бастауыш мектепте шет тілін оқыту барысында оқушының ауызша және жазбаша тіліне көп көңіл бөлінеді. Мұның өзі тілдің фонетика, орфография және орфоэпия бөлімдерін саналы меңгеруге байланысты. Бұл тақырыптарды дұрыс меңгерген оқушы жазба жұмыстарында қате жібермей, сауатты жазатын болады. Бұлардың бәрі де оқыту

процесінде байланыстырып сөйлеуге дағды бере отырып, оның жүйелі, дұрыс айта білуіне жаттықтырады.

Қорыта келгенде шет тілін оқыту әдістемесі тіл ғылымының дамуына, оның қойып отырған талаптарына сай жетіліп келеді. Мектепте оқытылатын шет тілі материалдарының қандай саласы болмасын, атап айтқанда, шет тілінің фонетикасы, лексикасы мен фразеологиясы, орфографиясы мен орфоэпиясы, грамматикасы, сөздердің өзгеруі мен сөздердің сөйлемдегі тіркесі, сөйлем түрлері мен оның белгілері және шет тілін жалпы заңдылықтары мен таныстыру-шет тілін оқыту әдістемесінің негізгі объектісі болып табылады және оның ешқайсысы әдістемелік амал-тәсілдерсіз оқытылмайды. Сондықтан шет тілі бастауыш мектепке арналған бағдарлама бойынша белгілі бір пән ретінде танылса, шет тілін оқыту әдістемесі оның оқыту әдістері мен тәсілдерін белгілейтін ғылым демекпіз.

Педагогика ғылымы соңғы жылдары бір сыпыра табыстарға жетті. Әсіресе, адамның психикасының қоғамдық-тарихи даму табиғатын танып білуде, ой санасының жетілуін зерттеу проблемасының айналасында үлкен ғылыми зерттеулер жүргізілуде.

Психологияның жеке пәндер әдістемесін нақтылап түсіндіруде алатын орны ерекше. Мысалы, психология грамматикалық ережелерді оқушылардың қалай меңгеретінін, оның күнделікті практикада қалай жүзеге асыратынын зерттеп, шет тілін оқыту әдістемесінің дамуына ықпалын тигізіп отырады.

Оқу жоспарын жасағанда да, шет тілінің бағдарламасы мен оқулықтарындағы оқу материалдарын іріктеуде де оқушылардың жас ерекшелігі мен психологиялық ерекшеліктері ескеріліп отырады.

Әрбір сабақтың мазмұнына қарай әдістерді қолдануда оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне айрықша мән беріледі. Әсіресе, оқушының логикалық ойлау әрекеттерін дұрыс тәрбиелеудің маңызы зор. Демек, оқушы оқу материалын терең түсініп, саналы меңгеру үшін, оның ішкі заңдылығы мен өзара байланысын дұрыс анықтап, тиісті қорытынды жасай білуі қажет.

Оқушы бірінші сыныптан бастап шет тілін оқу барысында тілдегі түрлі қолданылатын атауларды, мысалы: әріп, сөз, сөз тіркестері, сөз бен сөзді байланыстыратын жалғау, жұрнақ, тыныс белгілерінің алуан түрлері- сызықша, нүкте, үтір, леп белгісі, қос нүкте, жақша, түрлі грамматикалық ереже, анықтамаларды оқып үйренеді. Қабілеті әр түрлі оқушы тілдің мұндай белгілері мен атауларын түбірінен меңгеріп кетуі мүмкін емес, оның кейбірін ғана сақтауы мүмкін.

Оқушы бір-бірімен сөйлесу барысында тілдің эмоциялық жағын, яғни интонация ырғағын, ымдау, қол шараларын пайдаланады. Сондықтан тіл психикалық құбылыстарды танып білудің де құралы бола алады. Мысалы, оқушы еліктеуіш, одағай сөздерді жиі айтуда, қолдануда тілдің эмоциялық жағын меңгереді. Сондай-ақ, қазір тілге қойылатын талаптар тұрғысынан техникалық құралдарды пайдалану, кестелер, диаграммалар, магнитофон жазбаларын, кинофильмнің фрагменттерін пайдалану арқылы оқушылардың есту, көру сезімдеріне әсер ете отырып, олардың ойлану қабілетін арттыру дағдыға айналып отыр. Сабақта қолданылатын түрлі көрнекіліктер оқушыларды әр түрлі ойлау әрекеттеріне бейімдейді, түсіндірілген материалдарды саналы меңгеруге ықпал жасайды. Оқушылардың білім сапасының көп жағдайларда төмен болуы осындай түрлі ойлау әрекеттеріне бейімделмеуден деп айтуға болады.

Бізді қоршаған дүние өте жылдам қарқынмен өзгеруде, сондықтан қазіргі қоғам өзінің іс-әрекетіне өзі басшылық жасап, шұғыл шешім қабылдай алатын тұлғаны қажет етеді. Мұндай тұлғаны оқытудың жаңа техникасы нәтижесінде қалыптасатыны белгілі. Қазіргі заман оқушылары дәстүрлі өтетін сабақтан гөрі оқытудың жаңа техникасын: мультимедиялық кабинетте немесе интерактивті тақтаны пайдаланған сабақтарға көп қызығып, белсене қатысады.

Оқу тәрбие ісіндегі ең қажетті мәселе-мұғалімнің психологиялық жағынан дайындығы. Әсіресе, шет тілін оқытуда мынадай психологиялық ерекшеліктерді

меңгеру қажет болады: біріншіден сөйлеу процесіндегі ерекшелік, екіншіден жеке оқушының шет тілін меңгеру қабілеті ескерілуге тиіс. Сондықтан шет тілін оқытатын мұғалім өз пәнінің ерекшелігіне қарай психологияны жақсы білуі аса қажет.

Оқушылардың материалды меңгере алуының психологиялық негізі сабақтың әрі әсерлі, әрі қызықты өткізілуіне байланысты. Сабақ психологиялық жағынан неғұрлым әсерлі болса, оқу материалын олар соғұрлым терең түсінеді. Бұл мұғалімнің шеберлігіне де қатысты мәселе. Сабақты психологиялық жағынан өте тартымды етіп құру үшін, негізгі үш жағдайдың болуы шарт: бірінші жағдай сабақтың педагогикалық тұрғыдан ойдағыдай болуы. Оған қатысты мәселелер шартты түрде: мұғалім мен оқушылардың сабақ кезіндегі қарым-қатынасы, мұғалімнің өзін-өзі ұстау мәнері, оның өнегелі өнегесі, сыртқы келбет-пішіні, сөйлеу мәдениеті, оқушыларға қатаң талап қоюмен, бірге оларды сыйлай да білу, саналы адамгершілік пен парасаттылыққа баулу т.б. мұғалімнің сабақта жеке оқушыны өзіне қарата, зейінін аудара білуі сынып ұжымын тегіс меңгере алуын қамтамасыз етеді. Сабақтың теориялық жағы негізгі факторлар мен дәлелденіп, оның ғылыми мәні көңілге қонымды болса, ол оқушылардың логикалық ойлау ынтасын арттырады және сабақ оқушыларға әсерлі болады.

Үшінші жағдай сабақтың әдістемелік жағынан тиімді болуы. Мұғалімнің материалды баяндау әдісін шеберлікпен игере алуында, дидактикалық заңды принциптерді орынды қолдануына, қажетті көрнекі құралдар мен тәжірбе жұмыстарын тиісті кезеңде көрсете білуіне байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Зимняя И.А. Психология обучения иностранным языкам в школе. М. 1991;
2. Алхазишвили А.А Основы обладания устной инастранный речью. М 1988
3. Артемов Б.А Психология обучения иностранным языкам. М 1965
4. Ильинская Е.С Психологический анализ урока инастранный языка М 1980
5. Леонтьев А.А Некоторые проблемы обучения русского языка как иностранный М 1970
6. Оразбекова К Психология усвоения русского языка в казахской школе А 1982

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада шет тілін оқыту әдістемесінің психологиялық негіздері қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В настоящей статье рассматриваются психологические основы в обучений иностранный языка в начальных классах.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Ескалиев М.Е. – тех.ғ.д., профессор, Джакиева Д.О. – магистрант
(Алматы қ. ҚазмемқызПУ)

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін одан әрі дамытуда мектептерде, басқада оқу орындарында оқу процессін жаппай компьютерлендіру науқаны жүргізіліп жатқаны белгілі.

«XXI ғасыр — идеялар мен ақпараттық технологиялардың бәсекелесу ғасыры» - деп президент Н.А.Назарбаев қазіргі білім мен ғылымның қарқынды дамуында жаңа ақпараттық технологияның орнын айқын көрсетіп берді.

Осы ретте жүйелі білім берудің маңызды да, жетекші саласы, онымен қоса педагогикалық, ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға негізделген жаңа бағыт қашықтықтан оқыту элементтері.

Стратегиялық проблемалар жөніндегі мамандар қашықтықтан оқыту формасын ХХІ ғасырдың білім беру жүйесі деп атап жүр. Қазіргі таңда оған үлкен мән беріліп отыр. Бұрын технологияларға бағытталған қоғамдық прогрестің нәтижелерінің бүгінде ақпараттық аймақта орталықтандырылып жатқаны қашықтықтан оқытудың маңыздылығын арттырды. Барлық елдерде дерлік информатика дәуірі басталғаны белгілі. Оның қазіргі даму кезеңін телекоммуникациялық деп сипаттауға болады. Бұл ақпарат пен білімнің өзара қатынас аймағы. Кәсіби білім бірте-бірте тез ескіретіндіктен оны тұрақты түрде жетілдіріп отыру керек. Қашықтықтан оқыту формасы бүгінде, уақыт және кеңістік белдеулеріне тәуелсіз, көпшіліктің өз бетінше үздіксіз жалпы білім алу жүйесін, өзара ақпарат алмасуын қалыптастырады және жүзеге асырады. Одан басқа, қашықтықтан оқыту жүйесі әлеуметтік жағдайына (оқушыға, студентке, азаматтар мен әскерилерге т.б.) қарамастан кез-келген мемлекеттің елді мекенімен білім және ақпарат алу құқығын қамтамасыз етеді. Әрбір азаматтың білім алу құқығын қамтамасыз етуде және қоғам қажеттілігін өтеуде, ақпараттық жүйе тиімді, әрі қолайлы. Жоғарыда айтылған факторлардан мамандарды дайындау мен олардың жоғары квалификациялық деңгейін ұстап тұруда қашықтықтан оқыту ХХІ ғасырдағы ең әсерлі жүйе деп бағалауға болады.

Қашықтықтан оқыту жүйесін құрудың мақсаты ақпараттық компьютерлік технологияларды қолдана отырып Қазақстан Республикасы ғылым және білім беру жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін көтеру, халықты жан-жақты оқытумен қамтамасыз ету. Қашықтықтан оқыту жүйесін құру оқу үрдісінің белсенділігін қамтамасыз етеді, оқыту мәселелерін, мақсаттарын іске асырады, білім алушының өз бетімен жұмыс істеу іскерлігінің артуына және оқытушының үнемі оқу үрдісін бақылауына мүмкіндік береді, оның кәсіпби іскерлігінің сапасына жоғары талап қойылып, жұмыс ауқымы кеңейеді. Сабәк жүргізу әдістемесі ақпараттық-байланыс технологияларын кеңінен қолдану арқылы жетіледі. Қашықтықтан оқытуда негізгі ақпаратты тасушы оқытушы ғана емес, сонымен қатар оқу-әдістемелік және электронды құралдар мазмұны маңызды роль атқарады, білім алушылардың оқылатын пәнге деген қызығушылығы артып, ғылым жетістіктерімен тікелей танысып оқытушымен өзара белсенді байланыста болады.

Қашықтықтан оқытудың элементтері:

- оқыту курстары;
- тестілеу;
- жаңалықтар;
- ішкі пошта;
- форум;
- электронды деканат;
- есеп берулер;

Қашықтықтан оқытудың мәселелері:

- қашықтықтан оқытуда студенттердің уақытын үнемдеу және ақпараттық қызмет көрсетуді жақсарту;
- ақпараттарды тарату, өңдеу, жинау сатыларын қамтитын міндетті стандарттарды қолдана отырып, мемлекеттік органдар жүйесіне және ақпараттық қорлар жүйелік интеграциясы үшін жағдай жасау;
- ВЕВ мазмұнында жарияланған ақпараттардың жету жылдамдығын нақтылығын, өзектілігін және қайшылықсыздығын қамтамасыз ету;
- жүйелер арасында өзара әрекетті ақпаратты қамтамасыз етудің тиімді механизмін құру;

- ақпараттарды өңдеу және жинауда процедуралардың көшірмелерін жібермеу;
- нақты уақытта оқу-әдістемелік кешенді және басқадай құралдарды профессорлық- оқытушылар құрамына ұсыну мүмкіндіктері;
- халықаралық және ұлттық индикаторлар бойынша білім беру жүйесінің дамуына мониторинг жасау;
- ақпараттық компьютерлік технологияларды, қашықтықтан оқыту жүйесін және электрондық оқыту қызметін қолдана отырып білім алушылар жастар мен педагогикалық ұжымды жаппай оқыту;
- жоғарғы білімді компьютеризациялау.

Қашықтықтан оқытуды жүзеге асыру кезеңдері:

- электрондық оқыту басылымдарын өңдеу және қолдау;
- оқу бағдарламаларын басқару;
- қолданушылар құрамын құру, өзгерту және жою;
- оқыту үрдісін қолдау;
- электронды кітапхананы және тест қорын құру, толықтыру, үздіксіз жаңарту;
- жалпы жүйеге, оқыту бағдарламасына сын пікірлер, ұсыныстар алу және жұмыс сапасын жақсарту мақсатында барлық қолданушылар үшін кері байланысты қамту;

Қашықтықтан оқыту жүйесі - уақыт бойынша келісімге және кеңістікте тағайындалуға бейтарап, оқытушы мен студенттер арасында оқыту құралдарымен интерактивті (сұхбаттық), асинхронды және синхронды өзара әрекеттесу мақсатына бағытталған үрдіс. Сөйтіп, қашықтықтан оқыту деп:

- кейстік технологиясын;
- интернет-технологиясын;
- телекоммуникациялық технологиясын (ТВ технологиясын), немесе оқытудың барлық формаларындағы қолданылатын технологиялардың қосындысын түсінеміз.

Осы оқыту технологияларында қашықтықтан оқытуды үш категорияға бөлуге болады:

- педагогикалық технологиялары;
- оқытудағы ақпараттардың берілуінің технологиялары (баспалық технологиядан мультимедианы қолдануға көшу);
- оқытудағы ақпараттарды еру және оқу үрдісін қолдау технологиялары («бетпе-бет» әрекеттесуден Интернет арқылы коммуникацияларға өту).

Көптеген зерттеушілер /1, 2/ қашықтықтан оқытудың үш моделін ерекшелейді. Дегенмен, олар барлық мүмкін болатын тәсілдерді көрсете алмайды, бірақ мұғалімнің оқытуды басқаруынан бірлесе басқаруға көшуді, ары қарай оқытуды оқушылардың өздері басқаруын ұсынады. Әрбір модель тек пайдаланылатын оқыту технологияларымен ғана емес, сонымен бірге, басқару әдістерімен, мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттесуімен жалғасады.


Үлестірілген класс моделі әр жерде орналасқан бір класс, оқушылар тобына дайындалған курсты интерактивті теллекоммуникациялық технологиялар кеңейткен жағдайда пайдаланылады. Мұның қарапайым мысалына дәстүрлі әдіспен біліп алатын оқушылар мен қашықтықтан білім алатын оқушыларды біріктіретін аралас сыныпты алуға болады.

Өз бетіндік оқыту моделі оқушыларды анықталған уақыт кестесі бойынша белгілі бір сынып бөлмесінде отыру қажеттілігімен сипатталады. Оқушылар курсты сипаттайтын материалдар жинағымен (электрондық оқулықтар, оқытуға арналған ақпараттық материалдар) және нақты оқу бағдарламасы мен жұмыс істеу программасымен қамтамасыз етіледі.

Ашық оқыту моделі қашықтық топтың ішінде оқушылардың қарым - қатынасын ұйымдастыру үшін оқушыға курсты интерактивті теллекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, өзіне қолайлы жылдамдықпен оқуға

мүмкіндік беретін курстың баспа түріндегі және басқа да құралдарды (мысалы, бейне жазулар немесе электрондық оқулықтар) пайдаланылуын қамтиды.

Қашықтықтан оқытудың жағдайында оқыту процесін басқару үлгісі /3/ төменгі кестеде берілген



Қашықтықтан оқыту артықшылықтары.

Зерттеушілердің /4/ айтуынша, қашықтықтан оқытудың артықшылықтары мыналар:

1. Білім беру қызметінің арзандығына қарамай, кешкі немесе сырттай оқу түріне қарағанда әлдеқайда жоғары кәсіби дайындық ;
2. Оқу мерзімін қысқарту;
3. Қазақстан мен шет елдерде жоғарғы оқу орындарында қатар оқу мүмкіндігі;
4. Студенттің жоғарғы оқу орындарының географиялық орнына тәуелсіздігі.

Қорыта келгенде, қашықтықтан оқыту формасы туралы айтқанда, құрамына барынша мүмкін болатын ақпараттың электрондық көздері (желілікті қоса алағанда) виртуальды кітапханалар, деректер базасы, консультациялық қызметтер, электрондық оқу құралдар, киберсыныптар т.б. кіретін бірыңғай ақпараттық-білім кеңістігін жасау. Қашықтықтан оқыту мағынасында оқушы және оқулық бар деп түсіну керек.

Бұл оқушы мен оқытушының өзара әсері. Осыдан шығатыны, қашықтықтан оқыту формасын ұйымдастыруда ең бастысы электрондық курстар, қашықтықтан оқытудың дидактикалық жасалымы, педагог-үйлестірушілерді дайындау болып табылады. Қашықтықтан оқытуды сырттай оқытумен ұқсатудың қажеті жоқ, себебі, бұл жерде мұғаліммен және киберсыныптағы басқа студенттермен тұрақты байланыс бар, күндізгі оқудың барлық параметрлері, оқудың ерекше формасы ескеріле отырып қамтылған. Бұдан шығатыны, теориялық талдаулар, эксперименттік тексеру, жауапты ғылыми-зерттеу жұмыстары талап етіледі. Өкіншіке орай, біздің инетернетте көріп жүргендеріміз, компакт-дисклердегі электрондық оқулықтар педагогикалық

және дидактикалық талаптарға толық жауап бере алмауында. Осыдан барып, қашықтықтан оқыту курстарын жасақтау және оны әртүрлі базалық, тереңдетілген, қосымша білім беру мақсаттарындағы әдістемелік құралдармен жабдықтау қажеттілігі туады.

Жоғарыда келтірілген фактілер мен мысалдар, Қазақстанда қашықтықтан оқыту жүйесін құруды және оны аймақтарда кеңейту қажеттігін көрсетеді. Бұл квалификациясы жоғары, интеллектуалдық сапасы күшті, кәсіби деңгейі дамыған, халықаралық деңгейдегі конкуренцияға төзімді қоғам құруға зор көмегін тигізеді.

Қашықтықтан оқытудың білім саласындағы мақсаты мен міндеттері:

- білім берудің біртұтас ақпараттың жүйесін құру арқылы оқушылар мен студенттердің білім деңгейін көтеру.

- бір-бірімен тығыз байланысты бола отырып, мемлекеттік (республикалық) деңгейіндегі қашықтықтан оқытудың құрамына енуі;

- құру кезінде мемлекеттің стандарт талаптарын сақтау;

Қашықтықтан оқытудың жергілікті жүйесі белгілі бір білім және жекелеген қала (университет) шеңберінде жұмыс атқарады, оның құрамына тек жоғары оқу орындары ғана емес, мектептер, гимназиялар мен колледждер де кіреді. Осындай жүйенің аясында жұмыс жасаудың алғашқы сатысында зиялылық потенциалын, компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асыру қажет. Осыған орай, мектептер мен жоғары оқу орындары жергілікті және аймақтық желіні пайдаланып, шығармашылық жұмыстарын таратып, оқыту үрдісінде әдістемелік тәжірибе алмасуы қажет.

Оқытудың ауқымды және жергілікті жүйелерін ойдағыдай пайдалана білудің нәтижесінде білімнің базалық және деректердің банкілік мәліметтеріне, клиент - сервер, мультимедиа, компьютерді оқып-үйренуші жүйелерге, электрондық оқулықтарға, оқу-әдістемелік материалдарға, қашықтықтан оқыту жүйесінің технологиясымен үйлесімді болатын бағдарламаларға еркін кіруге болады.

Осындай сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда оқытушының атқарар рөлі орасан. Оған әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүктеледі: ол курстың бағдарламасының құрылымын дайындап, оны қашықтықтан білім беру жүйесімен байланыстырады. Оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді. Бұл ретте қашықтықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей, көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынастар қалыптасады. Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін оқытушы оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс-жүргізу кезеңдерін орындауы шарт.

Қашықтықтан оқыту тәсілімен оқытатын оқытушыларға және осы істе мүдделі адамдарға бірнеше талаптар қойылады:

- Оқытушы компьютермен жоғары дәрежеде сауатты жұмыс істей білуі қажет.
- Қашықтықтан оқытудағы мақсаттары мен міндеттері, оның алдағы уақытта ақпараттық технология және коммуникация құралдарының негізінде дамуы туралы білуі қажет.
- Қашықтықтан оқыту технологиясын жетік білетін, білім саласындағы қызметкерлерді, оқушыларды таныстыра білуі қажет.
- Оқытушының ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге іс жүзінде дағдылануы қажет.
- Оқытудың телекоммуникациялық құралдарын қолдану ісіне дағдылануын қалыптастыру, атап айтқанда: тұтынушылар арасында ақпараттар алмастыру және ақпараттық жүйелердегі ресурстарды пайдалануға дағдылануын қалыптастыруы қажет.
- Жинақталған түрде оқу бағдарламасын құрайтын белгілі бір тәртіптегі

модульдік курстардың әдістемелерін және курстарды өткізуді ұйымдастыра білуі қажет.

• Оқу үрдісін қашықтықтан оқыту шеңберінде жүргізу ісіне жан-жақты дайындық жасау, қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша сабақ өткізу үрдісінде үйлестіруші болуы қажет.

Бүгінгі таңда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне мән бермейінше, білім берудің ақпараттық технологияларын, дәлірек айтқанда, электрондық оқулық және бейнефильмдерді, басқа да электрондық басылымдарды қашықтықтан оқытудың спутниктік арнасы пайдаланылмаса, кез-келген әлеуметтік-экономикалық саланың алға басуы мүмкін емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Околесов О. П. Системный подход к построению электронного курса для дистанционного обучения // Педагогика. -1999. -№ 6. стр. 50-56.

2. Полат Е. С., Петров А.Е. Дистанционное обучение: каким ему быть? // Педагогика. - 1999. -№7. стр. 29-34.

3. Халықова К. З., Абдулкәрімова Г. А. Педагогикалық информатика. // Білім беруді ақпараттандыру. Алматы, 2007 ж

4. Пидкасистый П.И. Тыщенко О.Б. Компьютерные технологии в системе дистанционного обучения // Педагогика. -2000. -№5. стр. 7-12.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қашықтықтан оқытудың өзектілігі, оның қазіргі оқу процессінде алатын орны мен қажеттілігі көрсетілген. Осы ретте қашықтықтан оқытудың элементтері, мәселелері және міндеттері, кезендері, оқыту модельдері сипатталады. Кесте түрінде қашықтықтан оқыту жағдайындағы оқу процессін басқару үлгісі берілген.

РЕЗЮМЕ

В статье указаны актуальность и необходимость дистанционного обучения, его роль в современном образовательном процессе. В связи с этим определены элементы, проблемы, обязанность, этапы обучения, а так же описание существующих моделей. В виде схемы представлена модель управление учебным процессом в условиях дистанционного обучения.

ҰЛЫ ДАЛА ФИЛОСОФТАРЫ МЕН АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚУ – ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Икрамова А.Ш.- п.ғ.к. (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Бәсекеге қабілетті, белсенділігі мен шығармашылығы жоғары деңгейде қалыптасқан, өркениетті елдің тұғырына нық сеніммен тұрар жастарды тәрбиелеуде осы ғылымның тар жолда тайғақ кешкен соқпақ жолын салған ағартушылардың тәлімдік ойлары бағыт береді. Себебі, әр халықтың ғасырлар бойғы қалыптасқан ұлттық тәлім - тәрбиесін жас буындардың санасына сіңіру проблемасы қандай кезеңде болмасын әсіресе мына қым – қуат, жан – жақты ақпарат құралдары дамыған кезде жастарымыздың бойында классикалық шығармалар арқылы болашағымыздың толыққанды рухани байлығын сақтап қалу тәрбиенің өзектілігіне айналып отыр. Осы

тұрғыда тұлғаның мәдениетін, әдебін, адамзаттың жан дүниесінің сұлулығын, рухани байлығын тілге тиек еткен ғалымдарға келетін болсақ, ХІ ғасырда түркі тілдес халықтардың картасын жасап, тілін, әдет - ғұрпын зерттеген

М. Қашқариді айтпай кетуге болмайды. Махмұт Қашқаридың

Ұлым, менің өсиетіммен жанды аузыңа қаратқын,

Ғалым болып, білімінді ел ішіне таратқын.

Ел басшысы болсаң егер, жағымды істі кәсіп ет,

Бек қасында адамдарға жақсылықты тасып өт.

Жаны кедей адамның құлқыны бір тоймайды,

Оны ешқашан күшпенен толтыруға болмайды,- деген ұлатты сөздерін неге жас санаға құймасқа.

Қазақ халқының ағартушылық саласында еңбек еткен ХІХ ғасырдың екінші жартысында Шоқан Уалиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов. Бұл ағартушылардың еңбектерінде қазақ халқының әдет - ғұрыптары, салт - дәстүрлері, тілі мен мәдениеті, жалпы рухани дүниесі ұлттық тәрбиенің құрамына айналған. Ыбырай Алтынсариннің қандай шығармасын алсақ та рухани нақышты сезінеміз. Мысалы: «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесінде екі баланың мінез - құлықтарын сипаттай отырып, халықтың өмірі, салт- дәстүрімен оқырманды таныстыра кетеді. Жазық далада балалардың жүріен соқпақ жолымен көш соңынан қиялышды жетелейді. Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев еңбектеріне келетін болсақ, қазіргі кезеңдегі оқушы қауымын тәрбиелеуде өте құнды еңбектер.

Мағжан Жұмабаевтың «Бесік жыры», «Ана» өлеңдері бүкіл бір халықтың тұрмысын анықтағандай болады. Оның «Түркістан» атты шығармасын жас ұрпақты елжандылыққа тәрбиелейтін бастау ретінде қарастыру өте ұтымды деп білемін. Ахмет Байтұрсынов ана тіліміздің емлесін жасаса, Міржақып Дулатовтың артында қалдырған еңбектері қазақ елінің әдет- ғұрпы, салт - дәстүрі, жол- жоралғысы, тәлім тәрбиесі мен үлгі - өнегесі, тек өзіне ғана тән этикалық, эстетикалық ұнамдары мен талғамдарына негіздеген еңбек болып саналады. Мысалы: балаға есеп шығарумен қатар, халықтың салт- дәстүрін, әдет - ғұрпын танып, білуге үйрететін «Есеп құралы» атты еңбегіне сүйене отырып, шығармашылықтарын ұштау барысында оқушыларға дайын есеп берумен қатар есепті өздеріне құрастырту да дұрыс болар деп ойлаймын.

Сондықтан да оқушының санасы мен сезіміне әсер ету барысында

- Сабақ барысында, тәрбие жұмыстарында шығармалардағы әр кейіпкердің мәтінін мәнерлер оқыту;

- Оқыған шығармаларындағы кейіпкерлердің іс - әрекетін талдату;

- Шығармалардағы кейіпкерлердің іс - әрекетіне пікір жазғызу;

- Оқушылардың шығармашылығын, адамзаттың бойындағы жағымды, жағымсыз қасиетті ажыратып, түсіне білу қабілеттерін арттыру үшін кейіпкерлерге арнап сурет салдыру, өлең шығарту, қолөнерге де мүмкіндік беру;

- Ата – аналармен қосылып сынып сағаттарына «Абай күні», «Шәкәрім күні» атты тақырыптарды алып, оған отбасымен дайындалып өткізу кімге де болса әсерлі болар деп ойлаймын.

Материалды қиындата оқыту оқушының барлық мүмкіншілігін аша отырып дамытады. Бұл оқытуда материалды жылдам игеру қағидасын туындатады. Қағидада күнде бір материалды қайталата беруден, әр күн сайын жаңа да, қызықты материалмен қаруландыруды көздейді. Әр пәннің негізі бастауыш сыныптан бастап берілетін теорияда жатқандықтан іскерлік пен дағдыны қалыптастыруда оқушы термин сөздерді, анықтамаларды білуі абзал. Осыған байланысты оқушының түсінігі дамып, оқыту үрдісіндегі жүйелілік пен саналылық қамтылады. Мысалы: сабақ үрдісінде тақырыпты өту барысында оқушының жүйелі, жинақы ойлай алуы үшін тақырыптық тест сұрақтарын құрастырту

1. Қазақтың ұлы _____ Абай Құнанбаев

1. 1745

2. 1845 жылы туылды

2. Абай Құнанбаев оқыған медресе

1. Ахмед Риза

2. Мамания

3. Абай Құнанбаевтың шығармасы

1. Ғылым таппай мақтанба

2. Қарға мен түлкі

4. Абайдың шығармасындағы бес асыл іс _____

5. Абайдың шығармасындағы адамзатқа қас мінез-құлықтар _____

Осындай үлгімен оқыту баланың шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндіктер жасайды, оқушыларды өздігінше тапсырманы орындап, мәселені шеше алуына, өз пікірін қорғай білуіне, алға қойған мақсатқа жету үшін белсенділігін, қабілетін арттыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар тұлғаны жан – жақты тәрбиелеу, онымен қоса көптеген қосымша мағлұматтарды техникалық қолданыс арқылы алатын жасөспірімдерді кітап оқуға қызығушылығын, белсенділігін, шығармаларды өз қалауы бойынша таңдай алу қабілеті мен шеберлігін ұштау болып табылады.

А.Байтұрсынов айтқандай мұғалімнің теориялық, практикалық, адамгершілік — психологиялық тұрғыдан даярлығы мазмұнының бірлігі ретінде ұсынылуы қажет болып саналады. Оқыту барысында мұғалімдердің осындай элементтерді қосуы сабақты әруақытта жандандырып адам жанына рух берумен қатар, оқушыларды қазіргі жаһандану заманында ұлттың болашағын сақтап қалу мәселесінде үлкен септігін тигізіп, жасөспірімдерді өз мемлекетінің азаматы етіп тәрбиелеуде маңызды роль атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Педагогические технологии в условиях многоуровневого образования. Тезисы Российского семинара 24-26. 10. 1994

2. Селевако Т.К. Современные образовательные технологии. Учеб. Пос- М. 1998.

3. Щуркова Н.Е. Педагогическая технология как учебная дисциплина. Педагогика 1993 № 3

4. Эрдниева П.М. Укрепление дидактических единиц как технология обучения. - М. 1992.

5.Смирнов С.А. Педагогика. Учеб. Пос. для студентов высших и средних пед.уч.заведений.-М. 2000

6. Жарықбаев Қ. Қазақ тәлім – тәрбиесі. Алматы, 1995

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ұлы дала философиялары мен ағартушыларының шығармаларын оқу – тәрбие процесінде пайдаланудың тиімді жолдары көрсетілген.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются проблемы использования в учебно-воспитательной работе сочинений казахских мыслителей и педагогов. А так же рассмотрены методы заинтересовывания учеников к чтению.

ЗНАЧЕНИЕ ПРИМЕНЕНИЯ НАРОДНЫХ ИГР В ФИЗИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ СТУДЕНТОВ КАЗГОСЖЕНПУ

Исакулова З.К., Меркель О.И. (г.Алматы, КазгосженПУ)

Народные игры – источник радостных эмоций, обладающий многогранной воспитательной силой. Народные подвижные игры являются традиционным средством педагогики. Испокон веков в них ярко отражался образ жизни людей: их быт, труд, национальные представления о чести, смелости, мужестве. Желание обладать силой, ловкостью, выносливостью, быстротой и красотой движений, проявлять смекалку, выдержку, стремление к победе.

Народы Средней Азии и Казахстана с древнейших времён поддерживали торговые и культурные связи с народами Китая, Индии, Ирана, Сибири, Восточной Европы, Средиземноморья. Это имело немаловажное значение для развития культуры и взаимообогащения, а также дружественных взаимоотношений между народами. Всё это способствовало формированию и развитию многочисленных и разнообразных средств физического воспитания в виде самобытных национальных видов физических упражнений, народных игр и состязаний, сыгравших огромную роль в воспитательном, образовательном, и оздоровительном направлении всей народной педагогики. Состязания, игры и физические упражнения служат не только своеобразными мерилами, определяющего самого сильного и ловкого, но и средствами народной дидактики, народной педагогики, служащим целям воспитания у подрастающего поколения не только высоких физических качеств, но и моральных.

В народных играх много юмора, шуток, соревновательного задора, движения точны и образны, часто сопровождаются неожиданными весёлыми моментами, поэтому играя, студенты быстрее отдыхают, снимают усталость после статических и умственных нагрузок.

Анализ техники и экспериментальные исследования игр показывают, что последние чрезвычайно богаты двигательным содержанием: включают в себя ходьбу, бег, прыжки, метание, ловлю, переноску груза и т.д. прочие оказывают разностороннее воздействие на организм занимающихся. Эффективным средством борьбы с малоподвижным образом жизни студентов, как известно, являются физические упражнения, которые относятся к средствам физического воспитания.

Говоря об оздоровительном эффекте народных игр, следует подчеркнуть, что разнообразные движения и действия, играющих во время игры оказывают благотворное влияние на сердечно-сосудистую, дыхательную и другие системы организма студентов.

С помощью игр можно содействовать общему развитию и укреплению мышц, а также повышению обмена веществ. Всё это оказывает комплексное воздействие на организм и способствует укреплению здоровья. Естественные движения во время игры, их разнообразие помогают быстрее переключиться с умственной работы на физическую работу. Удовольствие, доставляемое игрой, не только даёт отдых нервной системе и усталому организму благодаря перемене занятий, но и повышает всю его деятельность, увеличивает способность ко всякой работе.

В настоящее время возрос интерес к воспитательным и оздоровительным аспектам игры, как средству борьбы с алкоголизмом, наркоманией, моральной распушенностью молодёжи. Многие народные игры, возникшие на основе процессов трудовой деятельности и отражавшей быт народа и его уклад, его психический склад, социально-экономические условия и мн.др. продолжают оставаться до сего времени одним из наиболее рациональных средств подготовки подрастающего поколения к трудовой деятельности.

Сегодня редко кто из педагогов не понимает значения игр, но не все умеют делать игру союзником своего нелёгкого труда. Большого успеха достигают те преподаватели, которые максимально используют различные методы и средства физического воспитания, в том числе широко применяют народные подвижные игры. Применение народных игр на занятиях по физической культуре не требует больших материальных затрат и в этом их преимущество.

В основу применения народных игр, как средства физического воспитания студентов положены следующие принципы:

- соответствие форм и средств психофизическим особенностям студентов;
- всеобщая доступность, в том числе и для тех, кто ещё не приобщился к регулярным занятиям физической культурой и спортом;
- зрелищность и эмоциональность игр;
- комплексное воздействие на двигательную сферу и интеллект студентов;
- высокая культура организации и проведения игр;
- сочетание традиционных и новых ритуалов, соответствующих духу времени;
- взаимное уважение, доброжелательность, оздоровительная направленность, элементы познавательности и развлекательности.

Игры, которые предпочитают студенты вуза

1. Туйелген орамал. Задачи игры: развитие быстроты и ловкости, скорости двигательных реакций, развитие общей физической подготовки.

Условия игры: игра проводится на воздухе или в спортзале. Количество игроков не ограничивается. Один игрок держит в руках затянутый в узел платок. Игроки стоят около водящего. По его команде они разбегаются в разные стороны, ведущие гонятся за игроком у которого находится платок, чтобы отобрать его. В критический момент игрок с платком перебрасывает платок к другим игрокам, и таким образом платок из рук в руки пока, наконец ведущий не перехватит его. Тот у которого ведущий перехватил платок, должен исполнить пожелание (шуточное) участников игры. Затем он и ведущий меняются ролями и бывший игрок убегает с платком. Игра продолжается в том же порядке до условленного времени.

Благодаря своей эмоциональности, динамичности, игра пользуется большой популярностью среди молодежи.

2. Аксуйек (Белая кость). Задачи игры: развитие двигательных навыков, сноровки, быстроты, наблюдательности, воспитание чувства на коллективизма, взаимовыручки, дальнейшее развитие общей физической подготовки.

Условие игры: игра командное, происходит ночью, при лунном свете на поляне или лужайке площадью 50 X50 метров, поскольку ночью линии не заметны, границы обозначаются ориентирами. Необходимый инвентарь – большая лодыжная большая кость лошади или коровы (в современных условиях можно использовать хорошо обструганную чурочку диаметром 10 см, длиной 10-15 см или же фигурку от городошной игры). Каждой команде дается символическое название: «Жулдыз» (звезда), «Беркут» (коршун) и т.д. На исходном рубеже водящий показывает обеим командам «белую кость», объясняет ее приметы, правила игры и т.д. (подмена кости или чурочки не разрешается, поэтому она должна иметь приметку. Команда равны по числу участников и по их физическим возможностям, выстраиваются в одну шеренгу лицом к водящему спиной к полю. Водящий произносит «Внимание!» – и в установившейся тишине бросают кость далеко, в поле за спины стоящих». Место падения игроки определяют по звуку падения и по знаку водящего идут на поиски, нашедший громко выкликается названием своей команды и бегом устремляется к условному месту, где находится водящий. Соперники стараются отобрать у него кость, чтобы самим доставить ее в условном месте. Отбравший в силовой борьбе кость, в свою очередь, громко выкликается названием своей команды: не объявив какой он принадлежит команде, бежать к цели нельзя, потому что ночью могут принять за

чужака не только чужие но и свои. Борьбу за кость могут вступать все желающие, но необходимо чтобы некоторые игроки стояли наготове для страховки или для получения кости от своих. При борьбе за кость не разрешается хватать противника за руки, за ноги и одежду – браться можно только за кость, которую один из соперников старается удержать, а другой вырвать. Команда, первый передавшая кость в руки водящего становится победительницей и ей присуждается одно очко. Затем игра начинается сначала и заканчивается в условленное время, когда одна из команд наберет соответствующее количество очков.

Игра всегда проходит интересно и эмоционально, так как за ней наблюдают зрители, которые бурно реагируют на ведение борьбы.

3. Аркан тартыс (Перетягивание каната). Задачи игры: развитие силы, воспитание чувства коллективизма, общефизическая подготовленность.

Условие игры: игра проводится на поляне, площадке, в спортзале, на любой открытой местности и в любом достаточно просторном помещении. Количество игроков может быть различным, но членов обеих команд должно быть равным. Для проведения игры необходим канат (специальный или гимнастический). На земле (на полу), на расстоянии 1-1,5 метров прочерчивается три линии: средняя является финишной, а крайние – стартовыми. Каждая команда старается перетянуть противную от стартовой линии до финишной. Побеждает команда которой перетянет канат в свою сторону дальше финишной.

ЛИТЕРАТУРА

1. Танекеев М.Т. Теория и практика взаимовлияния национальных и интернациональных факторов в развитии физического воспитания и спорта в Казахстане. – Алматы, 1998г.

2. Тулегенов Ж.М. Внедрение Казахских национальных форм и средств физического воспитания в современный педагогический процесс. – Алматы, 1982 г.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада дене тәрбиесін берудегі халықтық- ұлттық ойындардың берер зор тәрбиелік мәні туралы айтылады.

РЕЗЮМЕ

Статья о применении народных национальных подвижных игр в системе физического воспитания студентов.

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫН СТУДЕНТТЕРІНІҢ КӘСПТІК – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ ЖҮЙЕЛІЛІК ҚАҒИДАСЫНЫҢ ОРНЫ МЕН РОЛІ

Кесимова А.Қ. - аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Нарықтық реформалар қоғам өмірінің көптеген салаларын өзгертті, соның ішінде білім беру жүйесіндегі студенттердің кәсіби-экономикалық дайындығын. Қазіргі қоғамдағы мамандардың кәсіби-экономикалық білімінің басты компоненті еңбек нарығына сәйкестендіру болып табылады. Оның негізінде тұлғаның гуманисті түрі, мәдени құндылықтарды жасайтын және тұтынатын мәдени адам үлгісі жатады.

Қазіргі таңда оқу-тәрбиелік үрдістің дәстүрлі орнатулары еңбек нарығының, өмірдің объективті талаптарына сай келмейтінін көрсетеді. Әлемде қызметтік

сауатсыздық, білікті жұмыссыздық, қазіргі өндіріске сәйкес мамандардың жетіспеушілігі мәселелері асқынуда. Қалыптасып отырған жағдайдан шығудың жалғыз шешімі - барлық білім беру жүйесіне озыңқы сипат беру болып табылады.

Қоғам өмірінің барлық саласындағы адам факторының бастапқы маңыздылығы көрініс алып отыр. Бүгінгі орын алып отырған әлеуметтік мәдени үрдістері жағдайында ондағы адам ролін және орнын өзгерту қажеттілігі туындап отыр. Кәсіптік оқытудың тек операциялық техникалық жағына бағытталуы рецептуралық, технократиялық, догматикалық және агрессивтілігімен айқындалатын маманның барынша тар азаматтық және кәсіптік санасын қалыптастырады. Нарықтық экономика жағдайында бұндай маман әлеуметтік қорғалмаған: кез-келген жұмысты ауыстыру қайта оқуды талап етеді, ал көпжағдайда ол жұмыссыздыққа әкеліп соғады. "Эрудитті" оқытудың дәстүрлі міндетінің орнына, бірінші орынға стандартты емес ойлайтын шығармашылық адамның дамуы қойылады. Осыған байланысты оқыту ақпараттық қамсыздандыруды кеңейтуге емес, өмірдің өзін тану және жасау, оны жақсы жаққа өзгерту дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Алғашқы рет тұлғаның өзекті қыры ретінде өз-өзін әлеуметтік-мәдени анықтау қабілетін қалыптастыру міндеті қойылады. Кәсіптік оқытудың сапасына бірыңғай әмбебап талап пайда болады – бұл маманның нарық жағдайына икемді бейімділігін, нарыққа қабілеттілігін қамтамасыз ететін, кәсіби құзырлығы. (Ф.Н. Ключев, А.Я. Найн, М.П. Сибирская, В.А. Слостенин).

Білім беру жүйесінің бірыңғай негізі ретінде жалпы адамзаттық рухани құндылықтар алынады, мұнда демократия, адамның құндылықтары, толеранттық негізгі компоненттер болып табылады. Оның салдарынан әлемдік қоғамдық сананың демократиялық бағыты дамуда. Өзіндік дамуды қамтамасыз ететін адамның өзіндік құндылығын түсіну, әрқайсысының ерекшелігін мойындау, демократиялық қайта түрленудің ұйытқысы болып табылады. (Ш.А. Амонашвили, К.Я. Вазина, Б.Т. Лихачев, П.И. Пидкасистый, В.И. Слуцкий).

Білім берудің гуманизациясы және гуманитаризациясы демократиялық өзгертулер көрінісінің негізгісі болып табылады. Осыған орай білім беру үрдісі адамның барлық құқықтарын сыйлауға кепілдік беретін, өзін-өзі кәсіби және тұлғалық анықтауда негізгі болып табылатын қабілеттерін дамыту қажеттіліктерін қанағаттандыратын орта ретінде қарастырылуы қажет.

Ғылыми зерттеулер пайда болып кең таралуда, әсіресе ақпараттық технология аумағында бұл кәсіптік-экономикалық білім беруді ұйымдастырудың әртүрлі формаларын жүзеге асыру мүмкіндігін береді (В.П. Беспалько, А.А. Вебрицкий, М.В. Кларин, В.П. Симонов).

Әлемнің түрлі мемлекеттерінің практиктері мен ғалымдары білім берудегі дағдарыстың мәні қоғам өмірінің өзгеру шарттары мен білім беру арасындағы айырылыста деп тұжырымдайды және бұдан шығудың жолын олардың өзара үйлесуінде көреді.

Үздіксіз кәсіптік білім беру адамның бүкіл өмірі бойында өзіндік іске асырылу мүмкіндіктерін жоғарылату үшін жағдайларды қамтамасыз ету керек.

Қазіргі жағдайдағы кәсіптік-экономикалық білім беру аумағында мемлекеттік саясат жеке қызығушылықтың кәсіптік қызығушылықтарға бағынуына емес, ал кәсіптік қызығушылықтың жеке қызығушылықтарға, социумға және оған қатысты бағынуына негізделеді.

Жоғары білім беру мекемелеріндегі жана білім беру парадигмасының теориялық негізі В.И. Загвязинскийдің, Ю.А. Конаржевскийдің, Р.Х. Шакурованың, С.А. Шапоринскийдің және тағы басқалардың еңбектерінде қаралған. Үздіксіз кәсіптік-экономикалық білім беру мәселелерімен айналысатын мамандардың байымдауындағы пайда болатын қарама қайшылықтарды белгілеуге болмайды. Олар дәстүрлі жүйе немесе білім беру үрдісін инновациялық қайта түрлендірудегі білім берудің басым

бағыттарын анықтауда көрініс алады. (И.В. Бестужев – Лада, А.Г. Гостев, Л.В. Занков, В.В. Давыдов). Студенттердің үздіксіз кәсіптік-экономикалық даму мәселесін жоғарғы оқу орындарының өзіндегі білім беру үрдісіндегі инновациялық бастамалардың дамуы тұрғысынан қарастырған жөн. Бұл ынтымақтастық жүйелі әдістеме жүйелілік қағиданы іске асыру жолында мүмкін болады (Р.Ф. Авдеев, В.Г. Афанасьев, Л.Берталанфи, М.Мессарович, Ф.Ф. Королев, В.Н. Саготовский, Я. Тахикара). Мақсаттардың, элементтер мен қатынастар байланысының субординациясы П.Р. Агутованың пікірінше жүйелілік қағиданың мазмұнды жағы болып табылады.

Жүйелілік қағидасы оқыту объектілерін жүйе құрушы байланыстар, олардың иерархиясы, ұйымдастырушы құрылымы тұрғысынан қарауды білдіреді. Яғни, жүйелілік қағидасы жалпы әдістемелік таным, танымның құндық бағыттары, зерттеудегі кешендік әдістеме сияқты гнесеологиялық қызметпен байланысты. Жүйенің байланыс, қарым-қатынас иерархиясы жүйелілік қағидасының жетекші белгісі болып табылады.

Аталған қағиданы жоғарғы оқу орын студенттерінің кәсіптік-экономикалық дамуы мәселелерін зерттеу негізі ретінде қарастыру жүйелілік әдістеме жолында мүмкін болады. Жүйелілік әдістеме жалпы қағидалар мен заңдылықтардың жиынтығын көрсетеді. Жүйелілік әдістеме мәнінің және оның ғылыми танымдағы роліне деген көзқарастардың көптүрлігі осымен түсіндіріледі (П.Р. Агутов, И.В. Блауберг, Э.Г. Юдин).

Жүйелілік әдістеме шегінде білім беру үрдісінің классикалық көзқарастарымен қатар жаңа әдістемелерді қолдануға болады. Жүйелілік әдістеменің мәні көптеген түрлі құрылымдарды сипаттау дағдысында ғана емес, сонымен қатар олардың ішінен берілген мақсаттарды іске асыруға қажетті соңғы нұсқаны белгілеуде.

Жүйелілік әдістемеге жүйелі талдау сәйкес келеді. Жүйелі талдау – бұл күрделі әлеуметтік, экономикалық мәселелер бойынша шешімдерді негіздеу және дайындауда қолданатын әдістемелік құралдардың жиынтығы.

Жүйелі талдау жоғары оқу орындарында білім беру үрдісін жаңадан түсінуге мүмкіндік береді:

Біріншіден, оқу-тәрбиелік үрдіс тек жүйелі әдістеме негізінде басқаруға болатын күрделі жүйе ретінде танылады;

Екіншіден, жүйелі талдаусыз оқытудың және тәрбиелеудің педагогикалық теориясын құрастыру, педагогикалық құбылыстардың мәнін түсіну, педагогикалық үрдісті басқаруды жетілдіру шарттарын, факторларын үлгілеу мүмкін емес;

Үшіншіден, білім беру әрекеті зерттелетін объектілер құрылымына сәйкес әдістерді қолдануды талап етеді. Педагогикалық үрдіске жүйе ретінде жүйелі әдіс, жүйелі тұғыр сәйкес келуі керек;

Төртіншіден, жүйелі талдау және жүйелі әдістеме – бұл тек қана танымдық әдісі ғана емес, сонымен қатар жүйенің қызметін ұйымдастыру болып табылады (А.М. Дрыгин, М.Е. Дуранов, Н.В. Кузьмина).

Оқу үрдісінде қолданылатын жүйелі талдау келесі қағидалар шегінде жүзеге асырылады:

❖ Объективтілік, яғни ғылымдылық қағидасы, оқу үрдісінің мәнін, байланыстарын, қозғаушы күштері мен қызметтерін ашуға мүмкіндік береді;

❖ Танымдық қағидасы, танымның ғылыми әдістерін таңдаумен, олардың оқу-танымдық әрекеттегі оптимизациясымен байланысты;

❖ Детерминизм қағидасы, жүйе элементтері байланысының оқыту жүйесін жетілдірудің, оның әлеуметтік ортамен қарым-қатынасының шартты себебі;

❖ Даму қағидасы, оқыту жүйесі және оның элементтерінің дамуынан тұрады;

❖ Тарихи қағида, оқыту жүйесін нақты тарихи шарттарға, қоғам дамуының қажеттіліктеріне байланысты қарастыру.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алексашина И.Ю. Глобальное образование: идеи, концепции, перспективы: Учеб.пособие. – СПб.: Изд-во СПб. Гос. Ун-та, 1995.-104с.
2. Алексеев Н.А. Личностно ориентированное обучение: вопросы теории и практики. – Тюмень: ТГУ, 1997.-216 с.
3. Амонашвили Ш.А. Размышления о гуманной педагогике.-М.: Издат. Дом Амонашвили, 2001.-559 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жоғарғы оқу орын студенттерінің кәсіптік – экономикалық дамуындағы жүйелілік қағидасының орны мен ролі сипатталады.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о роли принципа систематичности в профессионально-экономическом развитии студентов вузов.

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Кенжан. А.- п.ғ.к.доцент м.а. (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Мектеп оқушыларының шығармашылық қызығушылығын қалыптастыру өте маңызды, күрделі және көп салалы мәселе болып есептеледі. Шығармашылық дегеніміз – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен саналы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі.

Психологтар мен педагогтардың зерттеу жұмыстарында шығармашылық тұлғаны сипаттайтын, алдағы уақытта шығармашылық бағыты мен қажыр-қайратын болжауға және мақсатты түрде арттыруға мүмкіндік беретін, олардың даму деңгейін айқындауға, бір қатар жекелеген қабілет түрлері атап өтіледі.

Шығармашылық қабілеттің қалыптасуын И.Я.Лернер оқушыларға шығармашылық іс-әрекет тәжірибелерін беру бағытында қарастырады. Ол жалпы шығармашылық қабілетке қатысты тікелей ұғымдар мен шығармашылық іс-әрекеттің орындалу тәртібімен немесе істің жүргізілу ерекшеліктерімен тікелей жұмыс жүргізбесе де, біз олардың айқындап мазмұнын шығармашылық сипаттағы іс-әрекетті іске асыруға қажеттіліктерді айқындауға ұмтылыс деп түсінеміз.

Шығармашылық іс-әрекеттің осындай процессуальдық қасиеттері М.Я.Лернердің пікірінше: білім мен дағдыларды жаңаларда өз бетінше қабылдау; шешімін таппаған жаңа мәселелерді жағдайда көре білу; объектінің жаңа қызметін көре білу; іс-әрекеттің әдістерінің жаңаша үйлесімділігін өздігінше жасай білу; балама шешім мен оның барысын қадағалай білу; баланың түбегейлі жаңа тәсілдерін құра білу жатады. Шығармашылықтық процессуальдық сипаттамасының тізіміндегілер өзара тығыз байланыста болады - деп атап көрсетті М.Я. Лернер.

Шығармашылық іс-әрекет – мәселелі қою, ойды тұжырымдап айту, идеяның пайда болуы, оны шешу, оның логикалық дамуы, аталған мәселені шешуде тиімді

әдістерді қолдану, негіздеу, оны тәжірибе жүзінде дәлелдеу барысында нәтиженің нақты көрінуі.

Шығармашылықта жетістіктер мен нәтижелерге қол жеткізу ойлау механизмдерін іске қосатындай «қозғалтқыш» («двигатель») «қозғалтқыш белдік» қажет, ынта мен ерік, себептік негіз. В.И. Андреев пен оның ізбасарларының жасаған жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерінің даму тұжырымдамасы А.Н. Луктің идеяларына, В.И.Андреевтің түсінігінше оқушы тұлғасының шығармашылық қабілеті-"бұл белгілі-бір оқу-шығармашылық іс-әрекет түрінің және оның нәтижелігінің деңгейімен байланыстырылған талаптарға сай дәрежесімен сипатталатын тұлғаның қасиеттері мен ерекшеліктерінің қосындысы.

Оқушының шығармашылық деңгейі – оның мәселені қою мен оны шешудің жолдарын табуынан көрінеді. Мұнда жаңа білімді меңгеру процесі шығармашылық ойдың қалыптасуымен және дамуымен бірге жүреді. Демек, шығармашылық ойдың нәтижесі - тек қана белгілі ұғымдарды қайталап, жаңғыртумен ғана емес, сонымен қатар жаңа білімді жасау, тапсырманы орындауда жаңа жолдарды ашу.

XXI ғасыр білімін адамның шығармашылық қызығушылықтарының дамуы, оның өзінің жеке тұлғалық дамуы деп түсіну қажет. Бұл - әр адамның өзін-өзі жасампаздықпен қайта құра алуы, қоғамдық талаптар тұрғысынан өзіне сыни баға бере алуы, айналаны өзгертуге қатыса алуы. Білім арқылы адамның интеллектуалдық, рухани күші артып, жеке тұлғасы қалыптасады. Шығармашылық қызығушылық әлеуеттің дамуы жаңашылдықтың қажеттілігін сезіну арқылы, оған деген өзінің сенімдерін қалыптастыру арқылы көрінеді де, өз білімін, танымын кеңейтуге негіз болады.

"Шығармашылықты танып - білудегі адекваттық -психологтың пікірінше, шығармашыл тұлғаны танымдық сипаттамасынан көрінеді". Тұлғаның шығармашылықтық қабілетінің осындай зерттеу бірлігін, қойылатын сабақтан тыс ойлау әрекетінің жалғасы ретінде, "интеллектуальдық білікті" қарастыруды ұсынады. Кез-келген шығармашылдық ойлау қызметінің негізгі бөлігі, қабілет шығармашылықтың тұтқасы ретінде Я.А. Пономарев әрекеттің ішкі жоспары немесе "ойда" әрекет ету қабілетінің даму талаптарын белгілейтін шығармашылықтық ойлауды атап өтеді.

Бүгінгі Қазақстанға қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығармашыл жеке тұлға қажет.

Әлемдік білім кеңістігіне енудің жаңашылдық стратегиясына сәйкес, мектептің ғасырлар бойғы даму тарихында алдыңға қатарлы педагогикалық ой өкілдерінің шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру идеяларын зерттеу және талдау негізінде маңызды бес бағытты бөліп көрсетеміз: философиялық-танымдық бағыт; дидактикалық-психологиялық бағыт; педагогикалық-әдістемелік бағыт; педагогикалық-инновациялық бағыт; акмеологиялық бағыт.

- Шығармашылық қызығушылықты қалыптастырудың қазіргі тұжырымдамасы жаңа парадигмаға сүйенеді, ол әр жеке тұлғаның ынтасы; әр жеке тұлғаның даму мүмкіндіктерінің, оның ішінде оның шығармашылық өзін-өзі дамытуды қажетсінуінен; ішкі еркіндігінің басылымдылығы – сырқы шығармашылық өзін-өзі дамытудың табиғатын танымдық қызығушылықтың ықпалдастырылған сипаттамасы ретінде түсінуден тұрады.

- Жеке тұлғаның шығармашылық қызығушылығы – бұл ішкі процесс, адамның орта әсеріне белгілі бір жауап беру тәсілі, өзіндік қарама-қайшылықтар әсерінен және қоршаған ортаға, әлеуметтік қатынастардың субъектісі ретінде өзінің субъективті қарым-қатынастарын есепке алу негізінде өзін саналы түрде жетілдіруге ұмтылысы.

- Шығармашылық қызығушылықтың жетекші функцияларына талаптанушылық, танымдық, реттеушілік, рефлексиялық, белсенді өзара қарым-

қатынас т.б. жатқызылады. Олар өзін-өзі дамытудың бағыттылығы мен артуын, тұлғалық компоненттердің деңгейін және олардың сабақтастығын айқындайды, адамға өзін жетілдіруге орай дербес әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік туғызады.

- Шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру - субъект-субъектілік бағдардың шығармашылық әрекетінің ерекше түрі, ол бір жағынан “өзіндік” процестердің “өзін-өзі тану, өзін-өзі айқындау, өзін-өзі басқару, өзін-өзі таныту” қарқынын күшейту мен тиімділігін арттыруға, екінші жағынан, педагог олардың шешімін табу барысында субъектілік бағыт ұстанатындай, тұрақты түрде күрделеніп отыратын проблемалық шығармашылық міндеттердегі қарама-қайшылықтарды шешуге бағытталады.

Шығармашылық қызығушылық – жеке тұлғаның жаңа жағдайда өзекті мәселенің шешімін табуға танымдық бағдары негізінде, психологиялық сапаларын дамыта отырып, білімдік-рухани құндылықтарға жетуге ұмтылысымен сипаталатын және шығармашылық қабілетті дамытуға жетелейтін танымдық сапасы“

Оқу процесінде оқушылардың шығармашылық сипаттағы тапсырмаларын жүйелі түрде ұйымдастыру және оны болашақтағы кәсіби бағдарымен сабақтастыра зерттеу мұғалімнің педагогикалық күзінеттілігіне де байланысты. Өз пәнін жетік меңгерген және оның мазмұнын жаңа біліммен үнемі толықтыра отырып, шығармашылықпен жұмыс істеуі, өз болмысын терең зерделей отырып, жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына өзінің қолтаңбасын қалдыруына, рухани тұрғыда терең түсінуі мұғалімнің ішкі құндылық бағдарына байланысты.

Оқушының шығармашыл тұлғасын қарастыру оның көптеген сапалық қасиеттерінен тұрады:

1) *когнитивтік (танымдық) сапалары* – қоршаған әлемді түсінуі, құбылыстардың мәнін білуге ұмтылуы, танымдық ынтасының тұрақтылығы т.б.

2) *креативтілік (шығармашылық) сапалары* – ойлау белсенділігі, шығармашылық шабыт, қиял, болжай білу, ой тереңдігі, қарама-қайшылықтарды көре білу немесе сезу; өзекті мәселені табу; шығармашылық қызығушылығының тұрақтылығы т.б.;

3) *әдіснамалық (ұйымдастырушылық) сапалар* – тапсырманың мақсаты мен мәнін түсіну, мақсатқа жетуде іс-әрекетті оңтайлы ұйымдастыру, нәтижеге жетудегі табандылық, рефлексиялық ой-санасы, коммуникативтік қабілеттері т.б.

Сонымен, білім берудегі инновациялық процестерді жүзеге асырып, дамыту – бұл білім беру жүйесінің дамуы, оны жаңарту мен тиімділігін арттырудың шарттары. Сондықтан да қазіргі таңда балаға деген көзқарас пен қарым-қатынаста баланы объект деп қарамай, оны дамушы тұлға ретінде қабылдап, оқу-тәрбие жұмысын осыған лайық өзгерістерге сай, қазіргі педагогикадағы тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа технологияны енгізудің қажеттілігі туындап отыр. Ал жаңа технологияны пайдаланудың мақсаты – міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, шығармашылық деңгейге жету.

Білім берудің адамға, тұлғаға бағытталуы, білім мазмұнының жариялылығы заман талабына сай білім беру мен ұлттық оқу-тәрбие процесінің гуманистік сипаты жаңаша оқытудың әдіснамалық негізі ретінде қызмет ете алады. Оқытудың мазмұнын, өзіндік ерекшеліктерін, одан туындайтын ұстанымдары мен шарттарын жүйелеу арқылы қазіргі ұлттық білім берудің философиялық тұғырнамасын, әдіснамалық және әдістемелік негіздерін жасауға болады, мұны ескермей мектептер мен білім беру мекемелеріндегі ұлттық идеяны көздейтін тұжырымдамалық тұтастықты қамтамасыз ету мүмкін емес.

Бүгінгі білім жүйесінде, Д. Дьюи атап өткендей, “Үлкен өзгерістер басталуда. Ол маңызы жағынан Н. Коперниктің жаңалығына (күн астрономиялық орталық, басқа планеталар оның айналасына шоғарланады, оны айнала қозғалады) тең болып отыр,

яғни, оқушы тұлғасы орталыққа айналып, барлық педагогикалық әрекеттер оның айналасына шоғырландыра жүргізіледі”.

Шығармашылық іс-әрекетке деген ынта-ықыласты оятуда мынадай оқыту қызметтерінің маңызы зор: оқудағы жетістікті қамтамасыз ету; оқыту формаларының түрлерін жетілдіру, оқу материалының мазмұнын оқушылардың ерекшеліктеріне сәйкес құру, білімді меңгерудің әдіс-тәсілдерін оңтайландыру, жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану, мұғалім мен оқушының жағымды ықпалды әрекеттерін жетілдіру, шығармашылық оқытуды кеңінен пайдалану т.б.

Мотивациялық-еріктік компонент – білім берудің жаңа парадигмасына сәйкес, оқушының шығармашылық іс-әрекетке құндылық бағдар ретіндегі ынтасы, жаңалыққа қызығушылығы, өзекті мәселенің шешуін табуға құлшынысы, ерікті түрде өз іс-әрекетін шығармашылық сипатта ұйымдастыруға талаптануы, шығармашылық дербестікке ұмтылуы және қажетсінуін қамтиды.

Мазмұндық-операциялық компонент - өзін шығармашылық қызметтің субъектісі ретінде тануы, жеке тұлғалық ерекшеліктері мен өзін-өзі шығармашылық дамытудың тәсілдерін білуі, шығармашылық іс-әрекетті іске асыру біліктілігінің болуы, ұжымдық шығармашылық жұмыстарға талаптануы және оны ұйымдастыра білуі, пәндік ғылыми білімдерінің және қажетті жағдайда қолдану мүмкіндігінің болуы.

Рефлексиялық-бағалау компоненті – шығармашылық іс-әрекетке талдау жасай білуі, жетістіктері мен сәтсіздіктерін себептерін анықтай білу, жауапкершілік сезімінің және жолдастық көмек, ізденімпаздық іс-әрекетке даярлығының тұрақтылығы, шығармашылық ой-өрісінің белсенділігі мен рефлексиялық бағытының қалыптасуы, жоғары танымдық қызығушылық негізінде шығармашылық бағыттылығының тұрақтылығы.

Жоғары деңгей: шығармашылық іс-әрекетте танымдық қажетсінуі қалыптасқан, ізденімпаздықпен дербес жұмыс істеуге, жаңаны табуға талаптанады. Жаңашылдыққа жаны құмар, білімді құндылық бағдар ретінде тани алады, білімін қажетті жағдайда еркін және оңтайлы пайдалана біледі. Болашақ кәсіби іс-әрекетін жоспарлап, кәсіптік бағдары анықталған, инновациялық процестерді ынтасымен қабылдайды.

Орташа деңгей: оқу-танымдық материал мазмұнын тапсырма мақсатына байланысты шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыра алады, бірақ үлгіні және тапсырманың орындау жолдарына нұсқау беруді қажетсінеді. Шығармашылық іс-әрекеттің құндылық ықпалын түсінгенімен, тұрақты қызығушылығы қалыптаспаған. Өзін-өзі дамытуда рефлексиялық бағыттың толымсыздығы байқалады. Шығармашылық іс-әрекет нәтижелерін бағалауда өз пікірін білдіруге асықпайды.

Төмен деңгей: өз шығармашылығын дамытуға белгілі бір жағдайларда ғана қызығушылық танытқанымен, оны тұрақты қажетсінбейді.

2-кесте – Оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастыру моделі

Компоненттер	Өлшемдері	Көрсеткіштері
Мотивациялық-еріктік компонент	Шығармашылық іс-әрекетке құндылық бағдар ретіндегі танымдық ынтасы мен танымдық қажетсінуі.	- өзекті мәселенің шешімін табуға құлшынысы, -шығармашылық іс-әрекетке танымдық ынтасы, -шығармашылық іс-әрекеттің тұлғалық-құндылық мәнін түсінуі.
Мазмұндық-	Өзін шығармашылық іс-әрекеттің субъектісі	- шығармашылық іс-әрекет әдістері мен тәсілдерін білуі, -жаңаны табуда танымдық

<p>операциялық компонент</p>	<p>ретінде тани отырып, ғылыми білімдерді меңгеруі мен оны практикада пайдалану біліктілігінің болуы.</p>	<p>біліктерінің қалыптасуы, -шығармашылық іс-әрекетті жоспарлау және оны тиімді ұйымдастырудың жолдарын меңгеруі, -ұжымдық шығармашылық жұмыстарға талаптануы және білімдерін қажетті жағдайда өзара ықпалдастық сипатына сай, практикалық тұрғыда сабақтастыра білуі.</p>
<p>Рефлексиялық-бағалау компоненті</p>	<p>Жеке тұлғаның танымдық қажеттіліктері мен қоғамның сұранысына сай үйлесімді бағдары, әлеуметтік-психологиялық рефлексияның қалыптасуы.</p>	<p>-шығармашылық іс-әрекетке, ізденімпаздық жұмыстарға талдау жасай білуі, -жеке іс-әрекетін ұйымдастырушылық тұрғыда өз бетімен сараптау, - жоғары танымдық қызығушылық негізінде шығармашылық бағыттылығының тұрақталуы, - іс-әрекетті объективті бағалай, кемшіліктерді жоюға жауапкершілікпен қарау, - өзін-өзі дамытуда рефлексиялық бағытты таңдау, жеке тұлғалық құндылықтарды саналы түсіну.</p>

Шығармашылық іс-әрекеттің жеке тұлғалық сапалық қасиеттерінің дамуына әсерін талдай алмайды. Өз сәтсіздіктері мен жетістіктерін сыртқы жағдайлардың нәтижесі ретінде қарастырады. Мазмұнды-операциялық компоненттерін меңгеру толымсыз жағдайда.

Оқушылардың білім алуында шығармашылық әрекетін белсендіруге, олардың интеллектуалдық, рухани-адамгершілік дамуын арттыруға байланысты мәселені шешу дидактикалық тәсілдерді өзгертуді және мұғалім ақпаратына берілетін уақыт бөлігін азайтып, оқушының өзіндік танымдық, шығармашылық іс-әрекет уақытын көбейтуге әкелетін оқу уақытын қайта бөлуге орай қажетті жаңартулар жүргізуді талап етеді.

Өзін-өзі дамытумен қатар индивидтің жан мен тән үйлесіміне сәйкес өз ойын жинақтау қабілетін бейнелейтін *рефлексия ұғымы* пайда болды (Р. Декарт, Д. Локк). Жаңа дәуір философиялық идеялары «өзіндік» және «Мен» ұғымдарына бағытталады. Жаңа құндылық - адамның өзіндік «Мен» құндылығы пайда болды.

Шығармашылық - жаңаны жасаудағы процесс, креативтілік – адамның ішкі ресурсы, әлеуеті. *Креативтілік* - адамның шапшаң, нақты ойлау, жоғары қызығушылықтарға негізделген бай қиял және проблеманы жылдам түсіну қабілетімен танылады. Креативтіліктің негізгі шартының бірі – адамның өзін-өзі ұстауы мен өзіне деген сенімділігі. Креативтілік тек қана ойлау операцияларының сапасымен ғана емес, тұлғалық сипатымен, шығармашылық кезеңдеріне қажетті білім, білік, дағдыны меңгеру деңгейімен ерекшеленеді.

Креативтілік - тұлғаның өзін-өзі дамытудағы маңызды фактор. Адамның креативтілік процеске дайындығы оның тәжірибеге деген ашықтығымен анықталады.

Шығармашылық көзі – танымдық қызығушылық, интеллектуалдық қабілет, білім, ойлау стилі, тұлғалық мінездеме, мотивация және қоршаған орта.

Креативтілік факторлары – тұлғалық бағытталу, жағдайға талдау жасау, шығармашылық процесс, шығармашылық нәтиже.

Оқыту жүйесіндегі рефлексия – оқыту субъектісінің өз іс-әрекетін саналы түрде ой елегінен өткізіп, өзіндік сезінуі. *Рефлексияның мақсаты* – іс-әрекет компоненттерін еске түсіру, санадан өткізу, оның мәнін, түрін, өзекті мәселелерін белгілеу, шешу жолдарын анықтау т.б.

Өзінің оқу тәсілдерін, таным мен ойлау механизмдерін түсінбейінше оқушылардың қол жеткізген білім нәтижесін толық ұғынуы мүмкін емес.

Рефлексивтік іс-әрекет оқушыға өзіндік талдау кезінде ғана байқалатын өзіндік жеке дара ерекшеліктерін тануына мүмкіндік туғызады. Білімді саналы түрде өзіндік қорыту, яғни рефлексия нәтижесінде ғана жүзеге асады. Рефлексия нәтижесі дегеніміз – міндеттерді шешу тәсілдерін түсіну. Рефлексияның қай түрі болмасын мақсатпен тікелей байланысты.

Шығармашылық рефлексия – мақсатқа жету нәтижесі, қорытынды ғана емес, жаңа білім мен жаңа мақсаттарға бастама бола алады.

Сонымен, шығармашылық рефлексия – жекетұлғалық құндылық сапаларын қалыптастыруда және өзіндік даму бағытын айқындауда, оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруға бағытталған шығармашылық іс-әрекетте ішкі жан дүниесі ресурстары арқылы ой қорытуы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя, 1998г.
2. Пед.энциклопедия. 4т 1968.ж
3. Миразова А.Т. Оқушының шығармашылық қабілетін дамытудағы мұғалімнің кәсіптік шеберлігі. Ұлағат. 2002 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазіргі кезде оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық аспектілері айтылады.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о педагогико-психологических аспектах формирования творческого интереса школьников.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ДҰРЫС СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫН ҚАРАСТЫРУ

Қодасова А.Е. – оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Елімізде жүріп жатқан өзгерістердің мәнін пайымдау бәрінен бұрын жастарды тәрбиелеп отырған ұстаздарға үлкен жауапкершіліктер жүктейді. Ел басымыздың жолдауында көрсеткендей қазіргі шәкірт ертеңгі күні әлем кеңестігіне еркін ену үшін білім беру жүйесі халықаралық деңгейге көтерілуі керек. Сондықтан да 21 – ғасырда ағылшын тілін үйрететін жоғары оқу орындарына қойылатын талаптар өте кең. Ағылшын тілін меңгерудегі ана тілінің рөлі туралы академик Л.В.Щерба, М.В.Ляховицкий, атақты педагог К.Д.Ушинский өз еңбектерінде кеңінен тоқталған. Жалпы теориялық негіздері бір-біріне ұқсас Л.В.Щерба « Ана тілін шетел тілі

сабағынан аластатуға болады. Ал мектеп жағдайында оқушылардың санасынан аластату мүмкін емес» деп жазады. Ал бұл қағиданы Л.В.Ляховицкий өзінің «Неміс тілін оқытудың негіздері» еңбегінде «Шет тілін меңгеруде ана тілінің ерекшелігін, студент үшін жаңа тілде кездесетін қиындықтарды түсіну үшін шет тілін оқытатын ұстаздар өздері шәкірт дайындаған да ана тілін өте жақсы білуі керек. Сонымен қатар салыстыру тілі де үлкен роль атқарады.

Ол үшін:

- Студенттің өз тілін үйретіп мәдениетіне, өнеріне деген өз көзқарастарын қалыптастыру.

- Өздерінің қабілеттеріне қарай өз ана тілі арқылы қарым-қатынас жағдайларын ары қарай дұрыс жауап беруге үйрету.

- Студенттердің рухани жан-дүниесін байыту, ой-өрісін кеңейту, халықаралық қарым-қатынасқа мәдениетке тәрбиелеу.

- Студенттің зиялы, сезімтал жан болып өсуіне көмектесу.

Қоғамдағы соңғы кезеңде болып жатқан өзгерістер ағылшын тілін оқып-үйренуге мәжбүрлігін туғызып отырғаны жасырын емес. Компьютер арқылы әлемдік ақпараттар кеңестігіне шығу, әлемдегі озық технологияларды жаңалықтарды меңгеру, өмір ағымына ілесу. Студенттерге ана тілінің негізінде ағылшын тілін үйрету, олардың өз ойын ауызша және жазбаша дұрыс, еркін, келістіре баяндау білуге дағдыландыру. Оқулықтарды, сөздікпен жұмыс жасауда өздігінен пайдалана білу сияқты іскерлік дағдыларын қалыптастыру, ғасырлар бойы жазған рухани мәдениетімен, білімімен қаруландыру және егемен еліміздің ұлттық мәдениетін, салт-дәстүрін шет тілі арқылы таныту. Қазақ тілін жан-жақты білгенде ғана өзге тілдердің мән-мағынасына қасиетіне терең үнілуге болады. Онда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі, ал халықаралық тіл – ағылшын тілі болып саналады.

Осыған байланысты, қазіргі таңда шет тіліне деген үлкен сұраныс болуына, елімізде сөйлеу мәселесі қолға алына бастады. Өзекті болуының себебі шет ел мемлекеттерімен қарым-қатынас негізгі мақсаты болуына байланысты студенттердің дұрыс сөйлеу мен сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Жоғары оқу орындарында шет тілінде тілдің дыбыстық құрамын дыбыстардың айтылу нормасын дыбыстық заңдылықтары және оның грамматикалық құрлысын игеруге, ойын еркін жеткізуге, бөгде біреудің сөйлеуін түсініп, жеткілікті дәрежеде сөздік қорын меңгеріп, шет тілінде қарым-қатынас жасауға жаттықтырылады. Студенттерді мұндай дәрежеге жеткізу үшін сөйлеудің өзіндік жүйесі, тәсілдері мен амалдары, жолдары ойластырылады.

Қазіргі таңда жүргізіліп жатқан әрекет, ол ең алдымен жаңа мазмұндағы жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен бағдарламалары қажет, яғни білім мазмұнын анықтау мәселесі өзекті. Сондықтан шет тілінде тілді үйрету үшін сөйлесу әрекетіне дағдыландырылады. Өзге тілді үйрену барысында студенттің қабілеттілігі мен бейімділігі, шеберлігі яғни икемділігі ерекше орын алады. Сол себепті шет тілінде сөйлесу икемділігіне көңіл аудару қажет. Тілді тәжірибеде пайдалану – сөйлесу, яғни қарым-қатынас жасау. Қарым-қатынастың дамуының түрлері, қатысым үрдісі, оның мазмұны, оның құрамының жүйесі т.б. бар. Ал студенттерді сөйлеуге үйретуде осы ерекшеліктер негізге алынады. Сондықтан сөйлеу үрдісі қатысымдық негізде құрылады. Сөйлеу құралдарын шегеру мен оны қарым-қатынаста пайдалану сөйлесу икемділігі мен дағдыларын сапалы қалыптастыруға ықпал етеді. Демек, қазіргі сөйлеу тәжірибесінде студенттің сөйлесу икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыруда осы қатысымдық әдісіне барабар, екіншіден, қатысымдық бағыт тілді игеріп, өз тәжірибесіне пайдалана білу, яғни сөйлесу мақсатын көздейді.

Сөйлеу тілін дамыту әрқашан әдісте қаралып отырды. Оның маңызы, қажеттілігі айқындалды. Бірақ шет тілінде сөйлеудің енді ғана қалыптасып келеді. Әсіресе, сөйлеуге жаттықтырудың негізгі атаулары және категориялары, тіл дамытуға арналған

жұмыстар, сөйлеудің мазмұны, құралы, студенттердің тіл байлығын бағалау қалыптары анықталмаған, бірақ қазіргі тіл дамыту әдістерінің өзіндік зерттеулері бар, керекті психологиялық, лингвистикалық базасы жетіле бастаған. Бұл мәселелер студенттердің қатысымдық әрекет негізінде сөйлеуге үйретудің өзектілігін анықтайды.

Егер шет тілінде жоғары оқу орындарында студенттердің сөйлесу тілін дамыту ісі лингвистикалық, психологиялық және педагогикалық негіздерге сай, қатысымдық әрекет әдісі арқылы жүйелі, тілдің қарым-қатынас қызметі мен экспрессивтік қызметіне қарай ұйымдастырылса, онда сөйлесудің тиісті лексикалық, грамматикалық икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыруда, дамыта сөйлеудің әдіс-тәсілдерін тиімді пайдаланып жүргізгенде ғана нәтижелі болады. Сондықтан өзге елмен қарым-қатынас жасау үшін сөйлеу қызметі өрістете түсуге мүмкіндік алды. Шет тілі басқару орындарда, өндіріс ошақтарында, ғылыми мекемелер мен білім беру саласында кеңінен қызмет ете бастады.

Сондай-ақ «Шет тілі» пәнінің практикалық білім мазмұнында «Сөйлеу және жазба тіл мәдениетін игеру. Қазіргі заман сөйлеудің үш түрі – ауызша, жазбаша және электронды түрлерінің дамуын ерекше талап етіп отыр. Сөйлеудің жазбаша, электронды түрі қаншалықты маңызды болса – ауызша сөйлеудің мәні де соншалықты зор. Ауызша сөйлеуге үйрету барлық топтарда жүргізіледі. Студенттердің ауызша сөйлеуге баулу мәселесін нақты әңгіме ететін кезең келді. Бұл - әлеуметтік қажеттілік, заңнамалар талабы, Елбасы тапсырмасы. Елбасы Н.Ә.Назарбаев атап көрсеткендей : «Өсіп келе жатқан ұрпаққа әлемдік стандартқа сай келетін сапалы білім беруіміз керек, сонымен қатар қазіргі мамандардың біліктілік деңгейін көтеруді де ұмытпауға тиіспіз», - деген міндетті белгілейді.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада студенттердің дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың тиімді жолдары қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы формирования качеств устной речи студентов в изучении иностранного языка.

ШЕТ ТІЛІ САБАҒЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Қошқарбаева Б.Қ. – оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Студенттердің өздік жұмысы ХХІ ғасыр заман талабына сай білікті маман дайындаудың тиімді жолы, өздік жұмыс студенттердің өз бетімен білім алу дағдысын қалыптастыру үшін оны дұрыс жоспарлап, нәтиже беретіндей өткізу қажет. Осы мақсатпен өздік жұмысты ұйымдастыруда

Х. Сулейменов мынадай ұстанымдарды басшылыққа алуды ұсынады:

- жоспарлылық;
- жүйелілік;
- шешілетін мәселенің практикалық тұрғыдан пайдалылығы;
- тексеру ұстанымдары;

Өздік жұмысты орындаудағы саналылық бірізділік, жүйелілік ұстанымдары:

- өздік жұмысқа берілетін материалдық әдіснамалық тиімділігі;

- пәннің логикалық жүйесімен игеру деңгейіне қарай тапсырманың бірізді берілуі;

- тапсырманың көлемі студенттің оқу мүмкіндігіне сай болуы;

Өздік жұмысты орындаудың басты мақсаты – студенттердің ғылыми көзқарасын қалыптастырып, өз бетімен әрекет жасауға үйрету болса, нақты мақсаты – репродуктивті, шығармашылыққа баулу. Мақсат анықталғаннан кейін, оны ұйымдастыру жұмысы жүргізіледі.

1. Әдістемелік іс-шаралар:

- жоспарлау;
- график жасау;
- кететін уақытты анықтау;
- оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету;
- тексеру формасын, мерзімін анықтау.

2. Ғылыми-әдістемелік іс-шаралар:

- оқу материалымен жұмыс істеудің жолдарымен таныстыру;
- әдістемелік басшылық жасау;
- қажетті құжаттардың нұсқауын дайындау;
- нәтижеге талдау жасау.

Студенттерге өздік жұмыс беруде оның типін, деңгейін анықтау да маңызды. Өйткені ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде өздік жұмыстың типтері туралы әр түрлі пікірлер бар. Н.И. Пидкасистый өздік жұмыста мақсатқа жетудегі әрекетті ұйымдастырудың және оны орындаудың құралы ретіндегі анықтай отырып 4 типін атап көрсеткен:

1. Үлгі бойынша орындалатын өздік жұмыс;
2. Реконструктивтік өздік жұмыс;
3. Вариативті өздік жұмыс;
4. Іздену-шығармашылық өздік жұмыс;

Ағылшын тілін оқыту әдістемесі бойынша өздік жұмысқа берілетін тапсырмалар студенттердің орындау әрекетіне қарай 3 деңгейге бөлінеді:

1. Репродуктивтік деңгей;
2. Іздену деңгейі;
3. Зерттеушілік деңгейі;

Осыған байланысты өздік жұмыстарды:

1. Білімді бекітуге арналған өздік жұмыс;
2. Білімді толықтыруға арналған өздік жұмыс;
3. Білімді жаңғырту мәніндегі өздік жұмыс;

Орындалу сипатына қарай:

1. Дәрісханада орындалатын өздік жұмыс;
2. Дәрісханадан тыс орындалатын өздік жұмыс;

Дәрісханалық өздік жұмыс лекцияда:

- лекцияны көңіл қойып тыңдау;
- ой елегінен өткізу;
- қажет жерлерін жазып алу;

Практикалық сабақта:

- теориялық материалды оқу;
- қажетті әдебиетпен жұмыс;
- жекеленген мәселелерге байланысты материалдар жинау;

Зертханалық сабақта:

- зерттеушілік дағды қалыптастыру;
- тілдік құбылыстың заңдылығын тәжірибе арқылы дәлелдеу;
- техникалық құралмен жұмыс істеу.

Дәрісханалық жұмысқа білімді бекіту, кейде білімді толықтыру жұмыстары енеді. Мұнда жазбаша жаттығулар өте тиімді. Оның ұғымдылығы: уақытты үнемдейді; студенттен нақты жауапты талап етеді; білімін дәлкөрсетеді; оқытушы тексеруге көп уақыт жұмсамайды; бағалауға қолайлы. Атап айтқанда: жазбаша жұмыстың топтастырылуын, жіктелуін, құрылымын, түрлерін студенттің білуін анықтауда, студенттермен жеке жұмыс жасауда, бекітуде тиімді.

Дәрісханадан тыс орындалатын өздік жұмыстар – жұмыстың ең күрделі түрі. Дәрісханадан тыс орындалатын өздік жұмыстар – іздену, зерттеушілік деңгейдегі өздік жұмыстар. Негізінде білімді толықтыру, жаңғырту мақсатын көздейді.

Білімді толықтыру өздік жұмысы – студенттердің өз мамандығын жан-жақты толық меңгеруіне апаратын негізгі жол. Өздік жұмыстың бұл түрі жеңілден ауырға, белгіліден белгісізге ұстанымын басшылыққа алады (әдебиеттермен жұмыс істеу, библиография жасау).

Кейін күрделі жұмыстар жасалынады:

- қосымша әдебиеттермен жұмыс;
- конспект жасау;
- тезис жасау;
- рецензия дайындау.

Тезис, реферат арқылы студенттің білімі толықтырылады, берілген әдебиеттердің негізгі мәселелерін анықтауға үйренеді, жоспар жасауға дағдыланады, жоспар бойынша материалды өз сөзімен айтуға қалыптасады, негізгі идеяны еске сақтауға дағдыланады, ғылыми әдебиеттермен танысады.

Ағылшын тілін оқыту әдістемесінен орындалатын өздік жұмыстарды бірнеше кезеңге бөліп жоспарлауға болады:

I кезең.

Жоспары жасалып, тақырыптары мен тапсырмалары, оқу материалдары, әдебиеттері таңдалып, іріктелген соң, кафедра мәжілісінде талқыланып, бекітіледі. Технологиялық карта жасалып, онда барлық жұмыс мазмұны айқындалады.

II кезең.

Тақырып, тапсырмалар бойынша кеңестер ұйымдастырылып, СӨЖ-дің мақсат-міндеттері, жұмыс көлемі, мерзімі, бақылау формалары анықталады.

III кезең.

Өздік жұмыстарын орындау, тапсыру мен тексеру, бағалау кезеңі.

Алғашқы курс студенттерінің аудиториядағы және одан тыс уақыттағы білім алуы, оның психологиялық, теориялық және практикалық жағынан өз бетімен мағыналы жұмыс істей алатын дәрежесіне байланысты екендігі белгілі. Студенттердің өз бетінше жұмыс істей алуға дайындығы педагогикалық-психологиялық проблема. өзіндік жұмыс жасауы, оның абитуриент кезінен оқу мотивінің түріне, интеллектуалды дәрежесіне және оқу жұмысының мәдениетіне де тікелей байланысты.

Дидактикалық аспект тұрғыдан оқу еңбегінің мәдениеті деп, оның өз бетімен жұмыс істеп, білім алуына қажет жалпы оқулық дағдыларының жүйесін түсіну керек. Өйткені, студент ептілікпен және епсіздікпен оқитын дәрістерін түсіне алатын болуы керек, оны конспектілеп жаза білуі, практика, семинар сабақтарына өз бетінше дайындала алатындай болуы тиіс.

Студенттердің ой еңбегі мен практикалық іс-әрекетін талдай келіп, олардың өз бетінше жұмыс істеуін образ бойынша қайталау, вариативті қайта функциялау, дербес ізденушілік, зерттеушілік деп қарастырған.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада студенттердің өздік жұмысы, оның өздігінен білім алудағы рөлі қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается самостоятельная работа студентов.

ҰЛЫБРИТАНИЯДАҒЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЯРЛАУ

Құлбекова Б.Р. - аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Жаһандану, еуропалану және американдық үлгіге көшу үрдістерінің артуы, білім беру, тәрбие және әлеуметтік жұмыстар мен педагогикаға да өз әсерін тигізуде. Бұл процестер әлеуметтік жұмыстың барлық салаларын қамтитыны сөзсіз. Бұл жерде ұлттық, әлеуметтік мәселелердің белгілі бір мемлекеттің шеңберінен шығып кетуінде, Яғни, нәсілдік қозғалыстардың жаңа түрі, маргиналдық т.б. Бұның барлығы әлеуметтік жұмыс пен педагогиканы жаһандану процесінен бөліп алып қарауға болмайтындығын көрсетеді. Әлеуметтік жұмыс мамандық ретінде Ұлыбритания, АҚШ, Швеция сияқты алдыңғы қатарлы дамыған елдерде ХХ ғасырдың басында – ақ жақсы жолға қойылса, ал Қазақстанда аталған ғасырдың соңында пайда бола бастады.

Ұлыбританияның осындай ежелден қалыптасқан жүйелі білім беру құрылымы болғандықтан оны ғылыми тұрғыдан зерттеу ХХ ғасырдың басынан-ақ қолға алына бастады. Соның ішінде К.В. Роббинстің зерттеулері барынша тиянақты, іргелі болғандықтан осы мәліметтерге шолу жасап өтпекпіз.

Елдегі жоғарғы білімнің жағдайын зерттеу мақсатында әйгілі экономист К.В.Роббинстің басшылығымен комитет құрылған. Комитеттің білім беру жүйесін зертей келе мынадай қорытынды жасаған (бірінші және негізгі қорытынды) – бұл уақыт оздырмай жоғарғы білім реформасын өткізу. Егер дер кезінде жоғарғы білімді реформаламаса, онда комитет болашақтан үміт жоқ деп есептеді.

Роббинстің комитеті жоғарғы білімнің ең негізгі деген мақсаттарын анықтады:

- Жеке адамға қоғамдық еңбек бөлісіне қатысуға мүмкіндік беретін арнайы білім беру жүйесі. Қызмет бабында жоғары лауазымдық орынға ұмтылмайтын адамды табу қиын. Сондықтан сапалы білім қажет;

- Тек маманды емес, сонымен қатар мәдениетті адам даярлау;

- Оқу мен зерттеу жұмыстарының арасын ажырата білу;

- Дамыған қоғамның жалпы нормалары мен мәдениетті насихаттау

Ұлыбританиядағы сан ғасырлық тарихы бар жоғарғы оқу орындарының бірі – Оксфорд (1214ж.) пен Кембридж (1318ж.) университеттері жоғарғы білім беру жүйесі бойынша жоғарғы дәрежеде болып келе жатыр. Оксбридж британ жоғарғы оқу орындарына бірнеше салт-дәстүрлер енгізді: оқытудағы ерекше стиль, яғни жоғарғы оқу орындарының азғана толықтырылуы және студенттермен жеке жұмыс жүргізу; білімді бағалаудағы ерекше механизм, яғни мұғалім өткізген курсы бойынша емтихан қабылдауға құқығы жоқ, оның орнына басқа емтихан алушы қабылдайды; әлеуметтік іріктеуді дайындау міндетімен байланысқан оқытудың гуманитарлық бағыттылығы мемлекеттік қызметке баруға тиісті.

Алайда британдық университеттердің басым көпшілігі Оксфорд пен Кембриджге сүйенсе де, көптеген жоғарғы оқу орындары дамудың өз үлгілерін іздеді.

Мысалға, шотландық университеттер оқытудағы қолданбалы бағыттылықты қаласа, Манчестер және Бирмингем және тағы басқа жаңа университеттер жергілікті экономиканың қажеттілігіне бейімделді.

Ұлттық қарқынның құбылысы ретінде британдық университет толықтай XIX ғасырдың соңында қалыптасты. Бұл үрдіске Дж.Г.Ньюмен дайындаған интеллектуалдық университеттің тұжырымдамасы орасан зор әсерін тигізді. Оның мәні – студенттерге гуманитарлық білімді таныстыру, логикалық ойлауды дамыту, мәдениеттің жетістіктеріне жеткізу, ынтасы мен руханилығын дамыту. XX ғасырдың бірінші жартысында заңды жоғарғы білімді тек университеттерде ғана алуға болатын еді. Колледждердегі оқыту университетке түсу емтиханын тапсыру үшін дайындық курсы ретінде есептелді. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін ғылыми-техникалық революцияның әсерімен университеттің білім беру жүйесі ұлғайды.

Ағылшын университеттері колледж федерацияларынан құралып, әр колледж тәуелсіз штаттарға, студенттерге, мекемелерге, жерге, қаржыға ие. Мәселен, Balliol at Oxford and King s Gollege at Gambrige колледжі. Әрбір колледж мүмкін болатындай осындай штаттардан, студенттерден құралады. Әр штатта ең басында профессорлар емес, «жігіт, жолдас», «сабақ беретін жетекші», «оқытушы, білгір» деген мағынада аударылатын «fellows», «tutors» and «dons» тұрды. Оқыту кәсіби, белгілі бір тәртіпке негізделген емес, либералды сипатта болып, студенттердің мінез-құлқын қалыптастыруға үлкен көңіл бөлінді.

1930 ж. сол кездегі болған 24 университеттердегі студенттердің орташа саны 24 мыңды, 1980 ж. 47 ЖОО-да 6,4 мыңды құрады. Яғни, жоғары білімнің бұқаралық сипат алуына қарамастан Англиядағы университеттер кішігірім сипатта болды. Тек Лондон университеті ерекше болып табылып, онда 1980 ж. осы колледж федерациясында уақытша оқығандарды қосқанда студенттер саны 50 мыңды құрады.

Айта кетерлік маңызды жайт, XIX ғ. Англия университеттері жеке меншіктік сипатта болды. Оксфорд пен Кембридж жәрдем беруден, сыйлықтар мен оқуға төлемдерден жинақталған жеке меншік қаражаттарға ие еді. Мемлекет пен шіркеуден тәуелсіз олар осындай тәуелсіздіктің табынушылары ретінде бүкіл әлемге автономияның үлгісін паш етті. XIX ғ. аяғына қарай мемлекеттік қаржыландыру ағымы күшейіп, көптеген университеттер елеулі мемлекеттік қолдауға ие бола бастады. Сөйтіп, қоғамда мемлекеттік қаржыландыру күшейген кезде оқу орындарының автономиясын сақтау қажеттігі жағдайы өріс алды.

Осылайша, XIX ғ. аяғында ағылшын жоғары мектебі шіркеуліктен аристократиялық негіздегі құрылымға айналды. Қоғам мүшелерінің арасынан мұқият таңдалған студенттер қауымы барлық жағынан да жетілген нағыз элита еді. Студенттер өздерін еркін түрде ұстау пікірін қолдады. Университеттер, колледждер мен департаменттер де кішігірім құрылымдар негізінде жұмыс істеді. Студенттер оқытушылармен тығыз араласып, бірге тұрып жатты. Студенттерді жүйелі түрде ғылыми сипатта дайындау жүргізілмеді, PhD дәрежесі де Англияда әлі де болса қабылданбаған болатын. Бітірушілердің негізгі бөлігі бакалавр дәрежесін алып, ең бастысы олардың қай университетте осы дәрежені алғаны зор маңызға ие болды. Дегенмен XIX ғ. аяғында жоғары білімнің екінші сатысын негіздеу қоры жасақталып, «университет» әзірше колледж дегенді білдірді.

XX ғ. бірінші жартысынан университеттерде жүргізілген курстардан Әлеуметтік білім берудің негізі бастау алады. Үкімет 1930 ж. бойына, кейіннен 1940-50 жж. аралығынан 1960 ж. аяғына дейін балаларды қорғау мен қайырымдылық туралы арнайы курстарды дамытты. Бұл курстар 1971 ж. кейін біріктірілді. Көп ұзамай әлеуметтік жұмыстағы кәсіби білім беруді дамыту және оны нығайту мақсатымен әлеуметтік жұмыстың (CCETSW) Білім мен Оқыту жөніндегі Орталық Кеңесі құрылды. 1972 ж. Әлеуметтік жұмыстың Квалификациясына Куәлік (CQSW)

бекітілгеннен соң, көптеген өлшемге келмейтін мамандықтар қосылып, патронаж қызметкерлеріне үлгіге сай мамандық берілетін болды. Осы қадам талапкер үшін жоғары білімсіз екі жылдық, ал әлеуметтік ғылымдар бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдарға бір жылдық курсты қамтамасыз етті. Барлық курстар далалық практикаға баруға тиіс болды. Олар жоғары білімнің университеттері мен өзге мекемелерінде жүргізілді.

Біріккен курстар жиынтығына Әлеуметтік қамтамасыз етуге Квалификацияны (CSS), яғни, әр штатқа қызмет көрсететін үдемелі курстарды құруды талап етудің енгізілуі маңызды жаңалық болып саналды. CSS білім берудің агенттіктері мен колледждерінің консорциумдары қамтамасыз етіп, CQSW құрылған университеттерге қарағанда негізгі жұмыс төменгі білім беру деңгейінде жүргізілді. Алғашында CSS CQSW қарағанда мамандық ретінде төмен деңгейде саналғанымен, ең соңында онымен тең құқықты болып мойындалып, басқарудың маңызды үлгісіне айналды.

XX ғасырдың 60 жылдары Ұлыбритания жоғарғы оқу орнының дамуындағы елеулі кезең болып табылады. Бұл кезеңде мемлекетте жоғары білімді мамандарға тапшылық орнап, сұраныс арта түсті. Жоғарғы білімі бар адамдардың бөлігі жалпы халық санынан 6 пайызын ғана құраса, АҚШ-та - 19, ал Жапонияда 15 пайызын құрады. Кәсіпорындағы басқару қызметшілерінің 87 пайызға жуығының жоғары білімі жоқ. Кәсіпшілік білім беру – екінші дәрежелі болып, ал гуманитарлық білім беру нағыз білім беру болып есептелді. Ұлыбританияда университеттер саны барлығы 22-ге жетті. Университеттің жоғарғы білімді мамандар дайындау секторы пайда болған жағдайға әсер ететіндей жағдайда болған жоқ. Сол кезеңдегі жоғары білімнің екінші секторы – политехникалық университеттер қалыптасты. Бірден осындай 30 оқу орны құрылды. Университеттер басқармасы бинарлық принципті ұстанды. Бір жағынан, алдыңғы қатарлы 10 бұрынғы колледждер университет деңгейіне дейін күшейтіліп, автономды сипатта болса, екінші жағынан, мемлекет оларды жоғары білімнің қоғамдық бөлігі (public) деп санады. Алғашында бұл секторға тек педагогикалық колледждер ғана жатқызылған болатын. Политехникалық мекемелер жергілікті бюджет тарапынан қаржыландырылып, алғашқы және орта білім беруді бақылайтын білім жөніндегі жергілікті әкімшіліктің қарамағында болды. Олар университеттерге берілгендей өз бетінше дәреже беруге айрықша құқықты иеленбеді. Мұнымен қоса белгілі бір жағдайда олардың оқу жоспарларын білім және ғылым департаментінің ресми мекемесі – ғылыми дәрежелер беру жөніндегі Комитет бақылауда ұстап, бекітіп отырды. XX ғ. 70 ж. үкімет ЖОО - на өз ықпалын күшейткен кезде, ең алдымен педагогикалық колледждер қиыншылыққа ұшырады. Жоспарлау мен біріктірудің нәтижесінде олардағы студенттердің саны 1977 ж. 45 мыңнан 1981 ж. 18 мыңға азайды. Ал, жергілікті биліктің қарамағындағы техникалық ЖОО – ы ешқандай зиян шеккен жоқ. Алайда 1982 ж. олар үшін орталықтанған басқаруды жүргізетін Ұлттық Кеңес (National Advisory Board) құрылды. Сөйтіп, XX ғ. 80 ж. аяғында жоғары білім жүйесі мемлекеттік нысанға айналдырылды.

С.Адамның тұжырымдауына, білім нәтижелерін негіз ретінде пайдалану Ұлыбританияның ЖОО-ның оқу процесінде қолданбалылық рөлге ие болып, төмендегілердің орындалуына:

- тез оқылатын және салыстыруға келетін дипломдарды қабылдауға; - үш сатылы білім жүйесін қабылдауға;
- кредиттік технологияны қолдануға;
- оқу жоспарларында шапшандық пен ашықтықты дамытуға;
- білім сапасын бақылауды қамтамасыз етуде әріптестікті іске асыруға;
- жоғары білімдегі еуропалық элементтердің дамуына;
- бүкіл өмір бойына оқуды;
- жоғары білім мен жұмысқа орналасудағы қиыншылықты шешуге;
- жоғары білімнің жалпыеуропалық кеністікке тартылуына мүмкіндік береді.

Ғалым 28 еуропалық елдерде білім нәтижелерін енгізуде белгілі бір белсенділіктің байқалып отырғанын атап көрсетті. Бұл белсенділік әлеуметтік қызметкерлерді дайындап шығаратын жоғары оқу орындарының іс-қимылдарында да көрініс беруде. Мәселен, Манчестер университетінде «Әлеуметтік жұмысты қамтамасыз етудегі еріктілер секторының рөлі» деген бағдарлама жасалынып, оның мазмұнында түрлі қауіп-қатер топтарына Батыс қоғамындағы еріктілер секторының көрсететін қызметіндегі олардың атқаратын рөлі қамтылған. Басқа бір мысалға «Жасы толмаған заңды бұзушылармен әлеуметтік жұмыс» деген курсты келтіруге болады. Осы курсты тыңдағаннан соң тыңдаушылар:

- жас өспірімдер арасында қылмысты жасауға себеп болатын әлеуметтік факторлар туралы хабардар болады;
- осындай мінез-құлықтың психологиялық механизмдері туралы хабардар болады;
- осындай мінез-құлықты тудыратын тұлғалық әлеуметтік-психологиялық факторлардың рөліне баға бере алады;
- жасы толмаған заңды бұзушылардың қажеттіліктерін түсіну мен тануға қабілетті болады;
- жасы толмаған заңды бұзушылардың әлеуметтік дағдыларын дамыту бағдарламаларын дамыта алады;
- жасы толмаған заңды бұзушылардың жауапкершіліктерін күшейту мен жағымды өзгерістерге жетуде өздерінің күші мен тәжірибесін қолдануы үшін қолдау көрсету мүмкіндігіне ие болады.

Жоғарыда аталып кеткендерден басқа оқу процесінде әлеуметтік қызметкерлерді дайындау бағытында мазмұны студенттерді ересек тұрғындармен (ата-аналармен) жұмыс жүргізудің теориялық және қолданбалық негізін, көмекке зәру тұрғындар топтарының мұқтаждығы мен қажеттіліктерін түсіну жолында коммуникативтік дағдыларды дамытуды қамтитын «Мотивация және жұмыссыздардың тәртібі», «Қарттармен қарым-қатынас», «Әлеуметтік жұмыстың технологиялары», «Әлеуметтік жұмыстың әдістері» сияқты бағдарламалар мен модулдарының маңызы зор.

Біздің тарапымыздан жүргізілген түрлі модулдар мен бағдарламаларда көрсетілген білім нәтижелерін талдау барысы, оларды төмендегі жалпы категорияға жатқызуға мүмкіндік береді:

- білім нәтижелері білімге ие болуға жататын, белгілі бір пәндік саладағы түсініктер мен дағдыларды меңгеруге тән;
- білім нәтижелері когнитивті және академиялық дағдыларды игерумен байланысты;
- білім нәтижелері басқа түбірлі білім мен әмбебап дағдыларды меңгерумен байланысты.

Мунның ойынша, модулдың мақсаты мен міндеттерін білім нәтижелерімен бірге айырудың қажеттілігі айрықша. Мұндағы айырма модулдың немесе курстың мақсаты қай материалды оқытушының қамтитынын, оның оқыту процесінің сабақ беру мен менеджментінде қалайша көрініс беретінін анықтайтынында. Сондықтан күтілетін білім нәтижелеріне орай студент оқудың соңында қажетті материалды меңгеруі тиіс. Білім нәтижелері ізденушінің құштарлығы мен табандылығына, мұнымен қоса оқытушының қабілеті мен шеберлігіне, оның тарапынан жасалатын ықпалға байланысты болады. Осындай тәсіл оқытушының білімді бағалау жүйесін білім нәтижелерін тестілеу арқылы жасауына жәрдем береді.

Ұлыбританияда әлеуметтік педагогтар мен әлеуметтік қызметкерлерді дайындау процесінде қолданылатын жұмыс орнында білім беру әдісінің студенттің нақтылы дағдыларды меңгеруімен қатар, сондай-ақ, теорияны практикамен байланыстырып, әлеуметтік жұмыстың құндылықтарын сезінуіне де мүмкіндік беретін факт болып табылатыны еш күдік тудырмайтын шүбәсіз шындық. Ағылшын зерттеушілері Л. Сайсон мен М. Багински [1] тұжырымдағандай, нақ осы әлеуметтік жұмыс сияқты іс-әрекет түрінде оны меңгеруге айтарлықтай уақыт кезеңі кететін практикалық

шеберліктер мен дағдылар айрықша маңызды рөл атқарады. Тек нұсқаушының (жетекшінің) басшылығымен клиентпен тікелей жұмыс жасау жағдайында ғана студент өзінің қабілеттерін дамыту мен жетілдіретін мүмкіндікке қол жеткізе алады.

Ұлыбританияның университеттерінің оқытушылары М.Доэл, С.Шардлоу, Т.Сакко, Д.Бридж, Ш.Рамон және т.б. студенттердің – болашақ кәсіби тұрғыда жетілген әлеуметтік қызметкерлердің жақсы практикалық дайындығын ұйымдастырудың талаптарын жасап шығарды. Жетекші (тьютор, нұсқаушы) өзін бағыныштыларын пассивті бақылаушы ретінде емес, керісінше оқытып, әрі тәрбие берумен айналысатын педагог тұрғысында ұстауы тиіс. Сонымен бірге оған барлық жұмысты үйлестіру, соның ішінде агенттік қызметкерлері мен өзге мамандарды тарту қызметі де жүктеледі. Педагог-жетекші мен студент арасындағы қарым-қатынас бірін-бірі сыйлау мен толықтай келісім принципіне негізделуі керек.

М. Доэл (Орталық Англиядағы Бирмингем университеті) мен С. Шардлоу (Шеффилд университеті) әлеуметтік жұмыстың практикасының негізін құрайтын маңызды білім, құндылықтар мен шеберліктерге ерекше мән береді. Олардың Англияда үлкен танымалдылыққа және отандық педагогтардың арасында қызығушылыққа ие оқу құралдары, сондай-ақ, ауру балаларды оқыту практикасы мен олармен жұмыс жүргізу саласындағы белгілі маман Д.Бридждің, әлеуметтік жұмыс пен психиатрия саласындағы жетекші зерттеуші Ш. Рамонның [2], әлеуметтік жұмыс теориясы жөніндегі классикалық еңбектің авторы және коммуникация саласындағы жетекші маман М. Пейннің еңбектері практиканы зерттеу жолын, оны ұйымдастыруға ықпалын тигізетін жалпы және арнайы факторларын, практикалық дайындық жүйесінің негізгі белгілерін ашып көрсетуге мүмкіндік береді/3/.

Ұлыбританияның оқу орындарының іс-әрекетіне тән сипатқа үміткерлерді арнайы таңдау арқылы, соның бірі олардың аталған саладағы практикалық тәжірибесінің болу жағдайын талап етуі болып табылады. Р.Сарри әлеуметтік жұмыс факультетіне студенттерді таңдаудағы арнайы белгілерді атап көрсетті. Ол мінез-құлық және әлеуметтік ғылымдар саласындағы үміткерлердің жеткілікті дайындығы болуы тиіс деп тұжырым жасайды. Сонымен қатар алдын ала жұмыс тәжірибесі сипатындағы ерікті қоғамдық қызметкердің немесе оның әлеуметтік көмекке зәру адамдарға көрсететін іс-әрекетіне студенттің өзіндік потенциалды тұжырымы:

- мамандықты таңдау себебі;
- кәсіби мансаптың мақсаты;
- тұрғындардың көмекке зәру топтарымен, әр түрлі діни нанымдағы және т.б. адамдармен жұмыс істеуге құштарлық;
- оқытушылардың, әлеуметтік агенттіктердің әкімшілігінің немесе басқа адамдардың аталған үміткерге күшті әлеуметтік қызметкер ретінде баға беруге қабілеттілігі.

Таңдаудағы қатал тәртіпке қарамастан аталған мамандыққа конкурс еш төмендеген емес. Сондай-ақ, дайындықтың түрлі жүйелерінде студенттерді (кәсіби жарамдылығының көрсеткішіне байланысты) електен өткізу және білім алушылар мөлшерін жұмыс процесі кезінде сынақ мерзімі сияқты толықтыру мүмкіншілігі бекітілген. Осымен байланысты мұндай практиканың қабылданғанын және өз нәтижесін, яғни, әлеуметтік жұмыстағы кәсіби жоғары сапалы дайындалған мамандарды беріп отырғанымен келіспеуге болмайды. Оқу орнын жақсы бітірген студент екі түрлі куәлікке: мамандық бойынша сертификат (барлық елдерге жарайтын құжат, оның негізінде студент Ұлыбританияның мамандығы сай көптеген мекемелерінен жұмыс орнына ие болады); және диплом (мүмкін магистр дәрежесі бойынша) ие болады.

Ұлыбританиядағы әлеуметтік жұмыс саласындағы оқу құрылымының уақыт мөлшері мен нақтылығына қарамастан, оның өзгеру мен жергілікті бейімделуге жақын екені анық. Әлеуметтік жұмыстың жергілікті агенттіктерімен бірлесіп оқытылып, түзетуге ұшырайтын бағдарламалары әлеуметтік білім мәселелері жөніндегі орталық

органға бағынады және ұлттық үлгіге сәйкес келуі тиіс. Ұлыбританиядағы әлеуметтік жұмыстың ерекше және маңызды элементі ретіндегі пәндердің қатарына жақындау үшін, біз оның қажеттілігіне сенімді болуымыз керек және адамдарға, қоғамдастыққа көмек көрсетудегі үлесін ескеруге тиіспіз. Соған орай, бейімделу мен өзгеруге неғұрлым икемді болуымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Syson L., Baginsky M. Learning to Practice: A study of practice placements in courses leading to the Certificate of Qualification in Social Work. L, 1981.
2. Рамон Ш.. Подготовка преподавателей //Обучение социальной работе: пре-емственность и инновации / Под ред. Ш. Рамон и Р. Сарри; Пер с англ. под ред. Б.Ю. Шапиро. —М.: Аспект Пресс, 1996. — 157 с.]
3. Доэл М., Шадло С. Практика социальной работы / Пер. с англ.; Под ред. Б.Ю.Шапиро. М., 1995, С. 170.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Ұлыбританиядағы жоғары білім беру жүйесінде әлеуметтік педагогтарды даярлау мәселесі қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о подготовке социальных педагогов в системе высшего образования за рубежом.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ БОЙЫНША d- және f- ЭЛЕМЕНТТЕРДІ ОҚЫТУ

Қыстаубаев Е.И. - т.ғ.к., доцент
(Шымкент қ-сы, Академиялық инновациялық университет)

Егемен елімізде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер ғылым мен өндірістің барлық салаларында жұмыс істейтін маман даярлаудың сапасын жетілдіруде, тәрбие мәселелеріне тыңғылықты, байыппен қарауды бүкіл педагогикалық процесті басқарып және оған қатысып отырған мамандардан талап етеді.

Болашақ мамандардың кәсіби даярлығын арттыруға байланысты барлық мәселелердің өзектілігі мен маңыздылығы жоғары мектептің дәл қазіргі кезеңдегі жағдайына талдау жасап, оның алдында тұрған мәселелерге назар аударудың қажеттілігін дәлелдеп отыр.

Ұлттың бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен анықталады. (*Президенттің Қазақстан халқына Жолдауынан. Астана, 2004, 19 наурыз*).

Қазіргі кездегі Қазақстан Республикасындағы Білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер Білім берудің мемлекеттік стандарттарындағы білім берудің мақсаты мен мазмұнынан мұғалімдерге қойылып отырған талаптардың жоғары екендігін айқындайды.

Қазақстан Республикасының 2030 жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламасында Елбасы Н.Ә.Назарбаев халқымыздың болашағы туралы тереңнен толғай отырып, «Мемлекетіміздің ең басты дүниесі тек қана табиғи байлық емес, сонымен қатар жасөспірім ұрпағы, өйткені, олар – біздің ұлтымыздың болашақ

айнасы» деген болатын. Олай болса, осы жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін ұстаз міндеті баға жетпес – биік. Қазіргі таңда білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты – ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға даярлау болса, Қазақстан Республикасы білім жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасының басты мақсаты – терең білім, кәсіби шеберлік, өзін-өзі дамыту, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қаблетті жеке тұлға қалыптастыру болып отыр. Міне, осыдан Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз жолдауында атап өткеніндей «Ұлттың бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен анықталады» деген болатын.

Қазақстандағы білім беру ісін реформалаудың стратегиялық міндеттерінің бірі – шығармашылық тұрғыдан ойлай білетін дара тұлғаға терең білім беру. Қазіргі заманның талабына сай білім беру үшін бүгінгі таңда оқытудың мазмұнын өзгерту, яғни білім беру сапасын арттыру қажеттілігі туындап отыр. Көптеген педагогикалық технологиялар оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланылып келеді.

Қазіргі таңда Егеменді еліміз оқу-ағарту жүйесіне, білім беру мен білім сапасын көтеру жұмыстарына, білім ордалары материалдық-техникалық базасын жақсартуға ерекше мән беруде. Білім берудің жаңа моделі жасалынды, білім жүйесінде жаңа бағыттар қалыптаса бастады. Мемлекеттік стандарттар жаңартылып, оқу бағдарламалары жетілдіріп, жаңа мазмұндағы оқулықтар шығарылып, жаңа типтегі оқу орындар пайда бола бастады. Сонымен қатар білім сапасына да қатаң талаптар қойылып, оқу үрдісін ұйымдастырудың жаңа формалары мен әдістері, оқытудың жаңа технологиялары кең көлемде практикалық қолданысқа ие болуда.[1]

Білімгерлердің өзіндік жұмысы оқу орындарында барлық жағдайда болашақ мамандардың тұлғасын қалыптастыруға әсер ете отырып, оның оқу, әдеби қайнар көздерімен жұмыс істеу дағдыларымен білімін қалыптастыруда маңызды орын алады. Білімгерлер білімін арттыруда өзіндік жұмысының маңызы, оны ұйымдастыру мен жоспарлаудың маңызы артып отыр. Оқу орындарында сабақты оқуы, білім алуы, білімгерлердің ғылыми жұмысы бір-бірімен тығыз байланыста жүргізіледі. Білімгерлердің өзіндік жұмысы оқыту процесінде оқушылардың саналылығын, белсенділігі мен дербестігін арттырып, абстракциялық ойлау мен көрнектіліктің байланысы мен білімнің берік болуына көмектеседі. Өздігінен дербес жұмыс білім ордаларында оқу жұмысының сапасын арттыруда, оның нәтижесін біліп отыруда өте маңызды, керекті процестердің бірі.

Білімгерлердің өзіндік жұмысы - бұл нақты бір нәтиже алу үшін, мұғалімнің тікелей көмегінің орындалатын сапалы түрде жоспарланып, ұйымдастырылып, әдістемелік тұрғыдан бағытталатын жұмыс. Білімгерлердің өзіндік жұмысының құрама бөлігі – білімгерлерді оқытушының басқаруы мен бақылауы арқылы орындалатын міндетті курстарда өтілетін сабақтардың қысқартылуы есебінен жүретін білімгерлердің дербес еңбегі.

Білімгерлердің өзіндік жұмысы білімгердің оқу ордаларындағы оқу кезеңдерінің барлығын дерлік қамтиды және оқу-тәрбие процесінде тұтас жүйе ретінде ұйымдастырылып жүргізілсе ғана нәтижесі тиімді болады және білімгер оқудың мәнін ұғады.

П.И.Пидкасистый: «... оқушылардың өзіндік жұмысы оқу процесі жүйесіндегі оқыту құралы ретінде де қарастырылуы қажет» - деген.

Н.Г.Райри оқушылардың өзіндік жұмысының мәнін ашқан кезде оның келесі белгілерін: оқушы оны біреудің көмегінің өзі дербес орындайды, ол өз біліміне, көзқарасына өмірлік тәлім-тәрбиесі, тәжірибесінде белсенділігін, шығармашылық бастамасын жеке қатынасын көрсете отырып орындайды; жұмыстың мазмұны – белсенділік, тәрбиелілік студенттің жағымды сапала жақтарын, логикалық ойлауын дамытуға бағытталған.

Күрделі жағдайларда, жоғары білімді одан әрі дамыту жолдарында білімгерлердің дербес ізденімпаздық, кейбіреулерінде өте белсенді күйде көрінеді. Орта білімнің барлық аспектілерін ғылыми зерттеудің білім ордасының мәнін, олардың қазіргі таңдағы міндеттерін, олардың түйінді компоненттері – оқушы, мұғалім екенін ескере отырып, оқушы қаншалықты дербес болғанымен мұғалім – насихатшының орны ерекше. Себебі, оқытушының бағдарынсыз оқушы бағытынан шатасады. Ол әсіресе библиография, яғни әдеби қайнар көздер саласында көп көрініс береді. Педагогика ғылымының өкілдері бастауыш және орта білім саласындағы білімгерлердің өз бетінше жұмысына мән бере бастады, орта мектептегі ізденіспен жоғарғы мектептегі жастар ізденімпаздығын салыстырып, қорытындылауда.

Өзіндік жұмыстың мақсаты білімгердің өтілген материалды қаншалықты түсінгендігін анықтау, алған білімін қолдана білуге жаттықтыру және белгілі бір бейімдікті жетілдіру болса, онда ол, әдетте жазбаша түрде орындалады және коллектив болып талдамай оқытушы әр білімгермен жұмысын жеке тексереді. Өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың негізін қалыптастыруға бағытталған электронды оқулықтарды сабақтарда қолдануға ұсынылды. Дәстүрлі және дәстүрлі емес оқыту әдістері арқылы оқушылардың өзіндік жұмыстарды игеру деңгейі анықталды.

Химия курсы орта мектептерде, лицейлер, гимназиялар және жоғары оқу орындарында оқытуда d- және f- элементтер көбінше білімгерлерге өзіндік жұмыс ретінде беріледі. Сол жағдайда білімгерлер үшін ұсынылып отырған электронды оқулық қолдануға өте тиімді.

Электронды оқулықты жүктеген кезде «бастапқы мәзір беті» терезеде пайда болады. Терезе сәл жүктелген соң бізде электронды оқулықтың «негізгі мәзір беті» шығады (1-сурет). Негізгі мәзір бетінде 3-ші топ элементтерінің таңбасы орналасқан, олар өз табиғи түсіне жақындау түстерге боялған. Егер сіз тышқанды өзіңіз қалаған элементке апарып бір рет шертсеңіз осы элемент жайында барлық мәліметтер шығады. Мысалы, 3-ші топтың d- элементтері «Скандий» таңбасы туралы мәліметтер (2-сурет) немесе f- элементтер «лантаноидтар» туралы мәліметтер (3-сурет), «актиноидтар» туралы мәліметтер (4-сурет) таңбаларын шертсеңіз келесі терезелер пайда болады:

III ТОП ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Оқулық авторлары
Периодтық таблица
Есептер
Медиаобъектілер
Баспадан шығару

III топтың p - элементтері

Бор Boron B	Алюминий Aluminium Al	
Галлий Gallium Ga	Индий Indium In	Таллий Thallium Tl

III топтың d - элементтері

Скандий Scandium Sc	Иттрий Yttrium Y	Лантан Lanthanum La	Актиний Actinium Ac
----------------------------------	-------------------------------	----------------------------------	----------------------------------

Лантаноидтар f - элементтер

Th	Pa	U	Np	Pu	Am	Cm	Bk	Cf	Es	Fm	Md	No	Lr
----	----	---	----	----	----	----	----	----	----	----	----	----	----

Актиниодтар f - элементтер

Ce	Pr	Nd	Pm	Sm	Eu	Gd	Tb	Dy	Ho	Er	Tm	Yb	Lu
----	----	----	----	----	----	----	----	----	----	----	----	----	----

Д.И. Менделеев

1-сурет. Негізгі мәзір беті.

Скандий
Scandium

Sc

(Ar)3d¹4s²

Атомдық номері	21	Жылусыйымдылығы, кДж/(кг·°С)	0,544
Атомдық массасы	44,956	Электртерістілігі	1,3
Тығыздығы, кг/м³	3000	Ковалентті радиусы, Å	1,44
Балқу температурасы, °С	1539	1-і ионизац. потенциал, эВ	6,54

Скандий

Скандийді элемент ретінде 1870 жылы Д.И.Менделеев болжамдаған. Оны гадолинит минералынан 1879 жылы швед химигі Л.Нильсон алған және жаңа элементті Скандинавия құрметіне атаған. Жер қыртысындағы скандийдің мөлшері тым аз екендігіне қарамастан (6·10⁻⁴% шамасында), ол шапыранды элементке жатады, өйткені көптеген минералдарда (хлопинит, ортит, вольфрамит және т.б.) өте аз мөлшерде болады.

Скандийдің алынуы. Бұл элементті алу үшін негізгі өнеркәсіптік шикізат қалайы-вольфрамдық және басқа кенді өндеуден қалған қалдықтар (қоқырлар), оларды тұз қышқылымен өңдейді және скандийді оксалат немесе кремнефторид формасында тұнбаға түсіреді. Соңғы өнімді (скандий хлоридін) балқыған күйінде электролизге салады. Жинақы да таза металлды тотықсыздандырушы ретінде кальцийді қолданып, металлотермиялық әдіспен алады.

Скандийдің химиялық қасиеттері және қолданылуы

Скандий — күмістей ақ түсті күшті металдық жылтырағы бар жеңіл металл. Ол ауада қараяды, ал қыздырған кезде суды

2-сурет. 3-ші топтың d- элементі «Скандий» туралы мәліметтер.

Лантаноидтардың физика-химиялық қасиеттері

Қолданылуы

Ce

Pr

Nd

Pm

Sm

Eu

Gd

Dy

Лантаноидтар

Валенттік электрондарының бірдей болуымен, 4f-деңгейшелерінің бірдей біртіндеп толуымен байланысқан сирек жер элементтері құрылысының бірдей болып және химиялық қасиеттерінің жақындығы, оларды периодтық жүйедегі лантанмен бірге бір торкөзге орналастыруға мүмкіндік береді.

Лантаноидтардың жер қыртысындағы мөлшері 9,9·10⁻³% шамасын құрайды, және осының ішіндегі периодтық нөмірлер *жүп элементтер нөмірі* тақтан гөрі басымдау таралған.

Лантаноидтардың алынуы. Бұл элементтерді олардың хлоридтері мен фторидтерін кальцийтермиялық тотықсыздандырумен алады. Химиялық технологиядағы ең бір қиын да ауыр мәселелердің бірі лантаноидтардың бөлінуі, бұған басты себеп олардың химиялық қасиеттерінің өте жақындығы. Бұл процесті, яғни бөлуді ионалмастырғыш шайырлар немесе қосылыстарды органикалық еріткіштер көмегімен шаймалап жүргізеді.

Сирек жер элементтерді әртүрлі қосалқы қоспалардан суда және

3-сурет. f- элементтер «Лантаноидтар» туралы мәліметтер

Актиноидтар

Актиноидтар қатарына, өзінен кейін орналасқан элементтер жатады (лантаннан кейін келетін, лантаноидтар сияқты). Бірінші үш элементті — торий, протактиний және уран — табиғатта табылады және кәдімгі әдіспен ашынған. Ураннан кейін келетін элементтерді *трансурандық* (латынның trans — *арқылы, өту*) деп атайды. Олар жасанды жолымен алынған *радиобелсенді элементтер*, олардың басым көпшілігінің жартылай ыдырау периоды өте қысқа. Олар әуелі синтезделінді және кейінірек өте аз мөлшерде уранның кен орындарынан табылды. Реттік нөмірі 94 - 112 болатын трансурандық элементтерді синтездеу ісіндегі ең үлкен де ауқымды жетістікке Дубнадағы Г.Н.Флеровтың басшылығымен және американдық ғалым Г.Сиборгтың жетекшілігімен жүргізген ғалымдар тобы жетті. ^{232}Th , ^{238}U , ^{235}U изотоптары табиғи радиобелсенді элементтер қатарының бастауы: *торий* қатары, *уран* қатары және *актиний* қатары.

Элементтің атомдық нөмірі артқан сайын атом ядросымен 5f-электрондардың байланыс энергиясы көбейеді және 6d-электрондардың 5f-күйіне ауысуы тиімді болады. Бұл *актиноидтық сығымдалумен* түсіндіріледі, яғни лантаноидтағылар сияқты, *реттік нөмір өскен сайын актиноидтардың иондық радиустары кішірейеді*.

4-сурет. f- элементтер «Актиноидтар» туралы мәліметер.

Жоғарғы оқу орындарында білімгерлердің оқу қызметіндегі дербестігі орта мектепке қарағанда анағұрлым артық. Жоғары мектепте білімгер шын мәнінде оқу үрдісінің субъектісі екенін айқын көруге болады.

Қорыта келгенде электронды оқулықтарды қолдана отырып өзіндік жұмыстарды орындауда:

- білімгерлердің оқу-танымдық қызметі жоғары дәрежеге көтеріліп, жетіле түседі;
- оқыту қазіргі заман талаптарына сай мамандар даярлауға бағыттталып, бағдарланады;
- оқыту үрдісінде білімгерлердің дербес, жоғары дәрежеде ойлау, іздену қабілеті дамытылады, жетілдіріледі;
- оқыту үрдісі қазіргі таңдағы білімгерлерді барған сайын дербес, ізденімпаз, зерттеуші қызметіне лайықтап, жол аша түседі;
- білімгер өздігінен білім алу дағдыларын игереді;
- білімгерлердің дербес ізденімпаздығына жол ашылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Боголюбов В.И. Педагогические технологии.— Ростов-н/Д.:Изд. Центр, Март, 2002.-320с.
2. Дьяченко В.К. Новая педагогическая технология и ее звенья.—М.: Народ. образов., 2001.
3. Өтелбаев Б.Т. Химия-1,2,6. Шымкент 1998, 1999.
4. Гольбрайх З.Е. Сборник задач и упражнений по химии . М: Высшая школа. 1984.
5. Қыстаубаев Е.И. Химиялық тестік тапсырмалар. Шымкент. 2003.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Д.И.Менделеевтің периодтық жүйесіндегі *d*- және *f*- элементтерін оқытуға арналған электронды оқулықты құрастыруда модульдік технология қолданылды.

РЕЗЮМЕ

В статье рекомендовано модульная технология составления электронного учебника для преподавания *d*- и *f*- элементов в периодической системе Д.И.Менделеева.

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Мажибаева Г.П.– оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Бүгінгі күні ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдана білу қабілеті - қоғамның әрбір мүшесі үшін қажетті оқу, жазу біліктерімен тепе-тең саналуда. Осыған орай, осы бағытта болашақ мамандардың меңгерген білімі мен дағдылары болашақта қоғам дамуының жолдарын анықтауға мүмкіндік бермекші. Сол себепті білім беруді ақпараттандыру педагогтарды даярлауда кәсіби қасиеттері мен деңгейлеріне жаңа талаптар ұсыну арқылы олардың жұмыстарында нақты қайта құруларды талап етуде.

Білім беруді қайта құру мұғалімінен үлкен дайындықты талап етеді. Олай болса, олардың тұлғалық қасиеттері мен мамандық құзырлықтарына жоғарғы талап қойылады. Қазіргі уақытта мұғалім білім беру жүйесіндегі кез келген қайта құрулардың, педагогикалық үдерістердің негізгі субъектісіне айналып отыр.

Бүгінгі күні мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан мұғалім қажет.

Бұл жағдайда дамытудың өзектілігі – жаңа ақпараттық- коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие үдерісіне жан-жақты, әрі еркін пайдалана білуге үйрету, дайындау кезеңдерінің сапалығымен анықталады.

Білім беруді ақпараттандыру мұғалім біліктілігіне қойылатын талаптардың өзгеруіне алып келді. Педагогтардың қазіргі балалармен байланысы нәтижесінде педагогикалық қызметтің және мұғалімнің ролі де өзгеруі тиіс. Ақпараттық технологиялар педагогикалық технологияларға өте үлкен әсерін тигізеді. Ақпарат құралдары педагог қызметінің құралдары болады, ал мұғалімнің кәсіби сапалылығы ретінде ақпараттық мәдениет болып саналады.

Қазіргі таңда мұғалімдердің технологиялық біліктілін жоғарлату деңгейі үлкен қажеттілігі сезіліп отыр. Мұғалімдердің педагогикалық қызметтерінде ақпараттық құралдар мен ақпараттық технологияларды қолдануға дайындау жүйесін құру қажеттілігі туындады.

Педагогикалық қызмет – бұл оқушының өздігінен даму, өздігінен анықтау және өздігінен орындау үшін шарттарды құру; оның өмірдегі тәжірибесін белсенді ету; өзіне қажеттілерін, білімін, ойларын қамту; өмірінде болып жатқан мәселелерді шешуге байланысты көмек беру; баланың жетістігіне және табысына тіреу болу. Мұғалім педагогикалық қызмет барысында педагогикалық тапсырмаларды орындауға тура келеді. Олардың ішінен педагогикалық диагностика тапсырмаларын, педагогикалық жоспарлау және болжау тапсырмаларын, белгіленген жоспардың

практика жүзінде орындалу тапсырмаларын, орындалған жұмыстың нәтижесін талдау тапсырмаларын ерекшелік алуға болады. Осы тапсырманың әр қайсысын орындауда ақпараттық құралдар және ақпараттық технологияларды қолдану қажеттілігі туындайды.

Ақпараттық-коммуникациялық технология – бүгінгі күннің тамаша жетістігі, осы технологияның озық үлгісін мектеп қабырғасынан терең меңгерту болашақ кәсіп мамандарын тәрбиелеуде, бәсекеге қабілетті ел азаматтарын қалыптастыруда орны айырбасталмас нәрсе.

Оқыту үдерісінде қазіргі заманғы техникалық құралдарды (дербес компьютерлерді, теле және видео аппараттарды, ақпараттардың бір түрінен екінші түріне аударуда қолданылатын әр түрлі құрылғылар) және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың нәтижесінде жаңа дидактиалық үдерістерді түсінуге және талдауға, оқытуда жаңа принциптерді қалыптастыруға алып келеді.

Соңғы жылдары педагогтарды ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) оқытудың жүйесі құрылған. Мұғалімдердің ақпараттық құзырлық түсінігін қарастыруда әр түрлі ұсыныстар берілген.

Біріншісі, ақпараттық және коммуникациялық құзырлық түсінігінің қалыптасуы келесі түсінікпен байланысты: компьютерлік технологиялар (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) → ақпараттық құзырлық. Бұл жағдайда ақпараттық құзырлық түсінігі техникалық құралдарды қолдану арқылы ақпараттарды сақтау, өңдеу және тарату біліктілігі қарастырылады.

Екіншісі, мұғалімнің ақпараттық және коммуникациялық құзырлығын анықтайтын ақпарат термині болып табылады және мұғалімнің кәсіби қызметінде адам қабылдайтын ақпарат үдерісі мен сол ақпаратпен жұмысы қарастырылады.

Мұндағы мұғалімнің ақпараттық және коммуникациялық құзырлығы дегеніміз – оқу, тұрмыс, кәсіби міндеттерді ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың көмегімен шеше білу қабілеттілігі.

Мұғалімнің ақпараттық және коммуникациялық құзырлығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр.

Оқушының қызығушылығы мен қабілетін дамытуда басты қажеттілігі мұғалімнің педагогикалық шеберлігі, жаңа оқыту технологиялар мен ақпараттық технологияларды өз сабағында пайдалана білуі. Сабақты түрлендіріп дәстүрлі емес әдістерді қолдана отырып, ойын, жарыс сабақтарын, конференция сабақтарын т.б. өзі қажет деп тапқан әдістерді көптеп қолдану оң нәтиже бертіндігі сөзсіз.

О.Н.Шилова мұғалімнің ақпараттық құзырлығын келесі түрде қарастырған: теориялық білімін қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды практика жүзінде қолданудың нәтижесінде пайда болған тапсырмаларды орындау амалдары.

Сонымен бірге ақпараттық құралдарды және ақпараттық технологияларды педагогикалық қызметте қолданудың нәтижесінде мұғалімнің педагогикалық ынтасы мен оның ақпараттық және коммуникациялық құзырлығын (АК) дамытады.

Л.Л.Босова, Т.В.Добудько, А.А.Кузнецов, Е.А.Ракитина, И.В.Роберт, А.В.Хуторский және т.б. жұмыстарын талдаудың нәтижесінде мұғалімнің АК-құзырлығын анықтау білім берудегі ақпараттандыру шарттары негізінде кәсіби қызмет ортасында тұлғаның кез келген өзгерістерге жылдам биімделе алатын сапалардың жиынтығы ретінде қарастырған.

Солардың ішінде:

- білім алушылардың интеллектуалды потенциалдарын дамытуға бағытталған өздігінен білім алу біліктілігі мен зерттеушілік қызметін қалыптастыру, оқу-әдістемелік жүйемен қамтамасыз етілген ортада және білім беру жүйесін

басқаруда автоматтандырылған үрдіс негізінде педагогикалық қызметтің ақпараттық үрдістерінің заңдылықтары мен ерекшеліктерін түсіну;

- кәсіби маңызы бар ақпараттардың қасиеттері мен сипаттамасын білу, АКТ-дың кәсіби маңызы бар ресурстарын іріктеу мақсатында АКТ құралдарын пайдалану;

- білім беруде қолданылатын АКТ жүйесіндегі негізгі құралдар түрін білу, олармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру;

- ақпараттық технологияларды меңгеруге және ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолдануға негізделген кәсіби тапсырмаларды орындауда АКТ құралдарын қолдану қажеттілігін қалыптастыру.

Қазіргі кезеңде білім берудегі ақпараттық және коммуникациялық технологиялар информатика мұғалімдерінің біліктілігін көтеру мен қайта даярлауда ерекше роль атқарады. Мектептерде әр пән мұғалімі педагогикалық қызметінде ақпараттандыру және ақпараттық технология құралдарын қолданудың дайындығынан кейін төмендегілерге дайын болу керек:

- білім беруде ақпараттандыру негізінде оқу-тәрбие үрдістерін ұйымдастыруға;

- өздерінің кәсіби қызметінде ақпараттандыру құралдар мен ақпараттық технологияны қолдануға;

- оқытуда аудиовизуальды, электронды дидактикалық және педагогикалық программа құралдарын өңдеуге;

- инновациялық педагогикалық технологияларды өңдеуге және ендіруге, ақпараттық технологиялар негізінде әдістемелік жүйені дамытуға;

- білім, тәрбие берудегі және дамытудағы тапсырмаларды орындау үшін жергілікті және ауқымды желілердің ақпараттық ресурстардың жұмыстарын іске асыруға;

- білім беру үрдісінің автоматтандырылған ақпараттық-әдістемелік аумағында біліктілікті, сонымен бірге оқу-тәрбие үрдістерінің әртүрлі субъектілер арасындағы ақпараттық әрекеттестікті көтеруге;

- білім беру үрдісінде қолданылатын ақпараттық құралдардың педагогика-эргономикалық бағалауын ұйымдастыруға;

- ақпараттық оқу ортасын жобалауға және өңдеуге.

Қорыта келгенде, осы айтылған талаптар болашақ педагог мамандар орындайтын болса, онда болашақ жастарымыздың алған білімдерінің нәтижесінен үлкен жетістіктер күтуге мүмкіндік туып отырғаны сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бөрібаев Б, Балапанов Е. Жаңа ақпараттық технологиялар. – Алматы, 2001.

2. Согорина О.И. Информационно-коммуникационная компетентность учителя - основа эффективности информатизации образования.//Электронный журнал «Вопросы информатизации образования», № 11// <http://www.npstoik.ru/>

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада болашақ мұғалімдердің ақпараттық-коммуникациялық құзырлығын қалыптастырудың жолдары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются пути формирования информационно-коммуникационной компетентности учителя.

ГРУППОВАЯ РАБОТА СО СТУДЕНТАМИ

Манапова Г.К. - ст. преподаватель, Манапов Е.К. – преподаватель
(г.Алматы, АТУ)

Один из главных путей ведущих к повышению качества учебно-воспитательного процесса по иностранному языку - усиление коммуникативной направленности обучения.

С помощью групповых форм работы преподаватель может добиться общения на иностранном языке большого количества студентов. Всем известно, что неправомерно сводить беседу к вопросно-ответным упражнениям: во-первых, диалогические единства, как известно, не ограничиваются схемой «вопрос-ответ», во-вторых, далеко не все традиционные вопросы учителя стимулируют речемыслительную деятельность студентов. Все это, разумеется, не относится к так называемым проблемным вопросам, которые требуют от студентов напряжения их умственных способностей и развивают их речь.

На уроках английского языка особое внимание нужно отводить беседе. Обсуждение прочитанных текстов рассматривается как основное средство развития диалогической и монологической речи студентов. Студенты должны уметь выделять главное в тексте, находить аргументы на вопросы проблемного характера, излагать на английском языке содержание прочитанного, давать характеристику действующим лицам, т.е. их ответы должны быть развернутыми, носить характер микровысказываний, содержать объяснение причины, доказательства, впечатления, мнения.

Такие высокие требования к уровню владения речью на английском языке можно реализовать, обучая беседе с элементами дискуссии, когда становится проблема, а студенты высказывают свою точку зрения, соглашаются с мнениями других студентов или возражают им, делают выводы. На уроках необходимо стремиться к тому, чтобы организуемые нами беседы носили подлинно коммуникативный характер (собеседники сообщают и узнают что-то новое и высказывают свое отношение к предмету разговора), были актуальны (т.е. связаны с жизнью отдельных студентов, с событиями в нашей стране и в мире), дискуссионно заострены.

Важнейший и наиболее трудный на взгляд студентов - это организация обсуждения текстов для домашнего чтения. Для этого необходимо создать специальную разработку к каждому тексту. При составлении разработки учитываются предтекстовые и послетекстовые задания с разными опорами для их выполнения. Каждая разработка состоит из двух частей:

1. Словарь к тексту, подлежащий заучиванию и активизации в речи.
2. Серия вопросов и заданий по прочитанному и в связи с прочитанным для развития устной речи.

В словарь включаются как новые слова, так и лексика для повторения. Студенты должны выбрать подходящие для данного текста. Причем эти формулировки должны быть составлены с таким расчётом, чтобы студенты могли их использовать в дальнейшем обсуждении других текстов.

Позже следует усложнить задачу: так, если в тексте поставлены три проблемы, то в разработке нужно указать лишь две, с тем чтобы студенты назвали третью.

Постепенно студенты приучаются отходить от готовых образцов и самостоятельно составлять творческие микровысказывания, касающиеся проблематики и идейного содержания текстов.

По мере того, как студенты овладевают этим умением, обсуждение прочитанного становится более живым и естественным. Если студенты готовили один и тот же текст, то проводится общая беседа. Это позволяет организовать обсуждение с дополнениями,

противопоставлением своего мнения. Этот вид работы предоставляет студентам больше возможностей для самостоятельных творческих высказываний.

Эффективна групповая форма работы и при обучении диалогической речи. Например, при работе над темой «Мой дом», студентам дается такая установка: Представьте, что один из ваших друзей получил новую квартиру. Вам интересно побольше узнать о квартире. На карточках даются отдельные фразы, из которых нужно составить связанный разговор.

В результате групповой работы студенты составляют диалог, который и воспроизводится вслух. Поскольку остальные группы получили такое же задание, то во время его проверки они могут проследить, правильно ли выполнено задание, и в случае необходимости внести поправки.

Организация работы группами дает хороший эффект, так как общение осуществляется более непринужденно. Кроме того, преподавателю в этих условиях легче проверить правильность языкового оформления высказываний.

В сочетании с другими формами работ групповая форма учебной деятельности очень эффективна в обучении иностранному языку: совершенствуются умения и навыки, расширяется словарный запас студентов, увеличивается время общения на уроке. Кроме того, воспитывается чувство коллективизма, ответственности за порученное дело, развивается логическое мышление, способность сориентироваться в создавшейся ситуации. Постепенно исчезает боязнь говорить у студентов, которые ранее испытывали робость, неуверенность в себе, застенчивость. А главное - групповая работа учит самостоятельности.

ЛИТЕРАТУРА

1. Methods of teaching English. G.V. Rogova. 1996.
2. Успехи и вызовы сегодняшнего дня. С. Мирсеитова, А. Иргебаева. 2005г.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада шетел тілін үйрету барысында студенттердің сөйлеу қабілетін дамыту мақсатында олармен топтық жұмыс жасау қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается групповая работа со студентами для развития навыков устной речи при обучении иностранному языку.

ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ӨЛШЕМ ТЕОРИЯСЫН БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУДА ПАЙДАЛАНУ

Манкеш А.Е.- п.ғ.д., Бөлекбаева Л.Ә. - 1 курс магистранты
(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды маман дайындауға ұмтылуы, өзінің бүкіл қызметін осы бағытта құруы заңды құбылыс. Себебі қоғам өзінің әлеуметтік – экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби біліктілігі жоғары мамандарды қажет етеді.

Әдетте, педагогикалық қызметті жобалап, ұйымдастырып талдай білу, оқушылардың оқу іс- әрекетін ұйымдастырып, басқара білу нәтижесін бағалау теориялық және әдістемелік әзірліктің өзара байланыста болуын көздейді. Мұның өзі болашақ мұғалімнің кәсіптік әзірлігін жетілдіре түседі. Психология-педагогика ғылымында студенттерді әдістемелік әзірлеу мәселелеріне барған сайын жіті назар аударылып отыр. Өйткені, мұның өзі оқытушының мектептегі және басқа оқу орындарындағы жұмысының сапасына тікелей байланысты болмақ.

Демек, студенттердің ғылыми- теориялық ойлауын дамыту арқылы педагог зерттеп отырған объектісінің басты байланысын табуға мүмкіндік алып, оның мазмұнын бірте-бірте кеңейте отырып, жаңа байланыстар ашуға, сөйтіп, зерттелініп отырған объектісінің тұтас бір бейнесін жасауға ұмтылады. Біз мұндай талдаудың құрамдас бөліктері ретінде психология саласында А.Н.Леонтьев [1] қолданған орындаушылық қызметтің функциялық құрылымын зерттеу әдісін пайдаланамыз. Онда пәнді қайта құрудың жекелеген әрекеттері, нәтижені бағалау әрекеттері атап көрсетіледі. Болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастыру мәселесі кәсіби даярлаудың құрамы бөлігі ретінде көптеген ғылымдардың зерттеулеріне негіз болды. Республикада бұл бағытта Қ.А.Аймағамбетованың, С.Рахметованың, Б.А.Тұрғынбекованың, Ш.Х.Құрманалиеваның, Т.Қ.Оспановтың, Б.М.Қосановтың, Ж.Т.Қайыңбаевтың еңбектерін атауға болады.

Педагогикалық іс-әрекет құрылымында бірнеше элементтерді бөліп қарастыруға болады. *Біріншісі*, әлеуметтік құбылыстарды қоғамдық мақсат пен міндеттерді педагогикалық мақсат пен міндеттерге өзіндік ауыстырудың педагогикалық интерпретациясымен байланысты. Мұнда педагогтардың алдағы іс-әрекеттерді болжай және көре алуы туралы сөз болады. *Екінші* элемент оқу-тәрбие әрекетіндегі технология мен құрылымдарды әдістемелік тұрғыдан ойластыруды қамтиды. *Үшінші* – сыныптан тыс және мектептен тыс әрекеттердің әр түрлі ақпараттық және тәрбиелік мүмкіндіктерінің әлеуметтік ортаға әсерін педагогикалық құрал ретінде қосалқы түрде ұйымдастырады. *Төртінші* элемент жеткен нәтижені талдау және оған қойылған мақсат пен міндеттерінің сәйкестігімен байланысты.[2]

Педагогикалық заңдылықтарды зерттеу қандай да болмасын педагогикалық процесстің үлгілеуі(моделирование) болып табылады. Бұл педагог-зерттеушіні міндетті түрде оқу-тәрбие процесінің белгілі тараптарын өлшеу міндетіне жетелейді, ондай міндеттерді орындау зерттеушінің педагогикалық құбылыстар мен процесстерді сапалық субъектілік сипаттаудан қатаң сандық сипаттауға өту проблемасын қалай түсінетіндігіне байланысты болады.

Нысанның немесе құбылыстың қасиеттерін өлшеу философиялық тұрғыдан – «шынайылықты көрсету тәсілі» деп аталады. Осындай түсіндірмеге сәйкес, педагогикалық құбылыстың белгілі бір жақтарын өлшеместен бұрын, оны түбегейлі және жан-жақты қарастыру қажет. Оларды жеңілдету, сызбаларға сыйдыру құбылысты сандық тұрғыдан сипаттауға көшіреді және тиісті математикалық тәсілдер мен құралдарды қолдану мүмкіндігін тудырады. Педагогикалық құбылыстарды сипаттау жағынан жоғары деңгейге қол жетізіп, соның нәтижесінде олардың өзіндік қасиеттері арасындағы қарапайым байланысты айқындауға да, оларды тектес құбылыстар класына да қатысты қолдануға болады. Осы арада құбылыстың сапалы жақтарын болжаудың сәтті болуы оны зерттеу барысында кездейсоқ немесе маңызды жақтарының қажеттілігі анықталады.

Шынайылықты сызбаға сыйдыру және жеңілдету тәсілдерін педагогиканың өзі қолданады, себебі кез-келген ғылым абстракция көмегімен препарация жасау арқылы және қатандық шарасын қолдану арқылы өз нысанын зерттей алады. Осы педагогикалық құбылыстың ерекшеліктерін өлшеу барысында математикалық апаратты қолдану сызбалардың көптеп енгізілуіне және педагогикалық құбылыстың маңызды тұстарының назардан тыс қалуына әсер етеді. *Біріншіден*, әр зерттеуші үшін

«өзіндік» математикалық аппарат болуы керек. Бұл есептеу тұрғысынан қарапайым түсінік болып табылады. *Екіншіден*, педагогика саласында көлемдерді өлшеудің ортақ тәсілдері болуы қажет деп ойлаймыз.

Педагогикалық құбылыстың түрлі қасиеттерін өлшеу проблемасы оның сапалық үлгісін айқындау сатысында кездеседі. Сөйтіп педагогикалық құқықтың негізгі жақтары анықталды. Мұны өлшеп білу жалпы өлшеу реттемесіне тікелей байланысты болады. Себебі кез келген физикалық көлемді n бірліктің бірнеше санымен белгіленетіні мәлім. Сонымен n – нің мәні берілген көлемнің бірлік өлшеміне сәйкес болғандықтан, ыңғайлы болу үшін физикалық көлемді өлшеу үшін барлық жерде бір ғана ортақ бірлікті қолдану шарт, ал өлшеу деген мағынада өлшенетін көлемнің өзі тектес бірлік көлемімен салыстыру процесі деп түсіну ұйғарылған. Осындай өлшеудің нәтижесінде, зерттеліп отырған көлемнің бірнеше бірлікті құрайтын сандық мәніне қол жеткіземіз. Өлшеуді – эталонмен салыстыру процедурасы ретінде түсіну тұжырымдамасын зерттеушілердің, сондай-ақ педагогтардың басым бөлігі қолдайды. Бұл объективтік эталондардың болмауына ғана емес, негізінен, біртектес педагогикалық көлемдерді салыстыруға мүмкіндік тудыратын нақты сандық заңдылықтардың болмауына келіп тіреледі. Осы тұжырымды анықтау үшін физика тарихынан алынған мысалға жүгінейік.

Адамзаттың сандық деңгейде өлшеген мөлшерлер ұзындық, уақыт және салмақ болғаны белгілі. Алайда сандық өлшеуге көшпес бұрын, жекелеген заттар мен құбылыстардың ұзақтығы мен кеңістіктегі ұзындығы ұзақ бақыланды, одан кейін аталмыш мөлшерлер абстракцияланды соңында ұзындық, уақыт және салмақ секілді қасиеттерге қатысты коммутативтілік және санға қосу мен көбейтудің транзиттілігі, қосу мен көбейтуді дистрибутивтілігі секілді операцияларды айқындауға алып келді. Қарастырылып отырған физикалық заттар мен құбылыстардың аталмыш қасиеттері өркениеттің дамуының ерте кезеңдерінде- ақ адамға ұзындықты, уақыт пен салмақты өлшеу үшін қарапайым әрі ыңғайлы метрикалық шкалаларды қолдану мүмкіндігін тудырды. Шынында, академик Н.Н. Луиннің пікірінше, кез-келген физикалық көлемді өлшеу міндетінің өзі әрқашан анық белгіленбеген міндет болып қала беретінін ескерген жөн.

Бірқатар психологиялық-педагогикалық зерттеулер өлшеу проблемаларының басты мәселесі – нені өлшеу керектігін көрсетеді. Себебі әр зерттеуде оқу-тәрбие процесін зерттеудің өз міндеттері қойылады. Екінші жағынан оқу-тәрбие процесі түрлі жақтарының мазмұнының ашылуы қалай өлшеу керектігіне яғни келесі маңызды мәселенің дұрыс шешілуіне байланысты болып табылады. Қалай өлшеу керек деген мәселе көтерілген кезде тиісті педагогикалық өлшеу құралдарын құрып қолданумен байланысты міндеттер кешенін талқылауға тура келеді.

Әрине, нені және қалай өлшеу туралы мәселелер өзара тығыз байланысты, себебі олардың әрқайсысы да эмпирикалық нысан қасиеттерін қамтумен және оларды зерттеу деңгейімен анықталады. Сонымен қатар, осы мәселелерді көтеру және мазмұндарын ашу біз қарастырып отырған күрделі әрі құрылымы әлсіз өлшеу проблемаларының шешу психологиялық функциясын қамтып қана қоймай, сонымен қатар, оның әдістемелік негізін құрайды. Бұл осы проблеманың өзін өзара бірегей логикалық зерттеумен байланысқан ең басты екі бағытта жетілдіру мүмкіндігін тудырады. Олар:

- қасиеттерін бөліп көрсету және оларды жеке бастың психологиялық процестері мен қасиеттерін есепке ала отырып, оның қасиеттерін бөліп көрсету арқылы эмпирикалық нысан мазмұнының моделін құру;

- эмпирикалық нысан құралдары мен процедураларын жетілдіру және оларды білім беру саласындағы түрлі педагогикалық мәселелерді шешу практикасына енгізу.

Осылайша, өлшеу проблемасын жетілдіру педагогика саласында екі өзара байланысқан міндеттерді шешуді көздейді. *Бірінші* мәселе, психологиялық-

педагогикалық зерттеулерде орын алса, *екіншісі* – тек конструктивті шешім бойынша анықталады.

Студенттің жоғары оқу орнындағы әрекеті қоғамдық-әлеуметтік қатынастар жүйесіне енгізілгендіктен, ол ғылыми тұрғыда негізделген және тәрбие беру барысында қалыптасуы мен басқарылуы студенттің жеке тұлға яғни, әрекет субъектісі ретіндегі жағдайын сипаттаудың негізін құрайды. Осы тұста Б.Г.Ананьевтың тұжырымы бойынша, *бірінші* тобына – жас ерекшелік – жыныстық ерекшелік және жеке бастық – типтік ерекшеліктерді жатқызуға болады, олар студентті индивид ретінде сипаттап береді. Б.Г. Ананьевтің айтуынша, жас ерекшелік – жыныстық ерекшелік және жеке бастық – типтік ерекшеліктердің өзара әрекеті оның психикалық-физиологиялық функциялар динамикасымен қатар (сенсорлық, мнемоникалық, вербалды-логикалық және т.б.), оның органикалық қажеттілік құрлымына да ықпал етеді. Ерекшеліктердің *екінші* тобына студентті жеке тұлға ретінде сипаттайтын қасиеттерді жатқызамыз. Олар мыналар: мәртебесі, ролі және құндылық бағыттары, олар студенттің ынтасы мен жүріс-тұрысын сипаттап қана қоймай, оның мінез-құлқын да сипаттайды. Бейімділіктері, сондай-ақ оның қоғамдық жүріс-тұрыс құрлымы, жеке бастық қасиеттері. *Үшінші* топқа студентті әрекет субъектісі ретінде сипаттайтын барлық қасиеттерді жатқызамыз. Б.Г.Ананьев бұл топқа сана мен әрекетті де жатқызады.

Білім алушының кез келген қасиетін өлшем нысаны ретінде қарастыра отырып, келтірілген классификацияның басқа да маңызды әдістемелік жағын да атап өтуге болады: кез-келген қасиет осы арада білім алушының жай-күйін анықтайтын функция ретінде орын алады (психикалық, психофизиологиялық, әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық). Оларды білу және бағалау жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие процесін басқаруда және ұйымдастыруда маңызды құрал бола алады. Сонымен білім алушы әрекетінің көптеген қасиеттерінің аз зерттелгендігінен, ең бастысы-оқу тәрбие процесін ұйымдастыру мен басқаруда стандартталған әдістемелер мен олардың бағалауларының жетілмегендігі болып табылады. Әдетте педагог қажетті білім-тәрбие беру құралдарын таңдауда студентке білім берудің бір-екі психологиялық-педагогикалық заңдылықтарын есепке алады. Осыған байланысты көптеген ерекшеліктерін есепке алу мәселесі туындайды, оларды бағалап және олардың арасындағы қажетті байланыстарды анықтап, мазмұндық мағынада түсіндіріп береді. Алайда тәлім алушы әрекеті қасиеттерінің төмен деңгейде зерттелуі кез-келген психологиялық-педагогикалық зерттеудің нәтижелерін сипаттау туралығына әсер етеді. Соның нәтижесінде эмпирикалық нысан қасиеттерін анықтауда және оның құрылымын түсіндіруде түрлі тұжырымдар туындайды.

Осылайша, психологиялық -педагогикалық сипаттамалар студенттерге білім берудің бірнеше жалпы және локальді түрде әрекет ететін заңдылықтарын көрсетеді: педагогика мен психология саласында жаңа ғылыми деректердің пайда болуы және жинақталуы эмпирикалық нысандардың қасиеттерін сипаттау барысында маңызды эмпирикалық нысандарды толықтай анықтау мүмкіндігін береді. Сонымен қатар эмпирикалық нысан кез- келген зерттеліп отырған қасиеттерді есепке алу студенттің индивид ретіндегі әрекетінің маңызды жақтарын қамтиды. Субъектіде белгілі бір әрекеттер жүйесінің болуы – өлшем нысаны сипаттамасын жасап қана қоймай, сондай-ақ тиісті факторларды айқындауға көмектеседі.

Эмпирикалық нышандарын сипаттау арқылы өлшем нысанын анықтау негізінен маңызды сатыны құрады, мұндай сатыны құрып алмай өлшеу теорияларын педагогика саласына енгізу туралы міндеттерді шешуге қатысты арнайы мәселелерді талқылау мүмкін емес. Пфанцгальдің пайымдауынша, зерттеудің бастапқы сатысында өлшем нышандарын императивті түрде өлшеуді кеңінен қолдануды қамтитын формалық емес көзқарас логикасын есепке ала отырып, кейіннен эмпирикалық нысан қасиеттерін өлшеудің сандық шкалаларын жетілдіру және құру мәселелеріне көшу қажет. Яғни,

бұл арада пайымдау логикасы-күрделі қолданбалы мәселелерді шешу үшін ір қасиетті сипаттау нақты саласына жүгіну қажеттігін дәлелдейді. Өйткені соның негізінде эмпирикалық нысанның нақты сызбасы бойынша оның мазмұндық үлгісі туралы талқылау жүргізу қажет.

Білім алушы жадысының белгіленген психикалық ерекшеліктері өлшеу нысанын, оның мазмұны мен құрылымын қарастыруға мүмкіндік береді. Білім алушының мнестикалық әрекеті туралы теориялық ережелеріне сәйкес, сол арқылы жұмыста көрсетілгеннен гөрі білімнің анағұрлым толықтылығы деген педагогикалық ұғымның контекстік формасын қолданған жағдайда оның мазмұнын толығырақ түсіндіру мүмкіндігіне ие боламыз. Эмпирикалық нысан қасиеті білім алушының білімді толық меңгеруде күрделі мнестикалық әрекеттерді жаңғыртады.

Білім берушінің ұзақ уақыт бойы жадында ұстауы қажет оқу материалын есепке алу және білім алушы әрекетіндегі мнестикалық функцияны ашуға бағытталған оқу материалдары мен бақылау тапсырмаларының формалары біз қарастырып отырған эмпирикалық нысанның қасиетін толықтай ашуға мүмкіндік тудырады: *”Эмпирикалық нысан- өлшеу нысаны- ұғымдық нышандар- эмпирикалық нышандар- бастапқы өлшеу процедурасы- өлшеу нәтижелері”*. Сонымен қатар, қарастырып отырған эмпирикалық нысан қасиетінің талдаудың жалпы сызбасына сәйкес әр эмпирикалық нышан қарастырылады. Яғни, өлшем нысанын және оны сипаттау деңгейлері арқылы эмпирикалық нышандар жүйесіне дейін өтуге тиісті ұғымдық нышандар сипатталады. Өлшем нысанын сипаттаудың дәл осы әдісі ұғымдық нышандар мен эмпирикалық нышандар арасындағы байланысты анықтауға көмектесумен қатар, өлшем нысанын сипаттауды анықтайды. Осы кезде өлшем нысаны құрылымы мен мазмұнын зерттеу деңгейінде деңгейлер иерархиясы мен олардың ұғымдық нышандарын толықтай анықтауға болады.

Эмпирикалық нысанның көрініс алу деңгейін анықтау көбінесе тест тапсырмаларының түрімен байланысты болады. Оны таңдау бірқатар қиындықтар тудырады. *Біріншіден*, өлшем нысандарын сипаттау барысында қандай эмпирикалық нышандарды маңызды деп қарастыру керек екенін толық білу. *Екіншіден*, тапсырма түрін таңдау көбіне эмпирикалық нышанды бағалау тәсілімен айқындалады. *Үшіншіден*, психологтардың айтуынша, түрлі тапсырмаларды орындау барысында, тест тапсырмалары бір біріне ұқсас болғанына қарамастан тәлім алушының жадысын басқару және бақылау процесі әр алуан болады.

Ойымызды қортындылай келе, қандай да бір педагогикалық зерттеу үшін *біріншіден* өлшем нысандарының мазмұндық талдауын жүргізу қажет, себебі зерттеудің осы деңгейінде жұмыс гипотезасы жасалатын ғылыми тіл анықталады, және зерттеменің тәжірибелік негізін құрайтын эмпирикалық нысан өлшеудің тиісті процедурасы таңдалады. *Екіншіден*, өлшем нысаны құрамы туралы талқылау эмпирикалық нысан сипаттаудың нақты психологиялық-педагогикалық саласымен байланыссыз құрылған болса, өлшеуге қатысты арнайы мәселелерді талқылаудың теориялық та, практикалық та пайдасы болмас еді. *Үшіншіден*, өлшем нысаны сапалық сипаттау тәсілдері сандық тәсілдермен толықтырылуы тиіс маңызды жағдай шын мәнінде сандық тәсілдер педагогикалық зерттеулерге өлшеу теорияларын енгізудің әдістемелік негізін құрайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. -М., Политиздат, 1977.-304с
2. Андриенко Е.В. Психолого-педагогические основы формирования профессиональной зрелости учителя. Дисс...д.п.н.-Новосибирск, 2002
3. Михеев В.И. Научное методическое пособие для педагогов-исследователей, математиков. М., Высшая школа, 1987.-200с

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада педагогикадағы өлшем теориясын болашақ мұғалімдерді даярлауда пайдаланудың жолдары қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

Данная статья рассматривает проведение содержательного анализа объекта измерения необходимо в любом педагогическом исследовании. Методы качественного описания объекта измерения составляют методологическую основу приложения теории измерений в педагогических исследованиях.

ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ МҰМКІНШІЛІКТЕРІ

Оразаева Л.І - аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазіргі кезде Республикамызда сапалы білім беру мәселесіне үлкен мән беріліп отыр. Осыған орай заман талабына сай білім сапасын анықтау және бақылауды жетілдіру педагогика саласының іргелі мәселелерінің бірі екені анық.

Білімді бақылау – оқушының тұлғалық оқу іс-әрекетінің нәтижесі бойынша бағалауды іске асыратын, оқушының білім деңгейін тексеру болып табылады. Бақылау жыл бойына жүйелі түрде жүргізіліп тұруы керек, сонымен қатар ол бағдарламаның барлық тарауларын қамтитындай жан-жақты болуы қажет. Оқушылардың білімін бақылау барысында оқыту үдерісін жетілдіруге жаңа мүмкіндіктер ашылады, себебі бақылау оқушылар білімінің тереңдігін бақылап қана қоймай оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін де анықтауға мүмкіндік береді.

Информатиканың өзіне тән пәндік ерекшелігіне қарай оқушылардың теориялық білімі және практикалық жұмыс істеу дағдыларын бөліп алуға болады. Теориялық білімді тексеру үшін ауызша сұрау, жазбаша бақылау, тестілеу сияқты дәстүрлі бақылау түрлерін, ал практикалық дағдыны бағалау үшін практикалық жұмысты қолдануға болады. Информатиканы оқыту барысында оқушылардың білімін бақылау үшін осы дәстүрлі әдістермен қатар бақылаудың дәстүрден тыс түрлері рефераттар, конкурстық жобалар, әр түрлі интеллектуальдық ойындар да қолданылады.

Интеллектуальдық ойын – бұл күрделі, көпқырлы құбылыс. Ол оқыту әдісі ғана емес, білімді бақылау әдісі болуы мүмкін.

Информатика бойынша білім бақылауда интеллектуальдық ойындарды қолдану оқушылардың өзіндік тұлғалық ерекшеліктерін ашуға, сабаққа дайындық деңгейін арттыра түсуге көмектессе, ал мұғалімге оқушылардың білімінде кеткен кемшіліктерді дер кезінде жөндеуіне мүмкіндік береді. Ойын барысында оқушыларда белгілі бір мәселені шешу қабілеті, өз бетінше ойлау қабілеті мен білімге деген құштарлығы оянады. Оқушылардың ойынға қызыққандары соншалықты олар қойылған мәселені шешуге бар ынтасымен тырысып, өз фантазияларын одан әрі дамыта түседі. Интеллектуальдық ойындар мен ойын кезеңдері дәстүрлі оқытумен де жақсы үйлесіп кетеді.

Бүгінгі таңдағы негізгі мәселенің бірі оқушылардың қабілеті мен ынтасын дамыту. Оқушыларды өз бетімен ізденіп жұмыс істеуге, өз бетінше алған білімдерін тәжірибиеде, өмірде пайдалануға үйрету. Сондықтан оқушылардың информатика пәніне қызығушылығын арттыру, ой – өрісін және танымдық қабілеттерін дамыту, шығармашылыққа баулу, өз ойын еркін жеткізу мақсатында мұғалім сабақты түрлендіріп өткізуге, оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыратын ойын

элементтерін пайдалануға өте тиімді. Қазіргі оқыту үрдісіндегі мұғалімнің басты міндеті, оқушылардың шығармашылық іс-әрекетке бастайтын шығармашылық ойлауын қалыптастырып, дамыта білуі. Мұғалімнің негізгі мақсаты оқушылардың білім сапасын көтеру, сабаққа деген қызығушылығын арттыру, іздеу қабілетін, танымын қалыптастыру. Сондықтанда мұғалім әрбір сабақта заман ағымына қарай оқыту әдістері де түрлендіріліп отырғаны оқушы үшін де тиімді. Өз тәжірибелерімде келесі ойын түрлерін: жарыс сабақтар, жұлдызды сағат, кештер т.с.с пайдаланудамын. Оқушылардың информатика пәніне қызығушылығын, ынтасын арттыру, ой- өрісін және танымдық қабілеттерін, даму тарихын еске түсіріп дамыту, шығармашылыққа баулу, өз ойын жеткізе білу және өткенді шапшаң еске түсіру дағдыларын қалыптастыру, әділдікке, шыдамдылыққа, намысқойлыққа жетелеу мақсатында сыныптан тыс өткізілетін сайыстардың маңызы зор. Күнделікті сабақтағы бір сарындылық оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын жоғалтады. Сондықтан сабақты ыңғайына қарай түрлендіріп, әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып өткіссе сабақтың мазмұнын аша түседі. Яғни, тиімді оқыту тәсілдерінің бірі - ойын-элементтерін оқу үрдісінде пайдалану, ойындар ұйымдастыруда оқушыларды қызықтыратын тапсырмалар таңдай білуі - мұғалімнен үлкен шеберлік талап етеді. Сабақта тиімді қолданылған ойын-элементтері – мұғалімнің түсіндіріп отырған материалдарын оқушылардың аса зор ілтипатпен тыңдап, жемісті, сапалы меңгеруіне сенімді көмекші бола алады. Ойын элементтері кез-келген оқушылардың қызығушылығын тудырады. Тіпті нашар оқитын оқушының өзі ойын арқылы берілген тапсырмаларды орындап, қандай да білімді игеріп жатқанын аңғармай қалады. Оқушылардың асқан қызығушылықтарын туғызатын ойындардың бірі – дидактикалық ойындар. Дидактикалық – көп салалы, күрделі педагогикалық құбылыс. Ойын оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер береді. Ойын элементтерімен оқу процесін пысықтау, жаңа сабақты қорытындылау кезеңдерінде, қайталау сабақтарында да пайдалануға болады. Ойын элементтерін пайдаланудың ең бастысы - баланы мұқияттылыққа, еңбекке, жолдастарымен ынтымақта болуға үйретеді. Дидактикалық ойындардың түрлері өте көп. Соның ішінде әртүрлі ойын түрлерін әріптестерімен ұсынып отырмын. Әрбір мұғалімнің мақсаты - сабақ сапасы жетілдіру, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, ізденім-таным деңгейін жоғарылату болып табылады. Қазіргі талап деңгейіне сай оқу-тәрбие процесі арқылы оқушыларға терең білім беумен қатар, ойлау және сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мақсаты көзделеді. Бұл мақсат жеке пәндерді оқытудың алуан түрлерінің бәрінде жүзеге асырылады. Информатика пәнін оқыту барысында оқушылардың логикалық ойлау процесін дамыту үшін дәстүрлі емес әдістерді пайдаланған жөн деп есептеймін.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Сардарова Ж.С. Дамытушы компьютерлік ойындардың мүмкіндіктері 6-10 жас аралығындағы оқыту процесінде./канд.дисс.жұмыс/, 1996ж.
- 2.Т.С.Садыков, А.Е.Абылкасымова «Методология 12-летнего образования» Алматы., 2003 ж.
- 3.К.З.Халыкова «Информатиканы оқыту әдістемесі». Алматы., Білім-2000ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада оқытудың дәстүрден тыс әдістерінің тиімділігі, соның ішінде ойын технологиясының тиімді жолдары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются нестандартные методы обучения и в том числе эффективные методы игровых технологий.

БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНЕ СҮЙІСПЕНШІЛІГІН АРТТЫРУ

Оспанова Р.М. – оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Соңғы жылдары еліміздің білім беру ісінде түбірілі өзгерістер болып жатқаны белгілі. Соның ішінде ең бастысы, әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатындағы алғашқы қадамдар. Білім стандартының жасалуы, басқа да жүріп жатқан реформалар күрделі, қиын, қарама-қайшы белестерді ақырын-ақырын артқа сап, жылжып келеді. Бұл қасиетті істерді мұғалімге қойылар талап та ерекше болып отыр. Мемлекеттік білім саясаты да осы мұғалім арқылы жүзеге аспақ. Сол ұлттық байлықты адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдарымен байланыстыра отырып, әр баланың қабілеті, талантын ашу, өзіне-өзінің сенімін нығайтып, өзіне-өзінің жол ашуына түрткі жасау – міне, бүгінгі білім беру, тәрбие ісінің басты міндеті. Әр мұғалімнің алдындағы сәуле мұраты – өз пәнінен білім беріп қана қоймай, әр баланың «менін» ашу, сол «менді» шығармашылық тұлғаны жетелеу. Шығармашылық дегеніміздің өзі ізденімпаздықтан туады. Бұл жерде ұлы дана Абайдың сөзі еріксіз ойына оралады: «Өзіңе сен, өзіңді сүйреп шығар». Баланың өзіне еріксіз сенімін туғызу, өзінен шығармашылық қасиет, қабілет іздете білуі, өмірден өз орнын тапқыза білуі қаншалықты қиын екені түсінікті.

Болашақ маманның өз кәсібіне сүйіспеншілігін ояту, белсенділігін арттыру, конференция, пікірталас семинар, дәріс семинар, сырттай саяхат, мамандықты қорғау, тағы басқа сияқты сабақтардың түрлерін қолдану үлкен маңызға ие. Бұл өз ретінде оқыту сапасын жоғарылатады, оқушылардың сабақта болып жатқан жағдайға жеке қатынасу ынта мүмкіндік туғызады, кітаппен жұмыс істеуіне үйретеді.

Міне, осы көзқарастан алғанда білімнің міндетті деңгейін анықтау басты міндет болып табылады.

«Педагогикалық технологиялау дегеніміз - оқу үрдісін жобалаудың жүйелік әдісі, оқытудың тиімді түрлеріне жету мақсатында, адам мен технологиялық ресурстарды, олардың ара-қатынасын ескере отырып бүкіл оқу мен білімді меңгеру үрдісін жүргізу, оны бағалау», - дейді Манахов.

Педагогикалық тезднолгияны дұрыс жобалау үшін мынандай 5 элемент қамтылу керек.

1. Мақсат қою! (курс, тарау, т.б.)
2. Болжау. Оқушылар еңбегін болжау дегеніміз: деңгейлік оқытуға бағытталып құрылған өздік жұмысы.
3. Оқушылардың сабақтан тыс өз бетімен орындайтын жұмыстары.
4. Логикалық құрылым. Шағын мақсаттың мазмұны мен саны оқушылардың даму аймағын және уақыт бойынша әр аймақтың ұзақтығын анықтайды.
5. Тузету. Қарастырылып отырған сұрақтағы мүмкін болатын қиындықтар: оқушылардың көп жіберетін қателері, оқушының оқу стандартты деңгейіне көтерудің педагогикаға тән шаралар жүйесі.

Кеңес дәуірінде білім беруде бұл ұғым ашық, нақты айтылмағанмен, оның астарында жалпы білім берудің мемлекеттік нормалары болды. Ал қазір заман талабына сай сол нормаларды нақтылап жүйелеу қажеттігі тұр. Мемлекеттік стандарт дегеніміз - мемлекеттік норма ретінде қабылданатын параметрлер жүйесі. Параметрге білім мазмұны құрамы, құрылым, оқу жүктемесі көлемі, оқушылық дайындық деңгейі, оқу нәтижесі көрсеткіші, оқу нәтижесі өлшемдері, т.б. жатады. Жалпы стандарт білім алудың көп нұсқалы жағдайында білім беру кеңістігінде бірыңғайлықты сақтауға мүмкіндік береді.

Мұғалім атану оңай, ал шын мәнінде Ұстазға айналу қиынның қиыны болып табылады. Қатардағы мұғалімнен ұлғатты ұстазға айналу үшін барлық замандағы

ғылым мен білімнің құпия қазынасын ашудан жалықпайтын, алтыннан да қымбат уақытының әр сәтін тиімді пайдалана алатын, өзіндік шығармашылық жүйесі бар, өзіне нық сенімді, ең бастысы, ұлтына, түс-тұлғасына, әлеуметтік жағдайына қарамай барлық баланы жақсы көретін, өз өмірі мен парасаттылығы маңайындағыларға үлгі боларлықтай тұлға болуы қажет. Сонда ғана кез келген адам білім нәрін ойланбастан терең сіңіре алады. Болашақ маман иесінің жолын қууға ұмтылады. Қорыта келіп ой түйгенімде

Кәсібіңе сүйіспеншілікпен қарауың,
Білім нәрін жан жағынан тануың,
Мақсатыңды жетік біліп,
Биік шыңға жетуің,
Оқушыны еліктіре білуің,
Мәңгі өшпес шырақ жағып кетуің,
Еңбегіңнің жемісін жей білуің,
Жетістіктің жетегінде кетуің.

Баланың кейінгі және болашақтағы білімі бастауыш буындағы білімінің сапасына тікелей байланысты. Кіші мектеп жасынан оқушының негізгі ерекшелігін, білімін, қызығушылығын ашып, оқу үрдісін бала талпынатындай және қызығатындай ұйымдастыру керек. Сонда ғана біз жас ұстаздарды кәсіби қызметіне сүйіспеншілігін арттырамыз

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Бұлақбаев, 2008ж
2. «Аружан» журналы, 2008ж. №5
3. «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамыту тұжырымдамасы мен 2005-2010жылдарға арналған білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы», Қазақстан мектебі, 2006ж №2
4. «Қазақстан Республикасының 2015- жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы», Қазақстан мектебі, 2005ж №5
5. «Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама», Алматы, 2009ж

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада болашақ маманның кәсіби қызметіне сүйіспеншілігін арттыру жолдары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о профессиональной деятельности будущих специалистов.

СИСТЕМА СПОРТИВНОЙ ПОДГОТОВКИ ИГРОКОВ В НАСТОЛЬНОМ ТЕННИСЕ И БАДМИНТОНЕ

Оспанова Г.Н.- ст. преподаватель, Кухаренко А.Б. – ст. преподаватель
(г.Алматы, КазгосженПУ)

Система спортивной подготовки игроков в настольный теннис и бадминтон – это практическая деятельность по подготовке спортсменов, основанная на совокупности знаний о средствах, методах, организационных формах и условиях обеспечения оптимальной готовности теннисиста и бадминтониста к спортивным достижениям.

Спортивная подготовка – многофакторный процесс, охватывающий тренировку игроков в настольный теннис и бадминтон, подготовку к соревнованиям и участие в них, организацию тренировочного процесса и соревнований, научно-методическое и медицинское обеспечение тренировок и соревнований, а также создание необходимых условий для сочетания занятий спортом и учебой или работой и отдыхом.

Спортивная подготовленность игроков в настольный теннис и бадминтон представляет собой результат спортивной подготовки, выражающейся в достижении определенного уровня развития общефизических и специальных спортивных качеств, умений и навыков, необходимых для участия в соревнованиях.

В подготовке игроков в настольный теннис и бадминтон принято различать следующие органически взаимосвязанные между собой виды подготовки: физическую, техническую, тактическую, психологическую, интеллектуальную, интегральную (или игровую) и теоретическую. Каждый вид подготовки имеет свои определенные цели и задачи, которые определяются не только общими направлениями физического воспитания, но и спецификой настольного тенниса и бадминтона. В то же время совокупность всех видов подготовки обеспечивает достижение общих и специальных задач подготовки игроков в настольный теннис и бадминтон.

Все виды подготовки игроков в настольный теннис и бадминтон в определенной степени значимы и взаимно дополняют друг друга. Они интегрируются в игровой подготовку, которая состоит из учебных, тренировочных, товарищеских и календарных игр и способствует объединению всех видов подготовки в один игровой процесс, отражающий специфику соревновательной деятельности.

Для достижения высоких спортивных результатов необходимо всестороннее развитие двигательных способностей. Для этого в программе подготовки теннисистов и бадминтонистов предусмотрен соответствующий материал для их развития и совершенствования.

Физическая подготовка – неотъемлемая часть в настольный теннис и бадминтон на всех этапах становления и совершенствования спортивного мастерства.

Физическая подготовка теннисистов и бадминтонистов направлена на решение следующих задач.

1. Повышение уровня разностороннего физического развития и повышение функциональных возможностей организма (функциональная подготовка).
2. Укрепление опорно-двигательного аппарата.
3. Воспитание основных физических качеств (силы, быстроты, выносливости, ловкости, гибкости), а также развитие связанных с ними комплексов физических способностей, обеспечивающих эффективность игровой деятельности теннисистов и бадминтонистов, таких, как скоростные способности, игровая ловкость, мощность ударных движений, выносливость, прыгучесть.
4. Повышение психологической подготовленности.
5. Создание условий для активного отдыха и восстановления организма в период снижения тренировочных нагрузок.

Психологическая подготовка спортсмена – это, прежде всего процесс формирования личности. В воспитании личности спортсмена выделяют такие направления:

- формирование мотивации тренироваться и соревноваться;
- совершенствование процессов мышления и развитие сообразительности;
- воспитание спортивного характера (воли, эмоциональной устойчивости и т.д.);
- формирование индивидуального стиля деятельности;

Охарактеризуем некоторые свойства, определяющие личность игрока в настольный теннис и бадминтон.

Решительность – свойство воли, которое помогает игроку вовремя принять правильное решение и без промедления решить ситуацию оптимальным действием – ударным актом. Важную роль в решении имеет предвидение игровой ситуации – антиципация.

Самообладание – свойство воли сосредоточиться во время тренировок и соревнований, управлять эмоциями, контролировать себя в сложностях борьбы.

Самостоятельность – свойство спортсмена верить в свои силы без посторонней помощи. Оно проявляется в индивидуализации подготовки и соревновательной деятельности (тактика, анализ, видеозаписи, планирование и т.д.)

Самоконтроль – систематическое исследование своих поступков, здоровья, уровня моторных способностей, изменение кондиции и функций при тренировочных нагрузках. Ведение дневника, видеозаписей помогает регулированию тренировочного процесса, объему и интенсивности нагрузок, реакции, а также анализу выступления на соревнованиях.

Сосредоточенность – способность игрока быстро реагировать на ситуацию и игру, на деятельность соперника. Основа – внимательность и готовность действовать в основном игровом положении – исходной стойке, а также при действиях – ударах.

Психическая выносливость, стабильность – способность показать спортивную подготовленность, самообладание в длинном поединке или серии встречи или предыдущий результат встречи, «неприятная ракетка» (например, «длинные пупыри») и стиль игры соперника, правильная тактика в заключительных фазах (концовках) партий; оптимальная активность, эмоциональность и т.д.

Важное свойство – наблюдательность (быстро угадать ситуацию, смену ситуаций, поведение соперника и т.д.)

В качестве основных объектов комплексного психологического контроля выступают четыре формы психической готовности спортсменов, соответствующие конкретным требованиям осуществления ими соревновательной деятельности:

1. Общая готовность к спортивной деятельности;
2. Готовность к осуществлению спортивно-соревновательных действий в условиях конкретного этапа подготовки.
3. Текущая готовность к выполнению спортивных действий, соответствующих требованиям учебно-тренировочного процесса.
4. Непосредственная готовность к исполнению соревновательных действий в конкретных состязаниях.

Интеллектуальная подготовка тесно связана практически со всеми другими видами подготовки, так как имеет прямое отношение к формированию рациональных основ мотивации спортсмена, его волевой и специальной психологической подготовке, обучению технике и тактике игры, совершенствованию технико-тактического мастерства, воспитанию физических способностей.

Интегральная подготовка представляет собой систему тренировочных воздействий, нацеленную на максимальную реализацию тренировочных эффектов отдельных сторон подготовки (технической, тактической и др.) в целостной игровой соревновательной деятельности. Все виды подготовки между собой взаимосвязаны и в

процессе различные педагогические задачи должны решаться сопряжено, т.е. одновременно. По этому очень важно, применяя обширный арсенал средств и методов тренировки из отдельных видов подготовки, добиваться, чтобы все это реализовывалось в игровых действиях в процессе соревновательного противоборства, где слиты воедино техника и тактика, физические, моральные и волевые качества, а также теоретические знания и игровой опыт.

Основными задачами интегральной подготовки являются:

1.Осуществление связей между видами подготовки – физической и технической, технической и тактической, морально-волевой и теоретической, волевой и физической, технико-тактической и теоретической, технико-тактической и физической;

2.Достижение стабильности игровых навыков в сложных условиях соревнований;

3.Реализация физической, технической, тактической, теоретической и морально-волевой подготовленности в единстве игровой деятельности.

Наряду с общей направленностью интегральной подготовке, предусматривающей комплексное совершенствование целесообразно выделить следующие преимущественные направления:

- Совершенствование индивидуальных технико-тактических действий;
- Совершенствование парных технико-тактических действий;
- Совершенствование способности к предельной мобилизации функциональных возможностей;

- Совершенствование способности к переключению максимальной двигательной активности на периоды относительного расслабления с целью обеспечения высокой работоспособности;

Главные методы интегральной подготовки – это методы сопряженных (совмещенных) воздействий, а также игровой и соревновательной. Высшими формами интегральной подготовки являются учебные, контрольные и соревновательные игры.

В процессе многолетней подготовке теннисистов и бадминтонистов в структуре годичной тренировки и отдельных макроциклов объем средств интегрального воздействия должен увеличиваться по мере приближения к ответственным соревнованиям – на этапе максимальной реализации индивидуальных возможностей в многолетней подготовке и в соревновательном периоде макроцикла. Это позволяет планомерно увязывать возрастающий функциональный потенциал спортсмена с реальными требованиями, диктуемыми необходимостью успешного обеспечения соревновательной деятельности. В то же время средства интегральной подготовки могут успешно применяться и в других периодах и на других этапах совершенствования спортивного мастерства теннисистов и бадминтонистов.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Барчукова Г.В. Соревновательные и тренировочные нагрузки в настольном теннисе//Сборник трудов молодых ученых и студентов РГ АФК
2. Г.В. Борчукова, А.С. Фомичев. – М., 2000.
3. Богушас В. Ракеткой мастерски владей/В.Богушас. – М.,1986
4. Барчукова Г.В. Настольный теннис в вузе: учебное пособие для студентов не физкультурных вузов/Г.В. Барчукова, А.Н. Мизин. – М., 2002г.
5. В.А. Лепешкин Бадминтон для всех. – Ростов-на-Дону, 2007.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада стол теннісі мен бадминтон ойыншыларын дайындау әдістемелерін қолдану мен үйрету.

РЕЗЮМЕ

Статья о применении различных видов спортивной подготовки игроков в настольном теннисе и бадминтоне.

ИНФОРМАТИКАДАН ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС САБАҚТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ


Өтелбаева А.Қ.- оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазіргі таңда дәстүрлі оқыту әдістемесінің заман талабына сай толық білім беруге, меңгертуге кепілдік бермейтіндігін мектеп тәжірибесі көрсетіп отыр. Дәстүрлі педагогикалық білім мазмұны негізінен танымдық сипатта беріліп келді. Оның дидактикалық-әдістемелік бөлігін құрайтын жаттығулар, сұрау-тапсырмалар сол танымдық материалды меңгеруге қызмет ететін мақсатта құрылатын. ХХІ ғасырда білім берудің жаңа парадигмаға сай мектептерде дәстүрлі емес сабақтарды жүргізу өте үлкен мәселе болып отыр.

Яғни, осындай мәселелерді информатика сабағында қолданып қарастырып өтуге болады. Ол үшін мектепте информатиканы оқыту әдіс-тәсілдеріне кеңінен тоқталып өтіп және оны қазіргі мұғалімнің шығармашылығымен, ақпараттық мәдениеттілігімен ұштастырып қарастыруымыз қажет. Мектептегі оқу процесінің негізгі мақсаты – арнайы педагогикалық әдістермен жүйелі түрде оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, оқушының табиғи дарындарын пайдалана отырып, өз бетінше білім алудың негізін салу болып табылады. Компьютерлік сыныпта өткен сабақта үйреншікті тыныштық жоқ. Сабақ кезінде оқушылар пробле-маларды талқылайды, сабақтың барысын қызығушылықпен бақылайды. Сабақ оқытудың ұйымдастырылған түрі ретінде – динамикалық құбылыс. Ол педа-гогикалық процестің негізгі даму тенденцияларын оның біртұтастығы бағытында бейнелей отырып, ұдайы дамиды. Бәрінен бұрын ол оқытудың үш бірлік – білім беру, тәрбие, даму қызметін тиімді іске асыруда көрінеді, олай болса, оқушылардың табиғи қасиеттерін шығармашыл дамытуға бағыттал-ғанымен де көрінеді. Сабақты дамытудың басқа тенденциясы сабақты өмірлік маңызды мазмұнмен толықтыруда, оқытуды оқушы өмірінің табиғи құрамдас бөлігі ретінде ұйымдастыруда көрінеді. Осыған байланысты сабақ танымның арнайы ұйымдастырылған формасы болып қана қоймайды, сондай-ақ әлеуметтік және адамгершілік тұрғысынан алғанда толыққанды араласу болып табылады.

Дәстүрлі емес сабақтың құрылымының нәтижелі болуы мұғалімнің шығармашылығымен іске асады. Мұғалім ең алдымен, сабақтың жоспарын жеке тұлғаның шығармашылығын дамытатын мақсат қойып құрып алу қажет. Дәстүрлі емес сабақтың өту барысының өз мақсатына жетуі үшін сабақ жоспарында төмендегі сызбадағы байланыстылық орындалуы қажет.

Дәстүрлі емес сабақтың жоспарындағы байланыстылық



1. Сабақтың мақсатында оқушылардың теориялық білімін, тарихи тұрғыдан білімін арттыру, ғылыми ізденушілігін қалыптастыру, практикалық тұрғыдан үйрету қажет. Сонымен қатар, оқушының пәнге қызығушылығын шығармашылық қабілетіне ұштастырып, оқыта отырып дамытып, тәрбиелеу қажет.

2. Мұғалім мен оқушылардың шығармашылығының жүзеге асырылу нәтижесінде сабақ өз деңгейінде орындалған шығармашыл сабаққа ұласады. Ал, шығармашыл сабақ дәстүрлі емес сабақтың озық түрі болып табылады. Осындай озық сабақты өту үшін мұғалім көп ізденушілікпен еңбек ету қажет, сонда ғана оның сабағында оқушының шығармашылық қабілеті артады. Негізінен дәстүрлі емес сабақтың өзі шығармашылық сабақ болып табылады. Шығармашылық сабақ аралас сабақ түрінде құрылады. Шығармашылық сабақтың А.В.Хуторский мынадай типтерін атайды: когнитивтік; креативтік; ұйымдастыру іс-әрекет; коммуникативтік.

3. Сабақта білімді өмірдегі практикамен ұштастыра отырып, оқушыны қоршаған ортаға баулып жан-жақты дамытуға болады. Оқушы сабақта өтіп жатқан тақырыпты өмірден мысал ала отырып, байланыстырса оның кәсіби практикалық тәжірибесі шыңдала түседі. Ол үшін, мұғалімге өмірден алынған мысалдарды өз сабағында қосымша тапсырма түрінде енгізіп отыруы қажет.

4. Сабақта оқушылардың білімдерін дамыту үшін дидактикалық тапсырмаларды әр сабақ сайын түрлендіріп отыру қажет, яғни оқушы бір тапсырма түрін ғана орындап отырмай, ол әр түрде жасалған дидактикалық тапсырмаларды орындау қажет. Сонда оқушының сабақта қызығушылығы, белсенділігі, еңбек-қорлығы арта түседі.

5. Сабақта білімді дәстүрден тыс бағалау нәтижесінде оқушының өз біліміне сәйкес баға қойылады. Ол үшін сабақтың әрбір кезеңінде орындалған тапсырмалар ұпайға сәйкес бағаланып отыру қажет. Ұпайға сәкес бағалауда білімді бағалау картасы қолданылып, оған әр оқушының тапсырманы орындаған ұпайлары жазылып, ең соңында қорытынды ұпай бойынша білімдері бағаланып отырады.

Субъектілік басқару ұғымы дәстүрлі емес сабақ жүргізу формасымен тікелей байланысты. Төменде дәстүрлі және дәстүрлі емес сабақ формаларының кейбір салыстырмалы мысалдары көрсетілген:

Элементтер	Мұғалімнің дәстүрлі басқаруы	Субъектілік басқаруы
Мақсат	Білім, шеберлік және дағды қалыптасуы	Оқушының шығармашылық көзқарасының дамуы
Оқудағы әдіс-тері мен тәсіл-дері	Даяр білімді жеткізу, үлгі бойынша оқыту, механикалық еске сақтау, ауызша түрде жеткізу	Шығармашылық тәжіри-бемен жеткізу
Оқу материал-ының мазмұ-ны	Оқытылатын материал оқулық маз-мұнымен сәйкес келеді, хабар-лардың жеткізілуі факті негізінде беріледі	Оқулық аясынан тыс мазмұндау, өзектілік критерийлеріне мазмұнның сәйкестігі, сын тұрғысының белсенділігі

Материал ды тү- сіндірудегі мұ- ғалімнің іс-әре- кеті	Басымдылық, түсіндіру мен бақы-лау мұғалімнің әрекетімен орында-лады	Оқу нәтижесін бағалауда, жоспарлауда, мақсат құру-да, шешім қабылдау істерінде мұғалім мен оқушының бірлесіп жұмыс істеуі
-------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Осындай мұғалімнің шығармашылығымен, ізденпаздығымен білім беру барысында қалыптасқан дәстүрлі емес сабақ барысында оқушы іс-әрекетінен төмендегідей жетістіктерді байқауға болады:

1. Оқушы жеке тұлғалық қабілеттілігімен сабаққа ынталанады;
2. Өтілген тақырыпты игеріп, қиын тапсырмаларды игереді;
3. Ізденіс іс-әрекетіне баулу жолдары арқылы шығармашылық қабілеті дамиды;
4. Мұғалімнің басшылығынсыз өз идеяларын жеткізе біледі;
5. Сабақта өзі қызығатын тақырыпты таңдап, мұғалімнің басшылығымен ғылыми ізденістерге талпынады.

Сонымен, информатика сабағын дәстүрлі емес сабақтармен ұйымдастырып өту барысында мұғалім мен оқушының оқу әрекеттері шығармашылық қабілет-терімен ұштасуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Брунер Д.Ж. Процесс обучения. М., «Педагогика», 1962.
2. Мамигонова Т.А. Дидактическая основа технологии интенсивного обучения / Под ред. Т.И. Шамоной. – М., 1993.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада информатикадан дәстүрлі емес сабақтарды ұйымдастырып өткізуде мұғалімнің шығармашылығы мен оқушының жетістіктері қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается творчество преподавателя и достижения учащихся при организации и проведении нестандартных уроков по информатике.

САБАҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Пазилова Б. А.- аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Жоғары білім-қоғамның әлеуметтік және экономикалық жағынан дамуының шешуші факторы болса, білімді де білікті маман-қоғамның ең негізгі құндылығы. Осыған орай білім берудің басты мақсаты-студенттердің шығармашылық ойлауын, рухани мәдениетін, интеллектуалдық дамуын оқу пәндерінің мүмкіндігі арқылы қалыптастыру, соның негізінде студентті және тұлға, білікті маман ретінде тәрбиелеу болып отырғаны белгілі. Мақсатымыз айқын, ал нәтиже қандай? Нәтиже маманның кәсіби әрекетінде игерген білімін кез-келген жағдайда қолдана білу қабілетінен, яғни алған білімінің сапасынан байқалады. Ондай қабілетті дамыту үшін жоғары мектеп білім беруді жан-жақты жетілдіру, оқу мен тәрбиені кешенді жүргізу, студенттің өз бетімен білімін толықтыру, ғылым мен мәдениеттің жетістіктерін тиімді пайдалана білу іскерліктерін қалыптастыруға үлкен мән береді. Осыған орай оқу бағдарламалары мен оқу-әдістемелік құралдардың мазмұнын заман талабына сай құру,

оқыту технологияларын оқу үрдісіне енгізу арқылы білім сапасын көтеру, білім беруді ұйымдастырудың тиімді формаларын іздестіру сияқты жұмыстар жүргізіліп келеді. Бұл орайда ең негізгі мәселе - оқытушының кәсіби шеберлігі, оқытудың теориясы туралы білімі, технологиялық білімі, пәндік білімі, сол білімін өзінің педагогтік әрекетінде тиімді пайдалана алуы маңызды рөл атқаратыны белгілі. Себебі оқытушы студентке білім беріп қана қоймайды, білім арудың жолын, әдіс-тәсілін үйретеді, білім алушыларды өз бетімен ғылыми - шығармашылық ізденіске бағыттайды, олардың кәсіби маман ретінде жан-жақты қалыптасуына мүмкіндік жасайды. Бұл - оқытушыға қойылатын негізгі талап. Ал оқытушының бәрі осы талап биігінен көріне ала ма деген мәселенің ойландыратыны заңды. Оқытушының кәсіби шеберлігі теориялық материалды еркін менгеруі оны тиімді жеткізе білуінде. Оқытушы тек бір саланың маманы ғана емес, оқу үрдісін ұйымдастырушы ретінде де көрінуі керек. Оның бір көрінісі-материалдық сипатына, сабақтың мақсатына қарай тиімді әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдау, оны тиімді пайдалана алу, студенттердің танымдық-ізденімпаздық, рухани шығармашылық қабілетін оята білу. Демек, маман дайындаудың сапасы оқытушылардың теориялық, әдістемелік және ғылыми деңгейіне тікелей қатысты. Оқытушының бойында мұндай қабілеттің бар-жоқтығын қалай тексеруге болады? Осыған орай оқытушының оқыту ісіне педагогикалық бақылау жүргізудің маңызы зор.

Оның басты мақсаты-оқу-тәрбие жұмысының теориялық және ғылыми-әдістемелік деңгейін, маман дайындаудың сапасын көтеру. Тексеру, бақылау қызметін (оқу-тәрбие үрдісінің жай-күйін, мазмұнын, білім беру талабына сай болуын, әдіс-тәсілін, ұйымдастыру формасын), педагогикалық қызмет (оқу-тәрбие жұмысының тәжірибесін талдауға, жүйелеуге, тиімді жақтарын оқыту үрдісіне енгізуге, келешекке болжамдар жасауға мүмкіндік береді), тәрбиелік қызмет (өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, өзіне-өзі талап қоюға, оқытудың тиімді жолдарын ізденуге), ұйымдастырушылық қызмет (сабақты оқу жоспарына, оқу бағдарламасына сай өтуді, уақытты дұрыс пайдалануға, студентті қызықтырудың жолдарын қарастыруға мүмкіндік береді) атқарады. Білім берудегі нәтиже екі жақтың білім алушы мен білім берушінің бірлескен әрекетіне тікелей байланысты. Яғни студенттің игерген білімін тексеру олардың бойында оқуға, білім алуға деген үлкен жауапкершілік, берілген тапсырманы дер кезінде орындау, өз уақытын дұрыс пайдалана білу, өз білімін толықтырудың тиімді жолдары мен әдістерін іздену сезімдерін қалыптастырады. Әсіресе, ғылым, сол арқылы келетін білімнің мәнін түсіну, оның қоғам өмірінде атқаратын рөлін, келешек мамандығына терең білім мен біліктіліктің қажеттілігін, соған орай жақсы маман болып шығуға әрекет жасауға тырысу өте маңызды. Бұл орайда негізгі білім алатын пәннің ғылыми негізі, оны игертетін оқытушының білімі мен біліктілігі үлкен рөл атқарады. Осыған орай студенттің білімін тексеру (ол жүйелі жүргізіледі) оқытушының педагогтік әрекетін тексеріп, бақылап отыру қажет. Оқу үрдісіндегі тексеру жүйесінде студенттің білім алуы негізгі орынды алады. Мұндағы басты ұстаным-әр студенттің оқу әрекетін жоғары талап деңгейінде ұстап отыру. Осы мақсаттан кафедра мұғалімдері жоспарлы түрде ашық сабақ өткізеді. Ал оны жан-жақты талдау үшін, яғни оқытушының жұмысын өз деңгейінде бағалау үшін белгілі бір меже болуы тиіс.

Оқыту үрдісіне педагогикалық бақылау 3 түрлі бағытта жүргізіледі:

оқытушының сабақты ұйымдастыруы, пәннің мазмұнын жеткізу және әдістемелік шеберлігі.

Оқытушының сабақты ұйымдастыруын бақылауда мынадай мәселелерге көңіл бөлінеді:

-сабақтың сабақ кестесіне сай және өз уақытында басталуы (тақырыптың аты, өтілген орны, сабақтың түрі);

-оқытушының сабаққа дайындығы (қажетті құрал-жабдықтары, оқу-әдістемелік кешені, көрнекілігі);

-студенттердің сабаққа дайындығы (қажетті құрал-жабдықтары);

-студенттердің конспекті жазуын қадағалауы;

-уақытты дұрыс пайдалануы;

Тексеру барысында теориялық материалдың (лекция) мазмұнына қатысты мынадай мәселелерге көңіл бөлінеді:

-сабақтың тақырыбының бағдарламаға сәйкес келуі, мақсатының дұрыс қойылуы;

-тақырыптың толық және жан-жақты ашылуы, ой қорытуы, мақсатына жетуі, студенттердің материалды саналы және терең игеру деңгейі;

-дидактикалық ұстанымдардан: ғылымилық, бірізділік, жүйелілік, көрнекілік, проблемалық ұстанымдар мазмұнына сай қолданылады ма, қайсысы тиімді болды;

-студенттердің әрекеті, белсенділігі, тақырыпқа қызығушылығы;

-сабақтың құрамы мен типінің дұрыс таңдалынуы;

-сабақтың ғылыми-теориялық деңгейі (ғылыми зерттеулерді, ғылымдағы соңғы жетістіктерді пайдалануы);

-сабақтың кәсіби бағыттылығы, теорияның практикамен, келешек мамандығы мен байланысы;

-оқу материалын жеткізудегі логикалық бірізділігі;

-өткен материалмен, басқа пәндермен байланысы;

Сабақты өткізу әдістемесі жағынан мына мәселелерге көңіл бөлінеді:

-сабақтың тиімділігін көтеруде оқытудың жаңа технологиясы оның элементтерін, озат тәжірибе, оқытудың актив әдістері мен тәсілдерін пайдалануы;

-сабақтың құрылымы (мақсат қоюы, негізгі мәселені бөліп ала білуі, оны мағыналық жағынан басқа бөліктермен байланыстыра алуы);

-сабақта қолданылған әдістің тиімділігі және оның дидактикалық мақсатқа жетуге әсері;

- пәндік білім, оған студенттердің қызығушылығын туғызу іскерлігі, дәрісхананы басқара алуы, кері байланыс, білім алушылардың белсенділігі;

-сабақтың құрылымдық элементтеріне қарай уақытты тиімді пайдалана алуы;

-оқытушының сөйлеу мәдениеті, сөзінің мәнерлілігі, әсерлілігі;

-студенттердің сөйлеу мәдениетіне мән беруі;

-сабақтың мазмұны мен өткізу әдістемесінің тәрбиелік міндетті шешуге әсері;

-мәдени қарым-қатынас деңгейі;

-студенттердің қойған сұрақтарына оқытушылардың берген жауабының мазмұндылығы, нақтылығы, олардың білімі мен іскерлігін дұрыс бағалауы;

-студенттердің практикалық және әдістемелік дағдысын қалыптастыруға көңіл бөлінуі;

-игерген білімді бекіту әдістемесі;

-дәрісхананың ерекшелігін ескеру, білім алушылармен жеке жұмыс;

-сабақта қолданылған технологиялық құралдар, оның материал мазмұнын игеруде тиімділігі.

қытушының сабағына талдау осы межелердің нәтижесіне қарай бағаланады. Нормативті құжаттарда бағалау туралы арнайы айтылмайды. Алайда, оқытушылардың сабақ беру шеберлігі теориялық білімі, студенттерді бағалай алу қабілеті бәрінде бірдей емес. Сондықтан олардың оқыту әрекеті сараланып бағалануы тиіс деп ойлаймыз.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада сабақты ұйымдастырудың тиімді жолдары көрсетіледі.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются полезные методы организации урока.

ҚЫЗДЫҢ СӨЙЛЕУ ӘДЕБИ

Пірімқұлова Б.З – мұғалім (Ақтобе қаласы №33 мектеп)

Қыздың сөйлеу әдеби ғылымның нысаны болмақ керек. Адамзат баласы дүние есігін ашқаннан бері қоршаған ортаға әсер ету үшін қоғам мен табиғаттың даму заңдылықтарын зер сала зерттей, тынымсыз тану үстінде ол туралы ілім-білім жүйесі - ғылым қалыптасты.

"Ана тілі дегеніміз — сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады. Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді " дейді көркем сөздің хас шебері Ғабит Мүсірепов.

"Ана тілі" ұғымында екі түсінік бар: бірі - тар мағынада алғанда ананың сөз саптау салты, тілдік ерекшелігі, екіншісі — кең мағынада ұлттың тілі.

"Ана тілі" ұғымы ғылымда кездесетін "әйел тілі" ұғымымен мәндес. Біз мынандай анықтама ұсынамыз: Әйел тілі - тілдік бірліктің вербальдық жіктелуі (тілдік) және ым тілі амал-тәсілі (тілдік емес) құбылысының атауы, соның ішінде тек қана әйелдерге қатысты тілдік қолданыстар мен хабарлауға кіретін, сондай-ақ әйел жынысымен әдепті сөйлесуге болатын тіл.

Ана туралы қазақ көсемсөздің хас шебері Баубек Бұлқышев былайша толғайды:

...Ананың тілі, ананың махаббаты, анасының тілегі тіл жетпес жатқан бір теңіз емес пе? Па шіркін, ананың айналып-толғанғаны кімнің есінен кетеді!

Шырылдап жерге түскеннен-ақ сенің ең бір жақының, ең бір досың, ең бір ұстазың бар. Ол - ана: кара жерді баспай жатып, есіңді білмей жатып, тырмысып жабысатының, шырылдап уанбай жылап сенің іздейтінің - ана. Сен жан болып дүниеге келдің. Сенің іздейтінің бір-ақ жан. Ол - ана. Ол саған бәрінен қамбат. Сен үшін ол жалпақ дүниеден де үлкен. Сондықтан да сен бір-ақ жанды білесің. Ол — ана.

Міне, анаға деген махаббат сенің құндақта жатқан күніңнен-ақ басталады. Ананың жолы басқа. Ана деген сөздің өзі ыстық. Ана десе толқымайтын жүрек, тасымайтын қан, сезбейтін сезім болуы мүмкін емес!

Мен білетін қазақ әйелі, қазақпын дейтін қарт, көз, кара баланың анасы, сенің жүрегің нәзік, сенің махаббатың балаға тіл жеткісіз биік.

Қазақ ақ тілек, ақ ниет, ақ пейілді анаға байланыстырады. Алып - анадан. Қонақжайлылық дәстүріміз, бар жақсылық әйелдерден бастау алады. Әйел жөнінде қазақтың не бір қанатты сөзі бар. Әйел бейнесі қазақ мақал-мәтелдерінде шебер суреттеледі. "Әйел-тіршіліктің түп тамыры", "Әйел жолы жіңішке" дейді халқымыз. Қазақстанда көп балалы әйелдер "Алтын алқа", "Күміс алқамен" марапатталады. Қазақ халқының менталитет, гендерлік, тұғырда дараланады, - қызын ар деп, ұлын нар деп білген [1].

Халқымыз қызын мәпелеген, жан-жүрегі елжіреп, мейірімі түсіп тұрған. "Гүл өссе - жердің көркі, қыз өссе - елдің көркі", "Қыз емес, қыздың аты - қызыл алтын, Көрінер толған айдай жүзі жарқын", "Шешесін көріп, қызын ал" дейді халқымыз. Ер-тұрманы әшекейлі сұлу Жорғаларды қызға мінгізген, ең құнды затты қыздың жасауына қосқан. Аталарымыз қыздың нәсібі болады, ол үйдің төріне шықсын деп, қызды төрге, ең сыйлы орынға отырғызған. Қыз алдында дөрекі сөйлемей - қазақтың ежелгі дәстүрі. Бірақ халқымыз қызды тым еркіне жібермеген. "Қызға қырық үйден тыйым, қала берсе, кара күннен тыйым дегені - соның дәлелі.

Айтып-айтпай немене, тілдің ұрпақтан ұрпаққа ұласуы келінге байланысты. Ата-енемен жақын болған, күйеу мен қайнағаға іззет көрсететін, қайын сіңілі мен сыйлас келіннің сөзі де, ісі де ұрпаққа үлгі. Қазақ келінін аса құрметтеген. Оны өз қызы

арқылы тәрбиелеген. Әдетте "Қызым, саған айтам, келінім, сен тында" деп құлаққағыс еткен.

Қазақтың ұлы ағартушысы : әрі этнографы Ыбырай Алтынсарин өзінің лингвистикалық еңбектерінде әйел тілін этнографиялық шығармашылығында келін тілін арнайы сөз қылады. Қазіргі ауылдық жердегі ескі дәстүрмен тәрбиеленген келіндер атасының, қайнағасының, әжесінің қайнысінің аттарын атамай, еркелетіп ат қою дәстүрін сақтап келеді. Бұл - өз алдына жеке сөз ететін мәселе. Ал қыз сөзінің, сөйлеу әдебі жөні мүлде басқа. Қазақ қызы - әлемдік әйел затының құрамдас бір бөлігі. Әйел - қыз емес, бірақ оның қызға деген ықпалы зор. Қыздың тілі анасына қарап шығады. Шешесі тілге келгенде шерменде болса, қызы қайтіп анасынан өнеге алсын! Екі түрлі анадан екі түрлі қыз өседі. Ала тілінде сайраған қазақ қызы мен орыс тілді қазақ қызы — екеуі екі түрлі әлем.

(Мөңке би) бөгде тілді ұлға шықса, бір жөні болар-ау, тек екеуі бірдей жатұлттық боп, "ұл ұрымға, қыз қырымға" кетсе - қасірет шегу сонда болар!

Қыз деген — басына үкі тағып, үлпілдеп өсіп, ерке күн кешкен, өзге босағаны аттамаған, етегін жел ашпаған бүлдіршін.

Қазақ қызды сыйлап, ерекше құрметтеген. Қызды, қайталап айтамыз, төрге отырғызған. Қазақ эпосында, мысалы, былай дейді:

Түреге күйеу іззет қып,
Қыздарға төрден жай берді.
Гүлбаршын сұлу айдай боп,
Қысыр емген тайдай боп,
Оң жағына барды енді.[1].

Қазақта көшті қыз бастаған.

Көшкенде көштің көркі - көгершінім...-, дейді ескі жырда.

Даудың түбін қыз бекіткен.

Судың түбін шым бекітеді,

Даудың түбін қыз бекітеді,-дейді [2]. . Қызды олжа деп сөйлеу де кездеседі: Қыз деген ердің олжасы,

Әлі жеткен алады, - дейді Алпамыс жырында [3]. Қызды алдымен жеңгесі мәпелеп, қадірлеген.

Асан Қайғы: Қадірін жеңге білмесе,

Қыздың аты - қыз. "Кеткен қыз шиден тысқары". Ерге шықпастан оң босағада босанған қыз - қыз емес, қырқын.

Біздің қазақ дұрыс айтады: "Қызды кім айтпайды, қымызды кім ішпейді". Қызды әлемнің қанша халқы болса - соның бәрі жақсы көреді. Кімнің болса да жаны сүйетіні қыз, қыз болғанда да пәктігі сақталған қыз және бұл - кездейсоқ емес, анығы сол - мұның өзі телегония тиімділігі атты ғылымға құрылған.

Бұл қағиданың иесі - XIX ғасырда атақты Чарльз Дарвиннің досы, Лорд Мортон кейін Феликс Ледантек өзінің "Жеке адам, эволюция, ұрпақ жалғастығы және жаңа дарвинстер" деген еңбегінің "Телегония немесе алғашқы айғырдың әсері" атты тарауында әйелдің ұрпағының қандай болмағына ол төсектес болған бірінші еркектің ықпалы зор болатынын, ұрпақтың генефондын баланың өз, әкесі емес, сол алғашқы еркек қалайтынын мәлімдеді. Алғашқы еркек белгілі бір әйелдің пәктігін бұзу арқылы оның келешекте туатын барлық балаларының генетикалық әкесі болатынын ескертті. Себебі алғашқы жанасқан еркектің шауһатының табы бір бұрышта мәңгі қалып, кейін әсерін тигізеді екен. Бұрынғы еуропалық ел басқарғандар алғашқы түн құқығы деген артықшылықты пайдаланып, асылдандыруға атсалысқан.

Қазақстан тарихында әйел әрқашан үлкен роль атқарған. Қазақ эпостары мен ауыз әдебиетінде қазақ әйелдерінің жанқиярлығы мен мейірбандығы әрдайым жырланып, әлемдік қауымдастық тарапынан құрмет пен сенімге бөленген. Томирис /Тұмар/, Қарашаш, Домалақ ана, Айшабibi сияқты қазақ халқының

тарихында есімдері қалған әйелдердің даналығы байырғы қазақ жерінде мемлекеттіліктің қалыптасуына ықпал етті. Одан кейініректегі тарихи кезеңнің кейіпкерлері: Ұлы Отан соғысына қатынасушылар М.Мәметованың, Ә.Молдағұлованың, Қазақстанда әйелдер қозғалысын ұйымдастырушылар Сара Есованың, А.Оразбаеваның, М.Бегалиеваның, өнердегі әйелдер және мәдениет пен ғылым қайраткерлері К.Байсеитованың, Л.Базанованың есімдері көпке мәлім. [2].

Әрбір ғұрып пен салт-жораның қоғамдық өмірді, қарым-қатынасты реттеуші, үйлестіруші құбылыс екенін ескерсек, осы тұрғыда өмірлік мәселелерді шешуде, ұйымдастыруда қазақ әйелдерінің орны айрықша болып келген.

Қазіргі таңда дәстүрлі ұлттық сана-сезімге сай ұлттық идеологияның қалыптасуы аса маңызды болып отырған кезеңде, әрбір мәселенің жалпыдан жалқыға деген қағидасынан гөрі жалқыдан жалпыға қарай бағытталғаны аса маңызды болмақ. Осы тұрғыда, халқымыздың сан ғасырлар тезінен, өмір тәжірибесінен өткен дәстүр жалғастығын ұстана, білгеніміз тұрмыстық санадан да әлдеқайда маңыздырақ. Егемендіктен кейінгі кезеңдерде қалыптасқан тарихқа, ұлттық мұраға жаңаша көзқарастармен келу өзекті болып отырған тұста философия, этнология, мәдениеттану, дінтану, педагогика, психология, социология сынды ғылым саласы мамандарының әйел-ана-бала-ұрпақ мәселелері бойынша зерттеу жұмыстарының берер игі нәтижелері әлі алда екендігі сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мүсірепов (Мүсірепов Ф. Күнделік. Алматы, 1997, 181-бет)
2. Қазақ эпосы. Алматы, 1958. 250-бет).
3. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты. 41 қор, 1 тізбе, 256 іс, 645 парақ. 2. ОзРОММ. 461 қор, 1 тізбе, 1788 іс, 1-3 парақ. 3. ОзРОММ. 461 қор, 1 тізбе, 1886 іс, 403 парақ.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ұлттық салт-дәстүр мен әдебиеттің қыздың сөйлеу әдебін қалыптастырудағы рөлі қарастырылады. .

РЕЗЮМЕ

Данная статья о воспитании девочек на основе народных традиции и о роли литературы и искусства в формировании личности. О роли исторических личностей Томирис, Карашаш, Домалак ана, Айшабиби и др...воспитании девочек.

ТҮЙІНДІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Рыскұлбекова А.Д. –аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

XXI ғасырдың оқыту жүйесінде меңгерілетін білімнің түпкі нәтижесі ең тұғырлы мәселеге айналды. Бастауыш сатыдағы білім мазмұнын жаңарту біліми кеңістікті оқушыға жеке тұлғалық тұрғыдан ұйымдастыруды қамтамасыз ететін деңгейде өзгертумен қатар, оқу пәндері бойынша түйінді құзыреттіліктерін қалыптастырудың басымдылығы берілетін білім мазмұнына да өзгеріс енгізудің қажеттілігі артауда.

Біздің ертеңгі болашағымыз бүгінгі күннен асып түсуіне ықпал етіп, адамзат қоғамын алға қарай жетелеуші құдыретті күш тек білімге ғана тіреледі. Заман талабы

тұрғысынан жеке тұлғаны дамытудағы қоғамның рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда білім беру саласы – баса назар аударарлық мәселе.

Бүгінгі таңдағы тасқындаған өмір тағы да бір табиғи заңдылықты яғни, еліміздегі оқу-білім мазмұнын әлемдік деңгейге көтеру, жас ұрпаққа бұрынғыдан да табанды, сапалы да ықпалды білім беруді талап етеді.

Қазіргі мектептер бала үшін болашақтағы әлеуметтік және азаматтық жетістіктерге жетудің негізі болу үшін іс-әрекетке, құзыреттілікке, тұлғаға бағдарланған оқытудың тәсілдеріне негізделген жаңа мектептерді құруға көшуде.

Мұндай мақсатқа жетуде жалпы білім беру жүйесі, оның ішінде үздіксіз білім беру жүйесінің ең маңызды да күрделі сатысы – бастауыш мектеп үлкен орын алады.

Жалпы білім беру мазмұнының жаңартылған негізіне *«түйінді құзыреттіліктер»* негізге алынған. Яғни, білім беру мазмұнын жаңартудағы маңызды мәселелердің бірі ретінде *түйінді құзыреттіліктерді іріктеу болып* табылады, немесе оқыту үрдісінде барлық оқу пәндерін үйрену үрдісінде оқушылардың *түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға* негізделеді.

Стандартта «түйінді құзыреттілік интегративті жаратылысқа ие, өйткені, ол өзіне бірыңғай немесе біртектес біліктер мен білімдердің қатарын өзіне сіңіріп, әрекетте (ақпараттық, құқықтық және т.б.) және кең ауқымды мәдениетке релевантты қатынасы» ретінде белгіленеді [1].

12 жылдық жалпы орта білім беру стандартында айтылған мақсат міндеттерге сай білім берудің мынадай нәтижелері белгіленген:

- *тұлғалық* – қалыптасқан мінез-құлық нормалары мен құндылық бағдарларының жүйесі;

- *әрекеттік* – әмбебап әрекет тәсілдері ретінде қалыптасқан түйінді құзыреттіліктер;

- *академиялық* – білім беру саласы бойынша меңгерген білім, білік, дағдылары.

Стандартта түрлі өмірлік жағдайларға қажетті әмбебап іс-әрекет түрлерін меңгеруін анықтайтын, нақты білім ортасының құзыреттілікке бағдарланған білім парадигмасына көшуге ерекше екіпін берілген. Білу мен әрекет ете білу біліктілігі – бұл білім беру нәтижесінің түрлі әдістер арқылы тексеріліп, қалыптасуын білдіреді. Бұл *құзыреттілік* ұғымының мәнін түсінумен анықталады.

Сонымен қатар осы стандартының мазмұны әр оқушының жеке ерекшелігіне қарай білім нәтижесі түріндегі құзыреттер жиынтығын игеруге бағдарланып белгіленген.

Онда білім беруден күтілетін нәтиже *проблеманың шешімін табу, ақпараттық және коммуникативтік* деп аталатын негізгі құзыреттіліктер түрінде берілген [2].

Түйінді құзыреттердің сапасы ретінде олардың көпфункционалдық, пәнүстілік, көпөлшемділік сияқты өзіндік белгілері бөліп көрсетіледі. Олардың пайда болуы: абстрақтылы ойлау, өзіндік ой қозғау, өзін-өзі бағалау, сыни ойлауды дамытумен байланысты.

Құзыреттілік мәселесін зерттеуде білім философиясының педагогикалық шынайылықты шешуші мән-мағынасы мен қарама – қайшылықтарын өзгертудің тұжырымдық тәсілдері қарастырылады. Білім философиясы мәселесі ежелгі философтардың іргелі тұжырымдары мен бүгінгі білім философиясындағы өзіндік бағыттарын (Б.С. Гершунский, Э.Н. Гусинский, В.В. Краевский, К.Ж. Қожахметова, А.Қ. Құсайынов, Н.Д. Никандров, Н.Н. Нұрахметов, Ш.Т. Таубаева, М.Ж. Жадрина, Ү.Б. Жексенбаева, т.б.) зерттеп, қалыптастырудың жолдарын ұсынған.

Қазіргі білім моделінің уақыт талабына сай келмеуі білім беру жүйесіне өзгерістер енгізуді қажет етіп отыр. Осы мәселенің басты себептеріне байланысты білім мазмұнына өзгерістер енгізу мен оқу мерзімін ұзарту мәселелеріне байланысты жүргізген (Е.В. Бондаревская, А.П. Валицкая, М.Ж. Жадрина, В.В. Краевский, В.П.

Беспалько, В.А. Слостенин т.б.) зерттеулерінде білім кеңістігіне түбегейлі өзгерістердің қажеттілігі атап көрсетіледі.

Құзырет, құзыреттілік, түйінді құзыреттілік ұғымдары тәжірибеде өз орнын таба білген ұғымдарға айналып, оның теориялық тұрғыда жүйеленіп, зерттелуіне деген қажеттілік туындап отыр. Бұл ұғымдар тұлға, қызмет ұғымдарымен тікелей байланыста өзіндік психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік-философиялық еңбектерде жан-жақты қарастырылады.

Құзыреттілік оқу нәтижесінен бастау алғанымен, қызметтік, тұлғалық әрекеттерді өз бетімен ұйымдастырып, адамның өзіндік даму, өсу дәрежесіне дейін дамуы мүмкіндіктері болып табылады. Құзыреттіліктің педагогикалық тұрғыдағы мәні мен жаңа білім жүйесіндегі орнын анықтап, жүйелеу қажеттілік екені сөзсіз.

Нәтижеге бағдарланған білім парадигмасы қазіргі өркендеген қоғамды қамтамасыз ететін әрбір жеке тұлғаның даралық қасиеттерін дамытуды көздейді. Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейін білім беруді дамыту тұжырымдамасында пәндік білімнен нәтижеге бағдарланған білім жүйесіне көшудің құрылымдарын анықтауда құзыреттілікті білім сапасына қатысты зерттеудің педагогикалық теория мен практикадағы көкейкестілігін арттыра түседі [2].

Оқушының құзыреттілігін қалыптастыру күрделі әрі көп қырлы мәселе. Бұл философияда, педагогикада, психологияда, әлеуметтануда т.б. көптеп зерттелуде. Кешенді зерттеу аталған ғылымдардың бұл мәселені шешудегі мүмкіндігін шектеу емес, керісінше сол салалардың нәтижелерін саралай пайдалана отырып, оқушылардың түйінді құзыреттіліктерін қалыптастырудың маңызын, мазмұнын, құрылымы, қалыптасуы мен дамуының шарттылығы мен мүмкіндіктерінің тұтас сипатын педагогикалық, психологиялық тұрғыда ашып көрсету.

А.В. Хуторскойдың анықтауы бойынша түйінділер санына жеті құзыретті қатыстыруға болады, олар: *құндылық-мағыналық, жалтымәдени, оқу-танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік-еңбек, тұлғаның өзін-өзі кемелдендіру және ақпараттық*[3].

Бір қатар авторлардың көзқарастары бойынша түйінді құзыреттерге білім, іскерліктің жиынтығы мен іс-әрекетті орындаудың әдістерін қамтый келе құрамында: қажеттілік, жарамдылық, қанағаттылық, жетістік секілді әр текті көрсеткіштер орын алатынын іскерліктердің негізі ретінде қарастырады.

Түйінді құзыреттіліктер деп біріншіден қоғамның әр бір мүшесінің бойында бар, екіншіден түрлі жағдайларда іске асыруға болатын құзыреттерді айтуға болады. Сондықтан, түйінді құзыреттер жан-жақты және түрлі жағдайларда қолданылатын құзыреттер [4].

Түйінді құзыреттіліктер шынайы және әлеуметтік маңызы бар ақиқат нысандарға – техникалық құралдар, ақпаратты тасымалдау құралдары, табиғат пен мәдени құбылыстарды, қоғамдық, саяси, немесе басқа да үдерістерге жатады.

Нақты зерттеу нысанына қатысты білім беру іс тәжірибесі және эмоционалды-құнды қарым-қатынастар оқушының іс-әрекеті барысында педагогикалық бейімделген әлеуметтік тәжірибе ретінде танылатын білім беру мазмұны болып табылады.

Олай болса, білім беру мазмұнына ақиқатты тану ғана емес, зерттеуді қажет ететін нақты нысан ретіндегі сол болмыс енеді. Бұл нысандар арқылы оқушыларда түйінді құзыреттер тізімінде жүйеленген білім, білік, дағды және іс-әрекет тәсілдерін қалыптастыратын білім беру іс-әрекеті ретке келтіріледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Астана 2008.
2. ҚР 12 жылдық білім беру тұжырымдамасы. Ресми басылым. 2006
3. ҚР 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.-2002
4. Хуторской А.В. Ключевые компетенции: технология конструирования//

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада түйінді құзыреттіліктерді қалыптастырудың педагогикалық негіздері қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье излагаются формирования ключевых компетенции школьников начального класса в процессе обучения ориентированного на результат.

ФИЗИКАЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТТЕРДІ ПАЙДАЛАНЫП МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Сәндібаева Н.Ә. – аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті Алматы қ. Nazira.S Әрбір елдің өсіп-өркендеуінде техникалық ғылымдар басты рөл атқарады. Әсіресе біздің еліміз жөнінен айтқанда, елбасы жолдауларында көрсеткендей және «Интеллектуалды ұлтты тәрбиелеу» жобасына сәйкес интеллектуалды секіріс жасау барысында физика сияқты техникалық ғылым ауадай қажет. Сол ауадай қажет білімді, елдің ертенгі тірегі болатын жас ұрпаққа үйрету, мына біз ұстаздардың міндеті [1].

Ғылыми-техникалық өрлеудің және жаңа технологиялардың дамуы үшін физиканың мәні арта беруіне байланысты, мектептерде физиканы оқытуға үлкен назар аударылып, осы пәннің жетілдірілуі үшін жаңа бағдарламалар, әдістер, педагогикалық әрекеттер жиіні жасалуы тиіс.

Физика пәнінен сапалы білім беру - міндетті түрде тәжірибе мен оқу экспериментін тиімді пайдаланып, оң нәтижелер алу арқылы жүзеге асырылуы керек.

Тәжірибе – физикадағы білімнің көзі, қайнар бұлағы. Физика пәнін оқытуда 7-11 сыныптарда өтілетін материалдарды қарастыра келе демонстрациялар мен көрнекіліктерді қолдану тиімді екенін анықтап білуге болады. Тәжірибені көрнекілеудің көп мақсаттарының бірі - ол жаңа тақырып өту барысында оқушыларды физика пәніне қызықтырумен өтілетін физикалық ұғымдарды дұрыс қабылдап, нақты ғылыми түсінік иемденуіне ықпал етуі. Тәжірибе көрнекілеу сабақта айтылған оқытушының теориялық шарттарын нақтылап түсіндіруге зор ықпалын тигізеді. Бұл мақсаттардың орындалуы үшін оқытушының айтқан қағида-тұжырымдарына тәжірибедегі физикалық заңдылықтар мен құбылыстар көрнекілігі болуы керек.

Физика пәнін оқытуда құбылыстарды немесе объектінің қасиетін идеалдау арқылы теориялық түрде ғана оқып үйретіледі. Оқушылар осы абстракциялау әдісіндегі құбылыстарды көз алдына елестете алмай, оған қолданылатын заңдылықтар мен құбылыстарды түсінбейді, яғни күнделікті нақты өмірде практикалық көргендерін теориялық оқып-үйренгендерімен ұштастыруы қиын. Сондықтан, физика пәнін оқытуда әр түрлі тәжірибелер мен оқу эксперименттері кеңінен пайдаланылады. Физика пәнінен бағдарлама бойынша тәжірибелер көрсетілмесе және міндетті зертханалық жұмыстар жүргізілмесе, онда ең жақсы баяндалды деген тақырыптың өзі де қанағаттанарлық деп есептелмейді. Тәжірибелер қандай да бір құбылыс пен заңдылықтың иллюстрациясы ғана емес. Ол білім көзі, әртүрлі теориялық қағидалардың дұрыстығының дәлелі болады, оқушылардың дағдылары мен білімін дамытады. Физикалық тәжірибелер мен оқу экспериментін пайдалана отырып,

оқушылардың ойлау қабілетін, білім, білік, дағдысын, шығармашылық белсенділігі мен танымдық қызығушылығын қалыптастыру да қазіргі заман оқыту әдістемесінің негізгі талаптарының бірі. Физика пәнін оқытуда тәжірибелер, оқу эксперименті арқылы:

- жаңа технологияларды меңгерту;
- оқушылардың ойын жинақтау, ұқыптылық, төзімділік, ізденушілік, жан жақты бақылай білу, білімдерін дамытуға баулу, күнделікті өмірде дағдылану құзыреттілігін қалыптастыру;
- тәжірибелер жасай отырып жаңа білім көздерін ашу;
- көрнекілеуді әдістемелік мақсатпен ұштастыру;
- шығармашылық белсенділігі мен танымдық қызығушылығын қалыптастыру сияқты қабілеттіліктерді дамытуға болады [2].

Физика пәнінен оқыту барысында сабақты белгілі бір жүйемен өткізіп, халықтық педагогика элементтерін қамти отырып оқыту арқылы жүргізілетін сабақтардың тиімділігі мен сапасын арттыруға болады. Төменде бірнеше сабақтардың үлгі-жоспарлары беріліп отыр.

Физикалық шамалар, физикалық шамаларды өлшеу

1. Мыналардың ішінен: масса, метр, спидометр, таразы, секунд, сызғыш, термометр, мензурка, жылдамдық, ұзындық, килограмм, көлем, сағат, градус, аудан, уақыт, температура, секундына метр, шаршы метр; физикалық шаманы, оның бірлігін және өлшеу құралын төмендегі көрсетілген үлгіде теріп жазыңдар.

Үлгі: масса-килограмм-таразы.

2. Мына сұрақтарға түсінік беріңдер.

– Бастауыш сыныпта қандай физикалық шамамен, құралдармен таныс болдыңдар? Үйде қандай құралдармен таныссыңдар?

– Әйтеуір бір шаманы өлшеу дегеніміз не?

– Жіптің жуандығын кәдімгі сызғышпен өлшеуге бола ма? Болса қалай?

3. Төменде қазақ халқының ескі өлшеу бірліктері келтірілген: ат шаптырым, бие сауым, бармақ елі, батпан, мысқал, қап, қадақ, танап, көнек, шөкім, адым, жанторсық. Бұлар қандай шамалардың өлшеу бірлігі ретінде қолданылған?

4. Мына мақалдардың тәрбиелік және физикалық мәнін түсіндіріңдер:

– «Жеті рет өлшеп, бір рет кес».

– «Қарыстан сүйем жуық».

– «Гауһарды мысқалдап өлшейді».

5. Өлшеу құралдарының атын атап, өлшеу құнын анықтаңдар. Құралдың бағдаршасы қандай шаманың мәнін көрсетіп тұр?

Заттың құрылысы, молекулалар

1. Дененің көлемін қандай тәсілдермен өлшеуге болады? Бірнеше тәсілін атаңдар. Денен көлемінің өзгеруін заттың молекулалық құрылысы тұрғысынан қалай түсіндіреді?

2. Мына сұрақтарға түсінік беріңдер.

– Неге шыныдан жасалған ыдысқа бірден ыстық су құйсақ, ол сынады? Ыдыс сынбау үшін не істеу керек?

– Неге ыстық қазанға суық суды бірден құюға болмайды?

– Ыдыстардың қақпағына дейін толтыра сұйық құюға болмайды. Неге?

3. Қазақ зергерлері асыл бұйымдар жасағанда заттың құрылысын қалай пайдалана білген? Сол сияқты ағаш шеберлері киіз үйдің уық, керегесін талдан немесе қара мойылдан; шаңырақ, табалдырығын қайыңнан жасаған. Сонда оларды морға салып балқытып, тезге салып әртүрлі бейнеге келтірген. Осылар, аталған заттардың қандай қасиетіне негізделген еді?

4. Мына мақалдардың тәрбиелік және физикалық мәнін түсіндіріңдер.

- «Сынған кесені жамауға болмайды».
- «Отқа тисе тасқада сызат түседі».
- «Отқа салып өртесен, алтын сірә жез болмас...».

Мензуркаға зер салып қараңдар. Шкала бойынша әрбір мензуркадағы сұйық көлемін анықтап, бұлардың түрліше болу себептерін түсіндіріңдер.

Оқытудың алғашқы кездерінде 7-8 сыныптарда оқушылар физика курсына жүйелі түрде оқып-үйренуге алғаш кіріскен кезде эксперимент ерекше мәнге ие болады. Мұнда сабақ сапасы көбінесе эксперименттің қаншалықты дұрыс алынғандығына, қандай дайындалғанына және қалай жүргізілгендігіне байланысты болады.

– эксперимент сабақтың көп бөлігін алмай, мұғалімнің әңгімесінің кейбір негізгі жақтарын ғана иллюстрациялап көрсетсе болғаны;

– эксперимент жасауға арналған құралдар мен қондырғылар мүмкіндігінше өте қарапайым және оқушылардың назарын шаршатпайтындай алуан түрлі болуы қажет;

– эксперимент бақыланатын құбылыстың жаңашылдығы мен немесе нәтижесімен байланысты қызықтыру элементтері енгізілетіндей болып ойластырылуы керек [3].

Осының барлығы оқушылардың назарын оңай аударады және пәнге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Білім көзін сыртқы дүние құбылыстарынан эксперименттен іздеуге мәжбүр етеді және табиғаттың ақиқаттығы жайлы ғылым ретінде, физика туралы материалистік түсінікті қалыптастырады. Бұл әдістемелік жүйе дәстүрлі оқыту үдерісіне өзгертулер енгізу қажеттігін көрсетіп, оқытудың шығармашылық қызметін дамытып, білім мазмұнын жаңа өркениеттік бағдар тұрғысынан жетілдіруді қарастырады. Білім берудің жаңа бағыттарының басты ерекшелігі – оқытудың нәтижесін алдын-ала болжап, оқушылардың физикалық эксперимент негізінде қызығушылықтары мен ізденімпаздығы негізінде білімі мен біліктерін жетілдіріп, оны толық зерделей отырып, шығармашылық әрекетін үнемі дамытуға және рухани толысуға ұмтылысын қалыптастыруды бағдар тұтады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Физика – математика журналы: 2001.№6., 2002.№5., 2003. №5.
2. В.П.Орехов, А.В.Усова, Физиканы оқыту әдістемесі. 56 б.
3. Физика пәнінен оқу экспериментін пайдалана отырып, оқушылардың оқу біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру жолдары.
4. ФайзуллаевӘ.Ф., СәндібаеваН.А., Хабаршы №1. Алматы ҚазМемҚызПи баспасы. 2007.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада физикалық эксперименттерді пайдаланып мектеп оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру жолдары қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о формировании творческой деятельности школьников через использование физических экспериментов.

ҚЫТАЙДАҒЫ МЕКТЕПТІК БІЛІМ БЕРУ РЕФОРМАСЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ

Сыпырындиева Г.К.– ізденуші (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қай елдің де, қай халықтың да өркениеттілігін оның білім беру істерінен бөле қарауға болмайды. Яғни, білім беру ісін елеусіз қалдырған елден ешқандай өркенді келешек күтуге де болмайды. Жер бетіндегі барлық мемлекеттердің даму процесіне көз жүгіртсек те немесе жеке бір елдің ғылым мен мәдениетінің, экономикасының гүлденіп, дамыған кезінде де сол елдің білім беруге ерекше көңіл қойған уақытымен байланысты екенін көреміз. Мәселен, Қытай Халық Республикасының – адамзаттың ежелгі мәдениетінің бесігі болған елдің білім беру жағдайына назар аударайық.

Біздің жыл санауымыздан бұрынғы 200 жылдардың өзінде (алғашқы Чинь дәуірі) Коң-Чию деген адам білім беру жүйесіндегі ақсүйектік тар өрістіліктің тамырына балта шауып, «әуестігіне қарай бейімдеп оқыту», «ғылым алдында адамдардың барлығы ұқсас» деген қағидаларды алға қойды, әрі осы қағида бойынша оқушы қабылдады. Дегенмен, оқушылардың көбі ақсүйектердің балалары болғанымен, оларды басқа балалармен салыстырғанда, қомақты мөлшерде оқыту ақысы алынатын. Оқушыларға өтетін сабақ тек кітатағы білімдермен ғана шектелмейтін. Айталық, әдет-ғұрыптан бастап, музыкалық білімдер, шежіре жаттау, өндірістік қара жұмыстарға араласу, хаткерлік, ғылыми зерттеудің жолдары, т.б. үйретілетін. Тіпті сол заманның әйгілі дін кітабы «назымнамань» оқып-үйрену де талап етілетін. Сондай-ақ, Коң-Чию оқушылардың саяси-ядролық тәрбиесіне де ерекше көңіл бөлген. Оларға оқу оқыту, саясатпен айналысу, ел басқарудың қыр-сыры дегендерден тыс, адамгершілік жөнінде білімдерді де мүкіндігінше молынан қамтыған.

Бір қызығы, сол заманның өзінде-ақ оқыту әдісі төтенше болғаны байқалады. Мәселен, оқушылардың сабақ қайталауына, жаттығу-пысықтау жасауына жеткілікті уақыт бөлінетін. Әрі олардың өзара талқылау өрістетуіне, ұстаздарынан кез келген уақытта түсінбеген, білмеген нәрсесін сұрауына рұқсат берілетін. Сұрауға оқытушы сол оқушының шама-шарқына қарай жауап беретін. Міне, осылайша Коң-Чиюдің ағарту тәсілі ежелгі дәуір мәдениетінің тез өркен жаюына, білім беру ісінің жедел қарқынмен дамуына үлкен ықпал еткен. Ол кезде мәдениет, ғылым-білім шонжарлардың қолында емес, керісінше, қуат алып, күшейіп келе жатқан білімпаздардың қолында болатын. Яғни, әрбір бектік ішкі жақта өз үстемдігін нығайта түсу үшін, сыртқы жақта әскери саяси, дипломатиялық істерін алға қарай жылжыту үшін дүйім жұртты жарыссөзге шақырып, ақыл-ойы елден асқан оқымыстыларды ел басқару істеріне араластыра бастайды. Тіпті, кейбір бектердің маңында білімдарлар 2-3 мыңдап болған. Елбасылары (бектер) керекті қызметкерлерін солардың ішінде таңдап қойған. Бұл жағдайдың адамдардың білім алуына ғалым қуына құлшыныстарын арттырғаны соншалық, ел ішінен мал-мүлкін, жерін сатып, білім аудың жолына шындап түскендер көптеп саналады. Кейіндері бұл дәстүр ретінде қалыптасып, ХХІ ғасырдың басына дейін «Қыжүй» деген атпен жалғасын тауып отырды [1].

Сондықтан да, сол заманның өзінде-ақ қытай топырағында бүгінде шығыс философы деп аталып жүрген Коң-Зы (Коң Фузы, б.з.б. 551-479 жылдар) сияқты ойшылдардың дүниеге келуін сол кездегі білім беру жүйесінің кемелдігінің жемісі деу орынды. Сол кездегі ұстаз Коң-Зының өзі: «Көрген-білгеннен іштей ой қорытып отыру; білім алудан жалықпау; басқаларға үйретуден әсте бас тартпау сияқты шарттарды қаншалықты орындай алып жүрмін?» деп өзіне жиі сұрақ қойып отырады екен. Ал, ол өз ғұламалығы туралы: «Мен анамның құрсағынан білімді болып туғаным жоқ. Қайта халқымның дәстүрлі мәдениетін сүйіп үйренудің, сондай-ақ, өзімнің өтенше қажырлылығымның арқасында жас білгірге айналдым» деп жазады [2].

Ертедегі дәуірде білім беру үкіметтік қамқорлық пен қоғам мүшелерінің ықыласы кейінгі ұрпақтарда реми дәстүрге айналды. Сауаты жоқ адам санда болса да санатта болмайтын тұстар болған. Оның керісінше, білім мағлұматтарының жоғары-төмендігіне қарай, оқымыстылар түрлі дәрежедегі әкімшілік басқару орындарына тағайындалып отырған. Бәсеке бар да, озу бар емес пе, содан ендігі жерде елдің ішіндегі оқумен емес, шетелден білім алудың үрдісі мен бәсекесі басталады. Атап айтсақ, сонау таң дәуірінде (840 жыл) Қытай елі маңайындағы Корея, Жапон, Үнді сияқты елдермен жүздеп мыңдап оқушы алмастырып оқыта бастаған [3].

Дегенмен білі берудің ол замандардағы томаға-тұйық әрі таза діни-феодалдық жүйесі бүкілхалықтық мәдениетті көтеру, ғылыми техниканы өркендету, ел еңсесін биіктету деген мақсаттардан гөрі елді қалай басқару, қара халықты қалай қанау, тақты қайткенде ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыруға болады деген сияқты сұрақтарға көбірек жауап беретін. Сондықтан да, қоғам дамуының алғашқы кезеңдерінде адамзат мәдениетінің үлкен ошақтарының бірі болған Қытай орта ғасырдың межесінде мешеуліктің жаппай сауатсыздықтың батпағына белшесінен батып бара жатты.

Сол замандарда әдеби шығармалар хандар мен бектердің ермегі үшін жазылып, солардың оқуына беріліп отырды. Мектептің өзі барған сайын таланты бар-жоғына қарамастан, есігін бар адамдарға ғана ашты. Содан да 1949 жылға дейін бүкіл қытай жұртының 80 пайызы сауатсыз болып келді. Қытайдың ертедегі (XX ғасырдың басына дейінгі жүйесі) Коң-Зыңының классикалық діни оқуына негізделген болатын.

1902-1903 жылдар оқу жүйесіне тұңғыш реформа жасалып, соның нәтижесінде Еуропа елдері үлгісіндегі жаңаша мектеп жүйесі қалыптаса бастаған.

1949 жылы Қытай Халық Республикасы құрылды да, білім беру жүйесіне күрделі өзгерістер енгізілді. Дәлірек айтқанда, 1951 жылғы жаңа реформа бағдарламасы бойынша, елдің оқы жүйесі мынадай ретке келтірілді: бірінші басқыш, 3-7 жас аралығындағы бөбектерге арналған балалар бақшасын іске қосу; екінші басқыш, 7 жасқа толған балалар алтыжылдық бастауыш мектепке бару; үшінші басқыш, орта мектепте (толық орта мен орталауды қамтиды) алтыжылдық мерзімге тұрақтану [4].

Міне, осы жүйе бойынша жап-жақсы даму арнасына түсіп, түлектерін өз деңгейінде тәрбиелеп, ел кәдесіне жаратып келе жатқан Қытай білім беу жүйесін «мәдени төңкеріс» (1966-1976) бейне бір суық ағыстай ызғарын шашып келді де, үсіріп, өшіріп жіберді. Жоғары оқу орындары дерлік жабылды. Мектептер МаоЦзедунның «Хуңвейбіндерін» (Қызыл қорғаушы) дайындаумен ғана айналысатын күйге түсті. Ұлағатты ұстаз, білікті мамандар оқу орындарының босағасынан алыстатылды. Тіпті, бұл процесс 1978 жылға дейін жалғастыдеуге болады. Тек Ден Сяопин таққа қайта шығып: «Біздің оқу-ағарту істеріміз ең кемінде халық шаруашылығының дамуына жауап бере алатын қарқынмен дамуға тиіс» деген ұранды ортаға қойған соң, әсіресе, оның «Оқу-ағарту саласындағылар идеяны азат етіп, белсенділікпен іске асыру керек» деген үндеуінен кейін, ҚХР-ның білім беру жүйесі қайтадан ретке алынып, бұрын-соңды болып көрмеген жүйелі, нысаналы, тәртіпті жағдайға келтірілді [21]. Содан бүгінге дейін ақаусыз келе жатқан қытай білім беру жүйесі дүниелік деңгейдің талабына сай мамандарын өздері дайындап келеді. Бүгінгі ҚХР-ң 23 өлке, 5 автономиялы аймақ, 3 төте қарасты қаласында жиыны 400-ден астам жоғары оқу орны бар. Аса ірі әрі ежелгі оқу орындарынан Пекин, Нанкай, Чинхуа, Ухан, Фудан, Нанжин, Хуадуң университеттерін айтуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Боревская Н.Е. Образовательная политика в Китае и России. //Педагогика 1999 1с 92-102
- 2.Кравцова М.Е. История культуры Китая // Сравнительная педагогика 1999 с416
- 3.Кусайнов А.К. Развитие образовния: проблемы и перспективы –А2005. с 279
- Машкина О.А. Конфуции и его школа. –М., 1996. с 176.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қытайдағы мектептік білім беру реформасының кезеңдері туралы сөз етіледі.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится об этапах реформирования системы образования школ в Китае.

ПРАВОВОГО ВОСПИТАНИЯ И ФОРМЫ ПРОБЛЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ СИСТЕМОЙ ОБРАЗОВАНИЯ КЫРГЫЗСКОЙ РЕСПУБЛИКИ

Сейдакматов М.Ж.- доцент

(Кыргызстан. Кыргызского государственного университета им. Арабаева)

Современность требует радикальных изменений, которые позволили бы учащимся адаптироваться в быстро меняющемся мире. Разработанная в Кыргызской Республике концепция реформирования структуры и содержания общего среднего образования ставит развитие и воспитание человека правовой культуры, способного влиять на собственную траекторию поведения, соотнося ее с личностными и общечеловеческими ценностями.

Очевидно, что для того, чтобы роль закона возрастала и имела превалирующее значение, люди должны не только защищать свои права, но и знать их, обладать правовой культурой. При этом реализация этих идей предполагает демократизацию, гуманизацию и гуманитаризацию образования.

В процессе такой образовательной деятельности возникают нового вида отношения — образовательные правоотношения, которые требуют механизмов регулирования в процессе реализации факторов управления образованием.

Нормативно-правовой основой создания органов общественного управления образованием, способствующего сформировать правовую культуру учащихся, является Конституция Кыргызской Республики. В соответствии с п.1 ст.1 «Наша страна является демократическим правовым государством с республиканской формой правления», что означает, что все сферы жизнедеятельности человека, в том числе и образования, обязаны функционировать на основе права.

Закон Кыргызской Республики «Об образовании» в качестве принципа государственной политики в области образования провозглашает правовой, государственно-общественный характер управления образованием (ст.2), устанавливает, что управление образовательными учреждениями строится на принципах единоначалия, самоуправления и соуправления (ст.38, ст.39). Закон предоставляет право на участие в управлении образовательным учреждением всем участникам образовательного процесса (ст.37, ст.38, ст.39 и др.).

Для меня, очевидно, что активными субъектами образовательной политики по формированию правовой культуры учащихся должны стать все граждане нашей страны, семья и родительская общественность, общественные институты, органы государственной власти, местного самоуправления, профессионально-педагогическое сообщество, научные, культурные, коммерческие и общественные институты. Расширение участие общества в выработке, принятии и реализации правовых и управленческих решений в образовании должен обеспечиваться как соответствующей нормативно-правовой базой и реальными механизмами действенного общественного участия в развитии образования.

На сегодняшний момент нет ни одного законодательного и правового акта, в котором бы раскрывались правовые механизмы общественного участия в управлении образованием как основные факторы формирования правовой культуры граждан.

Руководителям и участникам образовательного процесса в образовательных учреждениях и образовательных системах необходим творческий подход в реализации идей демократизации управлением образованием.

Государственно-общественное управление - это постоянное взаимодействие управления, соуправления и самоуправления. Управление направлено на обеспечение оптимального функционирования образовательной организации и его развития. Субъекты управления - это люди и органы, которые вырабатывают и принимают решения. Если в выработке решений принимают участие педагоги, ученики, родители и социум, то это будет являться соуправлением. Главной функцией соуправления является создание системы интеграционных сил школы и общества. Если часть функций управления делегирована педагогам, школьникам и родителям - это самоуправление. Самоуправление не отменяет ни управления, ни соуправления. Соуправление и самоуправление - необходимые элементы демократизации управления образовательной организацией.

Соуправление создает условия для объединения в социальной деятельности всех участников образовательного процесса. «Соуправление - это совместная деятельность общественных или самодеятельных органов самоуправления с государственными органами управления или другими общественными формированиями на равных правах при равных обязанностях для достижения общих целей». Соуправление может существовать только при демократическом управлении. Соуправление, как естественный процесс, начинается с содружества, переходит к сотрудничеству, а затем к сотворчеству. Это рождает новую форму взаимодействия - партнерство, предусматривающее равные права и обязанности участников в выполнении конкретных дел. Соуправление не заменяет и не отменяет управление образовательной организацией, а является одним из его компонентов.

Самоуправление можно рассматривать как реальную демократию в действии, оно составная часть государственно-общественного управления образованием. Природа самоуправления многогранна, ее основу составляет социальная активность народа, уровень его правовой культуры, система этических и нравственных ценностей.

В теоретической и методической литературе термин «самоуправление учащихся» получает различное толкование. Его рассматривают как часть системы управления, другие - как форму организации коллективной жизни, третьи - как реализации права на управление делами школы. Мы склонны рассматривать самоуправление как часть демократизации управления образованием.

В решении этого вопроса имеется множество проблем, среди них прежде всего, низкий уровень правовой культуры большинства участников образовательного процесса.

Для организации самоуправления учащихся и родителей необходимо, чтобы сами педагоги имели такой опыт правовой культуры. Именно педагоги показывают другим участникам образовательного процесса образцы правового поведения, являются хранителями традиций правовой культуры в коллективе. Традиции правовой проявляются в групповых формах самоуправления (педсоветы, методсоветы, методические объединения, малые педсоветы, творческие группы, временные творческие коллективы), так и в индивидуальных формах (работа на доверии, наставничество, творчески работающий учитель и др.).

Правовые условия можно разделить на две части: права педагога и его обязанности. Эти права и обязанности заложены в Конституции КР, законах «Об образовании», «Статус учителя», а также в Уставе образовательной организации.

Органы педагогического самоуправления в образовательных организациях республики представлены: педагогическим советом, малым педсоветом, педагогическим консилиумом, творческой группой, кафедрой или методическим объединением педагогов.

В вузах преподавательское самоуправление представлено Ученым Советом, научно-методическим советом, советом факультета, советом молодых ученых, заседаниями кафедр, одновременно могут создаваться временные творческие научно-исследовательские коллективы, творческие группы, команды по решению отдельных актуальных вопросов. По мере выполнения возложенных задач временный коллектив распадается и может создаваться новый с другими членами.

Высшим органом демократического управления в школе является *педагогический совет*. Педагогический совет решает вопросы, связанные с организацией и регулированием деятельности всех участников образовательного процесса, в первую очередь самих педагогов. На педагогических советах обсуждается и утверждается Устав школы и другие нормативные акты, выбираются и утверждаются учебный план школы, варианты содержания образования (особенно школьный компонент), направления и программы опытно-экспериментальной работы, вопросы обновления содержания и качества образования, методика и технология совершенствования управленческой деятельности в образовательной организации, вопросы совершенствования воспитательной работы со школьниками, основные направления соуправления и самоуправленческой деятельности коллектива, рассматриваются спорные вопросы.

Педагогический совет, являясь органом педагогического самоуправления, принимает решения обязательные для исполнения каждым педагогом данного образовательной организации. Ему принадлежит ведущая роль в формировании и реализации основных направлений деятельности педагогического коллектива, сохранения его организационного единства, а также принципов деятельности и традиций школы. Педагогический совет является механизмом реализации всех основных педагогических идей.

Аналогичные функции в вузе выполняет Ученый Совет. В демократизации управленческой деятельности администрация опирается на творческую группу или команду (как принято говорить о творческих группах в последнее время), привлечения учителей к анализу собственной деятельности и выявлению в своей практике нерешенных проблем.

Вместо традиционного контроля предлагается: смотр опыта; публичные смотры знаний; публичной аттестации, что позволяет сделать контроль гласным и творческим, предупредить нежелательные эксцессы в коллективе. Вместо командно-административных методов и средств организации коллектива использовать опрос общественного мнения о необходимости проведения конкретных мероприятий или решения проблем, экран гласности действует сильнее любого приказа администрации.

При планировании деятельности образовательной организации исходить, в первую очередь, из возможностей конкретных людей и их пожеланий. В соответствии с ними

проводить корректировку намеченных дел или мероприятий. Разумеется, администрация не справится с выделенным кругом проблем без опоры на коллектив педагогов, их самоуправление.

Таким образом правовое воспитание в школе осуществляется сложной социальной системой объединенной общей целью -разносторонним развитием личности. Внутренние связи системы составляет взаимодействие таких ее элементов как: государственные, учебно-воспитательные учреждения, внешкольные учреждения, семья, общественные организации, средства массовой информации, неформальные

объединения производственные коллективы, общественные фонды, народная педагогика.

Важнейшим элементом в этой системе является сама личность школьника каждый из названных элементов, реализуя свою специфику, работает на достижение общей цели. Достигается эта цель как выше видим, благодаря организации различных видов деятельности, отношении, общении, влиянию на интеллектуальные, нравственные, эмоциональные качества школьников, пробуждению внутренних сил, самостоятельности и ответственностью в учебе, труде, общественной работе.

В компонентный состав процесса воспитания правовой культуры учащихся относят, прежде всего, цель образовательно-воспитательного процесса, которой определяется вся деятельность следующих компонентов

- педагогов и учащихся, содержание правового воспитания как целостности, на усвоение которой ориентирована система, и элементы, способствующие эффективности реализации правового воспитания (принципы, движущие силы, методы, формы организации, условия).

Таким образом, общая концепция развития воспитания правовой культуры учащихся как части системы воспитания в основном формируется в целостном учебно-воспитательном процессе школы и немаловажное значение должно придаваться деятельности педагогического коллектива, классного руководителя и семьи и общественных объединений.

ЛИТЕРАТУРА

1.Ильенко Л.П. Программа развития школы: структура, содержание, перспективное планирование работы.- М., 2003.

2.Исаев Р. И. Социальное партнерство в регионе как основа развития образовательных организаций и предприятий //Материалы докладов участников международной конференции (Санкт-Петербург, 22-23 июня 2004 года) /Под научной ред. Н. А. Лобанова и В. Н. Скворцова. - СПб.: Издательский дом «Петрополис», 2004. - С. 123-128.

3.Кабуш В. Т. Ученическое самоуправление: теория и практика // Творческая педагогика. - 2003. - № 1. — С. 42-52.

4.Кадушина А. А. Основные тенденции развития среднего образования в современной Англии и борьба за его демократизацию: Автореф. дисс. канд. пед. наук. - Минск, 1986. - 16 с.

5.Кадышев Е. Н. Концепция многоуровневой образовательной системы в рамках классического университета //Известия РАО. - 2001. - №. 3. - С. 39-43.

6.Филонов Г.Н. «Воспитание гражданина в советской школе». - М.: Педагогика, 1990. - 52 с.

7.Караковский В.А. Воспитаи гражданина: (Записки директора школы). -М.: Московский рабочий, 1987. - 102 с.

РЕЗЮМЕ

В статье придается особое значение деятельности педагогического коллектива в воспитании правовой культуры учащихся школ Кыргызстана

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қызығызстан мектептерінде құқықтық мәдениетке тәрбиелеудегі педагогикалық ұжымның қызметі қарастырылады.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ АДАМГЕРШІЛІК ТҰРҒЫДАН ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ МӘСЕЛЕСІ

Текесбаева Г. М. - аға оқытушысы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Өсіп келе жатқан жас ұрпақты әлеуметтендіру талаптарының басты міндеттерінің бірі оларға адамгершілік тәрбие беру болып есептеледі. Адамгершілік тәрбие міндеттеріне, - профессор Н.И.Болдырев айтқандай, - адамгершілік сананы қалыптастыру, моральдық сезімдерді жетілдіру және мінез-құлық дағдылары мен әдет-қылықтарын бойға сіңіру енеді. Мұның бәрі сайып келгенде өсіп келе жатқан жас ұрпақтың бойына қажетті моральдық қасиеттерді сіңіріп, орнықтырады, оларды қоғамдық және жеке өмірге даярлауды қамтамасыз етеді [1].

Адамгершілік тәрбиесін әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардан бөліп алып, жеке сала ретінде қарастыру мүмкін емес. Адамгершілік тәрбиесі әр уақытта да табиғаттың, қоғамның және жеке адамның дамуы туралы философияның методологиялық принциптеріне, әлеуметтану, педагогика, психология және физиология ғылымдарының озық жетістіктеріне сүйенеді.

Адамгершілік тәрбиесі - жас ұрпақтың белгілі бір мақсатқа негізделген көзқарасын, сенімін, парасатты мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастыруға және адамгершілік сезімді, ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуға, жалпыадамзаттық құндылықты тиімді пайдалануға бағытталған жалпыадамзаттық тәрбиенің құрамдас бөлігі.

Адамгершілік тәрбие мыналарды қамтиды: адамның қоғаммен байланыстылығын, оған тәуелді екенін, өзінің мінез-құлқын қоғамның мүдделерімен үйлестірудің қажеттігін сезіну, адамгершілік мұраттарымен таныстыру, қоғамның талаптарымен, олардың заңдылықтарымен және адамгершілік туралы білімдерін адамгершілік сезімдерге айналдыруды көздеумен, адамның адамдарға құрметпен қарауын қарастыруды, сөйтіп адамгершілік дағдыларды қалыптастыруды көздеу.

Адамгершілік тәрбие дегеніміз – моральдық нормаларды жаттату, ақыл айту, миына құюға тырысу, мінез-құлық дағдыларын қатаң талап қою арқылы игерту емес, ол өзара әрекет, қарым-қатынас және қайшылықтарды жеңуден тұратын белсенді өмірлік үрдіс. Бала өзінің ішкі және сыртқы қайшылықтармен күресте ғана өзін адамгершілік иесі ретінде сезіне алады. Ендеше, адамгершілік тәрбие дегеніміз – балаларды өмірлік қайшылықтарды, қақтығыстарды, келіспеушіліктерді жеңе білуге үйрету. Оқушылардың адамгершілігін қалыптастыру үшін олардың өмірдегі қайшылықтарды тәрбие үрдісінің объектісі ретінде қарастыру, ол қайшылықтарды шешу үшін шығармашылықпен жүйелі жұмыс істеу арқылы олардың адамгершілік сезімдері, санасы, әдеттерінің қалыптасуына ерекше көңіл бөлу қажет.

Мектеп жас ұрпақтың адамгершілік тәрбиесіне едәуір ықпал етеді және белгілі бір дәрежеде жүзеге асырады. Мектепті бітіргеннен кейін адам мінездің жаңа сапаларын игермейді, қайта бұрынғыларын шындай түседі немесе түзетеді. Сол себепті балалардың мектептегі адамгершілік тәрбиесі адамгершіліктің барлық салаларын қамтуы тиіс. Мектептегі адамгершілік тәрбиесі біздің өміріміздің тек осы кездегі талаптарын ғана емес, болашақтағы талаптарын да қанағаттандыруға бағытталуы қажет.

Адамгершілік тәрбиесі тәрбиеленушінің дамуына қандай игі әсер ететіндігін, тәрбие әсерімен оқушы қалай өзгертіндігін, адамгершілік кемелінің жаңа сатысына қалай көтерілетіндігін педагог жақсы білуі тиіс. Ол үшін адамгершілік тәрбиесінің бүкіл үрдісін жеке буындарға бөліп, әрқайсысын жекелей қарастырған жөн. Бұл үрдістің аса маңызды буыны – адамгершілік сананы қалыптастыру.

Оқушының адамгершілік санасын қалыптастыру үшін оның сезіміне әсер ету керек. Ал, баланың сезіміне әсер ету – тәрбие жұмысының күрделі саласы. Сондықтан көптеген мұғалімдер баланың санасына әсер етуді жөн көреді, ал тәрбие жұмысында оның сезіміне қалай әсер ету керектігін біле бермейді.

Оқушының сезіміне әсер етудің тәсілдерін анықтағанда, сезімді тәрбиелеу негізінен баланың бұрынғы өз сезімдерін өзгерту және одан әрі жетілдіру жолымен асырылатындығын ескерген жөн. Мысалы, мектеп қабырғасында туған жердің табиғаты туралы қанша айтқанмен, оның сұлулығы мен ұлылығы балаларға онша әсер етпеуі мүмкін. Ал енді табиғатқа саяхат жасаса, суретке түсіру, әңгіме құрастыру жайлы тапсырма берілсе, бұл оқушылардың табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін туғызар еді. Бұл жағдайда мұғалім ізгі сезімдерді туғызып қана қоймай, оның бекуіне де жағдай жасайды.

Оқушыдағы жаңа сезімдер қатты әсерленудің ықпалымен жетілуі, өзгеруі мүмкін. Әсерлену, әсіресе өзгелердің істегенін қабылдау және санадан өткізу үрдісінде сезім пайда болады. Мәселен, тарихымыздағы ұлы бабаларымыз бен батырларымыздың, хандар мен билеріміздің халқы үшін көрсеткен теңдесі жоқ ерліктері туралы әсерлі әңгімелеу бала сезіміне өте қатты әсер етіп, оның адамгершілік, елжандылық, Отансүйгіштік сияқты ізгі сезімдерін оятады. Мұғалім ұжым өмірін жарқын да сезімге бай етіп ұйымдастыра алса, мұның өзі Отан сүю, ұжым алдындағы жауапкершілік сияқты жоғары адамгершілік сезімдерін қалыптастыруға негіз болмақ.

Мектеп оқушыларының адамгершілік мұраттарының қалыптасуында мұғалім маңызды рөл атқарады, өзінің барлық жұмысында ол оқушыларды адамдар мінезіне талдау жасап, білуді, шынайы адамгершілікті өтірік, жасанды адамгершіліктен ажыратуды үйретеді. Балалар өмірін ұйымдастыруды, өзінің жеке басының тәртібін оқушылармен арақатынасын егжей-тегжейлі ойластырған мұғалім ғана оқушылардың саналы тәртібін тәрбиелеуде табысқа жете алады. Әр оқушының ішкі-сыртқы сырын әрбір деталына дейін екшеп біліп, соған сәйкес тәрбие жұмысын ұйымдастыра білсе, мұғалім әр оқушының ерекшелігі мен мүмкіндігіне сәйкес алдына нақты тарсырма қоя білсе, онда оқушының бойында адамгершілік қасиеттердің қалыптасуы тез әрі табысты жүреді.

Адамгершілікке тәрбиелеу оқушының жеке басын қалыптастыру мен дамытудың аса маңызды бір саласы болып табылады. Ол оның ата-анаға, айналадағыларға, ұжымға, қоғамға, Отанға, еңбекке, өз міндетіне және өз басына қатынасын қалыптастыруды көздейді. Адамгершілік тәрбиесінің негізгі міндеті – қоғамның әлеуметтік қажетті талаптарын әр баланың борыш, намыс, ождан, қадір-қасиет сияқты биік адамшылық ішкі стимулдарына айналдыру болып табылады.

Тәрбие жүйесінің тиімділігінің аса маңызды көрсеткіші оқушының адамгершілік жағынан жетілуі, оның рухани адамгершілік қасиеттерінің елеулі өзгеруі болып табылады. Жетілгендік оқушылардың дағдылы және күрделі жағдайлардағы адамгершілік мінез-құлқының тұрақтылығын, мінез-құлқының ересектер бақылауынан біршама тәуелсіздігін, өз әрекетінің адамгершілік тұрғыдан қалай болатынын алдын ала болжап білуден, іштей бақылауы, ар-ожданның пайда болуынан, әрекетінің моральдық жағын, өзінің адамгершілік қасиет иесі екенін түсіне білуінен көрінеді. Адамгершіліктің дамуы – тәрбие жұмысының жемісі. Бұл жүйенің өлшемі – тәрбие жұмысының пәрменділігі.

Адамдық сананың моральдық үлгісі - адамдық мәдениеттің бір бөлігі. Моральдың мәнін, өлшемін және ұстанымдарын түсіну тәрбиеленушілерді өздерінің және басқа адамдардың қылықтарын бағалай білуге, адамгершілік туралы ойлауға үйретеді. Мектеп жасындағы оқушылардың бойында мәдени қарым-қатынас пен жүріс-тұрысты қалыптастыру үшін мұғалім тәрбие жұмысының мақсаты мен

мазмұнын дұрыс жоспарлап, әр оқушыға ықпал жасайтындай әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдай білуі, таңдалған әдіс-тәсілдерді шебер қолдана білуі керек.

Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды педагогикалық міндеттері – оқушылардың белсенді өмірлік позициясын, қоғамдық борышқа саналы көзқарасын, сөз бен істің бірлігін, адамгершілік нормаларынан ауытқушылыққа жол бермеуді қалыптастыру болып табылады.

Адамзат тарихында адамгершілікке байланысты пайда болған категориялар: жомарттық, батырлық, ерлік, әділдік, қарапайымдылық, кішіпейілділік, адалдық, шыншылдық, ұяттылық, ар мен намыс, тағы басқалары. Бұлар сонау көне дәуірден бастап, күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпаған. Сондай-ақ адамзаттың, әрбір адамның ішкі рухани адамгершілік дүниесінің негізгі формалары – үміт, сенім және махаббат үнемі даму үстінде болады.

Әрбір қоғам өзінің даму үдерісінде адамгершілік категорияларына, оның мазмұнына көптеген өзгерістер енгізіп отырған. Мәселен, көне грек дәуірінде адамгершілік категориялары сол қоғамдағы тарихи, әлеуметтік, экономикалық үдеріске тығыз байланысты болып, сол заманның негізгі қозғаушы күшіне айналды.

Адамгершілік қасиеттері отбасында, ортада, балалар бақшасында, мектепте, адамдардың іс-әрекеттерінің барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасау нәтижесінде, қоғамдық тәжірибемен байланыста қалыптасып, дамиды. Халықта «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген мақал бар. Тәлім-тәрбие болмаған жерде адамгершілік қалыптаспайды.

Адамның асыл қасиеттерінің бірі - әділдік, турашылдық, шыншылдық. Әділдік, шын мәнісінде адамның іс-әрекетінің нормасы болуы керек. Бұл - өмірдің қажеттілігі. Бұл қасиеттер - әрбір адамға тән, жақсы өмір сүрудің шарты.

Адамда асыл қасиеттермен қатар, жағымсыз қасиеттер де болады. Олар: жалқаулық, өзімшілдік, күншілдік, сараңдық, пайдакүнемдік, қорқақтық, менмендік, мақтаншақтық, қулық, екіжүзділік, жарамсақтық, қатыгездік, ашуланшақтық, ызақорлық сияқты қасиеттер. Бұл қасиеттер – адамгершілігі мол адам бойында болмайтын қасиеттер.

Адамдық қасиеттер мен адамгершілік жайында туған халық мақалдары халықтың бұл жөніндегі ой-тілегін, арман-мүддесін, ұлттық мақтанышының қандай екенін көрсетіп отырады. «Адамдық - адал жанның ісі», «Адамгершілік – ардың ісі» деген мақалдар, ең алдымен адамдық мінез-құлық пен адамгершіліктің жоғары бағаланатынын көрсетеді.

Оқу-тәрбие үдерісінде адамгершілік, адалдық, адамдық қадір-қасиет, кішіпейілдік, кісілік туралы, туған жер, Отан, тау, тас, табиғат, жан-жануарлар т.б. туралы өлеңдер, әңгімелер мен түрлі мақал-мәтелдер жас ұрпақтың еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, адамдық қасиеттерін дамытады.

Сонымен, әрбір ұстаз жеке тұлғаны әлеуметтендіруде адамгершілік тәрбиесіне ерекше көңіл бөлуі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бодырев Н.И. «Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы», Алматы, 1987, 18-бет.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер – Алматы: Жазушы, 1989; 223-б.
3. Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. М., 1977.
4. Выготский Л.С.: «Собрание сочинений М., 4 т 1984 – с. 243

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жеке тұлғаны адамгершілік тұрғыдан әлеуметтендіру мәселесі қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о значении нравственного воспитания в социализации личности.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІ ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТӘСІЛІ

Хаирлаева Г. Ж. – оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызпПУ)

Әлемдік білім бәсекесіне бейім ұлт болуымыз үшін ұлттық білім беру жүйесін жақсарту бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр. Ел басымыз Н.Ә.Назарбаев «Мемлекеттік тілді игеру- әрбір азаматтың ізгілікті борышы» деп бекер айтпаған. Осыған орай, ұлттық білім беру жүйесін ұйымдастыру мәселелері тұрғаны анық. Біз жас ұрпақ санасына ұлттық құндылықтарды сіңіре аламыз. Сонда ғана өзіміздің ана тілімізді заман талабына сай әрбір әдістерді жаңа технологиялармен басқаруға байланысты ағылшын тілі сабағын да инновациялық әдістері арқылы қолдана аламыз.

Қазіргі білім беру жүйесінде ақпараттық технологиялар мен компьютерлік телебайланыстар кең көлемде пайдаланып жүр. Бұл тек қана жаңа техникалық құрал жабдықтар ғана емес, сол сияқты оқытудың жаңа түрлері мен әдістері. Ағылшын тілін оқытудың басты мақсаты білім алушылардың қарым-қатынасын қалыптастыру және дамыту болып табылады. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар, жобалау әдісі, жаңа ақпараттық технологиялар, интернет желісін пайдалану арқылы оқытуды жүзеге асыруға көмектеседі.

Ағылшын тілі сабақтарында компьютер бағдарламалары арқылы лексиканы үйрене алады, екеуара және дара сөйлеуге үйрету, жазуға үйрету, грамматикалық құбылыстарды игеруге бейімдейді. Мультимедиялық бағдарламаны қолдану әдісінің көп артықшылықтары бар. Ол әр түрлі сөйлеу түрлерін жаттықтыруға және оларды әр түрлі түрде үйлестіруге, тілдік құбылыстарды білуге, лингвистикалық қабілеттерін қалыптастыруға, тілдік және сөйлеу әрекеттерін машықтандыруға, сонымен бірге білім алушылардың жеке өзіндік жұмыс жүргізілуіне мүмкіндік алады. Ортақ қызығушылықты туғызатын ең өзекті мәселені талқылайды. Ең маңыздысы ізденуші көрнекілік, анимация, дыбыс, аутентикалық тірек қолданады. Оларға: суреттер, хаттамалар, маңдайша жазулары, жарнамалар, карталар, схемалар, таблицалар, диаграммалар т.б. жатады. Білім алушылар өздерін шет елдік білім алушылармен салыстыру арқылы олар ұқсастығы мен өзгешілігін айырады, басқа мемлекеттің адамдарымен, салт-дәстүрлерімен танысып, жақсы қарым-қатынас нығаюына ат салысады. Пән бойынша сөйлеу проблема логикалық, тілдік, грамматикалық жағынан дұрыс құруға ұмтылады. Қатысушы аудиторияға таныс емес мәліметтерді қалай түсіндіріп жеткізуге керектігін үйренеді, сондықтан оларда өз ойын айту стимулы қалыптасады. Оқуға арналған мәтіндер ең алдымен тақырып бойынша сәйкес келуі керек. Мәтіндер оқулықтан немесе қосымша мәліметтерден алынуы мүмкін. Жұмыс кезінде білім алушы анықтамалармен, энциклопедия сөздігімен жұмыс істейді. Сабақта компьютерлік технологияны қолдану-оқыту үрдісінде сапаны арттырады, оны пайдалы, қызықты етеді. Білім алушыларда әр түрлі мәліметтерді сараптау, ой елегінен өткізу қабілеті пайда болады.

Білім беру саласында оқытудың жаңа технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты және білікті маман болу мүмкін емес. Жаңа педагогикалық технологиялар адамгершілік, рухани, азаматтық және көптеген адами қабілеттердің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа технологияларды меңгермейінше, оны ұлттық менталитетпен үйлесімді етіп ұйымдастыра білмейінше болашақ үшін кәсіби құзырлы, шебер маман даярлау да мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің кәсіптік, рухани, адамгершілік, т.б. кісілік қабілетінің қалыптасуына мол септігін тигізеді, әрі тұтас педагогикалық үрдістің үйлесімді ұйымдастыруға қол жеткізеді. Осыған орай оқу орындары, әрбір оқытушы күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге лайық қарым-қатынастар жасаулары керек.

XX ғасырдың 70-80 жылдарында оқыту үдерісінде белсендіруге бағытталған, оның балаға арналған, оқушының оқытудың белсенді субъектісіне айналуына бағытталған әдістемелік зерттеудің көлемі көбейді. Оқыту үдерісінде өзгерістердің қоғамдық және педагогикалық сананың қалыптасуына атақты психологтар Ж.Пиаже, Б.Блюм, Д.Ж.Бруннер, Ж.Ганье, С.Эриксонның еңбектері куә. Ж.Пиаженің айтуынша мектептер «жаңаша ойлайтын қабілетті адамдар дайындау керек; тек өткен ұрпақтың істегенін ғана қайталамау керек; шығармашылық және ойлап тапқыш адамды әзірлеу керек».

Қазіргі кезде де жастарды қабілетті, өз бетінше ойлай білетін, шығармашылықпен айналысатын жастарды тәрбиелеу қандай да оқу мекемелерінің басты мақсаты. Ақпараттық технология шетел тілін игеруге үлкен мүмкіншіліктер алады, білім алушыларға ағылшын тілін игеруге қосымша мүмкіндік береді. Ағылшын тілі сабағында интернет желісін пайдалана отырып бірқатар дидактикалық мәселелерді шешуге болады: оқу біліктілігін дамытады, білім алушылардың жазу қабілетін дамытады, сөздік қорын байытады, білім алушылардың ағылшын тілін білуге деген ынтасын одан әрі арттырады. Мұнан басқа интернет технологияларының мүмкіндіктерін пайдалану білім алушылардың ой-өрісін кеңейтеді, ағылшын тілінде сөйлейтін елдердегі құрбыларымен байланыстар орнатып, дамытуға септігін тигізеді.

Қорытындылай келе, оқу үрдісінде мультимедиялық бағдармаларды ендіру оқытудың дәстүрлі әдістерін мүлде ығыстырып тастамайды, олармен бірге оқытудың барлық кезеңдерінде үйлесіп, қатар қолданылады. Мультимедияны пайдалану оқытудың тиімділігін бірнеше есе арттырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Халыққа жолдаулары (2004-2008 жж.).
2. Қазақстан Республикасы «Білім туралы заңы», Астана, 2007.
3. Қазақстан Республикасының педагогикалық білім беру стандарты. Алматы, 2001.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада білім алушылардың тілді оқытудағы инновациялық технологияларды қолдану тәсілі туралы сөз етіледі.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются методы обучения иностранному языку по новой технологии.

МАГИСТРАТУРА

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ТӨМЕНГІ СЫНЫПТАРДА КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Айтпаева М.Д. – магистрант (Алматы қ-сы, Абылай хан атындағы ҚХҚ және ӘТУ)

Қазақстан Республикасындағы Білім Беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жалпы білім, білік, дағдылармен кұзырлықтардың негізінде еркін бағдарлай білетін, қойылған мақсатқа танымдық қызмет жасау арқылы жете алатын, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру екендігі көрсетілген. Оны жүзеге асыру - мектептерде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға септігін тигізген оқу үрдісін ұйымдастырудың тәсілдерін, әдістері мен нысандарын іздестіруге өзекті сипат берді.

Мемлекеттік бағдарлама сондай-ақ оқу үрдісінде педагогикалық және ақпаратты технологияларды кеңінен пайдалану – жалпы орта білім беруді дамытудың басты бағыттарының бірі екендігі атап көрсетілген.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында орта білім беруді ақпараттандырудың екінші кезеңіне оқу үрдісі жүруде, ол мазмұндық тұрғыда болады және компьютерлік сауаттылықтан жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға көшумен сипатталады. Мұнда әрбір оқушының қазіргі ақпараттық техника мен технология негіздерін меңгеріп қана қоймай, оны тиімді қолдана білу, интернет яғни әлемдік ақпарат желісін өзінің белсенді танымдық ізденістеріне пайдалана білу көзделген. Осыған байланысты ХХІ ғасырда ақпараттандырылған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр. Олар: компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы оқушылардың тынымдық белсенділігін арттыру және білім сапасын көтеру.

Оқытудың компьютерлік технологиясы педогогикалық оқыту технологиясының құрамдас бөлігі болып табылады. Компьютерлік технология белгілі бір педагогикалық технологияны оқу үрдісіне енгізілуіне қолайлы жағдай жасайды, оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыруға, оқу үрдісін тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Оқуда компьютерлік технологияны қолдану өз бетімен іздену негізінде шығармашылық типтегі іскерлікті қалыптастырады. Болашақта әр оқушы компьютерлік технология негізінде интернет, қашықтықтан оқыту, электрондық почта арқылы дүниежүзілік білім әлеміне еніп, онда өзінің қажетін өтейтін білімді, қажетті ақпараттық мәліметтерді толығымен алуға, танысуға толық мүмкіндік туады.

Компьютерлік техниканы үздіксіз білім беру жүйесінде пайдалану оқытудың педагогикалық технологиясы, оқытудың ақпараттық технологиясы оның ішінде оқытудың компьютерлік технологиясының туындауына себеп болады. Оқытудың компьютерлік технологиясы ақпараттық технологияның құрамды бөлігі болып табылады. Білім берудегі жаңа ақпараттық технология деп оқу мен оқу - тәрбие материалдарының, үйретуге арналған есептегіш техника құралдарының жиынтығын, осы жаңа технологиялардың оқу үрдісіндегі рөлі мен орнын, мұғалімдер мен оқушылардың еңбегін жетілдіруде оларды пайдаланудың түрі мен әдістері туралы ғылыми білімнің жүйесін айтады [1/].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттері атап көрсетілген. Соның бірі–білім беру жүйесін

ақпараттандыру, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, бүкіл әлемдік коммуникация желісіне шығу.

Білім беруді тез қарқынмен компьютерлендіру қажеттілігі мына факторлармен түсіндіріледі:

1. Оқушының қазіргі қоғам сұрасына сай өзінің өмірлік іс-әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдалана алатындай жан-жақты дамыған дара тұлға ретінде тәрбиелеу.

2. Жаппай компьютерлік сауаттылық мәселелерін шешу, яғни, оқушыларға информация мен коммуникациялық техникалық құралдарын пайдалану дағдысын қалыптастыру.

3. Оқушының шығармашылық қабілетін, эксперименталды іскерлігін дамыту.

4. Оқу – тәрбие үрдісінің барлық деңгейін жетілдіру, тиімділігі мен сапасын жоғарылату мақсатында компьютерді жекелеген пәндерде оқыту құралы ретінде пайдалану.

Зерттеулер мен эксперименттердің нәтижесіне сүйенсек, жаңа ақпараттық технологиялар оқу үрдісінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатады деп танылғанымен, оны жекелеген пәндерде пайдаланудың нақты әдістемелері, компьютердің оқушыға тигізетін психологиялық әсері туралы нақты теория әлі жоқ. Сондықтан да жаңа ақпараттық технологиясын жалпы білім беретін мектепте пайдалану бірқатар әлеуметтік – экономикалық, философиялық, ғылыми-техникалық, әдістемелік және педагогикалық - психологиялық мәселелерді шешуді қажет етеді, деп өз еңбегінде Қ. Шадиев атап көрсетеді /2/.


Әдістемелік әдебиеттерде көрсетілгендей компьютерді қолдана отырып мұғалім төмендегідей дидактикалық міндеттерді шеше алады: интернеттен өздері қалаған әртүрлі тақырыптағы мәтіндер мен ақпарат ала алады, интернет арқылы оқушылар өздерінің шетелдік достарымен тілдік қарым - қатынасқа түсе алады, шетел тілінің сөздік қорын дамыта алады және шетел дәстүрі мен танысады.

Компьютерлік технология - оқытудың арнайы жиынтығы мен әдістемесін, әдісін және тәрбие құралдарын анықтайтын технологиялық-педагогикалық процесті ұйымдастырудың ең тиімді жолы болып табылады.

Соңғы жылдары шетел тілін оқытуда және білім беруді компьютерлендіруде ақпараттық технология пайдалану туралы мәселеге баса назар аударылуда. «Қазіргі ақпараттық құралдар - бұл тек спутниктік және кабельдік телевидение, бейне және дыбыстық жүйелер, электрондық ойындар емес, сонымен бірге тілді оқытудың жаңа жүйесі, ерекшелігі және тәсілін атқаратын негізгі бағыты болып табылады».


Шетел тілін оқытудың дидактикалық және компьютерді қолданудың кибернетикалық – дидактикалық теориясы, оның әлеуметтік мәні синтезделіп, әдістемелік жаңа теория жасалуына негіз болады. Әдістеме теориясының табиғаты зерттеу нысанының әлеуметтік мәнін ашу арқылы анықталады. Шетел тіліндегі мәтіндерді компьютер арқылы меңгертудің әлеуметтік мәнін мына қатысымдық модель арқылы көрсетуге болады /3/.

1 - сурет Дәстүрлі сабақ моделі



2-сурет Компьютер арқылы берілетін сабақ моделі

Берілетін білім мазмұны



Дәстүрлі сабақ моделінде көрсетіліп отырғанындай білім беру (оқыту, үйрету) үрдісі мұғалім мен оқушы арасында қарапайым түрде болады. Яғни, мұғалім мен оқушының арасындағы қарым – қатынастың түрі инновациялық технологияларды (компьютер, ойын, интерактивтік тәсіл) пайдаланып өткізілген сабаққа қарағанда қарапайым болмақ.

Ал, компьютер арқылы өткізілетін сабақта мұғалім мен оқушының қарым–қатынасы мейлінше жоғары деңгейде болмақ себебі, модельде көрсетілгендей сабақтың өтілу үрдісі мұғалім → оқушы, оқушы ← мұғалім, мұғалім ↔ оқушы аралығында. Осы үлгіде өткізілген сабақта мұғалім ғана негізгі субъект ретінде көрінбей, оқушыда басты рөл атқармақ, бұл дегеніміз – оқушыныңда белсенділік танытып, ашық қарым-қатынас жасай алатындығын көрсетеді.

Егер әр ұстаздың әрбір сабағы инновациялық технологияларды (компьютер, ойын, интерактивтік тәсіл), оның ішінде компьютерлік технологияны қолданылып өткізілсе, жаңа білім беру стандарттарының талабына сәйкес болмақ.

Жоғарыда келтірілген мысалдарға сүйене отырып, қорытынды жасасақ, күнделікті дәстүрлі сабақта оқушы мен мұғалім арасында ашық пікір-талас болмайды деген сөз емес, дегенмен қазіргі жаңа білім беру талаптарына сәйкес инновациялық технологиялар қолданылған сабақ дәстүрлі сабаққа қарағанда заманауи тұрғыда өтеді, сонымен қатар оқушылар сол пән мен қоса компьютерді де жақсы меңгеріп, қызығушылықтары жоғарылап, сабаққа деген белсенділіктері артып, сабақ беру үрдісі ұтымды әрі нәтижелі болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сарбасова Қ.А. Инновациялық педагогикалық технологиялар негізінде төменгі сынып мұғалімдерін даярлауды жүзеге асыру. Пед.ғ.к. ... – Қарағанды, 2005, - 156б.
2. Шадиев Қ. Компьютерді қолданудың педагогикалық мәселелері // Қазақстан мектебі, 2006, №5 7-8б.
3. Интернет–Google.Туматов К.Е. «Компьютерлік технология».2009, 2б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада шетел тілін оқытуда төменгі сыныптарда компьютерлік технологияны қолданудың маңызы туралы жазылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются особенности использования компьютерной технологии в процессе обучения иностранному языку в средней школе.

ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕ ӘУЕНДІ ҚИМЫЛДЫҢ МАҢЫЗЫ

Алиакбарова Ж.А. – магистрант.(Алматы қ-сы,ҚазмемқызПУ)

Бүгінгі қоғам, бүгінгі күн, жан – жақты жетілген, ұлттық сана мен психология бойында қалыптасқан парасатты ұрпақ тәрбиелеп өсірумен құнды.Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау, жаңалыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие негізінің бастау бұлағы – отбасынан, мектепке дейінгі ұйымдардың басталатыны белгілі дүние.

Жас ұрпақты өмір талабына сай білімді, өнерлі де мәдениетті, халықтың салт-дәстүрін білетін рухани дүниесі бай тұлға ретінде қалыптастыру басты міндет болмақ. Өсіп келе жатқан жас буын, жас ұрпақтың рухани байлығының іргетасы қалай қаланса, мемлекеттің болашағы, өмірге деген ынта-жігері сондай болмақ.Болашақ ұрпағымызды жастайынан имандылыққа, салауатты өмір салтына, ұлттық рухымыздың дамуына, Отанымыздың гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсірсек дейміз, аянбай еңбек ету міндетіміз деп білеміз. Музыка арқылы жылт еткен сәуле бала жүрегіне дарыса, баланы оятса, жан – дүниесін байытса, бұл зор ғанибет емес пе?!

«Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,

Үннің тәтті оралған мәні оятар», - деген ұлы Абайдың сөздерінен сана мен сезімді құдіретті ән мен күйдің билейтіндігін түсінеміз,оның мәніне, сазына аса назар аударамыз.Ол музыканы сыртқы дүниенің жарқыраған сәулесі деп таниды.

Мектепке дейінгі ұйымдардың ерекшеліктері – бүлдіршіндерді музыка әлеміне жетелеу, осы кезеңнен бастап олардың бойына қазақтың халық әндері мен күйлерін, ұлттық шығармаларды, көп ұлтты еліміздегі басқа да халықтардың шығармаларын қамтып, классикалық музыканы, әуенді-қимыл қозғалыстарды енгізіп, дамытуға тырысамыз.Әуенді-қимыл қозғалыстары, баланың өсіп жетілуіне, дамуына әсері зор екенін білеміз.Әуенді саз арқылы, бүлдіршіннің қимыл-әрекеті биге ұластырылады. Олардың әуенді қимылдарын жетілдіре отырып, денелерінің сымбатты болып қалыптасуына, өздерін әдемілікке, сұлулыққа құштар етіп өсуге ықпал етеміз. Бүлдіршіндер әуенді-қимыл қозғалыстарды жасауға, музыканы сезіне білуге,елендей, тыңдай білуге, шаттануға, көңілді-көңілсіз, жігерлі жұмсақ орындалуына, ән мен биді, ән мен күйді айыра білуі тиіс. Музыкалық шығарманың сипаты би арқылы сезінуге, бірге қуанып немесе күйіне білуге баулиды.

Музыкалық-ырғақтық қимыл екі шағын бөліктерге бөлінеді: музыкалық-ырғақтық дағдылар және мәнерлі қимыл дағдылары. Музыкалық-ырғақтық дағдылар мен мәнерлі қимыл дағдылары өзара тығыз байланысты және музыканы қабылдау мен алуан түрлі қимылдарды, оның ерекшеліктерін еске түсірудің бірыңғай процесі болып табылады. Музыкалық – ырғақтық дағдылар ойындар, билер, қол ұстасып өлең айтулар, жаттығулар үйрену процесінде меңгеріледі.

Мәнерлі қимыл дағдылары (топтан топқа дейін көбейтіледі, мәселен, би, қайта құру элементтерінің көлемі) сан жағынан және сапа жағынан да (сюжетті-образды қимылдар күрделене түседі, былайша айтқанда, алуан түрлі музыкалық ойындар образы беріледі, жүру, жүгіру және т.б. сипатының барынша нәзік музыкалық ерекшелігі бейнеленеді) күрделене түседі.

Қазақтың би өнері жайында сөз қозғағанда, оның ерте заманнан қалыптасып, халқымыздың аса бай ауыз-әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі-тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқандығын еске алған жөн. Би өнерінің де ата-бабадан қалған мәдени мұраны аса маңызды бөлігі ретінде қазақ қоғамымен бірге жасасып, оның рухани өміріне азық болғанын аңғарамыз. Ел арасында сақталған азды-көпті билердің өзінен-ақ халықтың өткендегі өмір салты, істеген кәсібі, оның айналадағы ортаға көзқарасы көрініп тұрғандай. Қазақтың би өнері сонау ежелгі заманнан бері қарай

жұрттың көңіл-күйіне, ой-арманына, тілек-аңсарына, уақыт талабына, дәуір талғамына сай өзінше дамып, ұрпақтан ұрпаққа таралып келеді.

Әр халықтың ерекшелігіне орай би өнерінің көркемдік бейнелеу құралдары мен мазмұны да әртүрлі болып келді. Мәдениетті өскен халықтардың тұрмыс-тіршілігі мен еңбек процесінің жетік дамуына байланысты олардың ұлттық ойындары мен билері де сан түрлі сипат алып, түрлік, мазмұндық, көркемдік жағынан кең қанат жайып, үнемі ілгеріліп отырады. Әр халықтың белгілі бір ережелерге бағындырылған әсем, нәзік қимылдарынан келіп би туындайды. Одан біз әр халықтың дәстүрін, әдет-ғұрпын, салтын, тұрмыс-тіршілігін айнытпай таныта алатын өзіндік ерекшеліктерін айыра аламыз. Қазақтың би өнері де ұлттық мәдениеттің сан-салалы түрлерінің негізінде қалыптасты. Халықтың билеу мәдениетін өркендетудің үлкен әлеуметтік мәселе екені белгілі. Сондықтан би өнерін насихаттау, үйрету, жаттықтыру мақсатымен бағдарламаға ендіріп отырмыз.

Бұл бағдарлама бойынша берілген қазақтың қолөнер үлгілерінен алынған: тұмарша, тарақ, шаңырақ, ирек, ашамай, тұрмысқа байланысты туындаған: сәлем, түбек, кебеже, тақия, өрмек, ұлттық ойындарға байланысты: ат шабыс т.б. қарапайым қимылдар тоқсан тақырыбымен, өнердің басқа салаларымен тығыз байланысты қамтылған. Музыкалық ырғақты нақты сезіне білуіне, әсемдікті эстетикалық талғаммен таңдай алуына көмектесері хақ.

Музыкалық есту, есте сақтау, музыкалық ойындар, билер, қол ұстасып, билеу, өте көрікті қызықты ойындар мектепке дейінгі балалар үшін, олардың қабілеттерін дамытуда өте қажет.

Сонымен, музыка деген ұлы құдіреттің қандай сезімді білдіретінін, не жайында толғайтынын ұғыну үшін бала жүрегіне музыка нәрін дұрыс еге білуіміз қажет. Кішкентайынан әнге, биге, күйге қанып өскен бала өнерпаз, өнерді сүйетін, бағалайтын азамат болып қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Музыкалық тәрбие беру методикасы - Алматы, 1981ж.
2. Балтабаев М. Өтемұратова Б. «Елім-ай» - Алматы, 1993ж.
3. Құнанбаев А. «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» - Алматы, 2004ж.
4. Алияқбарова Ж. «Ән өмірдің ажары» - Алматы, 2008ж.
5. Музыкальные ритмические движения - М., 1976г.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жас ұрпақты тәрбиелеуде әуенді қимылдың маңызы туралы айтылады.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о значении музыкальных ритмических движений в воспитании молодого поколения.

ТЕАТРАНҒАН ОЙЫНДАР - МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰРАЛЫ

Байжигитова Г.Н. – магистрант (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Мектепке дейінгі тәрбие оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп тұрған әлемде табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы дамуы үшін жағдайлар жасайды. Жетекші ғалымдар мен практиктер көптеген психологиялық-педагогикалық зерттеулер нақты мектепке дейінгі жасты зияткерлік, тұлғалық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын анықтайтын шарт екендігін дәлелдеді.

Балалар бақшасы мекемесінде балалардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың мынадай құралдары қолданылады:

1) Диалогты пайдалану (И.А.Артамонова, Е.И. Негневицкая), ұйқасты өлең шумақтарын, санамақтар, тақпақтарды және т.б. пайдалану. (М. Кондратова, О. Уланова)

2) Көрнекі құралдарды, суреттерді, ойыншықтарды және т.б. пайдалану (И. Рыжова, В.Ф. Толстова, И. Васильев және т.б.)

3) Шет тілдегі жаттығулар мен өлеңдерді қолдану (И. Старшинская, Л.Ф. Баранова, В.И. Филатов және т.б.).

4) Ойын құралдарын пайдалану (Л.В. Артемова, Е.В. Жирнова, Баранова Л.Ф. және т.б.)

Театрланған ойындарды коммуникативтік құзыреттілікті өнімді қалыптастыруға септігін тигізетін тиімді құрал ретінде қарастырмастан бұрын, осы құралдың негізгі қызметтерін анықтамай тұрып, балалар ойыны мен театрланған ойын ұғымдарының жігін ажыратқан жөн. Біз сондай-ақ олардың ұқсастығы мен айырмашылығын көрсеткіміз келеді.

Ең алдымен ойын – іс-әрекет туындысы, оның көмегімен адам шынайы болмысты түрлендіріп, дүниені өзгертеді. Адам ойынының мәні – әлемнің көрінісін бере тұра, болмысты түрлендіру. Ойын мәні нәтижеде емес, үдерістің өзінде, ойынға қатысты сезім толқуларының үдерісінде (Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, Д.Б. Эльконин және т.б.). Ойынның осы ерекшелігінде үлкен тәрбиелік мүмкіндіктер жатыр, себебі белгілі бір ойынның мазмұнын басқара отырып, педагог нақты жағдаяттар мен рөлдерді үлгілеуге мүмкіндік алады, ал олар өз кезегінде, бала сезімі мен эмоцияларына оң ықпалын тигізеді.

С.Л. Рубинштейн көрсеткендей, бала белгілі бір рөлге еніп, жай ғана жасанды түрде жат тұлғаның кейпіне ауыспайды, рөлді ойнай отырып, ол өзінің тұлғасын байытады. “Бала – оның рөлі” ерекше қатынасында қиял, ерік, ойлау, есте сақтау сияқты психикалық қызметтерді дамытуға болады, сонысымен ойынның негізгі мән-маңызы анықталады.

Ойынның негізгі түрлерінің ішінде ғалымдар дидактикалық ойындарды, қимыл ойындарын, сюжеттік – рөлдік ойындарды бөліп көрсетеді (А.В. Запорожец, Т.А. Маркова, Н.И. Непомнящая, В.С. Мухина және т.б.).

Сонымен қатар басқа зерттеушілер бұл тізімді тағы бір ойын түрімен – театрланған ойындармен толықтырады (Л.А. Абрамян, Л.В. Артемова, Т.В. Антонова, Е.М. Гаспарова және т.б.).

Театрланған ойындар сюжеттік-рөлдік ойындарға ұқсас, бірақ олардан айырмашылығы балалар қиялына емес, әдеби шығармаларды драмалап көрсетуге не белгілі сюжеттер қойылымына негізделеді. Сондай-ақ кейіпкерді танытатын өзіне тән белгісі болуы тиіс (Л.В.Артемова, Л.А.Минкович).


Театрланған ойындар әдебиет пен театрға қызығушылық оятып, балалардың рухани-эстетикалық дамуына ықпал етеді. Ойынның бұл түрі баланың дамуына, сөздікті белсенді пайдалануына себін тигізеді. Ол балаларды тиянақты ой түюге, сұхбаттасымен диалогқа, талқылауға ынталандырады, демек, коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға септігін тигізеді. Осы мәселе бойынша мәліметтерді талдай келе, біздің айтатынымыз: театрланған ойындардың сюжеттік-рольдік және басқа ойындардан айырмашылығы мұнда еркін балалар ойынына тән іс-қимыл және ойын кеңістігін таңдау еркіндігі жоқ. Театрланған ойындарды оқу үдерісінде пайдалануда педагог анықтаған мақсат-міндеттер болады. Біз зерттеуімізде театрланған ойындар бала тұлғасының коммуникативтік құзыреттілігін, соның ішінде шет тілінде де қалыптастыру үдерісін байытуға мүмкіндік береді деген деректі негіздейміз.

Театрланған ойындар оқу үдерісін байытып, оны дәстүрлі қалыптардан арылтып, қайталанбас үлгіде ұйымдастыруға мүмкіндік беретінін атап кеткен жөн.

№ 1 кестеде біз көрнекі-бейнелі түрде оқыту мазмұнын және соған сәйкес оқу-тәрбие іс-әрекетін ұйымдастыру қалыптарын театрланған ойындар арқылы үйлестіруді ұсынамыз.

№ 1 кесте

Оқу үдерісін театрланған ойын құралдары арқылы ұйымдастыру



Театрланған ойындарды осылай пайдалану С.Т.Шацкий, А.С.Макаренко сияқты классиктердің тәжірибесінде орын алған. Атақты педагогтар ойынның зор маңызын ерекше бағалаған. Макаренконың ескерткеніндей, «бала өмірінің көптеген терең де мәнді жақтары ашылмай, жасырын қалып, психикаға кері әсерін тигізіп, көптеген түсініксіз қылықтың, қырсығудың, түсініксіз аурулардың пайда болуына себепші болады» (1, 272-б.). Ұлы педагогтың пікірінше, театрланған ойындар не драмаланған ойындар ішкі шиеленісті тарқатып, баланың сау психикасын дамытуға мүмкіндік беріп, баланың тілінің дамуына оң әсер етеді. Театрланған ойындардың психиканы сауықтыру қызметі, міне, осында.

Н.П.Аникееваның пікірі бойынша, театрланған ойындарды оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану:

- а) ұжымды жұмылдыруға;
- ә) сабақтың танымдық маңызын арттыруға;
- б) шығармашылық ахуал қалыптастыруға;
- в) тұлғааралық қарым-қатынасты белсендендіруге септігін тигізеді (5, 36).

Көптеген педагог-ғалымдардың пікірі бойынша, театрланған ойындар балаларды тәрбиелеп қана қоймай, шет тілдерге де тиімді үйретеді, себебі сабақ

дәстүрлі қалыпта жүргізілмейді. Шығармашылық ахуал балалардың сабақтағы белсенділігін арттырып, өзін, өзінің әлемдегі орнын тануға, өзін түрлі рөлдерде сынауға, түрлі сезімге берілуіне мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде, баланың өз пікірін белсенді білдіруге, коммуникативті міндеттерді атқаруға, құрдастарымен, ересектермен байланыс орнатуға, тұлғааралық байланыс пен өнімді тілдесімнің жаңа әдістерімен танысуға мүмкіндік береді.

Л.С.Выготский педагогтар негізінен білім беру үдерісінде ұсынылатын оқу материалын есте сақтауға үйрететінін ескертіп, бұл тұста кеңес мектебін психологияға қарсы деп атаған. Өкінішке орай, көп жыл бұрын айтылған осы ескерту өз өзектілігін қазір де жоғалтпаған. Сондықтан осы кемшіліктен арылу үшін оқу-тәрбие үдерісінде қандай құралдарды пайдалануға болады деген заңды сұрақ туындайды.

Оқу үдерісінде театрланған ойындарды пайдалануда маңыздысы - осы ойындарды дұрыс ұйымдастыру.

Мұның өзі:

- 1) тақырыптардың мазмұндылығы мен көп түрлілігіне;
- 2) театрланған ойындарды педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың барлық қалыптарына үнемі, күн сайын енгізуге;
- 3) балалардың ойынды дайындап өткізудің барлық кезеңдеріндегі жоғары белсенділігіне;
- 4) театрланған ойындарды ұйымдастырудың барлық кезеңдерінде балалардың бір-бірімен және ересектермен бірлескен әрекетіне;
- 5) театрланған ойындарды коммуникативтік біліктілікті игеруде кезеңмен пайдалануды ұйымдастыруға байланысты.

Педагог зерттеушілердің пікірінше, театрланған ойындарды сабақта пайдалану үдерісі бастапқы кезеңде еліктеу негізінде құрылады, мұның өзі мектепке дейінгі және кіші мектеп жасы балаларының негізгі ерекшеліктерін ескеруде өте маңызды.

Дұрыс қойылған сұрақтар күрделі жағдаяттарды ойластыруға, талдауға, қорытындылауға, жалпылауға ынталандырады. Ойды дамыту тілдесімді жетілдірумен тығыз байланысты. Кейіпкерлер сөздерінің, өзінің сөйлемдерінің мәнерін жетілдіру баланың сөз байлығын дамытып, дыбыстарды дұрыс айтуын жақсартады. Жаңа рөл, әсіресе кейіпкерлер диалогы баладан нақты, анық, түсінікті сөйлеуді талап етеді. Оның диалогтық тілі дамып, сөйлеуінің грамматикалық құрылымы жетіліп, сөздігі белсенді түрде толықтырыла түседі (2).

Театрланған ойындардың ерекшелігі сюжетке байланысты рөлдерді ойнауда, мұның өзі балаларды тәртіпке үйретеді, себебі олар белгілі бір ережелерге, ерікке, жоспарға бағынуы тиіс. Бұл балаларға рухани тәжірибені иемденіп, байытуға, эмоциялық сезімталдықты тәрбиелеуге көмектеседі.

Театрланған ойындар оқу-тәрбие үдерісінде өте тиімді, себебі бұл құралдарды пайдалану шығармашылықтың ұжымдық сипатын ескереді. Бірлескен іс-әрекет пен қарым-қатынас үдерісі, бірқатар авторлардың пікірі бойынша, балалар бір-бірімен серіктес ретінде, ересекпен режиссер ретінде әрекеттескенде іске асады. Әрқайсысы өз рөлдерін орындайды, бірақ шығармашылық үдеріс барысында олардың бәрі бірдей мақсаттармен бірлескен.

Театрланған ойындар балалар қиялын дамытады.

Театрланған ойындарды білім алу үдерісінде пайдаланғанда балалардың мынадай ерекшеліктерін дамытқан жөн: байқағыштық, ерік-жігер, өз қылықтарын бағалай білу, өз бақылауларын талдап-жалпылау, сезімталдық, өзін-өзі бақылау қабілеті және т.б. Қабілеттердің осындай кең кешенін дамыту балаға өзін іс-әрекеттің көп түрінде айқын білдіруге мүмкіндік береді. «Балаларды өнер тілімен таныстыра отырып, біз оларды шығармашылық зертханасына кіргіземіз, әлемді

көркем тану жолдарын ашамыз, қоршаған орта құбылыстарына эстетикалық көзқарасты тәрбиелейміз, олардың ішкі рухани күшін жігерлендіреміз» (3, 348-б). Педагог балалардың зейінін, сөздің бейнелі табиғатына сезімталдығын дамытып, қиялын оятып, мәтін негізінде көз алдына жарқын көріністерді елестетуге көмектесуі тиіс. Сонымен қатар ол өз оқушыларына сезімдерін «сөзбен жеткізуді» үйретуі керек. Мұғалім балалардың өз іс-тәжірибесіне сүйене отырып, оларға жақын мысалдар мен салыстыруларды пайдаланып, қиялын дамытады, баланың эмоциялық жадын күшейтіп, олардың санасында түсінікті де қызықты ассоциацияларды туғызады.

Балалар үшін оқу-шығармашылық үдерісінің өзінің зор маңызы бар. Сонымен бірге мұғалім педагогикалық міндеттерді шешуге талпынады (А.Д.Кошелева, Л.П.Стрелкова және т.б.). Мектеп жасына дейінгі кезеңде өте құнды болып табылатын сабақтың осы түрі мектепте неғұрлым мақсатты сипатқа ие болды, себебі оған балаларды ұсынылған жағдайда әрекет ету біліктілігіне үйрету элементтері енгізілген.

Балалардың ойналатын шығармалар мен сюжеттердегі кейіпкерлердің әрекетінің рухани қырын сезіммен қабылдау қабілетін тәрбиелеген жөн. Оқушылардың назарын қолданылатын лексика, сөйлесімнің құрылымына аудару керек. Педагог балалар зейінін сауатты ұйымдастырып, олардың ой-қиялын бағыттап, қиял жағдайындағы мақсат, міндет, әрекеттерді нақтылаған жөн.

Сценарий, сюжет таңдауда көп нәрсені ескеру қажет, себебі дайындық кезінде бірқатар тәрбиелік және педагогикалық мақсат-міндеттерді орындау көзделеді. Бала орындай алмайтын материалды таңдай отырып, педагог баланың өзінің тәжірибесін қолдану мүмкіндігін, сезім жады мен қиял қорын, өзін коммуникативті іс-әрекетте білдіру талпынысы мен қабілетін шектейді.

Тұтастай алғанда сахналық қойылымдар мен сюжеттер ұғынымды болуы керек, яғни, олар мектепке дейінгі балалардың және бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі тиіс (Л.А.Абрамян, Я.З.Неверович).

Көрнекті орыс педагогтары мен психологтары театрланған ойындарды балалардың шығармашылық іс-әрекеті ретінде қарастырады.

Мәселен, Ю.И.Рубина, Т.Ф.Завадская, И.Н.Шевелев сияқты зерттеушілер театрланған ойындарды оқу-тәрбие үдерісінде пайдалануды көркем-шығармашылық іс-әрекеттің көрінісі деп бағалайды.

К.С. Станиславский дауыстың қойылуына ерекше мән береді, себебі сөйлесім мәнерлі, айқын дыбысталуы тиіс. Мұның өзі өз кезегінде педагогты баланың ана тілін не басқа тілді дамытуға бағдарлайды. Сөзбен берілген әрекетті меңгеру айтылатын мәтінде ой, сезім, ерікті білдіру біліктілігін қалыптастыру деген сөз. Сонымен бірге кері хабарламаны қабылдай білу, оны дұрыс ұғыну, коммуникативтік жағдаяттан шыға білу балалардың коммуникативті құзыреттілігін қалыптастырады.

Белгілі педагогтардың пікірі бойынша, оқушыларда тиісті коммуникативтік біліктілікті әдістемелік тұрғыдан дұрыс ұйымдастыру қиын емес, бірақ педагогтан ерекше зейінді, балалардың жас және жеке ерекшеліктерін, олардың нақты өмірлік тәжірибесін ескеруді, табанды және жоспарлы жұмыс жүргізуді талап етеді.

Сөзді нақты серіктеске бағдарлаудың өзі күнделікті адамдар арасындағы қарым-қатынастың табиғи қасиеті. Кез-келген саналы әрекет әрқашан ең алдымен мақсат белгілеумен анықталады. Сөзбен берілген әрекет те солай. Бұл жағдайда көп жаттыққан дұрыс, ол баланың тілін нақтылап, айқындап қана қоймай, оқушы тілінің мәнерлік бедерін қалыптастырады.

Театрланған ойындар басқалармен араласуға ынтасы жоқ балаларға, өзінің қабілеттілігіне толық сенімі жоқ балаларға ықпал етудің тиімді құралы болып табылады. Мұндай балалар басқа балалармен байланыс орнатуға, тілдесімге,

ұжымдық әрекетке қатысуға қорқады. Театрланған ойындар осы психологиялық шиеленістен арылтып, бастамашылығы төмен, өзіне сенімсіз, аффектілі балаларды өзара әрекетке, тілдесімге тартады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Балл Г.А. Теория учебных задач.- М.: Педагогика, 1990.- 169с.
2. Леонтьев А.А. Теория речевой деятельности- М.: «Высшая школа»,1971-294с.
3. Выготский Л.С. Психология искусства – М.: «Просвещение», 1986- 348с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік құзіреттілігін театр ойыны арқылы қалыптастыру қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье автор попытался раскрыть формирование коммуникативной компетентности в дошкольном возрасте средствами театральных игр.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР

Байсеитова А.Н.- 6N0501- -магистрант,
Оспанов С.И. - филос.ғ.к, доцент

Мақаланың мақсаты: Білімнің әлеуметтік қызметі жалпы адамзаттық талапқа және адам баласы жинақтаған білімді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге, дамытуға, білім алу мен мәдениеттіліктің талабы мен қажеттілігіне байланысты. Білім беру — бүкіл қоғам мүшелерінің зерделік және мәдени дамудың жоғары деңгейін және кәсіби білімділігін қамтамасыз етудің келешекке тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз үдерісі.

Мақаланың міндеті: Білім беру әлеуметтануы, сондай-ақ білім жүйесінің әлеуметтік институт ретінде қоғаммен және оның негізгі элементтерімен өзара әрекеттесулерін зерттейді. Білімнің қоғамдық өндірістегі, экономикалық қатынастардағы, саяси жүйедегі, рухани өмірдегі ролдерін талдайды.

Мақаланың мақсаттары мен міндеттеріндегі әлеуметтік жағын талдау: Жалпы білімнің маңызы жөнінде әр түрлі кезеңдерде көптеген ғалымдар пікір айтқан. Оның маңыздылығы туралы кең бұқара халық та хабардар болатын. Әуелде білім беру тек рухани-интеллектуалдық тұрғыдан ғана қарастырылды. Ал кейіннен білім XVIII ғ. қоғам мен оның материалдық игілігін көтерудің негізіне айналған кезде білім берудің мәні өзгерді. Оның қойылған мақсаттарға қаншалықты сәйкес келетіндігімен анықталды. Қазіргі қанат жайып келе жатқан жаһандану үдерісіне сәйкес келетін жоғары бәсекелестікке төтеп беретін білім берудің сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін халықаралық тәжірибенің озық үлгілеріне сәйкес қалыптастыру – заман талабы болмақ. Ол үшін білім берушілердің арасында тәжірибемен бөлісу, оларды жүйелеу, сақтау және тарату ісі көп сатылы және көп факторлы сала болуы қажет. Білім беру институты, әлеуметтік қызметі анықталған, дербестігі қалыптасқан жүйе. Ол қоғамның дамуына және өмір сүруіне пәрменді әсер етеді. "Білім дегеніміз — күш" - деп жаңа дәуірде капитализм қалыптасып келе жатқан кезде, Ф. Бэкон айтқан еді. Бұл пікір тек білімді практикада пайдалану үшін ғана емес, адамды қорғау үшін де, оның бойындағы білім алу қабілетін жүзеге асыру үшін де айтылған болатын. Ең алдымен білуге, білім алуға ұмтылу жақсы қасиет. Бірақ қазіргі уақытта білімді жалаң мақсат

етіп, оның мәнін түсінбейтіндер де баршылық. И. Гете: "біліп қана қою аз, сол білгенді іске қолдана білуің керек, ниеттену ғана аз, сол ниетінді іске асыруың керек" деген. [1,231 – 232бб.]

Қазақстан Республикасы, өзінің тәуелсіздігін жариялағаннан кейін, қоғамның сан қырлы басқа салаларымен қатар білім беру саласында реформалауға кірісті. Бұдан елімізде білім саласының деңгейі бұрын төмен болды деуге болмайды. Қазақстан Республикасы Конституциясының 12 бабында заңдар мен халықаралық шарттарға байланысты, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ елімізде тұрақты қоныстанған шетелдіктердің білім алуды жүзеге асыра отырып, құқықтар мен бостандықтар пайдаланылады және міндеттер атқарылады. [2,10б.]

«Білім туралы» заңы осы заң білім беру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, осы саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі ұстанымдарын айқындайды. Онда жалпы ережелер, білім беру ұйымдарын басқару, білім беру бағдарламалары мен білім деңгейлері, білім беру жүйесін басқару, білім беру қызметінің субъектілерін, әлеуметтік кепілдіктері, білім беру саласындағы халықаралық қызметі және т.б. нәрселер "Білім туралы" Заңның 68 — бабында анықталған. Білім беруді дамыту тұжырымдамасы мемлекеттік тәуелсіздікті қалыптастыру мен нығайтудың, елдің даму негізін құрайтын Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудың мақсаттары мен міндеттерін, құрылымы мен мазмұнын және басты стратегиялық бағыттарын айқындайтын ғылыми теориялық, әдіснамалық құжат болып табылады. [4,5б.] Білім беру жүйесінің басты міндеттері ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау деп атап көрсетілді. Білім беру педагогика, психология, философия, тарих, экономика, әлеуметтану секілді ғылымдар қатарын зерттеудің объектісі мен пәні болып табылады.

Білім беру әлеуметтануы — білім жүйесін әлеуметтік институт ретінде және оның қоғаммен өзара әрекеттестігін зерттейтін ғылыми пән. Мұнда білім жүйесінің, (мектептің, кәсіби және жоғары білім беру орны), оқытушы мен оқушы арасындағы өзара қатынастардың, мектеп пен сыныптары ішіндегі байланыстардың мәселелерін анықтайды. Сонда білім беру әлеуметтануының саласы педагогикалық әлеуметтану саласын қалыптастырады.

Білім беру жүйесі — әлеуметтік институттың ең маңыздыларының бірі. Қазіргі қоғамда әлеуметтенудің шешуші құралы білім жүйесі болып табылады. Білім беру жүйесі өзінің маңыздылығы, мазмұны, көлемі жағынан қоғам өмірінде шешуші рөл атқарады. Білім жүйесінің басты сатылары: мектепке дейінгі тәрбие беру жүйесі, орта білім, кәсіби-техникалық білім, жоғарғы арнайы білім, жоғары оқу орнынан кейінгі кадрларды қайта даярлау мен біліктілікті үздіксіз жоғарлату жүйесі. Білім беру әлеуметтануы білім жүйесінің көрсетілген әр деңгейінің әлеуметтік мәселелерін зерттейді.

Мектепке дейінгі мекемелердің адам тәрбиесінің, оның еңбекқорлығы мен басқа қасиеттерінің негізін қалау процесінде маңызы зор. Қоғамның маңызды институттарының бірі ретінде мектепке дейінгі мекемелердің әлеуметтік қызметтерін былай бөліп көрсетуге болады.

- Жас баланың тән және психологиялық денсаулығын қорғау және нығайту;
- Балалардың білім алуға, жан-жақты дамуға және мектепте оқуға жалпы мәдени психологиялық құқығын жүзеге асыру;
- Құрдастары ортасында әлеуметтік мінезін қалыптастыру;

Мектептегі оқытудың, тек балалардың жартысын ғана қамтитын мектепке дейінгі тәрбиеден айырмашылығы, мектептің баршаға ортақтығында. Мектеп балаларға және жас буынға өмірлік жол көрсететін орда. Осы қоғамда мектеп деңгейі мен бағыты,

сонымен бірге білімнің мақсаты мен міндеті бойынша жіктелген. Ол табиғи талапты, бейімділікті, қабілеттілікті, жан-жақты қызығушылықты, өнегелі тәрбие, саналы тәртіпті нығайтады, қоғамның талабын орындауға үйретеді. Мектеп бітірушісі осылардың негізінде кәсіби білімнің немесе жоғары білім беру салаларының біріне тоқталады.

Кәсіби білімді, кәсіби техникалық және жоғары маман алуды зерттеу үлкен мәселе. Кәсіби техникалық дайындық әр түрлі шығындарға қарамастан, білім алудағы маңызды арна болып қала береді. Білім беру әлеуметтануы үшін білім алушылардың білім алу деңгейі, оқытудың тиімділігі, оның мамандық жоғарлатудағы рөлі мен халық шаруашылығындағы мәселелер маңызды болып табылады.

Жоғары білім беруге келетін болсақ, әлеуметтануда жастарды оқыту, әлеуметтік мәртебесін анықтау, болашақтағы ересек өмірге мүмкіндігінше баға беру, қоғамдағы субъективті талпыныс пен объективті қажеттілігіне сәйкестену істерін талдау, дайындықтың сапасы мен тиімділігін анықтау маңызды мәселелерге жатады. Қазіргі жағдайда жоғары білім беру сапасын зерттеу студенттердің академиялық үлгерімін ғана емес, сонымен бірге талапкерлер мен студенттердің үлгерімін (білім деңгейі, жеке тұлғалық қасиеттері және т.б.), оқыту құралдарының сапасын (оқытудың жаңа технологияларынан қол үзбеу, компьютерлендіру және т.с.с.), педагогикалық персоналдың деңгейін (оқытушылар құрамы, ғылыми атағы бар оқытушылардың саны) және басқа көрсеткіштерін талдайды. Әлемдік білім беру кеңістігіне ену педагогика теориясы мен оқу тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты: білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, басқаша қарым-қатынас, өзгеше менталитет қалыптасуда. Қазақстандағы білім беру жүйесі қазір өзінің элементтері мен буындарына қатысты негізгі өзгерістерді бастан кешіруде. Мемлекеттік оқу орындарымен бірге жеке меншік оқу орындары пайда болды. Дәстүрлі бұқаралық мектеппен бірге сыныптар мен пәндерді тереңдетіп оқытатын лицейлер, гимназиялар, колледждер, арнайы мамандандыру мектептері пайда болды. Тегін білім беру жүйесі мен қатар, барлық буындарда бала-бақшадан университетке дейін ақылы білім беру қалыптасты. Білім беру әлеуметтануының әлеуметтік саясат мәселелерін жүзеге асырудағы міндеттері: білімнің әртүрлі қызметтерін оңтайландыру, әртүрлі салада (өндірісте, ғылымда, мәдениетте, басқаруда) оның тиімділігін арттыру істеріне ұсыныстар беру. Сондай-ақ, жалпы қоғам дамуында оның адам факторын белсенді етудегі рөлін анықтайды. Егер дәстүрлі қоғамдарда білім беру жекелей әсер етуі арқылы шеберден оқушыға, үлкеннен кішіге өтіп отырса, онда қазіргі қоғамда жалпыға бірдей қалыпты, ресми түрде білім беру іске асырылып отыр. Бұл әрине, білім беру жүйесін қоғамның барлық мүшелерінің әлеуметтену факторына және құралына айналдырады. Білім берудің қоғам дамуындағы, экономиканың жоғары бәсекеге қабілеттілік пен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлін түсінген мемлекеттер бүгінде өз білім беру жүйелерінің осал жерлерін анықтау арқылы тиісті реформаларды жүзеге асыруға бет алды. Әр мемлекетте мұндай реформалар олардың білім беру саласындағы саясатына байланысты әр түрлі жолдармен жүзеге асады. Бүгінгі жаһандану мен нарықтық қатынастар жағдайында білім беру сапасы бірқатар жаңа сипаттамаларға ие болып отыр.

Елімізде білім беру жүйесінде мынадай өзгерістер пайда болды. Бұлар: Ұлтық бірыңғай тестілеу (ҰБТ), «Интерактивті тақтаның» мектептерге қойылуы, мектептердің әлемдік дерекнамалық жүйеге (INTERNET-ке) қосылуы, 12 жылдық жалпы орта білім беру жүйесіне көшу. Қазіргі кезеңде 12 жылдық мектеп халықаралық білім беру стандартына сәйкес келу болып табылады. Еуропа кеңесінің (1992 ж.) Декларациясында көрсетілгендей 12 жылдық білім беру әлемдік білім кеңестігінде 136 елде жүзеге асырылуда. 12 жылдық орта білім беру тұжырымдамасының мақсаты — 12 жылдық мектеп жағдайында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру жүйесін жаңарту жолдары мен дамыту стратегиясын айқындау. Бүгінде Қазақстанның

жоғары білім беру жүйесін қалыптастырудағы басты бағыт — әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу. Кірігу процесі негізінен, халықаралық стандарттарды енгізу арқылы жүзеге асырылады. Бүгінгі күнге кредиттік технология мен үш сатылы білім беру жүйесіне альтернатива жоқ. Алайда, жаңашыл элементтерді Қазақстанның қалыптасып келе жатқан білім беру жүйесіне енгізу бірте-бірте жүзеге асырылуы қажет. Жоғарыдағы мәселелермен қатар сапалы оқулықтар даярлау жауапты мәселе болып отыр. Оқу жоспарын білім Министрлігі бекітеді, бұл заңды нәрсе. Қорыта айтатынымыз Республикада білім саласында сан-қырлы жұмыстар іске асырылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Күнхожаев Н.Р., Найзағараева Е.К. Социология: Оқу құралы. — Алматы: Қаз Мем Қыз ПИ, 2005. — 244 б.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 мамырдағы № 254-III Заңымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген ресми мәтін. — Алматы: Жеті жарғы, 2007. — 136 бет.
3. Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. — Алматы: ЮРИСТ, 2009. — 240 б.
4. Қазақстан жоғары мектебі, №1, 2004 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.
5. Әлеуметтану. 2 кітап: Оқулық /Жалпы ред. басқ. М.М. Тәжин. —Алматы: Қазақ университеті, 2005. — 268 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада білім беру жүйесінің мақсаттары мен міндеттерінің әлеуметтік жақтарының қазіргі кездегі өзгеруімен дамуын көрсетеді.

РЕЗЮМЕ

В статье поднимаются социальные вопросы целей и задач системы образования.

ӘЛЕУМЕТТІК МӘДЕНИ БІЛІКТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТРУҒА АРНАЛҒАН МӘТІНДІК МАТЕРИАЛ

Камбарова З. Ж. —магистрант (Алматы қ., ҚазХҚжӘТУ)

Әлеуметтік мәдениеттің негізгі ақпарат көзі болып оқу саналады. Е.Н.Сафонованың пікірі бойынша оқу өнері ақпараттық академиялық біліктілікті дамытатын жүйелі негізі болып табылады. Дәл осы біліктіліктер адамның ақпарат әлемінде бағыт бағдар алуына, автономиялы білімділік тұжырымдамалар жасауына көмектеседі. Олардың барлығы тұлғаның жеке қажеттілігіне үздіксіз білім беру жүйесіндегі көптеген үлгілермен дәстүрлі оқу формалары және қашықтықтан оқытудың беретін мүмкіндігін ескереді. Мемлекеттік оқу стандарты бойынша студенттер мәтіндердің әртүрлі функциональды түрлерімен танысу қажет: прагматикалық (болжау) ақпараттық, ғылыми-әдеби, ғылыми-танымал, көркем, поэзиялық, прозалық, тағы да газет журналдардағы материалдар, кітаптардан үзінділер, студенттерге мәдениет саласында саясатта күнделікті өмірде, өмірден ақпарат беретін, ақпараттық анықтама мәтіндер (интернет жүйесіндегі материалдар, жарнамалар, саяси – қайраткер сөзінің үзіндісі, ғылым және өнер сласы, энциклопедиялық анықтамалар) беріледі.

Оқып жатқан тілдің мәдениетін меңгерде маңызды роль атқаратын аутентті мәтіндік материалдар жатады, олар сол тілдің әлемдік бейнесін көрсете, сол мәдениеттің өнімі болып табылады.

Аутенттік мәтіндерге газет мақалаларын, брошюраларды, авиа және темір жол билеттерін, хаттарды, жарнамаларды радиодан және теледидардан берілетін жаңалықтармен хабарламаларды және т.б. жатқызамыз. Е.Н.Соловова бұл материалдар оқып жатқан тіл иесінің шынайы өмірінен алынған және студенттерге арнайы дайындалмаған. Е.Н.Соловованың пікірінше негізгі мәләметті (фактіні) бөліп алатын болсақ шет тілінде оқуды ұйымдастыру үшін мәтінмен мен жұмыс істеудің жалпы және негізгі технологияларын қалыптастыру қажет. Бұл технологиялар міндетке жетуге залалын тигізбесе, таныс емес сөздерге, қажетті мағыналық ақпаратты ерекшелеп алу және болжау кілтті сөздер арқылы оқу, сөздікпен жұмыс істеу, түсініктемелермен сілтемелерді қолдану, мәтінді байланыстыру және тасымалдау (жеткізу) біліктіліктері жатады. Е.Н.Соловованың мақаласында материалдарға сүйене отырып біз оқу мәтіндерін іріктеу кезінде тақырыпқа және мәселеге байланысты талаптарға бағынуымыз қажет:

- Тілдік және сөйлеу дағдысы мен біліктіліктерін қалыптастыруға бағытталған;
- Студенттердің білімдік деңгейіне, қызығушыларына, мүмкіндіктеріне, танымдық (когнитивтік) ақпаратты аналитикалық деңгейлеріне сәйкес келу;
- Мәдениет аралық қарым-қатынас кезінде олардың, үйлесімді (адекватты) сәйкес қоғамдануына мүмкіндік жасау. Әртүрлі әлеуметтік мәдени біліктілікті қалыптасытудағы тқырыптардағы мәселелі мәтіндерді таңдап алу, тек қана берілген сұрақ бойынша нақтылы ақпарат беріп қоймай және жеке тұлғалықөзін-өзі дамыту біліктілігін арттыратын мағыналы, сөйлеу тіреуші болады. (7)

Мәселелі мәтіндер жеке тұлғаны тәрбиелеу сияқты, маңызды міндетті атқарады. Сонымен елттанымдық материалды оқытушының ұсынысы бойынша ұқыптылықпен іріктеліп алынуы қажет. Сол елдің «стереотипі» туралы ғана әңгімелемей, аудиторинның жас және тілдік ерекшеліктеріне қарай қызықты тақырыптар енгізуге болады. Осылайша оқытушы студенттердің қызығушылығын басқарып отыратын қосымша күш алады. Оған материалдардың аутенттік динамикалық осы өмірге сәйкес және оқып жатқан топтың тілдік деңгейін ескере, таңдалса тиімділігі жоғары болады. Студенттер тек мұғалімді ғана тыңдап қана қоймай, өздері де оқу үрдісіне белсенді қатысуы қажет (7).

Елттанымдық мазмұндағы мәтінді оқудың мақсаты көз жүгірте оқу, таныса оқу, зерттей оқу біліктіліктерін қалыптастыра нақты бір сөйлеу міндетін шешу үшін қажетті ақпаратты алуды үйрету. Тағы бір маңызды мәселе – мәтіннің әдістемелік ақпараты мен мәтіннің сипаты студенттерге тек мұғалімнің қатысымен оқуға мүмкіндік бермей, сонымен қатар өзіндік зерттеу жұмысы ретінде жеке немесе шағын топтарды жұмыс істеуіне себепкер болу қажет. Н.В. Барышников - мәселелі қатысымдық тапсырмасы бар мәтіндік материалды қолданудың *маңыздылығы* студенттердің оқылған мәтіннен керекті ақпаратты біліп алу біліктілігін дамытады. Оларды қолдану оқудың жоғарғы нәтижесіне жеткізеді де студенттердің оқыған мәтінді тереңінен түсінуге мүмкіндік береді. Мәселелі сипаттағы тапсырмаларды орындау кезінде студенттер міндетті түрде анықтама әдебиетіне сүйенеді. Сонымен бірге олар лексикалық қорды дамыта отырып шет тіліндегі мәтіндермен жұмыс істеуде өзінің біліктілігіне сүйенуге дағдыланады. Шет тіліндегі әртүрлі тақырыптардағы мәтіндік материалдарды қолдана отырып оқу үрдісін мәселелі қатысымдық тапсырмаларды пайдалану, студенттердің әлеуметтік мәдениеттілігін қалыптастыруға көмектеседі.

Шет тілін оқытуда әлеуметтік мәдени біліктілікті қалыптастырудың міндеттері - оқып жатқан тілдің шынайы өмірімен мәдениетімен жан-жақты танысу ,тұлға арлық және ұлт аралық қарым-қатынасқа түсуге дайындығын қалыптастыру, шет

тілі арқылы мәдениеттануды өздігімен оқу, оқып жатқан тіл иелерімен өз елінің мәдени және әлеуметтік ерекшеліктерін ескеруді үйрету.

Шет тілін оқытуда әлеуметтік мәдени біліктілікті қалыптастырудағы тапсырмалардың түрлері

- оқылған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар (іздене оқу);
- мәтінде кездесетін жаңа сөздерді өздігінен түсіне білуге үйрететін тапсырмалар;
- жауап-нұсқаулары бар сұрақтар;
- мәтінде қарастырылған тақырыппен реалиге байланысты қосымша ақпаратты табуға жаңа техникалық құрғыларды пайдалануды тапсыру (іздену жұмыстары);
- мәтінде берілген сөздерге байланысты өздігінен сөздікпен жұмыс істеу, интернет сайттарын қолдану немесе анықтама материалдары;
- өнімдік сипаттағы тапсырмалар студенттердің оқыған мәтініне байланысты өз көз қарасын білдіру, сол елдің өміріне қатысты пікір айту;
- кейбір материалдарға мәтінге дейінгі тапсырмалар беру.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада студенттердің әлеуметтік мәдени біліктілігін қалыптастыруда мәтіндік материалдың рөлі қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассмотрена формирования социокультурное компетенции в сфере аутентичных материалах.

ОРГАНИЗАЦИЯ СЕНСОРНОГО РАЗВИТИЯ МЛАДШИХ ДОШКОЛЬНИКОВ В УСЛОВИЯХ СЕМЬИ

Тусупжанова А. - студент 4 курса (г. Алматы, КазгосженПУ)

Сенсорное развитие детей во все времена было и остается важным и необходимым для полноценного воспитания подрастающего поколения. Сенсорное развитие ребенка - это развитие его восприятия и формирования представлений о важнейших свойствах предметов, их форме, цвете, величине. Важность сенсорного развития ребенка отмечают, также известные педагоги и психологи как: Л.С.Выготский, А.В.Запорожец, Д.Б.Эльконин, А.Н.Леонтьев, Л.А.Венгер, Н.А.Ветлугина, Н.П.Сакулина. Роль сенсорного развития в дошкольном детстве трудно переоценить, именно этот период наиболее благоприятен для совершенствования деятельности органов чувств, накопления представлений об окружающем мире.

Дошкольный возраст, по определению А.Н.Леонтьева, представляет собой период «первоначального фактического складывания» личности. Именно в эти годы происходит становление основных личностных механизмов и образований.

Успешность умственного, физического, эстетического воспитания в значительной степени зависит от уровня сенсорного развития детей, т. е. от того, насколько совершенно ребенок слышит, видит, осязает окружающее.

Известный казахский поэт-просветитель Абай Кунанбаев писал: «Слушая ушами, видя глазами, прикасаясь руками, пробуя на язык, вдыхая носом, человек получает представления о внешнем мире. Полученные ощущения, приятные они или неприятные, воспринятые нитью указанными органами чувств, располагаясь в памяти, в заданной закономерности, создают определенную образность»¹

В работах А.В.Запорожца, А.П.Усовой, Л.А.Венгер и других авторов сенсорное воспитание дошкольников рассматривается как педагогическое руководство, направленное на совершенствование и развитие сенсорных процессов детей: ощущений, восприятий, представлений. Одним из важнейших моментов сенсорного воспитания является организованное взрослыми обучение детей обобщенным и систематизированным знаниям о воспринимаемых качествах предметов.

Так как ребенок на каждом возрастном этапе оказывается наиболее чувствительным к тем или иным воздействиям, каждая возрастная ступень становится благоприятной для дальнейшего нервно-психического развития и всестороннего воспитания дошкольника. Чем меньше ребенок, тем больше значение в его жизни имеет чувственный опыт. Младший дошкольник ещё не умеет управлять своим взором. Его взгляд беспорядочно перемещается по предмету. И лишь в ходе выполнения различных видов деятельности при соответствующем руководстве дети 3-4 лет учатся наблюдать, рассматривать объекты.

Восприятие у детей младшего дошкольного возраста носит активно-действенный характер. Воспринять какой-либо предмет для ребенка означает совершить с ним какое-то практическое действие.

Младшие дошкольники ещё не умеют подчинить восприятие поставленной цели. Яркое и красочное, хотя, может быть, и несущественное по содержанию, прежде всего воспринимается ребенком. Без целенаправленного систематического обучения восприятия детей остается поверхностным, отрывочным и не создает необходимой основы общего умственного развития, овладения разными видами деятельности (рисование, аппликация, конструирование и др.), полного освоения знаний и навыков в дошкольных организациях. Сенсорное развитие с одной стороны составляет фундамент общего умственного развития, с другой стороны имеет самостоятельное значение, так как полноценное восприятие необходимо для многих видов трудовой деятельности.

Задача взрослых окружающих ребенка, раскрыть дверь в сложный, противоречивый, но такой привлекательный для младшего дошкольника окружающий мир, помочь им сделать первые шаги в нем.

Основную и решающую роль в воспитании личности ребенка и в дальнейшем её формировании играет семья.

Первыми и главными воспитателями ребенка, по мнению А.С.Макаренко, являются родители, обращаясь к ним, он говорил: «Главная основа воспитания человека закладывается до 5 лет, а далее идет только обработка человека»²

Для ребёнка дошкольного возраста семья, в которой он живёт и воспитывается, является естественной средой. Семья накладывает свой отпечаток на его характер и поведение, в семье он получает первые уроки в познании мира и знакомится с элементарными законами жизни. Только при участии родителей педагоги дошкольных организаций смогут добиться лучших результатов в воспитании и развитии детей. Если родители будут уделять больше внимания ребёнку в дошкольном возрасте, а именно его сенсорному развитию, то ребёнок быстро усвоит сенсорные эталоны. По словам Л.А. Венгера и В.С. Мухиной сенсорное воспитание имеет большое значение для развития ребенка, совершенствование его чувственного познания окружающего мира, развития у него сложных мыслительных и сенсорных процессов. Все это определяет уровень развития сенсорной культуры ребенка.

Сенсорное воспитание в условиях семьи предусматривает, прежде всего, обогащение личности ребенка через непосредственное общение с природой, с явлениями общественной жизни, с миром вещей, созданных руками человека. Углубление и обогащение мироощущения ведет к формированию миропонимания, все более осознанного отношения к явлениям окружающего.

В условиях повседневной жизни, в процессе игр и труда дети способны воспринять целый комплекс различных свойств и сторон явлений. Одни из которых более интенсивны и выступают на первый план, другие им сопутствуют.

Однако, не во всех семьях умеют правильно организовывать сенсорное развитие ребенка, и основной причиной этого является недостаточность уровня педагогических знаний родителей. Это убедительно доказывает важность организации педагогического просвещения родителей.

Педагоги дошкольных организаций должны прежде всего познакомить родителей с содержанием образовательных программ, которая является ориентиром творческой деятельности родителей и воспитателей: определяет содержание образовательного процесса развития детей, отражает мировоззренческую, научную и методологическую концепцию дошкольного образования.

Так, программа «Балбобек» определила следующий уровень сенсорного развития детей 3-4 лет:

- знание и умение детьми называть геометрические фигуры: круг, квадрат, треугольник, овал.
- знание основных цветов спектра: жёлтый, зелёный, синий, красный, оранжевый, фиолетового. И два нейтральных: чёрный, белый.
- уметь сравнивать предметы различных и одинаковых размеров по величине, высоте, длине, ширине, толщине.
- уметь различать и называть правую и левую руки, раскладывать предметы правой рукой слева на право, обозначить словами положение предмета относительно себя (вверху, внизу, справа, слева);
- уметь различать и называть время суток.

Ведущая роль в сенсорном развитии младших дошкольников принадлежит игрушке.

Игрушка – неизменный спутник ребенка с первых дней рождения. Ее специально создает взрослый в воспитательных целях, чтобы подготовить малыша к вхождению в общественные отношения. Игрушка выступает для ребенка как предмет забавы, развлечения, радости, и в тоже время она – важнейшее средство развития дошкольника.

В настоящее время современный рынок заполнен играми и игрушками, в том числе импортными, значительная часть которых характеризуется низким качеством и предназначением, отрицательно влияющим как на психическое здоровье детей, так и на их развитие.

Игрушки являясь объектами игр детей должны быть важными педагогическими средствами их воспитания. При этом они должны обладать развивающими свойствами, иметь запас игровых возможностей и быть интересными. Как средство гармонического воспитания детей игрушки должны способствовать формированию любознательности, интереса к окружающему миру, проявлению гуманных чувств, развитию художественного вкуса и творческих способностей.

Большую ценность для сенсорного развития детей представляют дидактические игрушки, которые знакомят с цветом, формой, величиной и т.д. они дают цельный конкретный образ, подчеркивают какое-нибудь одно свойство, на котором строится игра.

Сенсорное развитие ребенка в дидактической игре происходит в неразрывной связи с развитием у него логического мышления и умение выражать свои мысли в слове. Чтобы решить игровую задачу, требуется сравнивать сходство и различие, обобщить, делать выводы.

Таким образом, развивается способность к суждениям, умозаключению, умение применять свои знания в разных условиях. Детям полезны дидактические (обучающие) игрушки для ориентировки в форме, цвете, величине. Большое значение имеют геометрические наборы, которые усложняются в отношении распознавания формы,

величины, цвета. В игре выдвигаются задачи по систематизации и классификации предметов, что особенно ярко выражается в настольно печатных играх, таких как лото, карты-картинки, в строительных наборах. Для организации игр с песком необходимы разнообразные формочки, наборы посуды различного цвета и величины.

Увлекательные дидактические игры создают у ребенка младшего дошкольного возраста интерес к решению поставленной перед ним задачи. Увлечение игрой повышает способность к произвольному вниманию, обостряет наблюдательность, помогает запоминанию. Все это делает дидактическую игру эффективным средством сенсорного развития ребенка младшего дошкольного возраста.

Если родители принимают участие в детских забавах и играх, то сколько интересных свойств и явлений они могут открыть своему ребенку. Он легко и охотно усвоит название цветов, трав, камней, непосредственно общаясь с природой, как безошибочно их затем находят, ориентируясь по форме, цвету, строению, запаху, по влажности, гладкости, пушистости. Наблюдение природных явлений с ребенком способствует прежде всего развитию зрительного восприятия. Целесообразно также включать осязание— ребенок трогает, щупает, гладит предметы. Путем ощупывания, поглаживания предмета ребенка необходимо знакомить с его величиной, объемом, формой. Очень важно также для познания пространственных свойств, движение взора по предмету.

Общение с природой обогащает слуховые впечатления. Необходимо учить ребенка вслушиваться в пение птиц, шум прибора, дождя, в раскаты грома, шелест листья и т.д.

Таким образом, одним из важных условий сенсорного развития детей 3 – 4 лет является организация содержательной деятельности детей. Каждый родитель должен учиться смотреть на мир глазами ребенка, вместе с ним удивляться и радоваться, руководить его развитием, раскрывая мир так, чтобы ребенок видел предметы со всеми их признаками, свойствами, качествами и, увидя, не утрачивал интересы к ним.

ЛИТЕРАТУРА

1. Абай К. Книга слов. А. 1996 с.243
2. Макаренко А.С. О воспитании в семье. М. 1965 с.50
3. Венгер Л.А., Пилюгина Э.Г., Венгер Н.Б. Воспитание сенсорной культуры ребенка. М. 2005 с.277
4. Доропова Т.Н. Взаимодействие дошкольного учреждения с родителями // Дошкольное воспитание, 2004, - №1 с60-63

ТҮЙІНДЕМЕ

Мектепке дейінгі балалық шақ дәуірі бала сенсор дамуы дәуірімен келеді; сезім органдарының дамуы, сенсор эталондарының меңгеруі және заттардың тексеру тәсілдері. Әке шеше балалардың сенсорлық дамуына белсенді қатысу керек. Бұл үшін жанұя шарттарында пәндік ортаны жасау, сонымен қатар дидактикалық ойындар, қоршаған бақылаудың ұйымдастыру керек.

РЕЗЮМЕ

Период дошкольного детства является периодом сенсорного развития ребенка: развитие органов чувств, овладения сенсорными эталонами и способами обследования предметов. Родители должны принимать самое активное участие в сенсорном развитии детей. Для этого необходимо создать в условиях семьи предметную среду, а также организовать дидактические игры, наблюдения окружающего мира.

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ҚАТЫСЫМДЫҚ СӨЗ ЖАҒДАЯТТАРЫН ҚОЛДАНУ МЕН ҚҰРАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Өтепберген Ж.Т. – магистрант (Алматы қ., ҚазХКжәнеӘТУ)

Елімізде шетел тілін меңгеру ахуалы соңғы жылдары өсіп келеді. Елбасының үш тілдік бағдарламасында айтылғанындай тіл және тілдік білім ашық ақпараттық кеңістікке ене алатын адамның өмірлік іс-әрекеті мен маңызды құрал көзі болып табылады. Егеменді Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы және әлемдік халықаралық қауымдастыққа кіруі әрбір қазақстандық азамат өз елінің көрсеткіш айнасы ретінде салауатты да сауатты, жан - жақты дамыған тұлға болуын талап етеді. Сондықтан да еліміздің әрбір тұрғыны жас ерекшелігіне қарамастан бір емес бірнеше тілді меңгеруі керек. Сол себепті тілге деген қажеттілік шетел тілін оқыту әдістемесіне деген талабын жоғарылатуда. Ұсынылып отырған мақалада шетел тілін оқыту әдістемесіндегі бүгінгі таңда маңызды болып есептелінетін мәселелердің бірі-тілдік қарым-қатынастағы қатысымдық сөз жағдаяттары қарастырылады.

Жағдаят сөзіне түсініктеме берсек, ол - белгілі бір мақсатқа бағытталған жеке бас қажеттіліктерінен туған сөйлесушілердің қарым-қатынасының серпінді жүйесі.

Жағдаяттар табиғи және жасанды, арнайы құрастырылған болып бөлінеді. Жасанды жағдаяттар көбінесе оқыту процесімен байланысты болады. Шетел тіліне үйретуде табиғи жағдаяттарды ұсыну айтарлықтай қиындықтар туғызады. Оқу үрдісінде қарым - қатынас жасағанда, біріншіден, жағдаяттардың мазмұны оқу үрдісінің шарттарымен шектелмегені жөн, ал екіншіден, берілген жағдаяттардың мазмұнын өз ана тілінде іске асыруға жол бермеу. Себебі үйренушілер шетел тіліне қарым-қатынас тілі емес, оқу пәні, ал оқытушыға үйретуші адам ретінде қарайды және ең бастысы қате жіберуден қорқады. Оқу үрдісіндегі жағдаяттар табиғидан айырмашылығы оқу мақсатына жету болып табылады.[1] Шетел тілін оқытудың негізгі мақсаты «мәдениетаралық қарым-қатынас субъектісін» қалыптастыру үшін оқып жатқан тілдің тілдік және әлеуметтік мәдени ортасынан алшақ екендігін ескере отырып, сабақ үстінде тұлға әр түрлі өмірлік және кәсіби жағдаяттарда мәдениетаралық құзырлеттікке түсе білуі - маңызды талаптардың бірі.[2]

Жағдаяттылықтың маңыздылығын мынадан көреміз: тыңдалған немесе қабылданған сөз бірліктері жағдаят болмаса есте сақталмайды немесе адамға маңызды болып есептелмейді. Есте қалғанның өзінде жағдаят арқылы белгіленбесе, үйренуші оны тек теория жүзінде біліп, практика жүзінде өмірде қолдана алмайды. Лексикалық бірлік үшін де, грамматикалық модель үшін де жағдаяттарды белгілеу, сөз мәселесін (ассоциативтік байланыс) алға қою өте маңызды.[3]

Қатысымдық жағдаятын құрастыру үшін шетел тілі сабағында қолдану тәжірибелерін қарастырайық.

Сөз жағдаятын құрастыру үшін сабаққа мазмұн керек. Осы мазмұн оқушылардың қызығушылығы мен қажеттілігінен шығуы қажет. Ал оның өзі мәтіндер, суреттер, пиктограммалар, ребустар және қазіргі таңда видеофильмдар арқылы іске асады.

Сабақ үстінде табиғи сөз жағдаяттарын құрастырған кезде келесі шарттарды орындау қажет:

- а) Жағдаяттың ұзақтығы ауызша сөз дағдыларымен сәйкес келуі керек;
- б) Берілген мәселені талқылау барысында топтағы барлық оқушылардың қатысуында сөз белсенділіктерін қадағалау қажет;
- с) Оқыту әдісінің жасырын мінездемесін бақылау керек.[4]

Қарым-қатынас кезінде белгілі бір ортаға байланысты қатысымдық жағдаяттар бір тақырыпты (мысалы, әлеуметтік тұрмыстық ортада - дүкеннен сыйлық сатып алу,

тағам алу мен т.б.) және көп - тақырыпты (мысалы, әлеуметтік- мәдени орта - туған күнде немесе қонақта әңгімелесіп, оқылған кітапқа талдау жасау, т.б.) болып келеді.

Шетел тілі сабағында жағдаяттарды қолданудың ерекшелігі ең алдымен, оның сөз компоненттерін кірістіруінде. [5] Ауызша қатынас жасауға бағытталған компоненттерді былайша көрсетуге болады [6]:



Осылардың ішінде уақыт және орын компоненттері көбінесе қатынас тақырыбын анықтайды (мысалы, туған күнде, жиналыста, т.б.)

Оқу процесінде үнемі қатынас жасап, студенттердің сөздерін ынталандырып тұру маңызды болып есептеледі. Үйренушілердің сөздері репродукция деңгейінде (мысалы, мәтінді қайта айтып беру) емес, продуктивтік деңгейде (өз ойын айту - оқылған мәліметтің өзіне деген жаңашылдығы мен маңыздылығы) болғаны шарт. Яғни, өз ойын монолог немесе диалог түрінде жеткізген кезде, ережеге сүйеніп жаттанды түрде емес, керісінше өз бетінше байлам жасай алуы тиіс. [6]

Сөз жағдаяттарын жасау үшін жоғарыда көрсетілгендей компоненттерді қолданамыз, яғни ортақ мақсатқа жету үшін студенттер біріге отырып коммуникативтік мәселені шешуге тырысады. Ең бастысы, сөз жағдаяттарының тақырыбы шетел тілін үйренушілерге қызықты да өзекті болуы тиіс. Сөз жағдаятына байланысты сабақ интерактивтік түрде, яғни дискуссия, дебат түрінде өтіп, мәселенің шешімін табуға ынталанған студенттер өз беттерімен жұмыс істеуге үлкен ұмтылыс алулары керек.[7] Жалпы, жағдаяттар өмір сарынынан алынатын болса, студентті қарым-қатынасқа түсіру неғұрлым оңай болмақ.

Студенттерді шынайы қатысымдық мәселелерді шешуге үйрету мақсатымен «студент-оқытушы», «студенттер-студенттер», «студент- студенттер» және т.б. болып шетел тілі сабағында жұптық, топтық жұмыстар атқарылады да, жағдаяттар көбінесе тұрмыстық, оқу тәжірибелік және шет елдің мәдениетін оқып жатқандықтан әлеуметтік-мәдени тақырыптарында болады. Шетел тілін меңгеруші тұлға әр қилы мәселелерді сол елдің мәдени ортасына лайықты етіп шешу керек.[8] Мысалы, «Дүкен» тақырыбы бойынша студенттер киім дүкенінде сатушы және сатып алушы рөлдерін атқарады. Әрине бұндай жағдаяттарда студенттер өз елінде емес, шет мемлекеттегі дүкенде қалай әрекет ететіндерін ескеріп, ұқсастықтары мен ерекшеліктерін үйренгендері жөн. Сол себепті жағдаяттар аутенттік материалдардан алынса, студенттерге түсінікті болып, өздерінің ізденіп еңбектенулеріне әсер етеді.

Қатысымдық сөз жағдаяттары шетел тілін шығармашылық тұрғыдан меңгеріп, шынайы тілдік және сөз мәселелерін шешумен қатар үйренушілердің интеллектуалдық тұрғыдан дамуына үлкен мүмкіндігін береді.

Мақаланы қорытындылай келе, қатысымдық сөз жағдаяттарын қолданудың тиімді жақтарына тоқтала кетсек:

- оқушы жеке оқушыға бағытталған принцип бойынша өз бетімен ізденіп талпынады;

- сабақ жан-жақты, әрі қызықты болып өтеді де, оқушылардың естерінде сақталады;

- шетел тілі сабағында аудиторияда сабақ жағдайы емес, сол мемлекетте жүргендей шыншыл жағдаят жасайды да, оқушылар қызығушылықпен атсалысады.

Қатысымдық сөз жағдаяттарын шетел тілі сабағында қолдану - заманауи әдістеме бойынша шетел тілін оқытудағы мақсат- мәдениетаралық тілдік қарым-қатынас күзiреттiлiгiне жетудiң тиiмдi жолдарының бiрi. Тiл мен мәдениеттi меңгеру - оқып жатқан тiлдiң тарихы, әдебиетi, салт- дәстүрi мен күнделiктi өмiрi, әдет-ғұрпы туралы әр алуан танымдық мағлұматтар алуға мүмкiндiк бередi.

Қатысымдық сөз жағдаяттары тақырыптары өз өмірінде болып жатқан оқиғалармен байланысты болса, шетел тілі сабағында ол тек сөз дағдылары мен бірліктерін дамытып қоймай, өмірге, оқуға, өзіне деген жеке тұлғалық қатынасын қалыптастырады. Қатысымдық сөз жағдаяттарын сабақ үстінде қолдану - тәрбиелік және жалпы білім беру мақсаттарына жетуде де үлкен үлес қосатын шетел тілін оқыту әдістемесінде ерекше орын алады деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алхазисвили А.А. Основы овладения устной иностранной речью Москва, «Просвещение», 1988

2. Кунанбаева С.С. Современное иноязычное образование: методология и теория. - Алматы, «Эдельвейс», 2005

3. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. Москва, «Просвещение», 1985

4. Скалкин В.А. Речевые ситуации как средство развития неподготовленной речи В книге: «Методика и психология обучения иностранным языкам». Москва, 1991

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада шетел тілдерін оқытуда мәдениетаралық қарым-қатынас субъектілерін қалыптастыру үшін қатысымдық сөз жағдаяттарын құрастыру мен қолданудың ерекшеліктері қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются особенности составления и использования речико-коммуникативных ситуаций в преподавании иностранных языков в целях формирования субъекта межкультурной коммуникации

ЖОБА ӘДІСІНІҢ ШЕТЕЛДЕ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ ТАРИХЫ

Рапишева Ж.К.- магистрант, (Алматы қ, ҚХҚ және ӘТУ)

«Жоба» туралы түсінік осыдан 300 жыл бұрын Батыс Европада пайда болды. Басында бұл термин XVI ғасырда Римдік өнер мектебінің архитектурасында пайдаланды. Сол кезеңдегі архитектурасында «жоба» план және эскиздер мағынасында қолданды. Кейінірек сол өнер мектебінде «жоба» термині педагогикалық контекстінде қолданыла бастады. Нәтижесінде жобалау әдісі архитектура ісінен инженерлік іске ауысты, тәжірибенің ауысуы Батыс Европадан Америкаға өтті.

Америкада жоба әдісі XIX ғасырдың II жартысында ауылшаруашылық мектепте пайда болды. Оның негізін қалаушы америкалық философ, прагматик, психолог және педагог Джон Дьюи (1869-1952) болды. Ол оқытуды оқушының өзіндік қызығушылығы мен мақсатына қарай бағыттауды бірінші болып ұсынды. Оның пікірінше оқушы мектепте алған білімін өмірлік тәжірибеде қолдана алмайды, Джон Дьюи «Білім беруде мақсатқа жету үшін оқушыны шынайы әлеуметтік өмірге араластыру керек, шынайы істерге араластырып белсенділігін арттыру керек» дейді. Оған балалардың алып жатқан білімге өзіндік қызығушылығын арттыру, алған білімнің оларға өмірде керек болатындығын көрсету ол үшін өте маңызды болды. Қашан?, не үшін? Бұл сұрақтарға жауап беру үшін балаға маңызды және таныс өмірден алынған бір мәселені шешуді тапсыру керек, бұл мәселені шешу үшін ол өзінде қалыптасқан білімді қолдана отырып, жаңа білім, білік, дағдыны қалаптастырады. Қай жерде?, қалай?. Мұғалім оқушыларға деректер көзін көрсете алады немесе қойылған мәселені шешу үшін оқушыларға бағыт-бағдар, жол көрсетеді. Нәтижесінде оқушылар, жеке дара және барлығы бірлікте қойылған мәселені шешу үшін керекті әр түрлі білім салаларын қолдана отырып, жақсы нәтижеге қол жеткізеді. Қойылған мәселені осылайша шешу жобалық іс-әрекетке алып келеді.

Уақыт өте келе Джон Дьюидің теориясының артықшылығы мен кемшіліктері көрсетті. Сөзсіз әдістің бағалығы берілген материалдың мәселелігінде, оқушының тұлғалық қасиеттерін есепке ала отырып, оқытуды өмірмен, ойынмен, еңбекпен жүргізу. Оның көзқарасының қателігі индуктивті әдістің маңызын әсерлетіп көрсетуі.

Толығырақ жоба әдісін зерттеген Джон Дьюидің ізбасары Колумбия университеті колледжінің педагог, профессоры Уильям Херда Килпатрик болды. Ол жоба әдісін қолданғанда әдіскерлермен жасалған оқу бағдарламасында орын жоқ, себебі тек мұғалім мен оқушы бірлесе отырып жұмыс істеу процессінде ғана оқу бағдарламасын жасау керек деген. У.Х.Килпатрик сыныптық жүйені де жоққа шығаратын. Ол оқушының жеке дара тәжірибесін кеңейту және байыту негізінде оқу процессін жүргізуді ұсынды. Килпатриктің жоба әдісінің басты идеясы мынадан тұрады: бала үлкен қызығушылықпен қандай іс-әрекетті орындайды, өзі еркін тандаған және сабақ ағымынан тыс әрекет болуы керек. Бұл іс-әрекеттің жарлығы « Барлығы өмірден, барлығы өмір үшін». («Всё из жизни- всё для жизни») Килпатриктің пікірінше жоба кез-келген іс-әрекет «шын жүректен» орындалса, топ балалардың жоғары деңгейдегі өзбеттілігі болса, қазіргі уақытта ортақ қызығушылықпен біріккен жағдайда болады.

Килпатриктің пікірінше мектеп театрындағы қойылымдар, бір көріністі, суретті талқылау, қандай да бір іс-әрекетті меңгеру, мысалы, мектептің асханада какао дайындау, яғни оқушылардың қызығушылығымен жасалған барлық нәрселер жоба болуы мүмкін дейді. Бірақ қазір бәріне белгілі, ол мектеп бағдарламасыз, оқытылып жатқан материалдың оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай болмаса, оқыту процесі тиімді болмайды.

1917-1922 жылдары профессор Коллингстің басқаруымен Миссури штатының ауылдық мектебінде тәжірибе ретінде жоба әдісінің оқытуда қолданы. Ол жобаның төрт түрін ажыратты.

- «Ойын жобасы» (Проекты игр)- балалық сабақтар, оның негізгі мақсаты топтық іс-әрекетке қатысу; әр түрлі ойындар, дәстүрлі билер, драматикалық қойылымдар және т.б.

- «Саяхаттау жобасы» (Экскурсионные проекты)- қоршаған ортамен және қоғамдық өмірмен байланысты жан-жақты толыққанды зерттеу мәселесі.

- «Хабарлау және әңгімелесу жобасы» (Повествовательные проекты и проекты рассказы)- бұл жобаны балалар өздері жүзеге асырады, оның негізгі мақсаты- «әр түрлі формада айтылған оқиғалардан ләззат алу»; ауызша, жазбаша, вокалдық және т.б.

- «Құрастыру немесе еңбек жобасы»- (Конструктивные проекты) белгілі бір жеміске қол жеткізу үшін негізделген; қоянға қақпан дайындау, мектеп театрына арнап қойылым ұйымдастыру және т.б.

Коллингстің басқаруымен тәжірибелік мектепте жоба әдісімен жүргізілген оқытудың бірінші жылында оқушылардың өздері жасап, соңына дейін жеткізілген 58 саяхаттау жоба, 54 ойын жоба, 92 Құрастыру немесе еңбек жобасы , 396 хабарлау және әңгімелесу жобасы жобасы жүзеге асырылды. Таң қаларлық жайт осы 600 жобаны осы мектептің жалғыз ғана бір мұғалімі басқарды.

«Тифоздық аурудың себебін анықтау үшін мистер Смиттің үйіне бару» - жобасы.

Бұл жобаның жемісі «Тифоздық аурудың себебтері туралы баяндама» болды, баяндаманы балалар үй иесіне бағыттады. Мистер Смит баяндаманы жақсы қабылдап, ондағы балалардың берген барлық ұсыныстарын орындады. Бұл «Баяндамадан» қысқаша үзінді «... біздің ойымызша тифоздық аурудың себебі ол шыбын, сондықтан келесі ұсыныстарды көрсетеміз:

1. Терезеге және есіктердің тесіктеріне сетка қою.
2. Ауланы қоқыстан тазалау.
3. Қоқыс жәшікті үйден алыс орнату.
4. Қоқысты сақтау жәшігінің қақпағының болуы.
5. Шыбынұстағышты (мухоловок) және тағы басқа әдістерді шыбанмен күресте қолдану.

Ұйымдастыру тәжірибесі. Тәжірибенің объектісі ретінде үш мектеп болды, біреуі жоба әдісін қолдана отырып, оқытуды жүргізген тәжірибелік мектеп, ал қалған екеуі бақылаушы мектептер, олар өзінің оқыту процесін жалпы мектеп бағдарламасында белгіленгендей жүргізді.

Төртінші жылдың соңына қарай осы үш мектептің практикалық жетістіктерін салыстырды және анализ жасады. Бақылауға және салыстыруға таңдалған мектептің келесі аспекті бойынша үлкен ұқсастықтары анықталды:

1. балалардың әр түрлі сабақтан оқудан, жазудан, арифметикадан және т.б. жеткен жетістіктері; мектепке деген қарым-қатынасы, мектептен тыс жерде тәрбиесі және өзін ұстауы;

2. ата-анасының ұлтты, олардың материалдық жағдайы, тәрбиесі, мектепке деген көзқарасы, қоғамда және үйде өзін ұстауы;

3. берілген орталықтың әлеуметтік - мәдени және экономикалық деңгейі;

4. оқу кезеңінің ұзақтығы; оқушылармен өтілген оқу курсы, мектептің құрал-жабдықтары;

5. оқытушылардың саны, олардың педагогикалық тәжірибесі және оқытушылардың еңбек ақысы.

Кейбір мәселелер бойынша тәжірибелік мектеп, бақылаушы мектептен төмен болды.

Сәйкес келмейтін факторлардың бірі құрал-жабдықтар. Бақылаушы мектептер ең жақсы оқулықтарды қолданды. Тәжірибелік мектептің кітапханасында көптеген

оқиғаларға, бейнелерге, саяхаттарға, ойындарға толы кітаптар, журналдар. Бақылау сыныбының құрал- жабдықтарына дәстүрлі географиялық карталар, глобустар, суреттер және басқа да көрнекілік материалдар кіреді. Тәжірибелік мектепте барлық педагогикалық құрал-жабдықтар лабораториялық және құрылыс материалынан, әр түрлі шаруашылық құрал-жабдықтан тұрады.

Тәжірибелі мектепте оқитын оқушылар саны бақылаушы мектептегі оқитын оқушылардан көп болатын. Тәжірибелі мектепте 41 оқушы, ал бақылаушы мектепте біреуінде 29 оқушы, екіншісінде 31 оқушы оқитын.

Тәжірибелі мектепте оқу процесі басталғанда бір ғана оқытушы болатын, бірақ жылдың ортасына қарай оқушылардың көбеюіне байланысты, оқытушы өзіне көмекші алуға тура келді.

Барлық оқушылар тәжірибелік мектепте 3 топқа бөліні. Бұлайша топқа бөлу оқушылардың жас ерекшеліктеріне, әр түрлі білім деңгейі мен қызығушылықтары байланысты болды. 1-ші топ балалар 6-8 жас аралығы, 2-ші топ балалар 9-11 жас аралығы, 3-ші топ балалар 12-14 жас аралығы.

Айта кететін жайт, тәжірибелік мектепте бастапқы төртжылдық кезеңде не жасалған бағдарлама, не оқулықтар, не ешбір жоспарланған жоспар болмады.

Жобаның түріне байланысты бірнеше мысал келтірейік. Бірінші топтың саяхаттау жобасына профессор Коллингс мынандай мысал келтіреді. Бір күні жиналыстың бірінде топтың мүшесі Карлдың білгісі келгені, неге мисс Мерфи күнбағысты басқа гүлдер сияқты бау-бақшасының ішінде емес, сыртында егеді. Көп ойланбастан келесі күні балалар мисс Мерфидің бақшасына баруды ұйғарды. Олар мисс Мерфидің айтқандарын ұқыпты тыңдады, ол күнбағыс оның бәдіренің күннің қатты әсер етуінен қорғайтындығын айтты. Нәтижесінде балалар күнбағыстың практикалық маңызымен танысып және міндетті түрде өзінің бақшасында егетінін айтты; бұдан басқа, балалар өзіне сұрақ қояды: Бақша күнбағысының жабайы күнбағыстан айырмашылығы неде? және бұл жаңа жобаның пайда болуына ықпал етті.

Құрастыру немесе еңбек жобасына мысал ретінде үтік тақтасын құрастыру, қуыршақ көйлегін тігу, дәптерлер, қуыршақ жиһазын жасау, таңғы ас, сорпа, какао дайындау жатады.

Ойын жобасына мысал ретінде би кештерін дайындап өткізу, театралдық қойылымдар жатады. Хабарлау және әңгімелесу жобасына тақырыпты топ болып талқылау, тақырыпты кім айтатын анықтайды, ол оқу залына барып, өзінің тақырыбын дайындау керек.

Ресейде жоба әдісінің дамуы мынандай ғалымдардың есімдерімен байланысты П.Ф.Каптерев, П.П.Блонский, А.С.Макаренко, С.Т.Щацкий, В.Н.Шульгин, Н.К.Крупская, М.В.Крупенин, Е.Г.Кагаров және т.б. жоба жұмысында оймен ойлап айту мен жазба жұмысы қатар жүрсе, ол оқушының бойындағы шығармашылықты дамыта алады және өз бетімен сөйлеуге үйретуге, алған білімін іс жүзінде меңгеруге қалыптастырады деп есептейді. Бірақ, бұл әдістің әмбебаптану оқу жиынтығы білім жүйесінде дамуы кешенді жобалы бағдарламаның құрылуына алып келді. Дегенмен оқу үрдісінде тәрбиешілер мен оқушылар әр түрлі өмір жағдайларының сипатында болып, қиындықтарға кездесті. Берілген мақсатқа тек инстинкт - сезім - әрекет арқылы ғана жетті.

Қазіргі кезде жоба әдісін шетелдік, сонымен қатар отандық ғалымдардың ғылыми еңбектерінде зерттелуде: И.Л.Бим, И.А.Зимняя, Т.Е.Сахарова, О.М.Моисеев, В.И.Левкович, Е.С.Полат және т.б.

Солардың ішінде біздің пікірімізше толық, жан-жақты анықтама берген Е.С.Полат. Бұл әдіскердің пікірінше: «Проектная технология как совокупность поисковых, проблемных методов, творческий по самой своей сути, представляющих с собой дидактические средства активизации познавательной деятельности, развитие

креативности и одновременно формирование определенных личностных качеств студентов в процессе создания конкретного продукта».

Біз жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай келе, жоба әдісімен оқыту үнемі жеке тұлғаға негізделіп бағытталған және ол оқушының белсенділік, танымдық, іскерлік, т.б. қабілеттерін қалыптастырушы фактор деп түсінеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Полат Е.С. Метод проектов на уроках ИЯ // ИЯШ- 2003.,№2.
2. Борисова Е.М. Проект на уроках немецкого языка // ИЯШ – 1998., №3.
3. Карменбаева Ж.Жобалау әдісі- шетел тілін оқытуда // Қазақстан мектебі- 2006.,№ 5
4. Htt@ mail ru. Project work.
5. Htt@ yandex project work.

ТҮЙІНДЕМЕ

Қазіргі кезде жоба әдісі өзікті мәселе болып келеді, себебі ол білімгердің танымдық іскерліктерін арттырып, өз бетінше білім алуға үйрету. Бұндай сабақтың түрі білімгерге болашақта қажетті практикалық іскерліктерін дамытады. Бұл мақалада жоба әдісінің отандық және шетелдік оқыту жүйесінде қолданудың теориялық анализі берілген.

РЕЗЮМЕ

Проектные занятия являются актуальными и современными, так как стимулируют обучаемых к творческому поиску материала, развивают самостоятельные навыки исследования. Такого рода занятия развивают практические навыки необходимые им в будущей деятельности. В этой статье дается теоретический анализ истории проектной работы в системе образования отечественной и зарубежной методике.